



Karachaganak



«ҚАРАШЫҒАНАҚТЫҢ ТҰРАҚТЫ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ»

КПО Тұрақты даму есебі
2018

МАЗМҰНЫ

I. КІРІСПЕ	2
Тұрақты даму есебі жөнінде	4
Бас директордың алғысөзі	6
Қысқаша шолу	7
Маңызды тақырыптар	12
Стейкхолдерлермен әрекеттесу	14
II. ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ШОЛУ	18
КПО өндірістік нысандары	20
Біздің өнімдер және экспорттық бағыттар	22
2018 жылғы өндіріс	23
Кен орнын игеру жобалары	26
III. ЖАУАПТЫ ОПЕРАТОР	28
Басшылық ету және басқару ұстанымы	29
Этикалық тәртіп	39
Қауіпсіздік техникасы, өндіріс тұтастығы және қауіпсіздік қызметі	41
Денсаулықты сақтау	63
Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту	69
IV. ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ	82
2018 жылғы қоршаған ортаны қорғау бойынша	
іс-шаралар жоспары	87
Атмосфераға тасталатын шығарындылар	90
Санитарлық қорғау аймағы	96
Қоршаған орта мониторингі	98
Энергия тиімділігі	102
Су қорларын пайдалану	104
Қалдықтарды басқару	108
Биотүрлілік	112
V. ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮЛЕС	114
Әлеуметтік инвестициялар	116
Жергілікті халықпен қарым-қатынас	120
Жеткізілімдерді ұйымдастыру	123
Жергілікті қамтуды дамыту	125
VI. ЕСЕП БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ	130
GRI мазмұн көрсеткіштерінің кестесі	131
Терминдер мен қысқартулар	143
Кері байланыс	145



КІРІСПЕ



2-ші бет

**ӨНДІРІСТІК
ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ШОЛУ**



18-ші бет

**ЖАУАПТЫ
ОПЕРАТОР**



28-ші бет

**ҚОРШАҒАН ОРТАҒА
ҚАМҚОРЛЫҚ**



82-ші бет

**ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮЛЕС**



114-ші бет

**ЕСЕП БЕРУДІ
ҰЙЫМДАСТЫРУ**



130-шы бет




КІРІСПЕ

Тұрақты даму есебі жөнінде.....	4
Бас директордың алғысөзі.....	6
Қысқаша шолу.....	7
Маңызды тақырыптар.....	12
Стейкхолдерлермен әрекеттесу.....	14

Назарларыңызға Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В., (КПО) Қазақстандық филиалы жыл сайын жариялайтын тұрақты даму есебінің он бірінші басылымын ұсынамыз. Есепте тұрақты дамудың үш тірегі: қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік және экономикалық призмасы арқылы 2018 жылғы көрсеткіштеріміз туралы баяндалады. Бұдан басқа, осы құжатта басқару әдіс-тәсілдеріміз, және мүдделі тараптармен әртүрлі формадағы, оның ішінде инновациялық серіктестік, әлеуметтік және экологиялық бастамалар мен жобалар арқылы өзара әрекеттесу мысалдары туралы ақпарат жарияланған.

2018 жылғы жетістіктеріміз

Тұрақтандырылған сұйық көмірсутектер өндірісі

 **10 953**
мың тонна

Газды кәдеге жарату көрсеткіші

99,94%


КПО сатып алу қызметіндегі жергілікті қамту үлесі

60%

Жұмыс уақытын жоғалту оқиғаларының көрсеткіші

 **0,29**

Еңбек ресурстары құрамындағы жергілікті қамту үлесі:

 **95%** кәсіби мамандар және басқарылатын қызметкерлер

 **77%** басшылық

Тіркелуге жататын оқиғалардың жалпы көрсеткіші

 **0,50**

Жол-көлік оқиғаларының көрсеткіші

 **0,03**

1-сурет. ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНДАҒЫ ҰСТАНЫМДАР КӨМЕГІМЕН ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

1. Компания қызметінің оң нәтижелерін ӨБТК шартының әрекет ету мерзімі кезінде және аяқталғаннан кейін де сақтап қалуға ұмтылу



2. Қажетті жағдайда жоба әлеуетінің қоғамның әл-ауқатына қатысты оңтайлы әсерін нығайту



3. Халықаралық қағидалар мен ұсыныстарды ескере отырып, жергілікті, аймақтық және ұлттық басымдықтардың ұғыныстарын үйлестіру



4. Жергілікті мүдделі тараптармен олардың қажеттіліктерін есепке ала отырып, жергілікті жағдайды жақсы түсіну үшін қызметтесу



5. Компанияның өндірістік қызметінің қоршаған ортаға, халықтың экономикасы мен әлеуметтік әл-ауқатына әсері туралы географиялық және уақытша әсер ету ауқымын сезіну



6. Шешімдерді қабылдау үдерісіне кешенді көзқарасты қамтамасыз ету



7. Қоршаған орта ресурстарын қорғау және/немесе нығайту қажеттілігін ескеру



8. Гендерлік және этникалық аспектілерді ескеру



9. Сенімді басқару мен ашықтықты қамтамасыз ету, үшінші жақтар қолданатын басқару тәжірибесін сапалы жақсартуға ықпал ету



10. Сыртқы мүдделі тараптарға жасалынған жұмыс туралы толық және сенімді есепті жыл сайынғы тұрақты даму есебі арқылы ұсыну



ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЕСЕБІ ЖӨНІНДЕ

Біздің тұрақты даму бойынша міндеттемеміз

КПО миссиясы жергілікті тұрғындар үшін әлеуметтік және экономикалық даму мүмкіндіктерін арттырып, Қарашығанақ кен орнын экологиялық және экономикалық тұрғыдан үйлесімді түрде дамыту. Осы миссиямыздың жетістіктерін қолдау мақсатында біз тұрақты дамуды қызметтерімізді жүргізу процесіне енгізуді көздедік. Бұл барлық қызметтерімізде біз келесілерді орындауға міндеттіміз:

- ▶ компания қызметімен байланысты кері әсерді барынша азайту, ал мүмкіндіктерді барынша арттыру;
- ▶ қабылданған шешімдердің салдарларын ұзақ мерзімділік тұрғысынан қарастыру;
- ▶ мүдделі тараптарды сындарлы сұхбатқа тарту;
- ▶ корпоративтік басқару мен ашықтықтың үздік тәжірибелерін енгізу.

КПО компания ұмтылыстарына ең үздік жолмен сәйкес келетіндей болып анықталған және Біріккен ұлттар ұйымының тұрақты даму саласындағы 15 мақсатына толықтай сай келетін тұрақты дамудың 10 ұстанымына міндеттемесін үздіксіз көрсетіп келеді.

Біз Тұрақты даму тұжырымдамасында белгіленген тұрақты даму қағидаларын сақтауға міндеттіміз. Аталмыш қағидалар тұрақты дамудың кеңінен танылған келесі анықтамасына толықтай сәйкес келеді: «Тұрақты даму – болашақ ұрпақ қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігіне ешқандай кесір тигізбейтіндей бүгінгі күн қажеттіліктерін қанағаттандыратын даму».

Есептің аясы мен қамту шегі

GRI 103-1, 102-1, 102-50, 102-51, 102-52

КПО тұрақты даму есебі Қарашығанақ мұнай, газ және конденсат кен орнымен, Орынбор (ҚОТЖ) мен Атырау (ҚАТЖ) бағытындағы экспорттық құбыр желісімен байланысты компанияның барлық қызметтеріне қатысты.

Бұл тұрақты даму есебі 2018 күнтізбелік жылға дайындалған. Есепте біздің 2018 жылғы көрсеткіштеріміз сипатталып, келесі жылға жасалған жоспарларымыз айқындалған. Тұрақты даму бойынша міндеттеріміздің орындалғанын көрсету мақсатында ұсынылған деректер алдыңғы жылғы көрсеткіштермен салыстырмалы түрде берілген. Бұл құжат әдеттегідей жетістіктерімізді де, мәселелерімізді де қамтиды. Маңызды тақырыптарымыз есептің мазмұнында және тиісті тарауларында берілген. Берілген әрбір маңызды аспект бойынша біз өзіміздің әдіс-тәсілдеріміздің қысқаша сипаттамасын бердік және есеп беру мерзімінде орын алған дамуымызды баяндадық.

2017 жылғы тұрақты даму есебіміз 2018 жылдың қыркүйек айында жарияланды. Біздің осыған дейін жарияланған барлық тұрақты даму есептерімізді компаниямыздың www.kpo.kz/sustainability веб-сайтынан, www.globalreporting.org GRI веб-сайтынан және www.corporateregister.com корпоративтік жауапкершілік есептері бойынша ең ірі ғаламдық онлайн каталогтардың бірі болып табылатын корпоративтік тіркелім веб-сайтынан таба аласыздар.

Қарашығанақ мұнай, газ және конденсат кен орны 1998 жылы акционерлер атынан Нидерланд Корольдігінде тіркелген Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В. компаниясының Қазақстандық филиалымен басқарылады. Қазіргі таңда халықаралық консорциум құрамына «Шелл», «Эни», «Шеврон», «Лукойл» мен «ҚазМұнайГаз» компаниялары кіреді. КПО өз қызметтерін акционерлер мен Қазақстан Республикасы Үкіметі арасында қол қойылған Өнімді бөлісу туралы түпкілікті келісім (ӨБТК) негізінде жүргізеді.

Филиалды қаржыландыру акционерлермен жүргізіледі, және Компаниямен салынған немесе сатып алынған барлық капиталдық нысандар ӨБТК сәйкес акционерлермен осы нысандарды пайдалануға сақталған құқығын есепке алып, құнсызданбайды, азайтылмайды және амортизацияланбайды. FPSA қарыз және меншікті капитал тұрғысынан капиталға айналдыруды қарастырмайды. Сәйкесінше, айналым мен нәтижелер қаржы есебінде көрсетілмейді. КПО қызметінен түсетін кіріс Қазақстан Республикасы Үкіметі және өз қаржы есептерінде қаржы шоттарын, соның ішінде пайданы, таза түсімді, капиталға айналдыруды және т.б. көрсететін акционерлер арасында бөлінеді.

GRI 102-7

Есептілік жөніндегі жаһандық бастама (GRI)

GRI 102-54

Бұл есептілік жөніндегі жаһандық бастама GRI стандартына сәйкес дайындалып, негізгі нұсқада шығарылған есеп. Сондай-ақ біз есепте кейбір GRI G4 мұнайгаз секторы ақпараттарын пайдаландық. КПО-ның 2013 жылдан 2016 жылға дейінгі есептері есептілік жөніндегі жаһандық бастаманың төртінші нұсқаулығына (GRI G4) сәйкес жарияланды. Одан бұрынғы басылымдар GRI G3 нұсқаулығына сай жасалған болатын. КПО GRI G4 нұсқаулығы ережелерін Қазақстан Республикасында алғаш қолданған компаниялардың бірі болды.

Есепті дайындау барысында біз GRI стандартына сәйкес келетін ашықтық пен сапаның тиісті деңгейін қамтамасыз етуге тырыстық.

Ақпараттың ашықтық кепілдігі GRI 102-56

Тұрақты даму есебі КПО директорлар комитетімен келісіліп, Тұрақтылық жөніндегі қосалқы комитетпен қарастырылған.

КПО GRI ұйымына GRI мазмұн индексін қайта қарау өтінішін жіберді. GRI қызметтері GRI мазмұн индексі нақты көрсетілгенін және барлық ақпараттарға берілген сілтемелер есептің негізгі бөліміндегі тиісті бөлімдерге сәйкес келетіндігін тексерді.



БАС ДИРЕКТОРДЫҢ АЛҒЫСӨЗІ

GRI 102-14

Құрметті оқырмандар,

Назарларыңызға «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы Қазақстандық филиалының тұрақты даму туралы есебінің он бірінші басылымын ұсынамыз. Бұл есепте 2018 жылы қызметіміздің барлық түбірлі бағыттары, оның ішінде өндірістік, әлеуметтік және экологиялық көрсеткіштер бойынша ақпарат берілген.

GRI 102-15

2018 жыл біз үшін жемісті әрі сын-тегеуріндерге толы болды. Жемістілігі – біздің өндірістік көрсеткіштерімізге байланысты, сондай-ақ өндірістік платформаны кеңейтуге бағытталған бірқатар ірі жобалардың құрылысы үшін инвестиция салынғандығында. Сындылығы – мердігерлік әріптестеріміздің бірі жол-көлік апатында өз өмірін жоғалтқанында болды. Біз осыдан сабақ алып, қажетті жақсартуларды жүзеге асырамыз.

Қарашығанақ кен орны қабаты динамикасын талдауы өндірілген көмірсутектер құрамындағы артық су мен газдың болуын көрсетті. Келесі жылдары КПО осы мәселені шешу мен тұрақты өндіріс қызметтерін қамтамасыз ету мақсатында бірқатар дамыту жобаларын жүзеге асырады. Қызметкерлерге, қоршаған ортаға және өндірістік нысандарға тиетін қауіп-қатерлерді азайтуға жобаланған жаңа нысандар құрылысын жүргізуге бағытталған Қарашығанақ газы бойынша өндірістік шектеулерді алу және Қарашығанақты кеңейту сияқты жобалар қазіргі кезде жүзеге асырылып жатыр.

2018 жылғы жетістіктер қатарына 147,5 б.м.э. жеткен өндірістік көрсеткішімізді жатқызуға болады, өткізілген жоспарлы жөндеу жұмыстарын ескерсек, бұл өте жоғары көрсеткіш. Бес ұңғыма пайдалануға беріліп, тиімді ұңғымаларды тазарту шаралары жүргізілді, нәтижесінде парникті газ шығарындылары CO₂ эквивалентінде 307 мың тоннаға азайтылды.

КПО-ның 2018 жылғы экологиялық көрсеткіштері әлемдік деңгейде болып қала берді, жалпы өндірілген газ көлемінің 0,06%-і алауда жағылып, әрбір өндірілген мың тонна көмірсутектерге шаққанда CO₂ шығарындылар көрсеткіші 69 тоннаны құрады. Бұл экологиялық бастамалар мен жобалардан бөлек, біз Uralsk Green Forum шеңберінде бастау алған іс-шараларды жүргізуді жалғастырамыз. Аталмыш форум осы саладағы сын-тегеуріндерді шешу үшін мүдделі тараптармен кеңірек талқылау платформасына айналды.

2019 – 2021 жылдары біз жалпы компания бойынша жұмыс жасау тәсілдеріне сапа жағынан әсер ететін Ақсай қаласынан Орал қаласына көшіруге бағытталған Инфрақұрылымды топтастыру жобасы бойынша жұмыстар атқарамыз. Тұрақтылық салаларындағы Компания көрсеткіштері бойынша ақпарат осы есептің Қысқаша шолу және басқа да тиісті тарауларында берілген.

Ұзақ мерзімді перспективада Қарашығанақ кен орнын экологиялық және экономикалық тұрғыдан үйлесімді түрде дамытуды жалғастыру үшін көршілерімізбен, билік органдарымен және басқа да мүдделі тараптармен ұзақ мерзімді қарым-қатынас және байланыс орнату арқылы біз мұнайгаз саласында бәсекеге қабілетті болуымыз керек. Жаңа жобалар жүзеге асырылуына қарай КПО кәсіби серіктестік пен әлеуметтік-экономикалық дамуға жаңа мүмкіндіктер ұсынып отырады.

Жауапты оператор ретінде КПО қоршаған ортаны қорғау, қызметкерлерді қауіпсіз әрі толық жарамды жұмыс ортасымен қамтамасыз ету және жергілікті тұрғындарды қолдау бағытындағы жұмыстарын ыждаһатпен орындауды жалғастыра береді. **GRI 102-14**

Эдвин Блом
КПО бас директоры

ҚЫСҚАША ШОЛУ **GRI 102-15**

КПО-ның тұрақты даму туралы есебі ұйымның тұрақты даму аспектілері, оның экологиялық, экономикалық, әлеуметтік салалардағы басты жетістіктері туралы ақпарат береді. Біз осы есептің мазмұнынан көрініп тұрғандай өз қызметтеріміз бен мүдделі тараптарымыз үшін маңызды деп танылған мәселелер туралы баяндаймыз. **GRI 103-1**

Өткен 2018 жылы КПО өндірістік платформаны кеңейту мақсатында бірқатар ауқымды жобалардың құрылысына кірісті. Бұл жыл қауіпсіздік техникасын сақтау бойынша сын-тегеурінділерге толы жыл болды. Біз өзгермелі талаптарға, үздіксіз жетілдірулер мен ашық есеп беруге бейімделу үшін қажетті талаптарды жүзеге асырып келеміз. Өндірістік қызметтеріміз саласындағы денсаулықты сақтау, қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғау басты басымдылықтар болып қала береді.

2018 жылдың аяғында, екі жыл қатарынан, КПО 2017 жылғы тұрақты даму есебі VIII жыл сайынғы есептер сайысының «Тұрақты даму туралы ақпаратты үздік ашып көрсету» категориясында 1 орынға ие болды. Бұл жыл сайынғы есептер сайысы Қазақстандық компаниялардың деңгейін көтеруге және ұлттық есептілікті жақсартуға бағытталған. Ол Қазақстандық қор биржасының қолдауымен RAEX мамандандырылған рейтинг агенттігімен жүргізіледі. Сонымен қатар, біз Asian Sustainability Reporting Awards (ASRA) 2018 «Үздік экологиялық есеп» және «Үздік жұмыс орнындағы есеп» номинациялары бойынша финал қатысушысы болдық. Біздің Азиялық конкурса қатысуымыз тұрақты даму есептілік деңгейін әрі қарай дамытады деген ойдамыз.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша көрсеткіштер

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша көрсеткіштерге біздің мердігерлерімізбен қоса КПО-дағы барлық қызметкерлермен бірге қол жеткіземіз. Біз ешкімге зақым тимей, нысандарда ешқандай төгілулер болмау үшін жұмыстанып келеміз.

Біздің еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ) бойынша басқару жүйесіне халықаралық стандарттарға сәйкес тәуелсіз аудит жүргізіледі және біз IOGP белгіленген үздік халықаралық практикасына сәйкес келетін ЕҚ мен ҚТ статистикалық деректерін жариялаймыз.

2018 жылы КПО-да 14 оқиға тіркелді, оның біреуі адам өліміне апарған жол-көлік оқиғасы болды. КПО мен оның мердігер ұйымдарында жұмыс уақытын жоғалтумен байланысты жарақаттану жағдайлары көрсеткіші 0,08-ден (2017 ж.) 0,29-ға (2018 ж.) өсті. Ал тіркелетін оқиғалардың жалпы жиілігі 2017 жылғы 0,11-мен салыстырғанда 0,50-ті құрады. Ықтимал қауіпті оқиға көрсеткіші 0,25. Жол-көлік оқиғаларының көрсеткіші 0,05-тен 0,03-ке өсті, 2017 жылы екі, ал 2018 жылы бір оқиға орын алды.



Жыл ортасында КПО тасымалдаудың қауіпсіздік жолын қамтамасыз ету мақсатында Ақсай мен Орал қалалары арасында қызметкерлерге арналған пойыз жүргізуді бастады.

Біздің негізгі қызметіміз көмірсутектерді өндіру, өңдеу және тасымалдау. Қабаттан шығатын өнім құрамында жоғары уытты күкіртті газы бар – H_2S . Бізде көптеген тосқауылдарды қолдану және қондырғы, процедуралар мен адамдардың ортақ жұмысы арқылы процестеріміздің қауіпсіздігі мен нысандарымыздың тұтастығын қамтамасыз етуге жүйелі тәсілдеріміз бар.

КПО мұнайгаз өнеркәсібі өз операциялары мен өнімдерінде денсаулыққа төнетін бірқатар қауіптермен байланысты екенін мойындайды. Қашықтағы әрі күрделі кен орнымыздың химиялық, физикалық, биологиялық және психикалық-әлеуметтік қиындықтарына қарамастан біздің ЕҚ көрсеткіштеріміз жоғары, 2018 жылы ешқандай кәсіби аурулар тіркелген жоқ. Біздің былтырғы жұмыстарымыз тек денсаулық сақтау емес, сонымен қатар қызметкер жұмысы тиімділігін арттырумен байланысты болды. КПО сабырлылық бағдарламасы қызметкерлердің күрделі жағдайлардан оңалу қабілеттерін жақсартуға, ал қызметкерлерге қамқорлық бағдарламасы бағалау, сыйлау және қамқорлық таныту арқылы олардың өз қызметтерін үздік орындауға көмектесті.

Өндірістік қызметтер, сату және дамыту жобалары

Өткен жылы біз басты назарды өндірісті оңтайландыруға аударып, ұңғымаларды бұрғылау және оларды өндірістік нысандарымызбен байланыстыру бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастырдық. Үш жаңа ұңғыма сәтті бұрғыланып, екі ескі ұңғыма көлденең өндіруші ретінде қосымша оқпан бұрғылану және құрылысты аяқтау арқылы жаңартылды. Бұрғылауда екі жаңа рекордымыз болды. Қосымша оқпан бұрғыланған ұңғыма бірінің тереңдігі 6700 метрге жетті. Бұл КПО тарихындағы ең терең бұрғыланған ұңғыма болды. Екіншісі 16" x 17-1/2" секциясындағы жоғары ұңғылау жылдамдығымен байланысты болды, мұндағы таза мағыналы рекордтық көрсеткіш 54,81 м/сағ. құрап, Қазақстанда жасалған бұрғылау қашауымен жүзеге асырылды. Біз бұрғылау процестерінде әртүрлі инновацияларды қолдануды жалғастырып келеміз. 2018 жылы ұңғымалардың бірі талдау нәтижесі мен жаңа қашауды сынау бойынша жоғары кварталді болып жіктеліп, бұрғылау мұнарасының төменгі жабдықтарының тұрақтылығына жетеледі және қашау жарамдылық мерзімі мен өнімділігін жақсартты.

2018 жылы біз тұрақтандырылған және тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер мен газ күйінде 147,5 млн мұнай эквивалентіндегі баррель (б.м.э.) өнім өндірдік. Жалпы сатылымдар көлемі 143,5 млн б.м.э. құрады. Өндірілген сұйық өнімнің шамамен 95%-і тұрақтандырылған мұнай күйінде Каспий құбыр желісі консорциумы, Атырау-Самара құбыр желісі арқылы және әрі қарай Транснефть желісі бағытымен батыс нарықтарына сатылды. 9,5 млрд м³ шикі газ өндіріліп, Орынбор газ өңдеу зауытында өңделу үшін толықтай «ҚазРосГаз» ЖШС-не сатылды.

Қабат қысымын ұстап тұру және сұйық көмірсутектер өндірісін арттыру мақсатында 2018 жылы КПО қабатқа ~ 8,6 млрд текше метр газды айдады, бұл жалпы өндірілген газ көлемінің шамамен 45,4%-не тең.

Сонымен қатар 2018 жылы КПО Қарашығанақ кен орнын игеру бойынша технологиялық сызба жаңартуын ҚР Энергетика министрлігінің Орталық игеру және дамыту комиссиясында сәтті қорғап шыққанын атап өту жөн. Соңғы рет 18 жыл бұрын жаңартылған бұл құжат КПО мен ҚР-на сұйық көмірсутектер өндірісін барынша арттыру мақсатында озық технологияларды пайдаланып бірегей Қарашығанақ мұнайгазконденсат кен орнын дамытуда алға қадам басуға мүмкіндік береді.

Өткен жылы өндіріс деңгейін арттыру жобаларын дамыту жалғастырылды. Қарашығанақ газы бойынша өндірістік шектеулерді алу жобасы бойынша түпкілікті инвестициялық шешім қабылданып, бірқатар құрылыс жұмыстары аяқталған болатын. ГКДҚ-2 газды айдауды жетілдіру жобасының 5-магистралды құбыржол және кері айдау ұңғымалары компоненттері 2018 жылдың аяғында құрылыс кезеңі мен бұрғылау науқанын бастады. Қарашығанақ кен орны өндіріс деңгейін арттыру жобасының 1-кезеңі 2-жоба көрсеткіштер тиімділігін тексеруінен өтіп, жоба алды жұмыстарын жүзеге асыруға көшті.

2018 жыл аяғында Қарашығанақ жобасы серіктестері Қарашығанақ кен орнын дамытуға 24 млрд АҚШ долларын қаржы ретінде жұмсады, ал ҚР бюджетіне тікелей төлемдер 17 млрд АҚШ долларын құрады. 2018 жылы КПО төлеген салықтың жалпы сомасы 1,9 млрд АҚШ долларын құрады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы

көрсеткіштер GRI 102-15

Эмиссияларды азайту, қалдықтарды басқару және жаңа технологияларды қолдану Компанияның басты назарында. КПО газды кәдеге жарату бойынша 99,94%-ті құрайтын әлемдік көрсеткішке қол жеткізді. Газды алауда өртеу көлемі жалпы газ өндірісінің 0,06%-ін (немесе өндірілген 1 мың тонна көмірсутектерге шаққанда 0,38 тоннаны) құрады. Бұл IOGP көрсеткіштерімен салыстырғанда мұнайгаз саласындағы үздік нәтиже. Сонымен қатар біз 307 мың тонна CO₂ шығарындыларын азайтуға қол жеткіздік, бұл жоспарланған шамадан 23%-ке жоғары. Бұл негізінен ұңғымаларды сынақтан өткізу және тазалау кезінде мұнай мен газ өндірісі технологияларын пайдалану арқасында жүзеге асты.

2018 жылғы ақпан айында ҚР-дағы мұнайгаз компаниялар арасындағы экологиялық жауапкершіліктің бірінші экологиялық ашықтық рейтингінде КПО екінші үздік экологиялық жауапты мұнайгаз компаниясы атанды. 2019 жылғы қаңтар айында КПО-ның қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндеттемелері мен жауапкершілігі осы рейтингінің II-орындық тағы бір марапат алуымен расталды. Конкурс 2017 жылы БҰҰ-ның Орталық Азиядағы қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы, «КРЕОН капитал» және Ұлттық рейтинг агенттігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің қолдауымен Ресейдің Әлемдік жабайы табиғатты қорғау қоры және «КРЕОН» тобымен іске қосылды. Оған қоса 2018 жылғы маусымда КПО қоршаған ортаны қорғау саласындағы үздік көрсеткіштер үшін Америка сауда палатасының жүлдесін алды.

1998 жылы ӨБТК қол қойылғаннан бүгінге дейін КПО қалдықтарды азайту толық шаралар кешенімен бірге әртүрлі қоршаған ортаны қорғау шаралары мен бастамаларына 380 млн АҚШ долларын инвестиция ретінде жұмсады. Техникалық шешімдердің бірі КПО-ға құрылыс қалдықтарының 2 мың тоннасын әрі қарай өңдеуге жіберуге мүмкіндік берді.

Жыл сайын өткізілетін Uralsk Green Forum экология саласындағы негізгі мүдделі тараптармен, яғни мемлекеттік органдармен, мердігерлермен және үкіметтік емес ұйымдармен өзекті экологиялық мәселелерді талқылаудың тиімді коммуникация құралы болды. 2018 жылғы мамыр айында жасыл экономика, төмен көміртекті технологиялар, зерттеу жұмыстары мен инновациялар саласында әртүрлі жобаларды бастау мақсатында КПО,

БҚО әкімдігі мен Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы арасында ынтымақтастық және серіктестік жөнінде келісімге қол қойылды.

Жыл бойы КПО қоршаған ортаны қорғау мен жер қойнауын пайдалану, әсіресе қоршаған ортаны қорғау заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу бойынша жұмыс топтары арқылы ҚР-ның заң шығаратын шараларына белсенді қатысты. 2018 жылы КПО Қазақстандық экологиялық ұйымдар қауымдастығымен бірге Интерфакс ақпараттық агенттігімен ұйымдастырылған РФ мен ҚР-ның жетекші компаниялары арасында экологиялық және энергиялық тиімділік рейтингісіне қатысты. Рейтинг нәтижелері негізінде КПО оның экологиялық жауапкершілік деңгейі стандарттарға сай келетінін растайтын экологиялық ашықтық белгісімен марапатталды.

Қызметкерлерді кәсіби дамыту GRI 102-15

Әрбір компанияның мақсаты өз қызметкерлерімен адал әрі сенімді қарым-қатынас орнату. Біз жоғары білікті мамандарды жұмысқа тартып, оларды сақтай алатын болсақ, біз бәсекеге қабілетті және инновациялық кәсіпорын боламыз.

Қызметкерлер құрамындағы жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасы аясында 12 шетел азаматтары иеленген лауазымдарға жергілікті жұмысшылары тағайындалды. Шетелдік қызметкерлер жасап жатқан үш лауазым қысқартылды. 2018 жылдың аяғында техникалық қызметкерлер мен супервайзерлер құрамының 95%-ы, жетекшілік лауазымдардың 77%-ы, ал барлық қызметкерлердің 92%-ы Қазақстандық қызметкерлер құрады.

ӨБТК қол қойылғаннан бері Компания үздік халықаралық оқыту және дамыту орталықтарын, сондай-ақ өзінің оқыту орталықтарын пайдаланып жергілікті жұмыс күшін оқытуға 218 млн АҚШ долларынан астам қаржы бөлді. Бұрын басталған оқыту және дамыту бағдарламалары 2018 жылы да жалғасты, оларға кеңейтілген дамыту, өндіріс және техникалық қызмет көрсетудегі кәсіби дамыту бағдарламалары, сондай-ақ бұрғылау, апатқа қарсы әрекет ету, келісім шарттар мен сатып алулар саласындағы халықаралық біліктілік сертификатталған бағдарламалары кірді.

Цифрландыру жобасы GRI 102-15

ҚР Үкіметімен іске қосылған «Цифрлы Қазақстан» инновациялық даму бағдарламасы шеңберінде КПО цифрлық технологиялар саласындағы мүмкіндіктерді қысқа, орта және ұзақ мерзімді енгізуге бағытталған, және өз процестері мен ұйымдастыруларын жеңілдету, жетілдіру және кеңейту бойынша басты әрі ортақ мақсаты бар Цифрландыру және технологиялық инновациялар жол картасын әзірледі.

Бұл цифрландыру жобасы бәсекеге қабілетті болып қалу үшін «болуға тиіс» негіз қалаушы цифрлық мүмкіндіктерге тәсілдерді қамтиды. Сондай-ақ, цифрландыру бастамалары БҚО-да АТ салалық кластерін құру және жергілікті ресурстарды дамыту ұзақ мерзімді мақсатында жергілікті кәсіпорындарға бағытталып, жергілікті қамтуды ынталандырады деп күтілуде.

2018 жылғы қарашасында КПО БҚО әкімдігімен бірлесіп Орал қаласында алғашқы цифрландыру форумын өткізді. КПО өндіріс, ұңғыма операциялары, болашақ жобалар, жергілікті қамту мен өндірістік инфрақұрылым сияқты салалардағы процестерді жетілдіруге бағытталған цифрлы технологияларға көшуді сипаттайтын өз цифрландыру жол картасын ұсынды. Форум барысында КПО, БҚО әкімдігі мен ҚР Білім және ғылым министрлігі арасында жаңа қызметкерлерді оқыту және стартаптарды қолдау арқылы жергілікті қамтуды дамыту бойынша ынтымақтастық жөнінде меморандумға қол қойылды.

Ағымдағы жұмыстар өндірісті оңтайландыруға, ұңғыма жұмыстарын бақылауға, жобаларды жүзеге асыруда смарт қондырғылар мен цифрлы трансформацияларға, қағазды қажет ететін процестерді азайту мен автоматтандырылған жұмыс процестерін барынша көбейтуге, қойманы басқаруға, мониторинг және араласу іс-шараларын жетілдіруге, сондай-ақ цифрлы экосүйені ынталандыру мен жергілікті ресурстарды дамыту мақсатында Қазақстандық университеттермен және институттармен ынтымақтастық орнатуға бағытталған.

Экономикаға және жергілікті халықпен қарым-қатынасқа инвестициялар

GRI 102-15

КПО Қарашығанақ жобасында жергілікті қамту үлесін арттыруға елеулі үлес қосып, жергілікті өндірушілерді қолдап келеді.

Есептік жылы КПО-ға жеткізілген тауарлар, жұмыстар мен қызметтердегі жергілікті қамтудың үлесі 60%-ға жетіп, ақшалай көлемде шамамен 474 млн АҚШ долларын құрады. 1997 жылы ӨБТК қол қойылғаннан бері КПО-ның тауарлар, жұмыстар мен қызметтердегі жалпы жергілікті қамту үлесі шамамен 7 млрд АҚШ долларына жетті.

Біз басты назарды аймақаралық ынтымақтастыққа және КПО Қазақстандық қамтуды дамыту бағдарламасы, Ұлттық өнеркәсіпті дамыту мәселелері бойынша өзара түсіністік жөніндегі меморандум, Ақтау декларациясы және т. б. сияқты бірқатар бастамалар шеңберінде белгіленген тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді жергілікті кәсіпорындармен жүзеге асыруға аударуды жалғастырдық. 2018 жылы КПО құны 70 млн АҚШ доллары құрайтын сегіз тауар түрін және құны 390 млн АҚШ доллары болатын күрделі қызметтерді жергілікті кәсіпорындармен жүргізілуін бастады. КПО өзінің жоғары қысымды газ турбиналарын Орал қаласы сервистік орталығында жөндеген Қазақстандағы алғаш компания, және жергілікті кәсіпорынмен жасалған бұрғылау қашауларын күнделікті қызметтерінде пайдаланған алғаш халықаралық консорциум.

БҚО билік органдарымен келісім негізінде КПО жыл сайын Батыс Қазақстан облысында әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырады. Бұл жобаларға тас жолдарды, көшелерді, көпірлерді, сондай-ақ денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт нысандарын салу мен жөндеу жұмыстары кіреді. Бұл жұмыстарды тек Қазақстандық мердігерлер орындайды. 2018 жылы КПО 36 әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаның жүзеге асырылуын қадағалады, бұл компания тарихындағы ең көп жобалар саны болды, және оның 31 жобасы сәтті аяқталды.

2018 жыл аяғында КПО-ның БҚО әлеуметтік инфрақұрылымына жұмсаған инвестиция көлемі 368 млн АҚШ долларын құрады. 2018 жылы жыл сайынғы жұмсалатын әлеуметтік қаржы көлемін 2019 және 2023 жылдар аралығында 20 миллионнан 30 миллион АҚШ долларына дейін көтеру келісілді.

КПО жергілікті потенциалды арттыру және тұрғындарды дамыту бастамалары арқылы жергілікті тұрғындар үшін құндылықтарды көбейтуге жұмыстанып келеді. Жергілікті тұрғындарды дамыту бағдарламасы аясында жасы үлкен тұрғындарға «Ақжайық» шипажайына 200 ваучер беріліп, «Талап» жазғы лагеріне демалысқа 80 оқушы жолдама алды. Жыл бойы біз Березов пен Бестаудан көшірілген тұрғындар жағдайларын қадағалауды жалғастырдық. Тұрғындармен көтерілген проблемалар көбінесе кішігірім құрылыс ақауларын жөндеумен, және қосымша жабдықтармен және қара топырақпен қамтамасыз етумен байланысты болды.

2018 жылы Қарашығанақ кен орны айналасында орналасқан алты елді мекенде, атап айтқанда Приурал, Успен, Жаңаталап, Жарсуат, Қарашығанақ және Дмитрово ауылдарында 13 Консультативтік кеңес отырысы өткізілді. Әлеуметтік, қоршаған ортаны қорғау және апаттық жағдайлардағы эвакуация мәселелері КПО-ның тұрғындармен өткізген жиналыстарының басты тақырыптары болды. Оған қоса, КПО жергілікті билік органдарымен бірлесіп ұңғымаларға қосылу және құрылыс жобаларының қоршаған ортаға әсерін бағалау (ҚӘБ) бойынша 10 қоғамдық тыңдау өткізді.



МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР

GRI 102-44, 102-46, 103-1

Тұрақты даму бойынша корпоративтік есеп берудің сәттілігі бизнес өкілдерінің өз мүдделі тараптарымен тиімді диалог құруына байланысты.

КПО Тұрақты даму есебін 2008 жылдан бастап жыл сайын жариялап келеді. КПО есепті құрушы компанияларының көп жылғы тәжірибесі мен қаржылық емес есептілік саласындағы көпшілікке танылған озық тәжірибе талаптарын ескеріп әзірлейді. Бұл есеп мүдделі тараптармен тиімді коммуникация құрудың негізгі құралдарының бірі. Бұл құжаттың мақсаты мүдделі тараптарға КПО үшін де, мүдделі тараптар үшін де маңызды мәселелерді, және екі жақтың өзара әрекеттесуі арқылы оларды шешу жолдарын жеткізу.

Есеп мазмұны мен қамтылған материалдары Есептілік жөніндегі жаһандық бастама (GRI) (2018 жылға дейінгі нұсқаулық) стандартына сәйкес анықталып, негізгі тиімділік көрсеткіштер Мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығы ұйымының (IOGP) көрсеткіштерімен салыстырмалы түрде жарияланған. Біз басқару әдістері мен Компанияның негізгі тиімділік көрсеткіштерін ескеріп, қолдануға жарамды GRI стандарттарына сәйкес тиімділік стандарттарымызды жария еттік. Сонымен қатар, біз КПО-ның әртүрлі бөлімдерінің тұрақты даму үдерісіне қосатын үлесін сандық бағалауға мүмкіндік беретін мақсаттар мен салыстырмалы критерияларды әзірлейміз. Есеп мазмұнын әзірлеуде біз тәуекелдер мен мүмкіндіктерді де талдаймыз.

Тұрақты даму туралы есеп беру процесі ақпарат алмасу, деректерді жинау және ішкі мен сыртқы салааралық қатынасуды қамтиды. **GRI 103-1** 11 жылдан астам біз бірқатар маңызды тақырыптарды анықтап, олардың динамикалары туралы бөлісіп келеміз. 2018 жылы біз өзімізге аса маңызды тақырыптарды таңдап алу мақсатында оларды қайта қарастырып, аталмыш тізімді КПО директорлар комитетінде растадық. Бұл тақырыптар GRI стандарттар анықтамаларына сәйкес тексеріліп, үш негізгі салада: әлеуметтік, экологиялық, экономикалық салаларда қайталанғандығы анықталды (2-суретті қараңыз).

Аталмыш маңызды тақырыптар жалпылама КПО қызметтерінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсер ету, сондай-ақ, жеке-жеке, белгілі бір өндірістік қызметтерді жүзеге асыру процесі немесе Компанияның реттеуші органдармен, мердігерлермен, тұрғындармен немесе мүдделі тараптар деп аталатын басқа да тараппен өзара әрекеттесу шараларының бөлігі ретінде қарастырылатын мәселелерді қамтиды. Осындай әсерлердің ішкі және/немесе сыртқы белгілері бар. **GRI 102-43**

Маңызды тақырыптардың маңыздылығын мүдделі тараптардың сол тақырыптарға деген қызығушылығынан байқауға болады (3-сурет).

Есептілік кезеңінде келісілген тақырыптарға енгізілген өзгерістер жыл сайын КПО құрушы компанияларымен, «PSA» ЖШС-мен, әртүрлі реттеуші органдармен, бизнес серіктестермен, жергілікті тұрғындармен және бұқаралық ақпарат қауымдастығы (БАҚ) өкілдерімен көп жақты өзара әрекеттесу процесінде анықталады. Мүдделі тараптар әртүрлі сессияларда, Консультативтік кеңестен бастап форумдар, конференциялар, қоғамдық тыңдаулар, ашық күндер, аудиттер, әлеуметтік сауалнамалар кезінде және оларды Компанияға тікелей жолдау арқылы өз мәселелерін көтереді.

Есепті дайындау шеңберінде біз осы есепте жарияланған ішкі және сыртқы маңызды тақырыптар бойынша мүдделі тараптардың хабардарлығын үздіксіз арттыруға тырысамыз.

2017 және 2018 жылдардағы тұрақты даму есебі баспа көшірмесінің ішінде оқырмандар толтыруға арналған кері байланыс формасы бар. Сондай-ақ біз онлайн кері байланыс формасын КПО веб-сайтына жүктедік.

2-сурет. ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРЫ GRI 102-47, 102-44, 102-46

- ▶ Қызметкерлеріміздің еңбегін қорғау мен қауіпсіздік техникасы
- ▶ Қызметкерлеріміздің денсаулығын сақтау
- ▶ Жабдықтың тұтастығы және технологиялық үдеріс қауіпсіздігі
- ▶ Төтенше жағдайларға қарсы әрекет ету дайындығы және жергілікті қауымдастықтармен әрекеттесу тәсілдері
- ▶ Жобаның жергілікті қоғам өркеуіне кері әсер етуі ықтимал қауіптер туралы шағымдарды және жолдауларды қабылдау
- ▶ Жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттесу, әсер ету деңгейін бағалау және бәсеңдету тәсілдері





СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРМЕН ӘРЕКЕТТЕСУ

GRI 102-42, 102-43, 102-44

Әлемдік танылған практика бойынша мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тұрақты дамудың іргетасын қалап, тиімді бизнес жүргізудің кілті. Біз мүдделі тараптарымызбен әртүрлі байланыс орнатып, олардың пікірлерін білуге құштармыз.

Тұрақты даму есебі біз үшін мүдделі тараптармен әрекеттесудің негізгі құралы. КПО қызметтері ауқымды болуына байланысты мүдделі тараптарымыз көптеген топтар мен ұйымдардың өкілдері болып табылады. Ең маңызды топтар мен олармен әрекеттесу жолдары 3-суретте көрсетілген.

Біздің мүдделі тараптармен әрекеттесуіміз орындалып жатқан қызметтер шеңберінде күнделікті іс-әрекет және ол заңнама мен ішкі саясаттарға сәйкес жүзеге асырылады. Бұл жоспарлау мен құжат жүргізуді қажет ететін ұйымдастырылған және реттелген процес. КПО бөлімдері мүдделі тараптарды өздері анықтайды, және олармен байланысу тәжірибесімен осы есепте бөліседі.

Басып шығарылған тұрақты даму есептері бойынша пікірлер телефон және Sustainability@kpo.kz электрондық поштасы, сондай-ақ www.kpo.kz. КПО ресми веб-сайты арқылы жинақталады. Барлық пікірлеріңіз бен ұсыныстарыңыз келесі есепті дайындауда ескеріледі.

3-сурет. КПО-НЫҢ 2019 ЖЫЛЫ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРМЕН ӘРЕКЕТТЕСУІ GRI 102-40, 102-42, 102-43, 102-44



Маңызды аспектілер	Құрушы компаниялар «PSA» ЖШС	Қызметкерлер	ҚР Үкіметі	Реттеуші органдар	Жергілікті билік органдары	Контрагенттер	Бизнес серіктестер	БАҚ	Жергілікті тұрғындар	Кәсіптік одақтар	ҰЕҰ	Барлығы
Басшылық ету және басқару ұстанымы	●	●	●									3
Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	●	●	●	●	●	●	●			●		8
Технологиялар мен инновациялар	●	●		●		●	●					5
Басқару жүйелері: ISO 14001, ISO 50001 мен OHSAS 18001 сертификаттары	●	●		●		●					●	5
Өндіріс тұтастығы мен технологиялық қауіпсіздік	●	●	●	●	●	●						7
Тұрғындардың төтенше жағдайларға әрекет ету дайындығы	●	●	●	●	●			●	●		●	9
Денсаулықты сақтау	●	●	●	●	●					●		7
Жұмысқа орналастыру және өтемақы	●	●	●	●					●	●		6
Қызметкерлерді дамыту және оқыту	●	●		●						●		5
Әлеуметтік, мәдени және жыныстық әртүрлілік және тең мүмкіндіктер	●	●	●			●			●	●		5
Қызметкерлер мен басшылық арасындағы өзара қарым-қатынас	●	●	●							●		3
Кәсіби одақтарға мүшелік және ұжымдық келіссөздер жүргізу еркіндігі	●	●								●		3
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибесі	●	●		●		●		●		●		6
Мердігерлерді адам құқығы бойынша оқыту	●	●				●						2
Жемқорлыққа қарсы әрекет	●	●	●	●		●	●	●			●	7
Қоршаған ортаны қорғау	●	●	●	●	●	●		●	●		●	8
Экологиялық стандарттарды сақтау	●	●	●	●	●	●		●	●		●	9
Тұрғындармен жұмыс – әсерді бағалау және азайту	●	●						●	●			3
Шағымдарды басқару механизмдері (жергілікті тұрғындарға тиетін әсер, еңбек қатынастары тәжірибелері, экологиялық аспектілер)	●	●			●				●	●	●	6
Сатып алу тәжірибелері мен жеткізілімдер тізбегі	●	●				●	●					4
Қазақстандық қызметкерлер санын көбейту	●	●	●	●	●	●			●			7
Қазақстандық қамтуды дамыту және тауарлар мен қызметтерді сатып алудағы үлесі	●	●	●	●	●	●		●				5
Қызмет жүргізетін аймақтардағы әлеуметтік инвестициялар	●	●	●	●	●	●		●	●			7
Жергілікті тұрғындарды электр энергиясымен қамтамасыз ету	●	●	●	●	●	●		●	●			5
Мемлекетке жасалған төлемдердің жариялылығы (EITI)	●	●	●	●	●	●		●			●	6

4-суретте 2018 жылғы мәселелерге шолу және әртүрлі мүдделі тараптар топтарымен әрекеттесу жолдары туралы қысқа ақпарат берілген. Бұл тарауда барлық іс-шаралар баяндалмаған. Маңызды тақырыптар бойынша өзара әрекеттесудің қадамдық мысалдары тікелей есеп бөлімдерінде жарияланған ([GRI стандарттар көрсеткіштері кестесінің GRI 102-44](#) сілтемелерін қараңыз).

4-сурет. 2018 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ КПО-НЫҢ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРМЕН ӘРЕКЕТТЕСУ ШАРАЛАРЫ

GRI 102-13, 102-42, 102-43, 102-44



GRI 102-13, 102-42, 102-43, 102-44

2018 жылғы 26 маусымда КПО бас директоры Эдвин Блом басшылығымен Компания жоғары басшылығы Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстанның Қазсервис мұнай сервистік компаниялар одағымен бизнес ланчта кездесті. Аталмыш шараға 30-дан астам жетекші жергілікті және халықаралық компаниялар өкілдері қатысты. Кездесу барысында болашақ Қарашығанақты кеңейту жобаларына мұнай сервистік компаниялардың қатысуы және бастапқы бағалау тұрғысынан КПО-ның нарық өкілдеріне қойылатын талаптары талқыланды.

2018 жылғы 18 қаңтарда КПО Орал қаласы кеңсесінде Қарашығанақты кеңейту жобасы (ҚКЖ) бойынша нарық форумы өтіп, жергілікті және халықаралық компаниялар 80 өкілі қатысты. Форум КПО Қазақстандық қамтуды дамыту бөлімінің және жеткізілімдерді ұйымдастыру директорының қолдауымен, жобаны дамыту директоры басшылығымен өткізіліп, қатысушыларға ҚКЖ-1 көлемі, жобасы, қазіргі статусы мен болашақ жоспарлары бойынша жаңартылған ақпарат берілді.

2018 жылғы 26 мамырда КПО бас директоры Эдвин Блом басшылығымен Компания делегациясы Шығыс Қазақстан облысына сапар шекті. Сапар барысында ШҚО және БҚО әкімдерінің, сондай-ақ өңір өндірушілерінің қатысуымен кеңейтілген жиналыс өткізілді. Сондай-ақ сапар барысында КПО делегациясы өңірдің ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың өндірістік мүмкіндіктерімен танысу үшін өндірістік нысандарында болды.

2018 жылғы 27 қыркүйекте КПО басшылығы басты ұлттық БАҚ өкілдерімен кездесіп, жиналыс өткізді. Жиналыс барысында Қарашығанақ жобасын дамыту және өңірдің әлеуметтік және экономикалық дамуына КПО-ның қосқан үлесі бойынша толық ақпарат берілді.



2018 жылғы 7 қыркүйекте КПО Орал қаласындағы Депо көпірін қайта құру жұмыстары сәтті аяқталғанын баяндады. Көпірді қайта құру жұмыстары барысында оның параметрлері өткізу мүмкіндігі, шектеулі жүктеме және жол қауіпсіздігі бойынша заманауи талаптарға сәйкестендірілді. Мердігер қайта құру жұмыстарын жоспарланған мерзімнен ерте аяқтағанын айта кеткен жөн.

2018 жылғы 4 қыркүйекте Ақсай қаласындағы № 5-мектеп-интернатта жаңа ойын алаңы құрылысы ашылды. Бұл тамаша ойын алаңын салу, оған қажет қаражатты (10,3 млн) жинауға бағытталған әртүрлі шараларды, атап айтқанда лотереяларды, викториналарды, би және ән кештерімен қоса футбол жарысын ұйымдастыру Қарашығанақ балалар қайырымдылық комитетінің төрт жылдық зор еңбегінің нәтижесі болды.

2018 жылғы 30 шілдеде КПО алғаш рет Қазақстанда жасалған үш фазалы екі өте ауыр қалың қабырғалы сепараторды қабылдады. Сепаратор мұнай өңдеу жүйесін жаңғырту жобасы аясында Атыраудан Қарашығанақ кен орны негізгі өндірістік нысаны Қарашығанақ өңдеу кешеніне жеткізілді. КПО 2016 жылғы сәуір айында жүргізген аймақаралық ынтымақтастық сапарының нәтижесі бойынша жергілікті компаниялар, «Белкамит» ЖШС мен «Атыраунефтемаш» ЖШС-не үш фазалы сепараторларды жасау тапсырыстарын берген.



2018 жылғы 1 қазанда КПО Орал қаласы кеңсесінде жыл сайынғы КПО мердігерлерінің сәйкестігі семинары өтті. Семинарға оператор компаниялар өкілдерімен бірге 29 компанияның 34 делегаты қатысты.

Қарашығанақ кен орны айналасында орналасқан ауыл тұрғындарымен 2018 жылғы әлеуметтік және инфрақұрылымдық қолдау бойынша 13 консультативтік кеңес өткізілді.

Жергілікті қауымдастықтар
(Ақсай және көршілес ауылдық округ тұрғындары)

2018 жылғы 4 қыркүйекте КПО Ақсай қаласындағы жаңа балабақша құрылысының сәтті аяқталғанын баяндады. Аталмыш әлеуметтік нысанға жұмсалған инвестиция көлемі 2 млн АҚШ долларынан астам.

2018 жылғы 17 қазанда КПО басшылығы мен Атырауда орналасқан мұнайгаз жабдықтарын жасайтын «Жігермұнайсервис» ЖШС-і арасында жұмыс жиналысы өтті. Жиналыстың басты мақсаты Қарашығанақ кен орнында сынақтық қолдануда болған Қазақстанда жасалған бұрғылау қашауларын қолдану нәтижелерін талқылау болды.

2018 жылғы 23 қаңтарда КПО бас директоры Ренато Мароли басшылығымен Компания делегациясы Нұр-Сұлтан қаласына барды. Сапар барысында Нұр-Сұлтан қаласы және БҚО әкімдерінің, КПО басшылығының, «PSA» ЖШС өкілдерінің, механикалық жабдықтарды жобалау, метал өңдеу және метал өнімдерін шығару, құрылыс материалдарын шығару, энергетикалық, кәріз сарқынды суларын тазалау жабдықтарын шығару және ақпараттық технологиялар саласындағы астаналық жетекші компаниялардың қатысуымен кеңейтілген жиналыс өткізілді.

2018 жылғы 7 қыркүйекте КПО Қазақстан Республикасы Энергетика министрілігінің және «PSA» ЖШС-нің қолдауымен Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстандық қамтуды дамыту форумын өткізді. Форум негізгі тақырыптары болашақ Қарашығанақты кеңейту жобасы, Кезең-1 (ҚКЖ-1), тауар, жұмыс пен қызмет жеткізушілеріне қойылатын КПО талаптары, сондай-ақ ҚКЖ-1-дағы жергілікті қамтуды дамыту стратегиясы мен ҚКЖ-1-дағы сатып алу жоспарлары болды.

2018 жылы КПО жаңа нысандар құрылысы мен қолданыстағы өндірістік нысандарды жаңғырту, және олардың қоршаған ортаға әсерін бағалау бойынша жергілікті тұрғындардың (Берлі ауданы әкімдігі, маслихат депутаттары, мүдделі мемлекеттік агенттіктер, сондай-ақ жергілікті және аймақтық БАҚ өкілдерінің) қатысуымен 10 қоғамдық тыңдау өткізді. Барлық тыңдаулар сәтті өткен болып танылды.

Үкіметтік емес ұйымдар
(коммерциялық емес ұйымдар, бастамашыл топтар, қоғамдық қорлар)

2018 жылғы 25 қаңтарда КПО Березов пен Бестау ауылдарын көшіру жобасы аясында жүзеге асырылған Ақсай қ. Аралтал шағын ауданында 300 орындық орта мектеп құрылысының аяқталғаны туралы баяндады.

2018 жылғы 4 маусымда КПО компания мердігерлерімен бірге ұйымдастырылған Берлі әкімдігі қолдауымен өткен Ақсай қаласындағы Халықаралық балалар күнін жыл сайынғы атап өтуде белсенді қатысты. Мереке «Басты мақсатымыз – балаларымыздың қауіпсіз болашағы» ұранымен жол қауіпсіздігі тақырыбымен ұштастырылған болатын. Фестиваль бағдарламасында викторина, вокалдық және би нөмерлері, сондай-ақ Островский атындағы облыстық орыс драма театры актерларының қатысуымен көріністер болды. Барлық балаларға сыйлықтар мен марапаттар табыс етті.

ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ШОЛУ

КПО өндірістік нысандары.....	20
Біздің өнімдер және экспорттық бағыттар.....	22
2018 жылғы өндіріс.....	23
Кен орнын игеру жобалары.....	26

Қарашығанақ кен орнында

 **13,3** млрд баррель
сұйық көмірсутек пен

 **60,23** трлн текше
фут газ бар, олардың 12%-на
жуығы бүгінгі күнге дейін
өндірілген

2018 жылы КПО тұрақты және
тұрақсыз сұйық көмірсутек пен
газ күйіндегі


147,5 млн баррель


мұнай эквивалентінде (б.м.э.)
өнім өндірді, оның ішінде
тұрақтандырылған мұнай
көлемі

10 953 мың тонна
газ өндірісі –


18 913 млн тонна
болды 

2018 жылдың аяғына қарай
Қарашығанақ кен орнының жалпы
қоры 462 ұңғыманы құрады: оның
ішінде

114 
өндіру және


17 
кері айдау ұңғымалары
жұмыс істейді

2018 жылы Орынбор газ өңдеу
зауытында кейінгі өңдеу үшін КПО

9,5 млрд м³ 

шикі газды сатты, бұл Орынборға
сатылған шикі газ көлемінің
рекордтық көрсеткіші болды

2018 жылы Каспий құбыр желісі
консорциумы арқылы
рекордтық

10,26 млн тонна 
тұрақтандырылған мұнай
экспортқа жіберілді

Карачаганақ Петролиум Оперейтинг Б.В. (КПО) Қазақстандық филиалы Қазақстан Республикасы аймағында өндірістік және геологиялық барлау қызметін жүргізетін халықаралық мұнай және газ, конденсат компаниясы. КПО өз қызметтерін Қазақстанның солтүстік-батысында орналасқан және 280 шаршы км астам аймақты алып жатқан әлемдегі ең ірі мұнай-газ, конденсат кен орындарының бірі болып табылатын Қарашығанақ кен орнында жүргізуде. **GRI 102-3, 102-4, 103-1**

Қарашығанақ кен орны шалғай және пайдалануға қиын аймақта орналасқан. Бұл жерде қоршаған орта температурасы қыста -40°C , жазда $+40^{\circ}\text{C}$ аралығында болуы мүмкін. Үстіңгі қабаты 3 500 м. тереңдікте орналасқан қор қалыңдығы 1 600 м-ді құрайды, сонымен қатар аса күрделі және ерекше болып табылады. Көмірсутектерінің құрамында 4,5%-ға дейін улылығы жоғары күкіртсутегі және белгілі бір жағдайларда коррозиясы жоғары болуы мүмкін көмірқышқыл газы (CO_2) бар.

Бүгінгі таңда Қарашығанақ жобасын бес құрушы компания – «Эни», «Шелл», «Шеврон», «Лукойл» және «ҚазМұнайГаз» басқарып, Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісім және Реттеу жөніндегі келісім негізінде бірлесіп жұмыс атқарып келеді.

ҚР қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссияның 17.11.2017 күнгі отырысында қабылданған Қарашығанақ кен орнындағы мұнай, газ, конденсат және ілеспе компоненттер қорын қайта есептеу туралы соңғы КПО есебінің бағалауы бойынша Қарашығанақта 13,3 млрд баррель сұйық көмірсутек пен 60,23 трлн текше фут газ бар, және олардың 12%-на жуығы бүгінгі күнге дейін өндірілген. **OG-1**

1997 жылы Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге қол қойылғалы бері 31.12.2018 аралығында экономикалық кірісті тұрақты көбейтуге және қоршаған ортаға әсерін барынша азайтуға бағытталған алдыңғы қатарлы технологияларды қолданып, Қарашығанақ кен орнын игеруге 24,4 млрд-тан астам АҚШ доллары бөлінді. 2018 жылдың соңында КПО-да 4 493 адам еңбек еткен. **GRI 102-7**

КПО ӨНДІРІСТІК НЫСАНДАРЫ


GRI 102-7, 102-4

Көмірсутектерді өндіру, дайындау және өңдеу жұмыстары бір-бірімен байланысқан негізгі үш қондырғыда жүзеге асады: Қарашығанақ өңдеу кешені (ҚӨК), ГҚДҚ-2 мен ГҚДҚ-3 негізгі нысандарды байланыстырып, өндірістік ағындарды ұңғымадан қондырғыларға қарай және қондырғылар арасында бағыттап, өнімдерді жинауға және бөлуге арналған ішкі кәсіптік құбырлар жүйесі шамамен 2000 км-ді құрайды. Осындай нысандардың қатарына Мұнайды бастапқы өңдеу станциясы (МБӨС) мен Эко орталығы жатады. Нысандар жөнінде толық ақпарат кесте түрінде 5-суретте берілген.

КПО-да қолданылатын тұрақтандырылған сұйық көмірсутектерді тасымалдау жүйесіне негізгі экспорттық бағыт – ҚӨК және Үлкен Шаған ауылындағы екі сорғы станциясы бар Қарашығанақ – Атырау тасымалдау жүйесі (ҚАТЖ), сондай-ақ КПО-ның Атырау терминалында өнімді қабылдау және сақтауға арналған нысандары кіреді. Екінші экспорттық бағыт – бұл көмірсутекті өнімдерді Ресей Федерациясында орналасқан Орынбор газ өңдеу зауытына тасымалдау үшін қолданылатын Қарашығанақ-Орынбор тасымалдау жүйесі (ҚОТЖ).

2018 жылдың аяғына қарай Қарашығанақ кен орнының жалпы қоры 462 ұңғыманы құрады: оның ішінде 114 өндіру және 17 кері айдау ұңғымалары жұмыс істейді. Алдыңғы жылмен салыстырғандағы ұңғымалар қоры санының 21-ге өсуі негізінде жаңа көлденең бағытталған ұңғымаларды (өндіру қоры) және терең емес бақылау ұңғымаларын (арнаулы қор) бұрғылаумен байланысты.

5-сурет. ҚАРАШЫҒАНАҚ КЕН ОРНЫ
НЫСАНДАРЫ МЕН ӨНІМДЕРІ **GRI 102-7**



БІЗДІҢ ӨНІМДЕР ЖӘНЕ ЭКСПОРТТЫҚ БАҒЫТТАР GRI 102-2, 102-6

КПО тұрақтандырылған және тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектерді, тазартылмаған газды және жанармай газын өндіреді және өңдейді. Алынған көмірсутек өнімдерінің басым көпшілігі сатудан түсетін кірісті көбейту мақсатында экспортталады.

2018 жылы өндірілген сұйық өнімнің 95%-на жуық көлемі тұрақтандырылған мұнай күйінде батыс нарықтарына келесі тасымалдау жүйелері арқылы сатылды:

- ▶ Каспий құбыр желісі консорциумы (КҚК);
- ▶ Атырау-Самара құбыр желісі және әрі қарай «Транснефть» құбыр жүйесі арқылы.

КПО мұнайы КҚК құбыр желісі арқылы Қара теңіздегі Новороссийск портына жеткізіледі (Оңтүстік Озереевка), ал Атырау-Самара құбыр желісі мұнайды Балтық теңізіндегі Усть-Луга портына жеткізуге пайдаланылады (б-сурет).

Маркетингтің негізгі мақсаты – таза бағасы ең жоғары КҚК құбыр желісі арқылы экспорттың және мұнайды сатудың көлемін барынша арттыру. Дегенмен, Атырау-Самара бағытымен тасымалданатын өнімнің таза бағасы КҚК құбырынан сәл төмен болса да, ол КҚК желісінде қандай да бір іркілістер жағдайында қолданылатын аса маңызды тармақ болып қала береді.

2018 жылы мұнай сатылымдарын оңтайландыру жұмыстары КПО-ға тиімдірек экспорт құбыр желісі болып табылатын КҚК арқылы барлығы 10,37 млн тоннадан рекордтық 10,26 млн тонна тұрақтандырылған мұнай экспортқа жіберуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, аталған уақыт ішінде Атырау-Самара құбыр желісі арқылы жеткізілген мұнай көлемінің КПО тарихындағы ең төмен көрсеткіші – 0,10 млн тонна тіркелді. Сұйық көмірсутектердің қалған көлемі Орынбор қаласы арқылы Ресейге және жергілікті нарыққа тұрақтандырылмаған конденсат күйінде жеткізілді.

Кен орнында өндірілген газ қабаттық қысымды ұстап тұру үшін кері қабатқа айдалады, сонымен қоса «КазРосГаз» ЖШС-мен жасалынған Газды сату бойынша ұзақ мерзімді келісім бойынша тазартылмаған газ күйінде сатылады немесе КПО нысандарының қажеттіліктері мен жергілікті электр қуатын таратушы компаниялар үшін электр энергиясын өндіру мақсатында (күкіртсутегінен) тазартылады.

2018 жылы Орынбор ГӨЗ-да кейінгі өңдеу үшін КПО «КазРосГаз» ЖШС-не 9,5 млрд м³ шикі газды сатты, бұл Орынборға сатылған шикі газ көлемінің рекордтық көрсеткіші болды.

Конденсатты жеткізуді тоқтату жобасының аяқталуына байланысты 2018 жылғы 17 қыркүйектен бастап КПО Орынборға тұрақтандырылмаған конденсатты жеткізуді тоқтатты. Нәтижесінде, 2018 жылы Орынбор зауытына тұрақтандырылмаған конденсаттың рекордтық төмен жылдық көлемі (499 мың тонна) жеткізіліп, сұйық көмірсутектердің Орынбор зауыты бағытынан КҚК желісіне және «Конденсат» АҚ өңдеу қондырғысына бағыттау сатылымнан түсетін пайданы арттыруға мүмкіндік берді.

6-сурет. ЭКСПОРТТЫҚ БАҒЫТТАР GRI 103-1



2018 ЖЫЛҒЫ ӨНДІРІС GRI 102-2, 102-7

2018 жылы КПО тұрақты және тұрақсыз сұйық көмірсутек пен газ күйіндегі 147,5 млн баррель мұнай эквивалентінде (б.м.э.) өнім өндірді. 2018 жылы газды жеткізу 9,5 млрд текше метрді құрады.

1-кесте. 2018 жылғы өндіріс көлемі

	Өлшем бірлігі	2016*	2017	2018
Жалпы өндіріс көлемі**	млн б.м.э.	139,7	145,8	147,5
Тұрақтандырылған мұнайдың жалпы көлемі	мың т	10 466	11 247	10 953
Газ өндірісінің жалпы көлемі	млн. м ³	17 659	18 924	18 913
Газды кері айдау Сатылуға арналмаған, қабатқа кері айдалған газ көлемі	млн. м ³	8 040	9 289	8 589
Тазартылған газ ҚӨК-де ішкі қажеттіліктер үшін пайдаланылады	млн. м ³	605,4	739,5	723,6

* Жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу жылы

** Өндірістің жалпы көлеміне қабатқа кері айдалған газ көлемі кірмейді

2018 жылдағы бұрғылау жұмыстары

2018 жыл Қарашығанақ өндірістік жұмыстарына қызмет ететін бір бұрғылау қондырғысымен басталды. 2018 жылғы қыркүйек айында жаңа ұңғыма оқпанын бұрғылау жұмыстарына растау алынғаннан кейін екінші қондырғы пайдалануға дайындалды.

2018 жылы үш жаңа өндіруші ұңғыма іске қосылды, сондай-ақ ескі екі ұңғыма жаңа оқпандары бұрғыланып, құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін, олар көлденең ұңғымалар болып, қайтадан іске қосылды. 2018 жылы 2019 жылғы қаңтар-ақпан айларында аяқталуға жоспарланған бір газды кері айдау және жаңа оқпанды бір ұңғыма бұрғыланды. Бес ұңғыма желіге қосылды.

2-кесте. 2018 жылғы сатылымдар

	Өлшем бірлігі	2016	2017	2018
Сатылымның жалпы көлемі	млн. б.м.э.	137	142,3	143,5
Тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер Орынбор ГӨЗ және шағын МӨЗ жеткізілетін конденсат	мың т	898	657	615
Тұрақтандырылған сұйық көмірсутектер ҚҚК және Атырау-Самара құбыры арқылы жеткізілетін мұнай және тұрақтандырылған конденсат	мың т	9 697	10 715	10 365
Тазартылмаған газ Орынбор ГӨЗ-на	млн. м ³	8 934	8 782	9 493
Тазартылған газ БҚО тұрғындарының қажеттіліктері үшін	млн. м ³	50,8	97,7	95

2018 жылы бұрғылауда компания келесі жетістіктерге қол жеткізді:

- ▶ Компаниямызда қауіпсіздікті қамтамасыз ету ең басты мақсат болып қала бермек, себебі Ұңғыма операциялары бөліміндегі 2,5 млн. адам-сағаттың әрбір сағаты жеке және жол қауіпсіздігінен бастап H₂S қатысты қауіптер мен технологиялық қауіпсіздікке дейін қауіп-қатерге толы болды. 2018 жылы ешқандай еңбекке қабілеттікті жоғалту оқиғасы тіркелмеді және 3,5 млн. км ешқандай оқиғасыз жүріп өтті. Алайда, біздің қауіпсіздікті қамтамасыз етуге салған күш-жігерімізге қарамастан, жұмыс алаңдарымызда екі кішігірім тіркелетін оқиға және бір ықтимал қауіпті оқиға орын алды. Біздің мақсатымыз – КПО және мердігерлік ұйымдар арасындағы тығыз ынтымақтастық пен серкітестікті орнату арқылы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көрсеткіштерін жақсарту. Біз – іс-әрекеттер қауіпті орындалып жатқанда өзара араласу мәдениетін ұстануды, қауіпті жағдайлар туралы хабардарлық пен өзгерістерді басқару бойынша оқытуды күшейтуді, және көрсеткіштерді жақсарту, жаңа әдістер мен процестерді қолдану үшін жаңа мүмкіндіктерді қарастыруды жалғастырдық.



- ▶ Өткен жылғы бұрғылау көрсеткіштері тұрақты болып, екі жаңа рекордқа қол жеткіздік. Жаңа оқпаны бұрғыланған ұңғымалардың бірінің тереңдігі 6700 м-ді құрап, ол КПО тарихындағы ең ұзын бұрғыланған ұңғыма болды. Екіншіден, ол Қазақстанда жасалған бұрғылау қашауымен жүргізілген 16" x 17-1/2" бөлігі аралығындағы 54,81 м/сағ. көрсеткішімен ұңғылаудың рекордтық жылдамдығына иемденді.
- ▶ Ұңғыма тереңдеген сайын жоғарғы көрсеткіштерді үздіксіз инновацияларсыз сақтап тұру қиын. 2018 жылы ұңғымалардың бірі бұрғылау бағаны түбін құрастыру тұрақтылығын, демек, қашау қызмет мерзімі мен өнімділігін жақсартуға жетелеген талдау мен жаңа конус пішімді (Stinger) қашау сынағы нәтижесі бойынша жоғарғы квартал болып жіктелді.
- ▶ Қарашығанақ кен орнында аномалдық төмен қабат қысымы бар түгесілген аймақтардың болуы сияқты бірқатар өзіндік сын-қатерлер бар. Аймақтық оқшаулаудың жоғары сапасына қол жеткізу үшін КПО инженерлері мен цементтеу жұмыстарын жүргізетін мердігеріміз арнайы жеңіл цемент шламын дайындады. Жеңіл цемент шламы технологиясы ұңғымалардың құрылыс уақыты мен шығындарын елеулі түрде азайтып, қосымша жақсартуларға мүмкіндік берді.

КПО қоршаған ортаға бұрғылау жұмыстары мен ұңғыма операцияларынан тиетін кері әсерді барынша азайту мақсатында өз жұмыстарын жалғастырып келеді:

- ▶ Ұңғыма құрылыс жұмыстары көптеген энергия мен ресурстарды талап етеді, сондықтан қоршаған ортаны ластауға ықпал етеді. Біз КПО-да көлденең және бағытталған бұрғылау, сондай-ақ мұнайды бір ұңғымадан, бірақ үлкен аймақтан өндіру үшін ескі ұңғыманың жаңа оқпанын бұрғылау әдісін қолданамыз. Бұл әдіс мұнай қабатын игеруде ұңғыма санын азайтуға, демек, қоршаған ортаны аз ластауға мүмкіндік береді.
- ▶ Біз ұңғымаларды тазалау процесі кезіндегі парниктік газдар шығарындарын барынша азайту бойынша стратегиямызды әрі қарай дамытуды жалғастырып келеміз. Ұңғыма түбіндегі фрезерлеу операцияларына арналған көмірсутекті алмастыру сұйықтығын және тракторлық роботтандырылған жүйелерді пайдалану сияқты біздің бұрынғы шараларымызға 2018 жылы біз қайтадан әзірленген ұңғымаларды гидродинамикалық сынау шаралар пакетін қостық. Жоғары газ көлемі факторы бар орнатылған сорғы ұңғымалық сұйықтықты жоғары қысымды өндірістік желіге айдау арқылы түгесілген немесе төмен газ/мұнай қатынасы бар ұңғымаларда жағуды айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді.

Жоспарлы жөндеу жұмыстары

КПО-ның жоспарлы жөндеу жұмыстары стратегиясы бұрынғыдай, қауіпсіз әрі үздіксіз өндірісті және заң нормаларына сәйкестікті қамтамасыз етіп, жоспарлы жөндеу жұмыстары арасындағы интервалдарды арттырып, оларды іс жүзінде жүргізу уақытын азайту есебінен өнім алуды оңтайландыруға және шығындарды азайтуға бағытталған.

Жоспарлы жөндеу жұмыстарын жоспарлау кезінде КПО қауіп-қатерлерді бағалауға негізделген тәсілді (қауіп факторларын ескеретін инспекция) қолданады. Жөндеу жұмыстары арасындағы интервалдарды арттыру Қазақстан Республикасының тиісті талаптарын сақтай отырып, негізгі жабдықтардың барлық түрлерін қамтитын қауіп-қатерлерді бағалау негізінде аралықтарды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Басқа жұмыстарға жаңа немесе жетілдірілген қондырғыларды орнату, және қажетті өзгерістер енгізу арқылы жоспарлы жөндеу жұмыстарын техникалық жобалау жатады.

2018 жылғы жоспарлы жөндеу жұмыстары кесте бойынша және ешқандай оқиғасыз сәтті орындалды. Жоспарлы жөндеу жұмыстары кезінде ҚӨК мен ГКДҚ-2 нысандары және ҚОТЖ мамыр, қыркүйек және қазан айларында жартылай тоқтатылды, ал ГКДҚ-3 қыркүйек-қазан айларында толық тоқтатылды.

Су қорларын басқару стратегиясы

Қарашығанақ кен орнындағы басты мәселелердің бірі – өндіріс барысында пайда болған суды кәдеге жарату. Өндірілген көмірсутектердегі жоғарылап бара жатқан су факторы және мұндай факторға есептелмеген өндіріс нысандары, нәтижесінде өндірістік шығындарға, өндіріс тұтастығына қауіп төнуіне және экологиялық нормалардың қатаң сақталуына жетеледі. Сонымен қатар өндіріске қажет жеткілікті мөлшердегі техникалық сумен және өндірістегі қызметкерлер мен жаңа нысандар құрылысын жүргізіп жатқан жұмыскерлерді ауыз сумен қамтамасыз ету КПО үшін қосымша маңызды мәселе.

КПО-ның су ресурстарын басқару жөніндегі қысқа, орта және ұзақ мерзімді стратегиясында алдымен өндірілетін суға, сондай-ақ техникалық сумен үздіксіз қамтамасыз етуге қатысты мәселелер қарастырылған. Аталмыш стратегия бірқатар шағын жобалар мен өндірістік бастамалар көмегімен жүзеге асырылуда. Мұндай жобалардың бірі қаңтар айында басталып, кейінгі кеңейту шаралары мен жобаларды жүзеге асы-

руға мүмкіндік беретін мұнай сепарациясы жүйесін жетілдіру жобасы. Ұзақ мерзімді перспектива бойынша КПО қазіргі кезде қосымша өндіріліп жатқан су мұнай өндіру мен табыс табуға шектеу қоймайтындай етіп суды тазалау көлемін арттыру мүмкіндігін бағалап, зерттеп келеді. Бұл су ресурстарын басқару ұзақ мерзімді жоба 2018 жылғы қыркүйек айында 1-Көрсеткіштер тиімділігін тексеруінен (КТТ-1) сәтті өтіп, қазіргі кезде концепцияны таңдау кезеңінде, және келесі КТТ-2 2019 жылдың бірінші жартысында өткізіледі деп күтілуде.

Қауіпсіздік пен өндіріс тұтастығын қамтамасыз етумен байланысты су ресурстарын басқару бойынша қосымша жобалар 2018 жылы да жалғасын тапты, оның ішінде операторға тиетін әсерді азайтып, 2019 жылы күтілген жаңа каустикті бейтараптандыру қондырғысын сатып алу келісім шартын жасауға себеп болатын 2019 жылдың екінші жартысында іске қосуға жоспарланған ҚӨК-дегі фильтр корпустарын алмастыру жобасы.

Электр қуатын өндіру стратегиясы

2018 жылы КПО Қарашығанақ кен орнының және Қарашығанақ-Атырау тасымалдау жүйесінің, оның ішінде Үлкен Шаған мұнай айдау станциясының және 1-26 желілік тораптардың өндірістік қажеттіліктеріне электр қуатын газ турбиналы электр станциясы арқылы өндірді.

КПО Батыс Қазақстан облысы тұрғындарын қысқы кезеңде 42 МВт-ға дейін, ал жазғы уақытта 27-ден 42 МВт-қа дейін мөлшерде электр энергиясымен қамтамасыз етуді жалғастырып келеді. 2018 жылы Батыс Қазақстан облысына жеткізілген электр энергиясының жалпы көлемі 305,7 млн. кВт/сағ. құрады.

2018 жылы Компания ҚКЖ-1 болашақ жобаларын энергиямен қамтамасыз етудің қолданыстағы және қосымша мүмкіндіктерін, соның ішінде жаңартылатын қуат көздерімен жеткізуді жан-жақты зерттеу жұмыстарын жалғастырды. Аталмыш зерттеу жұмыстары 2018 жылы жалғасып, 2018 жылдың 4-тоқсанында 1-Көрсеткіштер тиімділігін тексеруінен (КТТ-1) сәтті өтіп, қазіргі кезде концепцияны таңдау кезеңінде (КТТ-2 2019 жылдың 4-тоқсанында өткізіледі деп күтілуде).

КЕН ОРНЫН ИГЕРУ ЖОБАЛАРЫ

Қазақстан Республикасының Мердігері ретінде КПО кен орнының келісілген аумағында көмірсутектерді игеруге және өндіруге қажет барлық операцияларды Халықаралық мұнай кәсіпшілігі жұмыстарының оңтайлы тәжірибесіне сәйкес орындауға міндетті¹. Қарашығанақ кен орнын дамыту II-Кезеңінің бастапқы бағдарламасын аяқтағаннан соң, КПО 2003 жылдан бері II-Кезеңінің Өндірістік қызмет көрсету бағдарламасын қаржыландырып және жүзеге асырып келеді. Бұл кезең Қарашығанақ кен орнын одан әрі дамытуды, оның ішінде жаңа пайдалану ұңғымаларын бұрғылауды, қолданыстағы ұңғымаларды күрделі жөндеуден өткізуді, өндірістік нысандарды жетілдіруді, сондай-ақ өндірістің жоғары деңгейін сақтауға және Қазақстан Республикасының игілігі үшін экономикалық тиімділікті арттыруға қажет басқа да жобаларды қамтиды.

Нақтылап айтқанда, ұлғайып бара жатқан газ факторы қолданыстағы газ дайындау нысандардың қуаттылығы бойынша шектеуге себеп болып, сұйық көмірсутектер өндірісінің азаюына әкеліп соғатын жағдайларды болдырмау үшін осындай қосымша нысандар, өндірістік инфрақұрылым және ұңғымалар қажет. Осыны ескере отырып, 2014 жылы өндіріс деңгейін көтеру жобаларының бағдарламасы әзірленді.

2018 жылы КПО өндіріс деңгейін көтеру жобаларының портфолиосын дамытуды жалғастырды. ГҚДҚ-2 газды кері айдау жүйесін жетілдіру жобасы шеңберіндегі 5-магистралды құбыр желісін тарту және газды кері айдау ұңғымаларын қосу жобалары бойынша құрылыс кезеңі басталды, ал бұрғылау науқаны 2018 жылғы 4-тоқсанда басталды. Жалпы саны 3 ұңғыманың екеуін 2019 жылдың аяғында іске қосу көзделген.

ГҚДҚ-2 4-газды кері айдау компрессоры жобасы әрі қарай жалғасын тауып, оның алдын ала жобалау жұмыстары аяқталды, келесі кезекте 2019 жылғы 2-тоқсанда жоба бойынша түпкілікті инвестициялық шешім қабылдау көзделген.

ҚӨК газы бойынша өндірістік шектеулерді алу жобасы бойынша концепцияны анықтау кезеңі аяқталып, 2018 жылғы қыркүйек айында түпкілікті инвестициялық шешім қабылданды. Мердігерлік компания жұмыс алаңына жұмылдырылып, сол жылы кейбір құрылыс жұмыстары жүргізілді.

Қарашығанақ кеңейту жобасы

КПО кезеңдерге бөлініп жоспарланған Қарашығанақты кеңейту жобасының 1 кезеңі арқылы (ҚКЖ-1) Қарашығанақ кен орнын игеру бағытында өз жұмыстарын жалғастырып келеді.

ҚКЖ-1 жобасын жүзеге асыру құрушы компанияларға да, Қазақстан Республикасына да қосымша табыс әкелетіні сөзсіз. Бұл кен орнындағы өсіп келе жатқан газ факторын басқару үшін қосымша ұңғымалар, өңдеу нысандары және газды кері айдаудың көмегімен тұрақты сұйық көмірсутектерді өндіру және дайындау көлемін сақтап тұру арқылы жүзеге асырылады.

Концепцияны бағалау және таңдау жұмыстары концепцияларды тексеру және олардың жүзеге асырылуын растау үшін барлық іс-шараларды орындауды, оның ішінде ұсынылған жаңа нысандарды салу және пайдалану барысында қызметкерлердің қауіп-қатерге ұшырау деңгейін бағалау мақсатында қауіп-қатерді сандық бағалау (ҚСБ) моделін әзірлеуді көздеген. Моделдің шығыс деректері жаңа нысандарды орналастыру, бөлу және жобалау аталмыш іс-әрекеттерді орындау кезіндегі қауіп-қатерлерді іс жүзіндегі ең төмен деңгейге дейін азайтуға мүмкіндік беретінін көрсету үшін қолданылады. ҚКЖ-1 жобасы негізгі нысандар келесілерді қамтиды:

- ▶ Жаңа нысандардың барлық қызмет мерзімі бойы қызметкерлердің технологиялық қауіп-қатерлерге (оның ішінде уытты газдар қауіпіне) шалдығуды барынша азайту үшін жүйелер мен жабдықтарды жобалау кезіндегі тиісті қауіпсіздік функциялар.
- ▶ Қоршаған ортаға тиетін әсерді барынша азайту. Қазіргі таңда кен орны бойынша санитарлық қорғау аймағы шекарысындағы кез келген әсерді бағалау үшін ҚКЖ-1 шығарындыларын ауада таралуын модельдеудің ең озық әдістері қолданылып жатыр.

2018 жылы ҚКЖ-1 болашақ нысандарының орналасу тәртібін оңтайландыруға бағытталған зерттеу жұмыстары одан әрі жалғасты. Бұл жұмыстар жоба экономикасын жақсарту мақсатында (компрессияға беріктілікті кезеңдеумен қоса) күрделі шығындарды оңтайландыруды, жалпы күрделі шығындарды азайтуды және өтеуді барынша көбейтуді көздеген.

¹ **Мұнайды пайдалану бойынша жақсы әлемдік тәжірибе дегеніміз** – халықаралық мұнай өндірісінде шығындарды азайту, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мақсатында саналы операторлар әдетте қорларды түпкілікті игеру кезінде экономикалық тиімділікті арттыру үшін барабар әдістер мен процестерді қолдануға байланысты аспектілерге қатысты қолданылатын, дұрыс, қауіпсіз және тиімді өндірістік қызмет пен рәсімді білдіреді.



Бас директор Эдвин Бломның Қарашығанақты кеңейту жобасы бойынша жергілікті қамтуды дамыту форумында сөз сөйлеуі

2018 жылы жоба 2-Көрсеткіштер тиімділігін тексеруінен сәтті өтіп, қазіргі кезде де жүргізіліп жатқан алдын ала жобалау кезеңіне көшті. Алдын ала жобалау кезеңі салынған нысандардағы жұмыстар, бір уақытта жасалатын операциялар (SIMOPS), ұзақ жеткізілетін жабдықтар тізімін анықтау, компрессорлық қондырғы, жинақтау жүйесі жобасы және дайындық жұмыстарының көлемін анықтау сияқты іс-әрекеттердегі жоба қауіп-қатерлерін жақсырақ түсіну үшін оны әрі қарай дамытуға бағытталған. Қазіргі кезде жобаға растау алу үшін оны техникалық жобалау бөлімі әзірленіп жатыр.

2018 жылы КПО ҚКЖ-1 жобасы аясында жергілікті қамтуды дамыту бойынша бірнеше бастамаларды жүргізді:

- ▶ 2018 жылғы қаңтар айында Орал қаласында Мердігерлер форумы өткізілді. Форум мақсаты ұлттық және халықаралық мердігерлік компанияларды ҚКЖ-1 жобасы бойынша қызметтер көрсету мүмкіндіктеріне ертерек қатыстыру болды.
- ▶ 2018 жылғы қыркүйек айында Астанада ҚКЖ-1 жобасы және жергілікті және халықаралық мердігерлердің ынтымақтастығы мәселелерін талқылау бойынша Жергілікті қамтуды дамыту форумы өткізілді.
- ▶ 2018 жылғы қараша айында Орал қаласында халықаралық және жергілікті клапандар мен құбыр өндірушілерінің қатысуымен семинар өткізілді.
- ▶ 2018 жылғы қараша айында Орал және Ақсай қалаларындағы өндірістік цехтарға бірнеше сапар ұйымдастырылды.



ЖАУАПТЫ ОПЕРАТОР

Басшылық ету және басқару ұстанымы.....	29
Этикалық тәртіп.....	39
Қауіпсіздік техникасы, өндіріс тұтастығы және қауіпсіздік қызметі.....	41
Денсаулықты сақтау.....	63
Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту.....	69

БАСШЫЛЫҚ ЕТУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ҰСТАНЫМЫ

КПО Басшылығы



Эдвин Роналд Блом

Бас директор

Блом Эдвин Роналд 1989 жылдан бері «Шелл» компаниясында жұмыс істеп келеді. Оның ішкі және Венесуела, Габон, Малайзия, Германия, Ұлыбритания және Нидерланд елдеріндегі мұнай-газ өндірісінің халықаралық жобаларында бірқатар лауазымдарда еңбектенуден жинақталған зор тәжірибесі бар.

Өндірістік және көпсалалы сарапшылық тәжірибесімен қатар, Эдвиннің көптеген корпоративтік және бизнес орта мен мәдениеттерде жұмыс істеген жылдары бар. КПО компаниясына қосылмас бұрын Эдвин Нидерланд еліндегі «Шелл» кеңсесінде еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік тиімділікті қамтамасыз ету мен есеп беру жөніндегі вице-президент қызметін атқарды.



Габриеле Джиона

Өндіріс директоры және бас директордың орынбасары

Габриеленің Ресей, Иран, Мысыр, Конго, Нигерия, Ирак және Қазақстан («Аджив ККО») сияқты әр түрлі елдердегі бірқатар шетелдік тағылымдамалардан жинаған 18 жылдан астам халықаралық тәжірибесі бар. Мұнай және газ саласынан басқа, Габриеле түрлі бизнес орталарға кеңінен тартылған; бұл оған көп мәдениетті ұйымдарда тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік берді. КПО компаниясына тағайындалғанына дейін Габриеле Ирактың Зубайр кен орнындағы «Эни» бөлімшесінің бас директоры қызметін атқарды. Африка, Таяу Шығыс және Орта Азия елдеріндегі жұмысы кезінде Габриеле зор тәжірибе жинады.



Марат Кәрімов

Бас директордың орынбасары

Марат Кәрімов 2015 жылдың тамызында КПО компаниясына бас директордың орынбасары ретінде қосылды. Осыған дейін ол Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары қызметін атқарды. Марат Атырау мұнай және газ институтын тәмамдап, Луизиана және Оклахома (АҚШ) университеттерінде оқыды. Оның мұнай және газ саласындағы кәсіби тәжірибесі 1994 жылдан бастау алады. Өткен жылдарда Марат Солтүстік Каспий жобасында түрлі лауазымдарда, атап айтқанда Солтүстік Каспийдің жобалау бойынша директоры, содан соң «ҚазМұнайТеңіз» ЖШС бас директордың бірінші орынбасары, «ҚМГ Қашаған Б.В.» компаниясы бас директорының орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының барлау жобаларының бас менеджері лауазымдарын атқарған.



Курт Александр Фонкеман

Қаржы директоры

Курт «Шелл» және оның еншілес компанияларында 1985 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Осы лауазымға тағайындалмас бұрын, ол Гаага қаласындағы «Шелл» бас кеңсесінде көміртек деңгейін азайту және жою бойынша вице-президент қызметін атқарды.

Курттың маркетинг, сауда мен бизнесті дамытуда зор тәжірибесі бар. Оның кәсіби тәжірибесі Нидерланд, Ұлыбритания, Бразилия, Оман, Жапон, Индонезия және Ресей елдерінде «Шелл» компаниясына бағынышты ұйымдардағы жетекшілік лауазымдарды қамтиды.



Эдоардо Стефано Маури

Қаржы директоры

Эдоардо өз еңбек жолын «Эни» компаниясында 2010 жылы бастады. Біздің компаниямызға қосылмас бұрын, ол Алжирдағы Эни компаниясының филиалында қаржы директоры қызметін атқарды. Соңғы он жыл ішінде Эдоардо түрлі басқарушы лауазымдарды иеленіп, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары (IFRS) бойынша бухгалтерлік есеп жүргізу, салық салу, жоспарлау және есеп беру саласындағы үлкен халықаралық тәжірибе жинады. Сонымен қатар, Эдоардо әлемнің түкпір-түкпірінде, соның ішінде Алжир, Ирак, Конго және Иран секілді елдерінде қаржы директоры лауазымында қызмет атқарды.



Маттео Грасани

Заң мәселелері жөніндегі директор

Маттео өзінің еңбек жолында ауқымды инфрақұрылымды жобаларда құқықтық басқару, қауіптерді басқару және нормативтік талаптарды сақтау мәселелерімен айналысып, көп ұлтты және түрлі мәдени ортада заң топтарын басқарып келді. Көптеген жылдар бойы ол заң мәселелері бойынша жоғары басшылық лауазымдарды, атап айтқанда 2013 және 2016 жылдар аралығында «БиДжи Казахстан» компаниясының заң мәселелері жөніндегі вице-президенті және филиалдың директоры қызметін атқарды. Маттео Англия мен Уэльсте заң кеңесшісі ретінде жұмыс істеді, сондай-ақ Италияда заңгер болды.



Лука Мори

Жобаны жүзеге асыру жөніндегі директор

Луканың өндірістік және техникалық салалардағы 19 жылдан астам жұмыс өтілі, сонымен қатар «Эни» компаниясының түрлі жобаларындағы, соның ішінде Атыраудағы (Қазақстан) Қашаған жобасы, Порт Саидтегі (Мысыр) ZOHK жобасы, Батыс Ливия газ жобасы (Ливия), Абу-Дабидегі Borouge 1 полиолефин жобасы (БАӘ) және басқа да мұнай-газ инженерлік жобаларындағы 10 жылдан астам тәжірибесі бар.

КПО компаниясына қосылғанға дейін, Лука «Эни» компаниясының жүзеге асыру кезеңінің оперативті интерфейс жөніндегі вице-президенті лауазымында еңбектенді.



Пьерлуиджи Амено

Жобаны дамыту жөніндегі директор

Пьерлуиджи «Эни» компаниясында 2005 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Жаңа лауазымға тағайындалғанға дейін, ол КПО Қарашығанақ өңдеу кешені газ бойынша шектеулерді алу жобасының басшысы болып жұмыс істеді.

Соңғы он жыл ішінде Пьерлуиджи әртүрлі жетекшілік лауазымдарда еңбектеніп, инженерлік салада халықаралық орасан тәжірибе жинақтады. Сонымен қатар, Пьерлуиджи жер шарының түрлі елдерінде, соның ішінде Алжир, Италия және Қазақстанда инженерлік бөлім директоры болып жұмыстанды.



Лора Шмидт

Жеткізуді ұйымдастыру жөніндегі директор

Лора өз еңбек жолын «Шелл» компаниясында 1990 жылы бастап, әлемнің түкпір-түкпірінде әртүрлі қызметтерді атқарды. Оның еңбек өтілі бірқатар инженерлік, саудалық және еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғау лауазымдарын қамтиды. Сонымен қатар, Лоридің мұнай және газ саласындағы ішкі және халықаралық, мәселен, АҚШ, Ресей, Нигерия және Нидерланд елдерінде, қызметтерге тағайындалудың елеулі тәжірибесі бар.

Лоридің механикалық жобалаудағы бакалавр, ҚОҚ бойынша жобалаудағы магистр дәрежелері және заң ғылымдарының (қоршаған ортаны қорғау заңнамасы және патенттер жөніндегі заңнама) дипломы бар. Бұған қоса, ол – куәландырылған кәсіби механикалық инженер, куәландырылған патентті өкіл, Колорадо мен Техас штаттарының заң кеңесшісі және сатып алулар мен жеткізілімдер бойынша жоғары институтының мүшесі.



Әйгерім Сарғужиева

Инфрақұрылымды топтастыру жобасының басқарушысы

Әйгерім КПО компаниясындағы қызметін 2006 жылда бастап, келісім шарттар мен сатып алулар бөлімінде түрлі лауазымдарда жұмыс істеді. 2015 жылы ол келісім шарттар мен сатып алулар басқарушысы болып тағайындалып, бизнеске және жобаларға қажетті материалдар мен қызметтерге келісім шарттар жасасуға және оларды сатып алуға жауапты 50 қызметкерге жетекшілік етті.

Әйгерімнің маркетингтен Батыс Қазақстан университетінен бакалавр және жеткізілімдерді ұйымдастыру мен логистикадан Ұлыбританияның Крэнфилд университетінің ғылым магистрі дәрежелері бар.



Йост Ван Хелден

Корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі басқарушы

Йост «Эни» компаниясында 2013 жылдан бері жұмыс істеп келеді. КПО-ға дейін ол өндірісті оңтайландыру бойынша вице-президент қызметін атқарды.

Йосттың химиялық инженериядан ғылым магистрі дәрежесі бар. Ол петро және арнайы химиялық заттардың халықаралық өнеркәсібіндегі өндіріс, жетілдірілген технологиялық бақылау және техникалық жобалау салаларында түрлі техникалық және жетекшілік лауазымдарда қызмет етті. «Эни» компаниясына қосылғанға дейін, Йост «Petroleum Development Oman» компаниясында кен орны өндірісі мен технологиялық химия бағытында еңбек етті.



Фидан Трауфеттер Гокташ

Корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі басқарушы

Фидан «Шелл» компаниясында 2002 жылдан бері жер шарының көптеген елдерінде өндіріс өнеркәсібіндегі түрлі лауазымдарда еңбек етіп, кең салалы мамандарға жетекшілік жасап келеді. Оның соңғы лауазымы ішкі аудит бөлімінде болды. Фидан тәжірибесі кен орнын игеру және бизнесті жоспарлау, ұңғымаларды бұрғылауды жоспарлау және жүргізу, геологиялық модельдеу мен зерттеу жұмыстары, барлау мен өндіріс технологияларының стратегиясы бағыттарын қамтиды. Фидан – Империялық колледждің қолданбалы физикадан дипломның, физика мен бейорганикалық химиядан доктор және жалпы бизнес магистрі дәрежелерінің иегері. Ол мұнай-газ өнеркәсібінің инженерлер қоғамының мүшесі болып табылады.



Грэм Робертс

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау және өндіріс тұтастығы жөніндегі басқарушы

Грэм «Шелл» компаниясына 2016 жылы қосылды. Оған дейін ол «Биджи Групп» компаниясында 2002 жылдан бастап жұмыс істеді. КПО-ға қосылмас бұрын, Грэм Ұлыбританиядағы «Биджи Ридинг» компаниясының өндіріс тұтастығы бөлімінің жетекшісі болды.

Грэм – өндірістің тұтастығы, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғау, біріктірілген жылу және қуат өндірісі мен тарату саласында жетекшілік қызметтерде жұмыс атқарған, білімі мен кәсіби тәжірибесі бар мамандандырылған инженер.



Илария Запакоста

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау және өндіріс тұтастығы жөніндегі басқарушы

Илария «Эни» компаниясындағы жұмысқа 2006 жылы орналасты. Оның соңғы лауазымы – «Энипроджетти» компаниясындағы еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғау және сапаны бақылау жөніндегі менеджер. Иларияның түрлі-түрлі техникалық салалардағы, соның ішінде судағы және құрлықтағы мұнай-газ өндіру қондырғыларындағы, мұнай-газды өндірудің жүзбелі жүйесіндегі, жасыл зауыттар мен қалпына келетін жобалардағы ҚОҚ, өндірістік қауіпсіздік, технологиялық және техникалық қауіпсіздік, апатқа қарсы әрекет ету, рұқсат беру және мүдделі тараптармен әрекеттесу, тұрақты даму жобалары, нормативтік-құқықтық сәйкестік бағытындағы еңбек тәжірибесі бар. Илария дамыту (Венесуэла, Индонезия және Австралия елдерінде), ғылыми зерттеу жобаларына және оқыту бағдарламаларына жетекшілік етті. Иларияның ҚОҚ бойынша Л'Аквила (Италия) университеті ұсынған медицина докторы дәрежесі бар.



Суриянараяна Раджагопал

Еңбек ресурстарының басқарушысы

Суриянараяна еңбек ресурстарының жетекші лауазымдарында әртүрлі өнеркәсіпте 30 жылдан астам жұмыс жасады. КПО компаниясына дейін ол Нидерланд еліндегі «Роял Датч Шелл» компаниясының еңбек ресурстары бөлімінің вице-президенті қызметін атқарған және жобалар мен технологиялар 2020 бағдарламасын жүзеге асырған. Суриянараяна Ұлыбритания мен Үндістанда орналасқан «Биджи Азия» компаниясының еңбек ресурстары бөлімінің вице-президенті қызметіндегі жеті жылдан кейін «Шелл» компаниясына 2011 жылы Үндістан өндірісінің еңбек ресурстары бөлімінің вице-президенті ретінде қосылды. Осы кезге дейінгі жетекшілік қызметтерінің ішінде Carrier Aircon, United Technologies компанияларының және Үндістанның қонақжайлылық секторындағы еңбек ресурстары бөлімінің директоры лауазымдары бар.



Давиде Маццукелли

Еңбек ресурстарының басқарушысы

Давиденің еңбек ресурстарын басқару саласындағы зор халықаралық тәжірибесі бар. Біздің компаниямызға келмес бұрын, ол Нигерия мемлекетіндегі Абуджа қаласында Nigerian Agip Oil Company (ENI E&P еншілес компания) компаниясында ұйымды дамыту бөлімінің менеджері және қосалқы қызметінің менеджері лауазымдарда болған.

Еңбек тәжірибесінде соңғы бірнеше жылдар бойы Давиде бірқатар жетекшілік лауазымдарда, соның ішінде Еуропа, Ирак және Таяу Шығыс елдері бойынша халықаралық еңбек ресурстарын басқару жөніндегі менеджері (Eni Spa – барлау және өндіру), Eni East Africa Spa (Мозамбик Республикасының Мапуту қаласында) еңбек ресурстарын басқару және қосалқы қызметінің менеджері, Eni North Africa B.V. (Ливия мемлекетінің Триполи қаласында) оқыту және дамыту бөлімінің менеджері болып, сондай-ақ көптеген басқа халықаралық жобаларда қызмет атқарған еді.

Басшылық ету құрылымы GRI 102-18

Карчаганак Петролиум Операйтинг Б.В. Қазақстан филиалы (бұдан әрі – КПО) өнімді бөлу туралы түпкілікті келісім бойынша (ӨБТК) Қарашығанақ мұнай, газ және конденсат кен орнын (бұдан әрі – Қарашығанақ кен орны немесе ҚМГКК) игеретін бірлескен кәсіпорын ретінде 1997 жылы құрылды. GRI 102-5

Қарашығанақ кен орнын игеру жұмыстарының сәтті жүзеге асырылуы халықаралық бес мұнай-газ өндіруші компания (бұдан әрі – құрушы компаниялар немесе мердігер компаниялар) мамандарының кәсіби білімдері мен жинақтаған мол өндірістік тәжірибелеріне байланысты, атап айтсақ:



29,25%



29,25%



18%



13,5%



10%

КПО жалпы басшылық ету, қауіп-қатерді басқару, ішкі бақылау және сәйкестік бойынша кешенді және тиімді жүйені қалыптастырды. Бұл – тұрақты ұйымдық табысқа жетудің кілті. Біздің біріктірілген басқару ұстанымымыз жоғары басшылық ұсынған стратегиялардың, бағыттар мен нұсқаулардың жүйелі және тиімді түрде орындалуы үшін тиісті шешімдерді қабылдауға және бақылау механизмдерін қамтамасыз етуге жағдай жасайды.

КПО ұйымдық құрылымы белгіленген бизнес мақсаттарға Қазақстан Республикасының (оның атынан өкілдік ететін өкілетті орган – «PSA» ЖШС) және Мердігер компаниялардың мүдделері үшін сыртқы жағдайларды үздіксіз ескеру арқылы жетуді қамтамасыз ету үшін дайындалды. GRI 102-44

КПО-ның ең басты екі басқару органы: Басқару жөніндегі бірлескен комитет (ББК) және Өтім бойынша бірлескен Комитет (ӨБК). ӨБТК бойынша бұл комитеттер бес Мердігер компанияның әрқайсысының өкілінен және Өкілетті орган өкілінен тұрады. Басқару жөніндегі бірлескен комитетте Өкілетті органның бір дауысы бар, ал Мердігер компаниялардың барлығы ортақ бір ғана дауысқа ие. Кез-келген шешімді мақұлдау үшін екі жақтың да дауысы қажет. Өтім бойынша бірлескен Комитеттің дауыс беру құрылымы да ББК-мен бірдей.

Басқару бойынша бірлескен комитет

ББК мұнай-газ операцияларының және әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобалардың ӨБТК талаптарына сай орындалуын қамтамасыз ету мақсатында оларды жалпы қадағалау әрекетіне жауапты. ББК жауапкершілігіне тиесілі мәселелерге жылдық жұмыс жоспары мен бюджетті, әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды, сонымен қатар Кен орнын игеру жоспарына енгізілетін қарастыру және мақұлдау тәрізді өзгертулер жатады. ББК отырыстары жылына әдетте, үш рет өткізіледі. 2018 жылы ББК отырыстары наурыз, шілде және қараша айларында өтті. Басқару жөніндегі бірлескен комитетте төрағалық ету міндеті Өкілетті орган өкіліне тиесілі. Батыс Қазақстан облысының әкімі ББК отырыстарына жергілікті қоғам өкілі ретінде, бірақ дауыс құқығынсыз қатысады.

Өтім бойынша бірлескен комитет

ӨБК көмірсутекті және көмірсутекті емес өнімдердің ӨБТК талаптарына сай өтімімен байланысты барлық іс-әрекеттерге жауапты. Бұл Комитет мұнай өнімдерін тасымалдау, өңдеу, алмастыру және сату қызметіне қатысты ұсыныстарды мақұлдайды. Мұндай шешімдер таза кіріс көлемін барынша арттыруға бағытталады. Өтім бойынша бірлескен Комитетте Мердігер компаниялардың біреуінің өкілі төрағалық етеді. КПО Маркетинг Директоры ӨБК отырыстарына дауыс құқығынсыз қатыса алады.

ББК құрамындағы қосалқы комитеттер

ББК Сатып алу бойынша бірлескен Комитет (СБК) және Жергілікті қамту бойынша қосалқы комитет (ЖҚК) сияқты бірнеше қосалқы комитет құрды.

СБК КПО жасасатын негізгі келісімшарттарды мақұлдау немесе олар бойынша келісім беруге жауапты және ББК мақұлдауынша ББК тендерлік процедураларына сәйкес қызмет етеді. СБК-нің ББК-мен бірдей қатысу мен дауыс беру құқықтары бар және оның шешімдері бірауызды қабылдануы тиіс.

Жергілікті қамту бойынша қосалқы комитет құрамына КПО өкілі мен Өкілетті орган кіреді. ЖҚК жергілікті тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алумен, сондай-ақ еңбек ресурстарында қазақстандық қызметкерлер санын ұлғайтумен, оларды оқыту және кәсіби дамытумен байланысты сұрақтар бойынша Басқару жөніндегі бірлескен комитетке қолдау көрсетуге жауапты. Бұған қоса, ЖҚК жергілікті қамтуға қатысты Қазақстан Республикасымен, Өкілетті органмен немесе Мердігер компаниялармен ұсынылатын жоспарлар мен бағдарламаларды талқылауға және талдауларға қатысады.



Мердігерлер комитеті және Операторлар комитеті

Бірлескен қызмет жөніндегі келісімшартқа (БҚК) сәйкес, Қарашығанақ бірлескен кәсіпорны басқару мен шешім қабылдаудың екі тұлғасын қолдану арқылы қызмет етеді. Басқарудың алғашқы тұлғасы – операторлар комитеті (ОпКом). Ол кәсіпорнының басқарылуын қадағалайды және ӨБТК талаптарына сәйкестікті бақылайды. Екіншісі – Мердігерлер комитеті (МерКом), ол ББК отырыстарында талқылауға ұсынылатын барлық мәселелерге қатысты Мердігер компаниялардың ұстанымын айқындауға жауапты.

Басшылық етудің жалпы құрылымы 7-суретте берілген.

Бұған қоса, КПО компаниясын кәсіби қолдау, бақылау, қадағалау қызметтерімен және кеңеспен қамтамасыз ететін мамандырылған қосалқы комитеттер де жұмыс істеуде. Жауапкершілік шегіне орай, әрбір қосалқы комитетке Мердігерлер немесе Операторлар комитетінің бір өкілі кіреді.


Қосалқы комитеттердің өкілеттік шеңбері жазбаша бекітілген және олар Мердігерлер комитеті немесе Операторлар комитетіне негізгі сұрақтар бойынша есеп береді. Қосалқы комитет отырысы жыл ішінде бекітілген кестеге сай өткізіледі.

2018 жылы корпоративтік байланыстар мен үкіметтік мекемелермен қарым-қатынас жөніндегі қосалқы комитет және тұрақты даму жөніндегі қосалқы комитет екі бөлек қосалқы комитетке бөлінді.

Тұрақты даму комитетіне оператор компаниялардың және КПО-ның өкілдері кіреді. Қосалқы комитет әлеуметтік қызмет, соның ішінде бұрынғы Березов пен Бестау ауылдары тұрғындарының көшуден кейінгі жағдайларын бақылау, Бөрлі ауданының және Қарашығанақ кен орны маңайында орналасқан ауылдар тұрғындарымен, үкіметтік емес ұйымдармен әрекеттесу, тұрақты даму бойынша есеп беру жөніндегі мәселелерді қарастырады және КПО-ның әсер ету аймағында тұрып жатқан халық өміріне компания қызметімен байланысты анықталған мәселелер/алаңдаушылықтар туралы Операторлар комитетіне хабарлайды.

GRI 102-18, 102-44

7-сурет. ҚАРАШЫҒАНАҚ КӘСІПОРЫНЫНЫҢ ЖОҒАРҒЫ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ (31.01.2019 күні бойынша) GRI 102-18, 102-44



Ескертпе: Қазақстан Республикасының мүддесіне өкілдік ететін өкілетті орган – «PSA» ЖШС

КПО басқару жүйелері GRI 103-2

ӨБТК талаптарына сәйкес және қызмет атқаратын әр саласында КПО көптеген тәртіптерден, саясаттардан және озық дағдылардан алынған халықаралық мақұлданған және компания қызметіне енгізілген стандарттарға сай жұмыс атқарады.

Тұрақты дамумен байланысты КПО басқару жүйелері 3-кестеде берілген.

► Қарашығынақ корпоративтік басқару жүйесі

Қарашығынақ корпоративтік басқару жүйесі бойынша нұсқаулық КПО-ның ұйымдасуы және процесстер, активтер мен адамдар арқылы бизнесті жүргізуі жайында жалпы түсінік береді. Осы құжат КПО басшылығы мен акционерлеріне КПО компаниясындағы бизнесті жүргізу қағидалары акционерлерге, Қазақстан Республикасына қатысты шетел тәжірибесіне сәйкес орындалатыны туралы және КПО қызметкерлері КПО тәртіп

кодексі және нормативтік-құқықтық сәйкестік ережелері бойынша өз жауапкершіліктерін түсінетіні жайында айқындық беру үшін тиімділікті қамтамасыз ету және нормативтік-құқықтық сәйкестікті қадағалау бойынша жетекші қағидаларды анықтайды.

► Корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі басқарманың менеджмент жүйесі

Бұл менеджмент жүйесі Корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі басқарманың қызметіне қатысы бар барлық қызметкерлердің берілгендігін барынша арттыру мақсатында ұйымдық қағидаларды қалыптастырады. Бұл құжатта басқарманың негізгі міндеттері, мақсаттары мен ішкі бақылаудың негізгі қағидалары және жобалардың тиімділігін бағалау сияқты көрсеткіштері, сыртқы құжаттар мен корреспонденцияны басқару, бизнес-жоспарлау мен орындалуды қадағалау, аударма қызметі сипатталған.

3-кесте.

Корпоративтік басқару	Өндірістік	ЕҚ, ҚТ, ҚОҚ және өндіріс тұтастығы	Әлеуметтік қызмет	Құқықтық және этикалық сәйкестік
<ul style="list-style-type: none"> ► Қарашығынақ корпоративтік басқару жүйесі бойынша нұсқаулық; ► Корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі басқарманың менеджмент жүйесі. 	<ul style="list-style-type: none"> ► Өндіріс директорына арналған басқару жүйелері бойынша нұсқаулық; ► Маркетинг жөніндегі басқарманың менеджмент жүйесі; ► Қаржы басқармасының менеджмент жүйесі; ► КПО біліктілікті басқару жүйесі жөніндегі саясаты. 	<ul style="list-style-type: none"> ► Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару жүйесінің негізгі қағидалары және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саясаты; ► КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын жетілдіру бойынша жылдық жоспар; ► Еңбекті қорғау және салауатты өмір салтын насихаттау саясаты; ► Энергетикалық басқару жүйесі бойынша нұсқаулық және энергетикалық саясат; ► Қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесінің негізгі қағидалары. 	<ul style="list-style-type: none"> ► Жергілікті қамту саясаты; ► Астана қаласындағы кеңсе басқармасының және ББК хатшылығының басқару жүйесі; ► КПО әлеуметтік қызметі жөніндегі саясаты мен ережелері; ► КПО қаржылай демеушілік және қайырымдылық жөніндегі саясаты; ► Еңбек ресурстарының басқару жүйесі бойынша нұсқаулық; GRI 103-2 ► Әлеуметтік жобалар бөлімінің басқару жүйелері. 	<ul style="list-style-type: none"> ► КПО Тәртіп кодексі; ► Мүдделер қақтығысы; ► Сәйкестікті қамтамасыз ету саясаты.

Қауіп-қатерлерді басқару **GRI 102-15**

Мұнай және газ өндіру қызметі жеке және өндірістік қауіпсіздікке қауіптерді, су мен топырақтың ластануы, атмосфераға залалды заттардың шығарылуы және қалдықтардың пайда болуы мәселелерін басқара отырып, адамдарға, қоршаған ортаға және мүлікке тиетін әсерді ескере отырып мұқият ұйымдастырылуы тиіс. Мұнай және газ өндірісімен айналысатын жауапты кәсіпорын ретінде КПО үшін қауіп-қатерлерді тұрақты басқару – ерекше маңызды іс. Бұл келесі қауіп-қатерлерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- ▶ Қызметкерлердің қауіпсіздігі: күкіртті сутектің (H_2S) ықтимал шығарындылары;
- ▶ Заңсыз қосылулардан өндіріс тұтастығына төнетін қауіптер;
- ▶ Қоршаған ортаға төнетін қауіп: ағынды қалдықтардың жиналуы, атмосфераға залалды заттардың шығарылуы;
- ▶ Құқықтық және этикалық сәйкестік: өзіміздің, мердігерлік және қосымша мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерімен бұзылуы;
- ▶ Жергілікті қазақстандық білікті мамандарды жұмысқа тарту және сақтау.

Қызметтік қауіп-қатерлерді айқындау және тиімді басқару үшін КПО компаниясында қауіп-қатерлерді басқарудың ресми үрдісі қолданылады. Қауіп-қатерді басқару процедурасы осы үрдісті, сонымен қатар рөлдер мен міндеттерді де анықтайды және сипаттайды.

Корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі басқарма қауіп-қатерлерді басқару жүйесін жетілдіреді және корпоративтік қауіп-қатерлерді тіркеу құжатын жүргізуге жауапты. Корпоративтік қауіп-қатерлерді тіркеу құжаты орын алуы ықтимал қауіп-қатерлер тізімін, сонымен қатар оларды азайту мақсатында қолданылатын іс-әрекет жоспарларын қамтиды. **GRI 102-29**

КПО жоғары басшылығының қатысуымен өтетін әр тоқсан сайынғы қауіп-қатерлер комитеті жиналастарында барлық сын-қауіптер жөнінде есеп беріліп, олар талқыланады. Әр жиналыстан кейін корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі басқарушы КПО-ның ең қатерлі қауіптерін қамтитын қауіп-қатерді тіркеу құжатын мердігер комитетіне тоқсан сайын тапсырады. **GRI 102-33**

Ерекше қауіптерді азайту шаралары туралы толық ақпарат осы есептің тиісті тарауларында берілген.



Тиімділікті қамтамасыз ету GRI 103-3

КПО компаниясы аудит өткізу әрекетін тиімділікті қамтамасыз етудің бір құралы ретіне қолданады. КПО Ішкі аудит бөлімі ұйымдағы қауіп-қатерлерді азайту саласындағы басқарудың кемшіліктері мен қателерін айқындау мақсатында ұйымдастырылған сәйкестікті қамтамасыз етеді. Ол қауіп-қатерлерді басқару, бақылау және басшылық етудің тиімділігін бағалау мен арттыруға қатысты жүйелік және тәртіпті ұстанымды қолдану арқылы КПО-ның өз бизнес мақсаттарына жетуіне қолдау көрсетеді.

КПО компаниясы бизнес процестердің тиімділігі, заңнаманың, ережелердің және ішкі процедуралардың сақталуы, қаржы және басқару бойынша есеп берудің дұрыстығына және жақсартуға бағытталған шаралар бойынша тиісті әрекеттер жоспарлары сияқты ақпарат қамтитын аудит бойынша жылдық жоспарды жүзеге асырады. Одан басқа, құрушы компаниялар қауіп-қатерлерді басқару, бақылау және басшылық етудің салаларында қосымша сенімдік пен кепілдік үшін жыл сайынғы аудит өткізеді. Аудиттердің нәтижелері аудит бойынша қосалқы комитет арқылы КПО басшылығына және құрушы компанияларға жеткізіледі.

КПО қолданатын келесі құрал – жобалардың тиімділігін бағалау (ЖТБ). Аталмыш құрал КПО барлық жобаларына қатысты және жобалардың тиімділігін қамтамасыз етудің негізгі қағидаларына сәйкес тиімділікті қамтамасыз ету бөлімімен пайдаланылады. Жобалардың тиімділігін қамтамасыз ету – жоба жетекшілеріне мекемеге салынатын инвестиция тиімділігін барынша арттыруға көмектесетін және көлемі өзгеруі мүмкін үрдіс. Сонымен қатар, жобалардың «Белгіленуі» кезеңінен «Іске қосу» әрекетіне дейінгі тиісті барлық қадамдарды жасағандарын қамтамасыз ету үшін жобалардың тиімділігін бағалау, функционалды техникалық тексерулер, сараптамалық қолдау және семинарлар өткізіледі. Ірі және күрделі жобалардың тиімділігін бағалау үдерісіне құрушы компания өкілдері қатыстырылса, шағын жобаларға КПО ішіндегі тәуелсіз топтар жұмылдырылады.

Өндіруші салалардың ашықтық бағдарламасы

КПО компаниясы табыстардың және ҚР табиғи қорларын игерудегі құндылықтарды құрудың жалпы тізбегінің айқындығын қамтамасыз етуге бағытталған Өндіруші салалардың ашықтық бастамасын (ӨСАБ) қолдайды.

2018 жылғы ӨСАБ жүзеге асыру туралы он төртінші Ұлттық есебі бойынша, КПО ҚР-ның бюджетіне 1,9 млрд. АҚШ доллары (ҚР Ұлттық банкінің 2018 жылғы 31 желтоқсанындағы айырбас бағамы бойынша) көлемінде салық төлемдерін аударды.

КПО-ның соңғы 2018 жылғы есебі ҚР-ның Инвестициялар және даму министрлігінің геология және жер қойнауын пайдалану комитетіне, сонымен қатар осы комитетке бағынышты «Геология және жер қойнауын пайдалану бойынша Батыс Қазақстан өңіраралық бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесіне 2018 жылдың 25 сәуірінде тапсырылды. 2014 жылдан бері салық міндеттемелері бойынша ӨСАБ есептерін КПО ғана ҚР-ның уәкілетті органдарына тапсырып келеді. 4-кестеде 2014–2018 жылдар аралығындағы КПО төлемдерінің тарихын көре аласыздар. GRI 102-13

Жер қойнауын пайдаланушылар ӨСАБ есептерін ҚР-ның жер қойнауын пайдаланушылардың бірыңғай ұлттық басқару жүйесінің біріктірілген ақпараттық жүйесінің веб-порталы арқылы тапсырды. Қорытынды ӨСАБ ұлттық есептері ҚР-ның Инвестициялар және даму министрлігінің <http://eiti.geology.gov.kz/en/national-reports> веб-сайтында «онлайн» тәртібінде әр мүдделі тұлға үшін қолжетімді.

КПО мемлекеттік бюджетке бөліп аударатын салық төлемдердің көлемін <http://egsu.energo.gov.kz> сайтындағы «Қазақстан Республикасының мұнай-газ және тау-кен өндіру секторлары төлеушілерінің салықтық және салықсыз төлемдер/түсулер бойынша қорытынды есеп» бөлімінде көруге болады.

4-кесте. КПО компаниясы ҚР бюджетіне төлеген салықтар мен міндетті төлемдер, 2014–2018 жж. (АҚШ доллары)

2014	2015	2016	2017	2018
2,1 млрд.	1,2 млрд.	369 млн.	897 млн.	1,9 млрд.

ЭТИКАЛЫҚ ТӘРТІП GRI 102-16

Тәртіп кодексі GRI 103-2

КПО нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету жүйесі компания ішіндегі нормативтік-құқықтық сәйкестіктің барлық аспектілерін реттейді және оларға басшылық етеді. Осы нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз етудегі негізгі құжат – Тәртіп кодексі этикалық қағидалардың негізін, құндылықтарды және Компанияның ішкі және сыртқы әрекеттері кезіндегі жеткізушілермен, өндірушілермен және басқа да серіктестермен қатынасындағы мінез-құлық, тәртіп ережелерін анықтайды.

Біздің корпоративтік құндылықтарымыз 8-суретте көрсетілген.

Тәртіп кодексі және жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша хабардарлықты арттыруға бағытталған оқыту GRI 412-2, 205-2

Компания КПО-ның тәртіп кодексінде келтірілген бизнесті жүргізудегі этикалық қағидалары оның барлық қарым-қатынастардың негізі болып табылатын әділ және таза бизнес ортасын құруға ниетті.

КПО-ның жаңадан қабылданған қызметкерлерінің барлығы КПО тәртіп кодексіне кіріспе курсынан өтеді. Қызметкерлердің өз міндеттерімен үздіксіз танысу үрдісін қолдау үшін, КПО-ның барлық қызметкерлері осы саясаттармен танысқандығын нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау декларациясын толтыру арқылы жыл сайын растау қажет. Тәртіп кодексі және басқа да этикалық сәйкестік саясаттары, сондай-ақ практикалық тестілер әрбір қызметкер үшін КПО-ның интернет желісінде қолжетімді. 2018 жылдың желтоқсан айының соңына таман КПО қызметкерлерінің 95%-ы нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау декларациясын толтырды.

Этикалық сәйкестік бойынша хабардарлықты және бұл үдеріске мердігерлер арасындағы қатысу деңгейін арттыру шеңберінде 2018 жылдың қазан айында КПО мердігерлік ұйымдардың этикалық талаптарды сақтауы жөнінде семинар өткізді. Семинар жұмысына 29 мердігерлік компанияның 34 делегаты және оператор компаниялардың өкілдері ретінде «Шелл» мен «Эни» компанияларының қызметкерлері қатысты.

8-сурет. КПО НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ



ТӘРТІП

Біз тұрақты әрі жоғары этикалық стандарттарға сай жұмыс істейміз. Өз қызметтерімізді КПО және құрушы компанияларға қатысты қолданылатын заңнамалық, реттеуші және лицензиялық талаптар негізінде жүргіземіз. Қарым-қатынастарымызды құруда біз адалдықты, әріптестікті, сенім мен өзара құрмет танытуды басшылыққа аламыз.



АДАМДАР

Бір-біріміздің арамыздағы қатынастарымызды адалдық, құрмет және сыпайылық негізінде құрамыз. Біз бір-бірімізге сенеміз, бір-бірімізді және көпұлтты ұжымымыздың әртүрлі мәдениеттерін құрметтейміз және қолдаймыз.



ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ

Біз бір-біріміздің денсаулығымызға және қауіпсіздігімізге зор көңіл бөлеміз, сонымен қатар қауіпсіз, қорғалған және денсаулығымызға зиянсыз ортада жұмыс істеу үшін барлық жағдай жасаймыз. Қызметтеріміздің себебінен туындаған қоршаған ортаға зиян келтіру мүмкін әсерлерді болдырмауға бағытталған жұмысымызды жалғастырамыз.



СЕРІКТЕСТІК

Қазақстан Республикасымен, құрушы компаниялармен және жұмыс орнымыздағы жергілікті қоғаммен тиімді, нәтижелі, бірлескен және сенімді қатынас құру – біздің басты назарымыз. Жергілікті жұртшылықпен жұмыс істей отырып, оларға пайда әкелуге құштармыз.

Сәйкестікті сақтау жедел желісі және басқа да шаралар

GRI 102-17, 103-3, 102-16

Компанияның нормативті-құқықтық сәйкестік бағдарламасын қолдау мақсатында тегін, анонимдік және құпия жедел желі 2012 жылдан бастап жұмыс істеп келеді.

Жедел желісі қызметкерлер, мердігерлер мен мүдделі тараптар үшін әділ және қауіпсіз жұмыс ортасын қамтамасыз ететін маңызды құрал болып табылады. Желіге дискриминация, жыныстық алымсақтық, мүдделер қайшылығы, қоршаған ортаға зиян келтіру немесе қауіп төндіру және/немесе қаржылық бұзушылық немесе жемқорлық бойынша хабарласуға болады. Арыз беруші қызмет бабындағы бұзушылық туралы телефон арқылы немесе жазбаша түрде хабарлай алады. Кейін бұл арыз нормативті-құқықтық сәйкестік кеңесшісіне және заңға сәйкестікті сақтау бойынша бөлім менеджеріне талдау және тиісті шара анықтау үшін жіберіледі. Кейде қызметкерлер өз шағымдарын заң директорына тікелей жолдайды.

2018 жылы түскен барлық шағымдар мұқият талданып, бұзушылығы расталған жағдайлар бойынша тиісті және негізделген шара қолданылды. Шағымдардың көбі қызметтік қарым-қатынастарға байланысты жазылған. Арыздарға қатысты шешімдер хабарланатын жағдайлар негізінде және «Жеке және ұжымдық дауларды шешу ережелері» мен «Тәртіпке қатысты мәселелерді қарастыру саясатына» сәйкес қабылданды. Этикалық тәртіпсіздік мәселелері «Нормативті-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бойынша тергеу нұсқаулықтары» негізінде қаралып, КПО-ның сәйкестікті сақтау комитетіне хабарланды.

Парақорлыққа қарсы заңды сараптама

GRI 205-2, 102-16

КПО ықтимал бизнес серіктестерінің әрқайсысымен байланысты қауіптерді анықтау үшін және бұл қауіптерді төндіруі мүмкін мәселелерін реттеу шараларын айқындау мақсатында 2012 жылдан бері этикалық сенімділікті тексеру бағдарламасын қолданып келеді.

Әрбір ықтимал бизнес серіктес меншік, бизнесті басқару және жүргізу, оның ішінде өзінің этикалық іскерлік тәжірибесі туралы ақпарат сұрататын сауалнама алады. Ықтимал серіктес компания туралы корпоративтік ақпаратты растау және бұл компанияның іскерлік тәжірибесі туралы қандай да бір жағымсыз есептердің жоқтығын тексеру үшін КПО Доу Джонс қауіп-қатерлер мен сәйкестік деректер қорын және басқа да халықаралық деректер қорларын (соның ішінде салық және сот жүйелері деректер қорлары) пайдаланады. Серіктестердің қойылған талаптарға сәйкестігін, сондай-ақ, қажет болған жағдайларда, қалдық қауіптерді азайтуға қолданылатын тиісті шараларды анықтау мақсатында қауіптерді бағалау жұмыстары жүргізіледі.

Сонымен қатар, КПО өзінің бизнес серіктестерінен КПО-мен жасалған келісімдердегі міндеттемелерді орындау арқылы жемқорлыққа және парақорлыққа қарсы қолданыстағы қазақстандық және халықаралық заңдарға сәйкес жұмыс істеуді талап етеді.

Осы шаралар серіктестерімізге КПО-ның бизнес жүргізуде жоғары этикалық стандарттарды ғана ұстанатынын ескерткеніне сенімдіміз. Біз жемқорлық пен парақорлықты болдырмау мақсатында бизнес серіктестерімізді қолдап, олармен ынтымақтастықта қызмет етудеміз.



ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ, ӨНДІРІС ТҰТАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ҚЫЗМЕТІ

Қауіпсіздік техникасы GRI 102-15

Қарашығанақ сияқты техникалық күрделі кен орнын игеру кезінде қауіпсіздік техникасын, қауіпсіздік қызметін және өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету сәтті жұмыстың шешуші факторы болып табылады. Әлеуметтік жауапты компания ретінде КПО әділетті және тиімді ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәдениетін ұстануға міндеттенеді.

Біздің мақсатымыз әрбір жұмысшының жұмыстан кейін үйге аман-есен оралуын және нысандарда ешқандай тәгілулер болмауын қамтамасыз ету.


2018 жылы КПО-да еңбек ету қабілеті мен жұмыс уақытын жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (2017 жылғы 0,08 бен салыстырғанда)

0,29-ды
құрады


2018 жылғы жалпы есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі (2017 жылғы 0,11-ге қарағанда)

0,50-ді  құрады


Жол-көлік оқиғаларының жиілігі 2017 жылдағы 0,05-көрсеткішінен 2018 жылы

0,03-ке  төмендеді

2018 жылдың ішінде ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталар бағдарламасы бойынша

 28 000-нан
астам бақылау өткізілді

Келіп түскен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталарының

13 000-нан  астам араласу бойынша карталарына түзету шаралары тағайындалып, жыл соңына қарай іс-шаралардың 99% жабылды

5-кесте. Қауіпсіздік саласындағы міндеттеріміз **GRI 103-2**

2018 жылға қойған міндеттеріміз	Міндеттердің орындалуы	2018 жылғы міндеттерді орындау мақсатында жүзеге асырылған шаралар	2019 жылға қойған міндеттеріміз
ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ			
<ul style="list-style-type: none"> ▶ 2018 жылғы мамыр айында құрушы компаниялар («Эни» және «Шелл») аудитін өткізу; ▶ 2018 жылдың маусым айында ISO 14001:2015 және OHSAS 18001:2007 стандарттарына сәйкестікке бақылау аудитін жүргізу; ▶ Жаңа ISO 45001 стандартының талаптарына еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ) басқару жүйесінің сәйкестігін талдау. 	Орындалды	<ul style="list-style-type: none"> ▶ 2018 жылғы 3 мамырдан 15 мамырға дейін ЕҚ, ҚТ, ҚОҚ және Қауіпсіздік саласындағы «Эни» және «Шелл» компанияларының бірлескен операторлар аудиті жүргізілді. ▶ 2018 жылғы 10 маусымнан 14 маусымға дейін ISO 14001:2015 және OHSAS 18001:2007 стандарттарына сәйкестікті тексеру үшін сертификатталған білікті ұйым ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің бақылау аудитін жүргізді. ▶ 2018 жылғы қыркүйек айында КПО компаниясы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесі сәйкестігін талдаудың бірінші кезеңі өтті. 	<ul style="list-style-type: none"> ▶ 2019 жылдың маусым айында ISO 14001:2015 және OHSAS 18001:2007 стандарттарына сәйкестікке бақылау аудитін жүргізу; ▶ Жаңа ISO 45001 стандартының талаптарына ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесі сәйкестігін талдаудың екінші кезеңін жүргізу. ▶ Тиісті қызметкерлерге ISO 45001 стандарты бойынша оқыту жүргізу. ▶ Басшылық тарапынан тексерістерді сертификацияға дейін жүргізу.
Топ жетекшілерінің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біліктілік жүйесін өндіріс және техникалық қызмет көрсету бөлімінің біліктілікті қамтамасыз ету жүйесімен біріктіру	Жартылай жүзеге асырылды	<ul style="list-style-type: none"> ▶ 2018 жылғы тамыз айында КПО компаниясының операторлары «Эни» және «Шелл» КПО Біліктілікті басқару жүйесінің сараптамасын жасап, оны жетілдіру бойынша пікір-кеңестерін жолдады. ▶ Өндіріс және техникалық қызмет көрсету бөлімінің жұмыс алаңындағы учаске басшыларына біліктілік стандарттары және біліктілікті бағалау бойынша нұсқаулық дайындалды. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біліктілік бойынша нұсқама қайта қаралды. 	КПО компаниясының жұмыс алаңындағы учаске басшыларына ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біліктілікті бағалауды (40%) 2019 жылға жоспарлау
Егер мердігер қызметін КПО басқару жүйесіне сәйкес келмейтін өзінің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесі негізінде жүргізетін болса, мердігер компаниясының ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ стратегиясын зауыттан тыс аймақта (ғимараттардың, жолдардың құрылысы) жүргізілетін құрылыстарға қатысты ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша қауіп-қатерлер деңгейі жоғары және орташа келісімшарттар талаптарын енгізу арқылы өзгерту (келісімшарттың санаты Мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығының нұсқамасы бойынша).	Орындалды	Зауыттан тыс жалпы құрылыс жұмыстарымен байланысты, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жоғары және орташа деңгейдегі қауіп-қатерлеріне арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ талаптары жайында КПО стандартты келісімшарттарына D қосымшасы дайындалып, пайдалану үшін шығарылды, сонымен қатар КПО мердігер ұйымдарының ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көрсеткіштерін басқару стратегиясында көрсетілді.	Келісімшарт ұстаушылардың келісімшарт мәселелерін басқару үдерісіндегі ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ талаптары туралы хабардардылығын арттыруды қамтамасыз ету.
	Жаңа міндет		Қауіпсіздікті үздіксіз жетілдіру үдерісін жүзеге асыру
	Жаңа міндет		Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспарын жүзеге асыру бойынша қысқа мерзімді іс-шараларды жүзеге асыру
ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ GRI 102-15			
ҚР талаптарын ескере отырып, келесі нысандар үшін нысандардың өндірістік қауіпсіздігі бойынша декларацияларын енгізу: <ul style="list-style-type: none"> ▶ Экоорталық. ▶ ГҚДҚ-3/ҚОТЖ ▶ ГҚДҚ-2 ▶ Ұңғымалар қоры. 	Орындалды	ГҚДҚ-3/ҚОТЖ және Ұңғымалар қоры нысандарына арналған өндірістік қауіпсіздігі бойынша декларациялар жаңартылып, өкілетті органмен мақұлданды. Экоорталығының өндірістік қауіпсіздігі бойынша декларациясының дайындығы жобалау бөлімдерден жұмыс пакеттері келіп түскен соң басталады. Бұл жұмыс 2019 жылға жоспарланбайды, себебі 2019 жылы қауіпсіз дистанция мәселесі шешіледі деп күтілмейді.	ГҚДҚ-3/ҚОТЖ және Ұңғымалар қоры нысандарына арналған өндірістік қауіпсіздігі бойынша декларацияларды жаңарту

5-кесте. Қауіпсіздік саласындағы міндеттеріміз (жалғасы) **GRI 103-2**

2018 жылға қойған міндеттеріміз	Міндеттердің орындалуы	2018 жылғы міндеттерді орындау мақсатында жүзеге асырылған шаралар	2019 жылға қойған міндеттеріміз
ЕК, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ GRI 102-15			
<ul style="list-style-type: none"> ▶ ГҚДҚ-3 нысанындағы қауіптің іс жүзінде мүмкін төмен деңгейін растау құжаты бойынша «PSA» өкілетті органының мақұлдауын алу. ▶ ҚӨК нысанындағы қауіптің іс жүзінде мүмкін төмен деңгейін растау құжатын шығару. ▶ ГҚДҚ-2 нысанындағы қауіптің іс жүзінде мүмкін төмен деңгейін растау құжатын шығару. 	Орындалуы жалғасуда	<ul style="list-style-type: none"> ▶ ГҚДҚ-3 нысанындағы қауіптің іс жүзінде мүмкін төмен деңгейін растау құжаты бойынша мақұлдау 2019 жылғы Жоспарға көшірілді. ▶ Қауіптің іс жүзінде мүмкін төмен деңгейін растау Нысанның қауіп-қатерін сандық бағалаулары (ҚСБ) мен апатты жағдайлардағы эвакуациялау және құтқару жұмыстары бойынша бағалауларға негізделген. ҚӨК нысанының қауіп-қатерлерді сандық бағалау бойынша есебі дайындалуда, апатты жағдайлардағы эвакуациялау және құтқару жұмыстары бойынша бағалау аяқталды. ГҚДҚ-2 нысанының қауіп-қатерлерді сандық бағалау бойынша есебі және апатты жағдайлардағы эвакуациялау және құтқару жұмыстары бойынша бағалау дайындалуда. 	<ul style="list-style-type: none"> ▶ Құрушы компаниялардан ГҚДҚ-2 нысанындағы қауіптің іс жүзінде мүмкін төмен деңгейін растау құжаты бойынша мақұлдауын алу. ▶ ҚӨК мен ГҚДҚ-2 нысандарының қауіп-қатерлерді сандық бағалау бойынша есептерін шығару
ГҚДҚ-2 және ҚӨК нысандарының апатты жағдайлардағы эвакуациялау және құтқару жұмыстарын бағалауды, стратегиялар мен жүзеге асыру жоспарларын жаңарту	Орындалуы жалғасуда	ҚӨК апаттық эвакуация мен құтқару жұмыстарын бағалау аяқталды; ГҚДҚ-2 апаттық эвакуация мен құтқару жұмыстарын бағалауды жаңарту 2019 жылдың Жоспарына көшірілді.	ГҚДҚ-2 және ГҚДҚ-3 нысандарының апатты жағдайлардағы эвакуациялау және құтқару жұмыстарын бағалауды жаңарту
Қауіп-қатерді басқару жүйесінің негізгі қағидаларын жаңарту	Орындалды	Құжат жаңартылды.	Қауіп-қатерлерді тіркеу бойынша ережелерді және оқытуларды жүргізу сияқты шарттарды енгізу үшін қауіп-қатерді басқару жүйесінің негізгі қағидаларын жаңарту
ГҚДҚ-2 нысанының қауіптері және пайдалануға жарамдылықты ақырғы талдау шарасы бойынша сараптамасын жүргізу (жаңа міндет)	Орындалды	ГҚДҚ-2 нысанының қауіптері және пайдалануға жарамдылықты ақырғы талдау шарасы бойынша қорытынды сараптамасын жүргізу аяқталды.	ГҚДҚ-3 нысанының қауіптері және пайдалануға жарамдылықтың ақырғы талдау шарасы бойынша қорытынды сараптамасын жүргізу
Ірі апаттық жағдай орын алған кезде кен орнындағы қызметкерлерді хабарландыру, қорғау және эвакуациялаудың тиісті апаттық жүйелері арқылы қызметкерлерге төніп тұрған қауіп-қатерді ең төмен деңгейде сақтай отырып, ҚМГКК барлық нысандарындағы қызметкерлер санының деңгейін тиісті деңгейде сақтау үшін қызметкерлерді кен орнындағы жұмыстарға қатыстыруды барынша азайту стратегиясын енгізу және қабылдау.	Орындалды	<ul style="list-style-type: none"> Қызметкерлерді кен орнындағы жұмыстарға қатыстыруды барынша азайту стратегиясының бөлігі ретінде келесі іс-шаралар жүзеге асырылды: ▶ ГҚДҚ-3 нысанындағы қызметкерлердің өндірістік аймақта болған уақытын жүйелі түрде бақылау ▶ Кен орнында қызметкерлерді H₂S әсерінен қорғау стратегиясы дайындалды; ▶ Нысандағы қауіптің іс жүзінде мүмкін төмен деңгейін растау бойынша жол картасы келісіліп, мақұлданды. 	<ul style="list-style-type: none"> ▶ ГҚДҚ-3 нысанындағы қызметкерлердің өндірістік аймақта болған уақытын жүйелі түрде бақылауды жалғастыру ▶ Күкіртсутектің (H₂S) әсер ету қаупін төмендету мақсатында жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүзеге асыру; ▶ Кен орнында қызметкерлерді H₂S әсерінен қорғау стратегиясын жүзеге асыру
GPS жүйесін пайдалану реттеліп жатқан кезде, ГҚДҚ-3 нысанында болу уақыты туралы деректерді EACS жүйесі арқылы тиімді жіберу үшін бағдармалық жасақтама/ процесті дайындау.	Орындалды	Бағдарламалық жасақтама сәтті дайындалып, енгізілді. КПО қауіп-қатерлер бөлімі қызметкерлердің өндірістік аймақта болған уақыт аралығын бақылап, «Эни» және «Шелл операторлар компаниясына хабарлайды. Одан басқа, жасақтама Мердігерлер комитеті және Операторлар комитетінің кеңестерінде қолданылатын соңғы есептерді дайындап шығара алады.	Пайдаланушылардың пікіріне сай өндірістік аймақта болу уақыты туралы EACS жүйесін қолайлығын арттыру.
ГҚДҚ-2, ҚӨК және БМС нысандарының қауіпсіздік бойынша есептерін қайта қарау. ²	Орындалуы жалғасуда	Бұл міндет 2019 жылдың жоспарына көшірілді.	<ul style="list-style-type: none"> ▶ ГҚДҚ-2, ҚӨК және БМС нысандарының қауіпсіздік бойынша есептерін қайта қарауды аяқтау. ▶ ГҚДҚ-3 нысанының қауіпсіздігі туралы есепті қайта қарау.

² Қауіпсіздік туралы есеп – қауіпті факторлар мен қауіп-қатерлерді анықтау үшін және қауіп-қатерлердің бақылану үдерісі мен қауіпсіздікті басқару жүйесінің бақылаудың тиімді әрі жүйелі қолданылып жатқанын қалай қамтамасыз ететінін сипаттау үшін нысанға арналып шығарылатын құжат.

Қауіпсіздік техникасы бойынша көрсеткіштер GRI 103-3, 403-2

Біз 2011–2018 жылдар аралығындағы ЕҚ және ҚТ бойынша көрсеткіштерді 2018 жылғы деректерге ерекше көңіл бөле отырып ұсынамыз. Бұл әрекетіміз ұзақ мерзімде деректер беталысын зерттеуге және қарқынын сараптауға мүмкіндік береді. Адам-сағат ішінде жасалған белгілі бір жұмыс көлемі барысында орын алған оқиғалар жиілігі қызметіміздің сәттілігін анықтайды.


1-сызбада КПО-дағы еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (ЕЖОЖ)¹ мен есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі (ЕТОЖ)² көрсетілген.

2018 жылы КПО компаниясында еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар мен Есепке алынуы тиіс оқиғалар саны айтарлықтай көбейді. 2017 жылы КПО-да ЕЖОЖ 0,29-ды (2017 жылғы 0,11мен салыстырғанда), ал ЕТОЖ 0,08-ді (2017 жылғы 0,50-ге қарағанда) құрады.

Біз оқиғалардың қайталануын алдын алу мақсатында, олардың барлығын егжей-тегжейлі тергейміз. Сондай-ақ, КПО қауіпсіздігін жетілдіру мақсатында оқиғалардан алынған сабақтармен мердігер ұйымдарымызбен және мүдделі тұлғалармен бөлісіп, басқа да компаниялар қызметтерінен сабақ аламыз.

1-сызба. Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі мен есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі: КПО мен мердігерлік ұйымдар, 2011–2018 жж.

GRI 403-2



КПО-да ЕЖОЖ бен ЕТОЖ көрсеткіштерін есептеу үшін келесі әдістер қолданылады:

- ¹ Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (ЕЖОЖ) = еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар саны (еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар + өліммен аяқталған оқиғалар) x 1 000 000 / адам-сағат;
- ² Есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі (ЕТОЖ) = есепке алынуы тиіс оқиғалар саны (еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар + медициналық көмек көрсетілген жағдайлар + еңбек ету қабілеті шектелген жағдайлар) x 1 000 000/адам-сағат.

6-кестеде КПО-дағы ЕЖОЖ көрсеткіштері мердігерлік ұйымдардағы ЕЖОЖ көрсеткіштерімен салыстырылып берілген. КПО мен мердігерлік ұйымдар бойынша деректер бұл жерде бөлек келтірілген және жалпы көрсеткішті алу үшін бұл деректерді біріктірудің қажеті жоқ, оның орнына есептеу формуласын қолданған жөн.

6-кесте. Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі: КПО мен мердігерлік ұйымдарды салыстырғанда, 2011–2018 жж. GRI 403-2

Көрсеткіштер	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (КПО)	0,71	0,42	0,58	0,14	0,14	0,00	0,14	0,53
Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (мердігерлік ұйымдар)	0,21	0,30	0,17	0,22	0,10	0,23	0,05	0,20

7-кестеде КПО ЕТОЖ көрсеткіштері мердігерлік ұйымдардағы ЕТОЖ көрсеткіштерімен салыстырмалы түрде келтірілген.

7-кесте. Есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі: КПО мен мердігерлік ұйымдарды салыстырғанда* 2011-2018 жж.

Көрсеткіштер	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі (КПО)	1,00	0,42	0,58	0,14	0,27	0,27	0,14	0,66
Есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі (мердігерлік ұйымдар)	0,36	0,36	0,41	0,32	0,31	0,23	0,10	0,44

* Ескерту: алғашқы медициналық жәрдем көрсетілген оқиғалар өндірістік жарақаттар санына қосылмайды.

КПО компаниясы ешбір оқиғасыз және жарақатсыз жұмыс ортасын қалыптастыруға бар күшін салып келеді, дегенмен 8-кестеде көрсетілгендей 2018 жылы компанияда он төрт (14) адамның жарақат алуымен аяқталған он үш (13) оқиға орын алды.

8-кесте. GRI 403-2

Жарақат түрі	Сипаттамасы	Саны
Еңбек ету қабілетін уақытша жоғалтуға әкелген 8 оқиға	Электр моторын ажырату барысында саусақтың жарақаттануы	1
	Сүрініп кетудің нәтижесінде орын алған табан жарақаты	1
	Кран штогының сынуынан орын алған аяқ жарақаты	1
	Кіру рұқсаты шектеулі платформаның торына құлау нәтижесінде болған қол жарақаты	1
	Табан буынының жарақаты	2
	Ауыр жол-көлік оқиғасының нәтижесінде орын алған жарақаттар (бір ауыр жарақат және бір өліммен аяқталған оқиға)	2
Есепке алынуы тиіс алты (6) оқиға: қызметкерлер медициналық көмек көрсетілгеннен кейін жұмыстарын әрі қарай жалғастырумен (4) және жеңіл жұмыс түріне ауысуымен (2) байланысты болды	Асханада жұмысшы аяғының жеңіл күйік алуы	1
	Саусақтарды қыстырып алу	2
	Сырлау жұмыстарынан кейін көздер шырышты қабатының тітіркенуі	1
	Заттардың жоғарыдан құлауы нәтижесінде болған иық жарақаты	1
	Қолдың кішкене ғана кесіліп кетуі	1
Барлығы:		14


Он төрт жарақаттың тоғызын – мердігерлік ұйымдардың жұмысшылары, ал бесеуін – КПО жұмысшылары алды.

КПО көліктері 2017 жылы 39 млн километрден өтсе, 2018 жылы 38 млн километрден астам жолды жүріп өтті.

2017 жылы орын алған екі оқиғамен салыстырғанда 2018 жылы бір ауыр жол-көлік оқиғасы орын алғандықтан 1 млн км-ге жүріп өткен жолға санағанда жол-көлік оқиғаларының жиілігі (КПО) 2017 жылдағы 0,05-тен 2018 жылы 0,03 төмендеді – мердігер компаниялардың екі жүк автокөліктерінің маңдайлық соқтығысуы нәтижесінде мердігер компаниялардың жүргізушілері ауыр жарақат алып, олардың біреуі қаза болды.



2-сызба. Жол-көлік оқиғаларының жиілігі: КПО мен мердігерлік ұйымдар, 2011–2018 жж. GRI 403-2




Ескерту: ЖКО жиілігінің көрсеткішін есептеу үшін келесі тәсіл қолданылады: ЖКО жиілігі = ЖКО саны (ауыр) x 1 000 000/км жүріс.

9-кесте. Жол-көлік оқиғаларының жиілігі: КПО мен мердігерлік ұйымдарды салыстырғанда* 2011–2018 жж. GRI 403-2

Көрсеткіштер	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Жол-көлік оқиғаларының жиілігі (КПО)	0,00	0,00	0,00	0,00	0,25	0,00	0,00	0,00
Жол-көлік оқиғаларының жиілігі (мердігерлік ұйымдар)	0,02	0,00	0,14	0,10	0,02	0,02	0,06	0,03

Ескерту: 2017 жылға дейін жол-көлік оқиғалар жиілігі КПО көлік құралы мен көлік қызметін ұсынушылардың кен орнындағы және одан тыс жүріп өткен жол мен басқа қызмет ұсынушы мердігер компаниялардың кен орны аумағында жүріп өткен жолды қоса алғанда есептелсе, 2017 жылдан бастап IOGP нұсқаулығына сәйкес, жол-көлік оқиғалар жиілігі тек КПО көлік құралы мен көлік қызметін ұсынушылардың кен орнындағы және одан тыс жүріп өткен жол бойынша есептеледі.

3-сызба. Адам қазасымен аяқталған оқиғалар жиілігі: КПО мен мердігерлік ұйымдар, 2011–2018 жж. GRI 403-2



Ескерту: Адам қазасымен аяқталған оқиғалардың жиілігін есептеу үшін келесі тәсіл қолданылады: Адам қазасымен аяқталған оқиғалар жиілігі (адам жұмыс істеген бір миллион сағатқа) = адам қазасымен аяқталған оқиғалар саны x 1 000 000 / адам-сағаттар. КПО-да 2011 жылы адам қазасымен аяқталған 1 оқиға, және 2018 жылы өліммен аяқталған 1 оқиға орын алды.

10-кесте. Адам қазасымен аяқталған оқиғалар жиілігі: КПО мен мердігерлік ұйымдарды салыстырғанда* 2011–2018 жж. GRI 403-2

Көрсеткіштер	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Адам қазасымен аяқталған оқиғалар жиілігі (КПО)	0,14	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
Адам қазасымен аяқталған оқиғалар жиілігі (мердігерлік ұйымдар)	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,05

GRI 103-3


КПО көрсеткіштерін мұнай-газ саласындағы басқа да компаниялардың көрсеткіштерімен салыстыру

GRI 103-3

Жыл сайын біз ҚТ саласындағы көрсеткіштерімізді басқа мұнай және газ өндіруші операторлардың көрсеткіштерімен салыстырып отырамыз. КПО тиімділігінің негізгі көрсеткіштері Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) жыл сайынғы есебінде келтірілген көптеген әлемдік оператор-компаниялардың көрсеткіштеріне негізделген деректермен салыстырылады.

2018 жылы еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалардың саны айтарлықтай арта түсті. Сондықтан да саладағы басқа да компаниялармен салыстырғанда 2017 жылы КПО еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалардың жиілігі 2017 жылдың IOGP 10 үздік компаниясы мен IOGP орташа көрсеткішінен жоғары болып тұр (4-сызбаны қараңыз). IOGP 2018 жылғы есебі біздің тұрақты даму есебімізге дейін шығарылмағандықтан, біздің 2018 жылғы көрсеткіштерімізді IOGP 2018 жылғы есебімен салтыстыра алған жоқпыз. IOGP ҚТ бойынша көрсеткіштері жыл сайын www.iogp.org сайтында жарияланады.

4-сызба. Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының ұқсас көрсеткіштерімен салыстырғандағы КПО-ның көрсеткіштері, 2006–2018 GRI 103-3, 403-2



ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біріктірілген басқару жүйесі

GRI 103-2

Жүйенің сертификатталған алғашқы күнінен бастап, аккредиттелген үшінші жақ КПО компаниясында жыл сайын бақылау аудитін жүргізеді. ISO 14001:2015 және OHSAS 18001:2007 стандарттарына сәйкестікті қайта сертификаттаудың соңғы аудиті 2017 жылғы шілде айында және осы стандарттар бойынша алғашқы бақылау аудиті 2018 жылғы маусым айында Bureau Veritas агенттігімен өткізілді. КПО біріктірілген басқару жүйесі пайдалануға толық дайындығын екі стандарттың да талаптарына толық сәйкестігін көрсетті, сертификат 2020 жылғы қыркүйек айына дейін берілді. GRI 103-3

OHSAS 18001:2007 алмастырып жатқан Жаңа ISO 45001:2018 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша стандарттар 2018 жылғы наурызда шығарылды. КПО Басшылығы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша біріктірілген басқару жүйесінің соңғы нұсқауына дейін сертификатталуын қолдады, сонымен қатар оған өту жоспары дайындалды.

2018 жылдың қыркүйек айында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесіндегі кемшіліктерге талдау жүргізудің алғашқы кезеңі шеңберінде, КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ ішкі құжаттамасының тексерісін жүргізді. Екінші кезеңі 2019 жылға жоспарланды. Өндірістік қызметті белгіленген мақсаттарға сәйкес және қолданыстағы корпоративті басқару жүйесі мен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы басқару жүйесінің талаптарына сай жүргізілуін қамтамасыз ететін аудиттер тұрақты жүргізілді. 2018 жылы КПО бес ішкі аудит және 15 аудит мердігер ұйымдарда жүргізді.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қауіп-қатерлерді басқару

GRI 102-15, 103-3

КПО компаниясында ірі апатқа алып келуі мүмкін негізгі қауіпті факторларды бағалайтын және қауіп-қатерлердің лайықты төмен деңгейге дейін төмендетілгенін растайтын құжаттарды қамтамасыз ететін ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қауіп-қатерлерді басқару бөлімі бар. Сонымен қатар бөлім қызметтеріне Қазақстанның өндірістік заңнама-сына сәйкес Қарашығанақ мұнай, газ және конденсат кен орнындағы нысандардың өндірістік қауіпсіздігі бойынша декларациясын дайындау және жаңарту кіреді. Алға қойылған мақсаттарға жету үшін, 2018 жылы келесі іс-шаралар жүзеге асырылды.

Қарашығанақ мұнай, газ және конденсат кен орнындағы нысандардың өндірістік қауіпсіздігі бойынша декларациясы

Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс туралы заңының талабына сай, өндірістік қауіпсіздік бойынша декларациясында осы жылы нысандарда жасалған соңғы өзгерістер мен жүзеге асырылатын жаңа жобалар көрсетіледі. 2018 жылы КПО Қарашығанақ кен орнының ұңғымалар қоры, ГҚДҚ-2 және ГҚДҚ-3/ Қарашығанақ-Орынбор тасымалдау жүйесі (ҚОТЖ) бойынша қауіпсіздік декларациясын дайындады.

ГҚДҚ-3 нысанындағы қауіптің іс жүзінде мүмкін төмен деңгейін растау

ГҚДҚ-3 нысанындағы қауіптің іс жүзінде мүмкін төмен деңгейін растаудың бөлігі ретінде қауіп-қатерлерді азайту бойынша негізгі шаралардың бірі – біздің қызметкерлерге күкіртті сутектің әсер ету деңгейін ең төмен немесе іс жүзінде мүмкін төмен деңгейде қамтамасыз ету. Жұмысшы тобының нысанда болған уақыты мәліметтер қауіп-қатерді сандық бақылаудың негізін құрайтын бастапқы деректер болып табылады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін, КПО 2016 жылдан бастап жұмыс орындарында енгізілген Электрондық кіруді бақылау жүйесінің көмегімен (EACS) жиналған мәліметтерді бақылай бастады. Мәліметтерді бақылауға арналған арнайы бағдарламалық жасақтама адамдардың ықтимал қателігін жою үшін дайындалған. 2018 жылы бұл бағдарламалық жасақтама сәтті енгізілді. Қажет болған жағдайда, жасақтама автоматты есептерді дайындап бере алады. Одан басқа, КПО ГҚДҚ-3 нысаны үшін өрт пен газ анықтағыштарының орналасу сызбасы бойынша оқыту үдерісін бастады.

H₂S төтенше жағдайында адамдарды қорғау стратегиясы

КПО-ның Қарашығанақ кен орнында жұмыс істейтін қызметкерлерге, мердігерлерге, келушілер мен үшінші жақтарға H₂S улылығы жоғары күкіртсутекті газ әсерінің ықтимал қауіпі бар. 2018 жылы біз қауіпті азайту мақсатында кен орнында 2017 жылы бастау алған H₂S төтенше жағдайында адамдарды қорғау стратегиясы бүкіл кен орнына арналған H₂S қауіпінен және төтенше жағдайлардан қорғау жүйесінің бір бөлігі ретінде енгізілді. Стратегия жоспарланбаған H₂S шығуы кезінде адамдарды қорғау жолдарын, соның ішінде газ шығуын анықтау, оған қарсы апаттық әрекет ету, қорғаныш құралдарын пайдалану, апаттық шығу және құтқару шараларын, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету саясаттарын белгілейді. Стратегия H₂S қауіпінен қорғау шараларын ұйымдастыру жоспарларын, технологиялық нысандар мен ықтимал әсерлерге ұшырауы мүмкін басқа да нысандарға арналған процедуралар мен нұсқаулықтарды дайындауға қатысты минималды талаптарды да анықтайды.

Апатты жағдайлардағы эвакуациялау және құтқару жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістеме

Апатқа қарсы әрекет ету жоспарына сәйкес, КПО және мердігер ұйымдардың барлық қызметкерлеріне апатқа қарсы қауіпсіз және тиімді әрекет етуді қамтамасыз ету бойынша міндеттеме бөлігі ретінде КПО кез-келген апатты жағдайда жиналу орнына қауіпсіз эвакуациялау бойынша міндетті шарттарды орнатты. 2018 жылы «Эни» және «Шелл» оператор компанияларымен кеңесіп, КПО негізгі ережелер мен әдістемені дайындап, оны Қарашығанақ өңдеу кешенінде (ҚӨК) енгізді.

Қауіп-қатерді басқару жүйесінің негізгі қағидалары

КПО қауіп-қатерді басқару жүйесінің негізгі қағидалары КПО компаниясының ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қауіп-қатерлерді және қызметтік қауіп-қатерлерді басқару үдерісін, сонымен қатар Қарашығанақты басқару жүйесінде өзінің рөлін сипаттайды. Бұл құжат келесі нұсқауларды қамтиды:

- ▶ ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қауіп-қатерлердің рұқсат етілген деңгейдегі қауіптер деп есептелуі үшін төмендеуі тиіс деңгейді анықтау;
- ▶ Қауіп-қатерлердің лайықты төмен деңгейі деп санауға болатындай деңгейге жетуі үшін қауіп-қатерлерді одан әрі төмендетудің шарттарын қолдану;
- ▶ Қауіп-қатердің рұқсат етілген деңгейінің шарттары.

2018 жылы, қауіп-қатерді басқару жүйесінің негізгі қағидалары қайта қаралып, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелерін басқару үдерісінде, өндірістік және жобалық бөлімдерде бірыңғай матрицаны қолдану мақсатында, КПО барлық нысандары мен деңгейлері үшін қауіп-қатерлердің стандартты матрицасы енгізілді.

Қауіптерді және пайдалануға жарамдылықты ақырғы талдау шарасы бойынша сараптама

Қызметкерлерге немесе жабдыққа қауіп төндіретін немесе өндірістің тиімді жұмысын тоқтатуы мүмкін қауіпті факторларды анықтап, бағалау мақсатында, біз Қауіптерді және пайдалануға жарамдылықты ақырғы талдау шарасы бойынша сараптаманы, жоспарланған немесе істегі үдерістер мен өндірісті тексеруді жүзеге асырамыз. 2018 жылы ГҚДҚ-2 қауіптерді және пайдалануға жарамдылықты ақырғы талдау шарасы аяқталды.

Зауыттан тыс нысандардағы қауіп-қатерлерді бағалау («E-Rainbow» бағдарламалық жасақтамасы)

«Эни» компаниясының қолдауымен, КПО ҚСБ әдістемесін, ережелер жинағын, өткізу болжамдарын ескере отыра, «E-Rainbow» бағдарламалық жасақтаманы қолдану арқылы барлық кен орнына таралуы мүмкін шығарындылардың қауіп-қатерін бағалауды жаңартуға бастамашылық етті. Бұл әрекет H₂S қауіпі кезінде төтенше эвакуация, құтқару жұмыстары, әсіресе апаттық әрекет ету шараларына қатысты талаптарды қайта қарауға да мүмкіндік береді.

2018 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын жетілдіру жоспары

GRI 102-11, 103-3

Алдағы жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын жетілдіру жоспарын дайындау үшін КПО күнделікті қызметтер аясынан тыс ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында бірқатар іс-шараларды жыл сайын жоспарлап келеді. Бұл жоспар өткен жылдың қорытындыларына және халықаралық озық тәжірибелерге негізделген.

Жоспардың жалпы мазмұны тиісті салаларға қатысты тоғыз элементтен тұрады. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын жетілдіру жоспары іс-шараларының орындалуы қадағаланып, ай сайын тиісті есеп дайындалады.

- I. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің талаптарына сәйкестік;
- II. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жетекшілік және қадағалау;
- III. Мердігерлік ұйымдардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қызметін басқару;
- IV. Өндіріс тұтастығы мен қауіп-қатерді басқару;
- V. Денсаулықты сақтау;
- VI. Қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару;
- VII. Жол қауіпсіздігін басқару;
- VIII. Жобалардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша көрсеткіштерін басқару;
- IX. Қауіпсіздік қызметі.

2018 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жетілдіру жоспары компанияның барлық директораттарына таралатын 55 маңызды шарадан және жетілдіруден тұрады. Жоспардың 87% астам көлемі жүзеге асырылды, кейбір іс-шаралар 2019 жылға қалдырылды.

9-сурет. КПО АЛТЫН ЕРЕЖЕЛЕРІ



ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері бойынша өзара әрекеттесу және ақпарат алмасу

GRI 102-11

Әлеуметтік жауапты компания ретінде КПО әділетті және тиімді ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәдениетін ұстануға міндеттенеді. КПО компаниясында көп деңгейлі өзара әрекеттестіктер жүзеге асырылады, соның ішінде:

- ▶ Компания «КПО алтын ережелерін», «11 өмірді сақтайтын ережелерді» және «10 Технологиялық үдеріс қауіпсіздігінің негіздерін» енгізді. КПО алтын ережелері КПО және мердігер ұйымдардың қызметкерлерінің тәртіп қағидаттарын орнатады:
 - ▶ Заң, стандарт және үдеріс талаптарын орындау;
 - ▶ Қауіпсіз емес немесе ЕҚ, ҚТ ережелерінің бұзылу фактілеріне араласу;
 - ▶ Бір-бірімізді және айналадағы қауымдастықты құрметтеу.
- ▶ 2018 жылы КПО қауіпті факторлар жайында хабардардылық мәдениетін арттыруға және КПО және мердігер ұйымдар қызметкерлері арасында оқиғалар жайында хабарлау мәдениетіне басты назар аударды. Соның ішінде қауіпсіздік техникасы саласындағы белсенділікті арттыру мақсатында хабардардылық бойынша семинарлар, жарқағаздарды дайындау және барлық жұмыс орындарындағы жұмысшыларға үлестіру бойынша шараларды, КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ қызметкерлеріне арналған жұмыс орнында оқытуды ұымдастыру. Бірлескен кәсіпорындар арасындағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында құқық қорғау, ынтымақтастық және тәжірибе алмасу үдерістерін орнату мақсатында «Тенгизшевройл» (ТШО), КПО, «Норт Каспиан Оперейтинг Компани» (НКОК) компанияларының бас директорлары арасында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жұмыс топтары құрылды.
- ▶ Компанияда ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ оқиғаларынан тиісті сабақ алу және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ байланысты сұрақтар мен мәселелерді талқылау үшін **әртүрлі деңгейдегі жиындар** үнемі өткізіліп отырады. КПО мердігер ұйымдары да осы талқылауға қатысады.
- ▶ 2018 жылғы 2-ші қазанда өткізілген КПО және мердігер ұйымдардың «Мақсатымыз – жарақатты мүлдем болдырмау және жабдықтың тұтастығын сақтау» атты **ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша форумына** КПО және 49 мердігер ұйымдардың жоғары басшылық өкілдері қатысты. Осы форум КПО және Компанияның негізгі мердігер компанияларының жетекшілерінің қазіргі таңдағы маңызды сұрақтарды түсінуге, тәжірибе алмасуына сонымен қатар КПО және мердігер ұйымдардың арасында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәдениетін жетілдіріп, әрі қарай нығайтудың жолдары жайында пікір алмасуына бірегей мүмкіндік берді
- ▶ **«КПО-мен қауіпсіздікте»** – бұрын қолданылып келген «Эни-мен қауіпсіздікте» мінез-құлқты өзгерту бағдарламасының және «Шелл» бастамасының үлгісінде дайындалған қызмет ету мәдениетін өзгерту бағдарламасы. «КПО-мен қауіпсіздікте 2018» бағдарламасы келесі үш тақырып бойынша ҚТ мәдениетіне әрбір адамның үлес қосуының маңыздылығы жайында шағын топтардағы талқылауларға басты

назар аударды. «Қамқорлық» (бір-бірімізге қамқорлық көрсету), «Жұмысты орындауда өз-өзіне асыра сену» (қауіптерге үйреніп кету) және «Дилеммалар». Бұл бағдарлама 2018 жылы 22-шы мамырда басталып, тамыз бойы жалғасты. Бұл аралықта өткізілген 300 жиналысқа КПО мен мердігер ұйымдардың 6 000 жұмыскері қатысты.

- ▶ 2018 жылы «**Қыс мезгілінде қауіпсіздікті сақтау**» қайта жалғасты, оның мақсаты – КПО және мердігер ұйымдардың қызметкерлеріне қыс мезгілінде жаяу немесе келікпен жүрген кезде денсаулыққа зақым алуды болдырмау шараларын еске салу.
- ▶ КПО менеджерлерінің жұмыс орындарына келуінің және әрекеттесуінің айғағы ретінде **басшылық пен жетекшіліктің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жағдайын тексеру бағдарламасы** іске қосылды. КПО басшылығымен 2018 жылы, өткізілген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жұмыс орындарын аралау саны жылға жоспарланған минималды шамадан асып түсті: жоспарланған 60 тексерістің орнына директорлар мен басқарушылар 82 тексеру өткізсе, нысан мен бөлім басшылары жоспарланған 350 тексерістің орнына 551 ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жағдайын тексеру сапарларын жасады (бұл көрсеткіш бойынша, әрбір адамның қандай да бір жұмыс аймағына сапармен келуі ЕҚ, ҚТ мен ҚОҚ жағдайын тексеру бойынша бір тексеріске тең). Жұмысшылардың топ басшыларымен кездесіп, ЕҚ, ҚТ мен ҚОҚ мәселерін талқылап, толғандыратын сұрақтарын қойып, ой бөлісу мүмкіндігі бұл бағдарламаның артықшылығы болып табылады.
- ▶ Хабардылықты арттыру және мердігер компанияларды қауіпті факторларды дұрыс анықтап, олар жайында хабарлап, дұрыс топқа жіктеп, уақытында ықтимал қауіпті жағдайлар мен оқиғалар жайында хабарлауға тарту мақсатында «Қауіпті факторлар жөнінде хабардар болуын және оқиғалар туралы хабарлау» науқаны 2018 жылы іске қосылды. Науқан 3 кезеңді қамтыды:
 1. Анық және қарапайым жарқағаздар дайындалып, барлық жұмыс орындарында ілінді. Әртүрлі тақыптарға арналған барлығы жеті жарқағаз жарияланды.
 2. Мастерлар мен учаске басшыларына арналған семинарлар өткізілді, соның ішінде, оқиғалар классификациясы, ықтимал қауіпті жағдай мен оқиғалар жайында хабарлау маңыздылығы, қауіпті факторларды анықтау және хабарлау, араласу әдістері және т. б. бойынша практикалық тапсырмалар беріліп, қауіпті факторларды анықтау жаттығулары берілді. Барлығы 450 адам оқудан өтті. Оқыту курсы екі-жақты талқылау форматында өткізілді.
 3. Қауіпті факторлар жайында хабардардылық және оқиға жайында хабарлау маңыздылығы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша КПО және мердігер ұйымдардың жоғары басшылық форумында талқыланды.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталар бағдарламасы GRI 102-11, 103-3

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталар бағдарламасы КПО-да 2012 жылдан бері жүргізіліп келеді. Бағдарламаның 2018 жылғы көсеткіштері:

- ▶ 2018 жылы 28 000 астам бақылау карталары келіп түсті;
- ▶ Келіп түскен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталарының 13 мыңнан астам араласу бойынша карталарына түзету шаралары тағайындалып, жыл соңына қарай іс-шаралардың 99% жабылды.
- ▶ 27 ықтимал қауіпті жағдайлар ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталары арқылы хабарланып, бұл жағдайлар бойынша тергеу жұмыстары бұдан да қауіпті оқиғалардың алдын алу үшін жүргізілді;
- ▶ 2018 жылы барлық нысандарда/жұмыс алаңдарында/кеңселерде ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталарын өңдеп, сараптауға қолдау көрсеткен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталары бойынша 13 комитет жұмыс істеді.
- ▶ ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталарымен жұмыс істейтін комитеттердің 142 жиыны өткізілді, бақылау мәліметтерінің сараптамасының нәтижесін қосымша 164 шара/бастама белгіленді;
- ▶ Жаңа 1 785 бақылаушы оқу курсынан өтті.

10-СУРЕТ. КПО ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ ПОСТЕРІ




5-сызба. Бақылау түріне байланысты ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша карталарды талдау, 2012–2018 жж.




GRI 102-11

GRI 103-3

6-сызба. Карта бағдарламасына қызметкерлердің қатысуы



7-сызба. КПО және мердігер ұйым қызметкерлерінің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карта бағдарламасына қатысу деңгейін салыстыру, 2012–2018 жж.



2018 жылы мердігер ұйымдардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карта бағдарламасына қатысу барлық келіп түскен карталардың 65% құрады. КПО 14 мердігер ұйымға өздерінің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталарын тіркеу үшін Synergi деректер қорына кіруге рұқсат берді. Нәтижесінде мердігер ұйымдардың тіркеген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталар саны артып, мердігер компаниялардан барлығы 9 500 карта тіркелді.



ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталарына бөлек категория енгізуді қарастыру

GRI 102-11

Компанияның технологиялық үдеріс қауіпсіздігіне назарын арттыру ниетімен, қызметкерлердің технологиялық үдеріс қауіпсіздігінің негіздері жөнінде хабардардылығын арттыру және сәйкес тақырып бойынша қауіпті факторлар жайында хабарлау, сонымен қатар технологиялық үдеріс қауіпсіздігімен байланысты бақылауларды тиімді сараптау мақсатында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ картасы қайта қаралды. Одан басқа, категорияларға енгізілген өзгерістер «Өмірді сақтайтын КПО ережелерімен» және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүресінің жалпы талаптарымен байланысты бақылауларды ажырату үшін жасалды. Өндіріс тұтастығы тобы КПО барлық нысандарында КПО және мердігер ұйымдардың жұмыс жасап жатқан 1 191 қызметкерлеріне 32 сессия жүргізді.

КПО ынталандыру бағдарламасы

КПО ынталандыру бағдарламасының мақсаты – қызметкерлердің ҚТ көрсеткіштеріне ерекше мән беруін барынша қолдау. Оның қорытындылары төмендегідей:

- ▶ Компания мен мердігер ұйымдардың 500-ден астам қызметкерлеріне ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бағдарламасына белсенді қатысқандары үшін және маңызды бақылау жасағандары үшін/ қауіпті факторларды, қауіпсіз емес іс әрекеттерді жойғандары үшін естелік сыйлықтармен марапатталды.
- ▶ Тоқсандық марапаттау рәсімдерінде 75 қызметкер ең үздік бақылау картасы үшін және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын жетілдіру бойынша жасаған ұсыныстары үшін ақшалай сыйлықтармен марапатталды.
- ▶ «Технологиялық үдеріс қауіпсіздігімен байланысты бақылау» категориясы технологиялық үдеріс қауіпсіздігінің негіздеріне байланысты критикалық қауіпті факторлар туралы хабарлауға мүмкіндік беретін тоқсандық жаңа марапаттау категориясы енгізілді.

Апатқа қарсы әрекет етуді басқару GRI 102-11, 103-1, 103-2

Қарашығанақ кен орны операторы ретінде КПО төтенше жағдайлардың алдын алу және оларға қарсы әрекет ету мәселелеріне ерекше назар аударады.

КПО компаниясы қызметкерлердің қысқа және ұзақ мерзімде кез келген ықтимал төтенше жағдайларға жауап беруге дайындығын қамтамасыз етуге жауапты. Сондай-ақ, бұған бизнестегі төтенше жағдайларды жоспарлауды жүзеге асыруда компанияның тиімділігін қадағалау да жатады.

КПО-да оқиғалардың, апаттардың және төтенше жағдайлардың туындау қаупі болған кезде шұғыл әрекет жасап, олардың көлемін бағалап, олардың өрши түсу қаупін болдырмау мен бақылау үшін шешімдер қабылдауға қажет үш деңгейлі апатқа қарсы әрекет ету жүйесі бар. Ол жүйе 11-суретте көрсетілген.

Жыл сайын біздің жүйе Компанияның I, II және III деңгейлі төтенше жағдайда әрекет етуге, оқыту және жаттығу жоспарына сәйкес түрлі жаттығулармен тексеріледі. Тұрақты түрде кен орнында өтетін апатқа қарсы әрекет ету жаттығуларына қосымша


2018 жылы әртүрлі деңгейлі апатқа қарсы әрекет ету ұйымдарының қатысуымен төрт ауқымдырақ жаттығу жүргізілді.

Жыл бойы апатты басқару топтарының қатысуымен жүргізілген апта сайынғы топтық және штабтық жаттығулар кен орнында және Ақсайда өткізіліп, әртүрлі апаттық сценарийлер талқыланды.

КПО апатқа қарсы әрекет ету тобының мамандары келесі Компания нысандарында ай сайынғы теориялық сессияларды жүргізді: ГҚДҚ-2, ГҚДҚ-3, ҚӨК, ЖЖ, Эко орталық және ұңғымалар. Сессиялар тақырыптары жыл сайынғы оқыту сессиялар жоспары негізінде болды.

Жылдық жаттығулар кестесіне сәйкес теориялық сессиялар мен практикалық жаттығулар апта сайын, КПО Апатқа қарсы әрекет ету жүйесі топтарының, оның ішінде өрттен қорғау қызметі, газдан құтқарушылар, ерікті газдан құтқарушылар мен медициналық қызметкерлердің қатысуымен жүргізілді.

11-сурет. КПО АПАТҚА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ ЕТУ ЖҮЙЕСІ GRI 103-2



2018 жыл бойы КПО компания қызметкерлерін ҚР заңнамасы талаптарына сәйкес e-learning электрондық оқыту жүйесі арқылы азаматтық қорғаныс жөнінде оқытуды жалғастырды. КПО басшылық тобы мен апаттық құтқару топтарының және бөлімшелерінің жетекшілері БҚО ТЖД-де азаматтық қорғаныс курсынан, сондай-ақ ҚР ИІМ ТЖ

Комитеттің оқу орталығында білімді жаңарту курсынан өтті. Бұған қоса, жыл ішінде апаттық басқару топтарының 36 мүшесі арнайы негізгі апаттық оқиғаларды басқару курсынан өтті. Апатқа қарсы әрекет ету шаралары тізімі 11-кестеде берілген.

GRI 102-11, 103-3

11-кесте. 2018 жылы өткізілген апатқа қарсы әрекет ету жаттығулары

Жаттығу түрі / атауы	Қатыстырылған төтенше жағдайда әрекет ету деңгейі	Күні	Іс-әрекеттер сипаттамасы
КПО нысандарында болған жаттығулар	I	Ай сайын	Жыл ішінде апатқа қарсы жаттығулар жоспарына және нысандардың апатқа қарсы әрекет ету жоспарында белгіленген сценарийлерге мақсатты әрекет етуге сәйкес 126 нысандық жаттығулар өткізілді.
Эвакуациялық және құтқару тыныс алу аппараттарын кию бойынша практикалық жаттығулар	Нысандар қызметкерлері	Ақпан, Наурыз, Сәуір, Мамыр	Эвакуациялық тыныс алу аппараттарын кию бойынша теориялық және практикалық жаттығулар
Далалық өрт сөндіру жаттығуы	Өрттен қорғау және апаттық құтқару қызметі	Мамыр	Далалық өрт сөндіру жаттығуы № 347-ұңғымада жүргізілді. Оның мақсаты өрт сөндіру қызметкерлерінің, жер жырту трактор жүргізушілерінің, АБО операторының өзара іс-қимылдарын пысықтау, сондай-ақ өрт қауіпті маусымның басталуына дейін далалық жерде өртті сөндіру жабдықтарын және оның күйін тексеру болды.
ГҚДҚ-2, ҚӨК, ГҚДҚ-3 топтық штабтық жаттығулар	II және III деңгейлер	Сәуір, Маусым, Қыркүйек	Апаттық басқару штабы мен кен орны апаттық басқару тобы арасындағы өзара іс-қимылдарды пысықтау мақсатындағы топтық және штабтық жаттығулар. Сценарийлер нысандардың апатқа қарсы әрекет ету жоспарларынан алынды.
Зақымданған адамды тұйық кеңістіктен құтқару бойынша апаттық құтқару жаттығулары	I, Апаттық құтқару қызметтері	Маусым, Шілде, Қыркүйек	Жаттығулар ұңғыма алаңында өткізілді, оның мақсаты тұйық кеңістіктен апаттық құтқару операцияларын орындау және Ұңғыма операциялары бөлімінің, Жинақтау жүйесі бөлімінің, АБО операторының, және ерікті газдан құтқарушыларымен қоса Апатқа қарсы әрекет ету қызметтерінің өзара іс-қимылдарын пысықтау болды.
«КҚК құбыр желісі мен Жайық өзені қиылысында мұнайдың төгілуі» арнайы тактикалық жаттығулары	I	Шілде	Бондар мен мұнайды жинау жабдығын қолдану арқылы Қарашығанақ -Атырау құбыр желісімен қиылысқан жерлерде Жайық өзеніндегі мұнай төгілулерін жою.
«Титан» көп деңгейлі біріктірілген жаттығулар	I, II, III деңгейлер және Оператор компаниялар	Шілде	249-бұрғылау станогында апаттық атқылаудың орын алуы, ұңғыма жұмысын басқарудың жойылуы жарылысқа әкелді. Жаттығуды орындау үшін құрушы оператор компаниялардың дағдарысты жағдайларды басқару топтары, КПО дағдарысты жағдайларды басқару тобы, кен орны мен Ақсай апатты басқару топтары, ұңғыма операциялар бөлімі апатты басқару тобы, сондай-ақ өртке қарсы, газдан құтқару және медициналық қызметтер жұмылдырылды. Оның басты мақсаты барлық топтардың кен орны аймағындағы ең негізгі апаттық оқиғаға қарсы әрекет етуге жаттықтыру болды.
«Уран» топтық-штабтық жаттығуы	I және II деңгейлер	Қазан	ҚАТЖ құбыр желісінің бұзылуы симуляциясын көрсететін топтық-штабтық жаттығу. Бұл көбінесе топ мүшелеріне мәселелер топтамасы арқылы проблемаларды анықтау және оларды ықтимал шешу жолдарын ойластыруға мүмкіндік береді.
«Шолпан» топтық-штабтық жаттығуы	II және III деңгейлер	Қараша	Бұл топтық-штабтық жаттығу сценарийі бойынша ҚР аймағында бірқатар террористік оқиғалардың күшеюі бейнеленіп, соның нәтижесінде КПО-ға Ақсай, Астана және Орал қалаларындағы компанияның шетелдік қызметкерлерін эвакуациялауды, оны жоспарлауды бастауға қажеттілік туғызады.

Тұрғындар дайындығы GRI 102-11, 103-3

Қарашығанақ кен орны маңында орналасқан елді мекендердегі тұрғындарға апаттық дабыл беру станцияларының тұрақты дайындығын қамтамасыз ету мақсатында 2018 жыл бойы КПО-ның апатқа қарсы әрекет ету мамандары апаттық дабыл жүйесін ай сайын сынақтан өткізді.

Дизель генераторлар мен инфрақұрылымға техникалық қызмет көрсету және қолдау жүргізілді.

Сонымен қатар, КПО мамандары кен орнына және ҚАТЖ құбыр желісіне жақын орналасқан ауылдық округтердің ресми тұлғаларымен бірқатар кездесулер өткізді. Жоғарыда айтылғандардан бөлек, КПО су тасқыны, өрт қауіпі кезеңдерінде және қыста жергілікті атқарушы органдармен тұрақты түрде өзара әрекеттесуді жүргізеді. Аталмыш өзара әрекеттестік шаралары 12-кестеде берілген.

12-кесте. 2018 жылғы КПО-ның Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан ауылдық округтерінің ресми тұлғаларымен апаттық әрекет етуге қатысты кездесулері GRI 102-44

№	МАҚСАТЫ	Саны	Қатысқан қоғамдық топтар
1	Апатқа қарсы әрекет ету жүйесі, елді мекендердегі тұрғындарға апаттық дабыл беру станцияларының міндеттері мен мақсаттары, және дабыл іске қосылған кездегі атқарылатын іс-қимылдар туралы хабардарлықты арттыру.	Жалпы саны 214 адамның қатысуымен 37 жиналыс	Әкімдер мен елді мекендер әкімдіктерінің қызметкерлері, жауапты тұлғалар мен лауазымды тұлғалар, ауыл тұрғындары
2	Тұрғындарға дабыл беру станцияларының іске қосылуы, байланысу тәртібі және кен орнында апаттық оқиға орын алған жағдайда тұрғындарды эвакуациялаумен қоса дабыл іске қосылған кездегі тұрғындардың іс-қимылдары.	Жалпы саны 64 адамның қатысуымен 6 жаттығу	Әкімдер мен елді мекендер әкімдіктерінің қызметкерлері, жауапты тұлғалар мен лауазымды тұлғалар, қоғамдастықтар мүшелері, тұрғындар
3	Қарашығанақ – Үлкен Шаған – Атырау (ҚАТЖ) экспорттық құбыр желісі бойындағы елді мекендердің лауазымды тұлғаларын ҚАТЖ экспорттық құбыр желісінде төтенше жағдай туындаған кезде өзара іс-қимыл тәртібі туралы хабарлау.	Жалпы саны 68 адамның қатысуымен 10 жиналыс	Әкімдер мен елді мекендер әкімдіктерінің қызметкерлері, жауапты тұлғалар мен лауазымды тұлғалар.

2018 жылы КПО елді мекендер тұрғындарына ауызша нұсқаулар беруді қамтамасыз ету мақсатында қосымша дауыс зорайтқыштарды орнату арқылы Приурал, Жаңаталап, Успен, Жарсуат және Қарашығанақ ауылдарында тұрғындарға дабыл беру жүйесін нығайту жобасын бастады. Жоба 2019 жылы аяқталды деп жоспарлануда.



Алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуымен байланысты оқиғалардың саны:

1-ші дәрежелі

3-ші дәрежелі

1 оқиға,

15 оқиға

31 қауіп анықталды, оның

23-і 

басқарылатын деңгейге дейін төмендетілді немесе жойылды

2018 жылы КПО порталында орналасқан тосқауылдар моделінің КПО бөлімдердің пайдаланушы қызметкерлердің саны

200-ден асты

Өндіріс тұтастығы **GRI 103-2, 102-11, OG-13**

КПО өндірістік қызметіне қауіп төндіруі мүмкін қатерлерді бақылауға және қауіпсіздік тосқауылдары жүйесі арқылы жоғары дәрежелі қауіп-қатерлерді азайту жолдарын іздестіруге тырысады. КПО Өндіріс тұтастығы бөлімі, ірі ауқымды апатқа себеп болуы мүмкін ақауларды (тосқауылдардағы осалдарды) анықтау мақсатында қауіпсіздік тосқауылдарының «жарамдылық күйін» үнемі бағалап отырады.

КПО Өндіріс тұтастығын басқару жүйесі (ӨТБЖ) – Қарашығанақ кен орнында жұмыс істейтін барлық КПО қызметкерлердің, мердігерлер мен қосалқы мердігерлердің қауіп-қатерлер туралы хабардардығын арттыру және ауқымды апаттардың алдын алу бойынша шаралар кешені.

Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету бөлімі ӨТБЖ жүйесін 2014 жылы іске қосты. Бұл жүйе шеңберінде келесі негізгі құралдар пайдаланылады:

1. Тосқауылдар моделі;
2. Өндіріс тұтастығы тиімділігінің негізгі көрсеткіштері (ТНК);
3. Кен орны құрылыс нысандарының модификациялық өзгерістерді басқару жүйесі (eMoC сұранымы);
4. Өндіріс қауіпсіздігінің негіздері бойынша науқан.

Бұр төрт өндіріс тұтастығының құралдары 2018 жылы дайындалып іске қосылды.

13-кесте. Өндіріс тұтастығы саласындағы міндеттер GRI 103-2, GRI 102-11

2018 жылға қойған мақсаттарымыз	Орындалуы	2018 жылғы мақсаттарды орындауда жүзеге асырылған шаралар	2019 жылға қойған мақсаттарымыз
Тосқауылдар моделінің жаңа бағдарламалық жасақтаманы сатып алу үдерісін аяқтау; жаңа бағдармалық жасақтаманы енгізуді 2019 жылы бастау.	Орындалды	Тосқауылдар моделінің жаңа бағдарламалық жасақтаманы сатып алу үдерісі аяқталды, оның енгізуі 2019 жылы басталды.	Жаңа тосқауылдар моделінің бағдарламалық жасақтамасын енгізуді аяқтау және сынауын бастау.
Физикалық тосқауылдарды басқару үдерісін нығайту мақсатында қызмет тиімділігінің стандарттарын техникалық қызмет көрсетуді басқарудың компьютерленген жүйесіне енгізуді бастау.	Ішінара орындалды	2017/2018 жылдары жалпы алғанда өндірістік қызмет тиімділігінің 36 стандарты әзірленді. Олардың енгізілуі КПО қызметіне әсерін бағалау қажеттігіне байланысты кейінге қалдырылды.	Өндірістік қызмет тиімділігінің әсерін бағалауды аяқтау және оларды қолдану саласын анықтау.
Салыстырмалы талдау негізінде Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету қызметінің жаңа негізгі тиімділік көрсеткіштерін енгізу (жаңа міндет)	Орындалды	КПО Өндіріс тұтастығы тиімділігінің негізгі көрсеткіштерді (ТНК) жаңа бағалау жүйесі 2018 жылдың наурыз айында енгізілді. Оған сәйкес, ТНК жағдайын графикалық түрде көрсету үшін өндірістік қауіпсіздік туралы ақпарат жинақтамасы дайындалды.	Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету қызметінің негізгі көрсеткіштерін жинайтын және ұсынатын цифрландыру құралын қолдану саласын анықтау. Аяқталуы 2020 жылға жоспарланды.
2019 жылдың аяғына жоспарланған барлық апаттық дабыл жүйесін оңтайландыру үдерісін бастап, жүзеге асыру.	Орындалу барысында	I кезең – бастапқы бағалау аяқталды. Апаттық дабыл жүйесін оңтайландыру әдістемесі шығарылды. II кезең – апаттық дабыл жүйесін оңтайландыру жаттығулары жалғасуда.	II кезеңді аяқтап апаттық дабыл жүйесін оңтайландыру жобасының III кезеңіне (өзгерістер енгізу) дайындалу (2020 жылы).
Өндірістік қауіпсіздік жөніндегі хабардарлықты арттыру шарасын жалғастырып, тосқауылдарды бақылау және қадағалауды күшейту мақсатында жиналған ой-пікірлерді талдау негізінде іс-шаралар жоспарын дайындау.	Орындалу барысында	Мердігерлер басшыларын өндіріс қауіпсіздігінің негіздерімен (ӨҚН) таныстыру сессиялары өткізілді. ЕҚ ҚТ және ҚОҚ карточкасына алты ӨҚН санаты қосылды және «Үздік өндірістік қауіпсіздік карточкасы» номинациясы енгізілді. Тосқауылдарды қадағалауды күшейту жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді.	<ul style="list-style-type: none"> ▶ 2019 жылғы жоспарлы жөндеу жұмыстары мен күнделікті жұмыс барысына өндіріс қауіпсіздігінің негіздерін енгізу; ▶ тосқауылдарды қадағалауды күшейту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру.

КПО Өндіріс тұтастығы тосқауылдарының моделі

GRI 103-2, 102-11

КПО тосқауылдар моделі – КПО-ның барлық өндіріс нысандарындағы қауіп-қатерлерді визуалды талдауын қамтамасыз ететін әлемдегі «Швейцар ірімшігі» үлгісін қолданып отырған дерекқор. Қазіргі уақытта тосқауылдар моделі барлық аса қауіпті аймақтарын қамтиды және шешімдерді қабылдау үшін кеңінен қолданылады.

2018 жылы КПО порталында орналасқан тосқауылдар моделінің КПО нысандардың бөлімдердің пайдаланушы қызметкерлердің саны 200-ден асты. 2018 жыл бойы өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету бөлімі елеулі КПО қауіптер туралы мәлімет беру, ақпарат алмасу және кейінгі әрекет-шараларды қадағалау үшін барлық КПО бөлімдер арасындағы интеграция және өзара әрекеттесу үдерісін жетілдіруге бағытталған жұмысты үздіксіз жүргізді.

12-сурет. «ШВЕЙЦАР ІРІМШІГІ» МОДЕЛІН ҚОЛДАНУ



Жалпы 2018 жылы КПО 31 қауіпті анықтады, оның 23-і басқарылатын деңгейге дейін төмендетілді немесе жойылды.

2018 жылы Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету бөлімі КПО тосқауылдар моделінде қолданылатын өндірістік қауіпсіздігімен байланысты қауіп-қатерлерді басқаруына қатысты жалпы қағидаттарын түсіндіру үшін бейнефильмді әзірледі. Бейнефильмнің мақсаты – ауқымды апаттық жағдайларды алдын алу негізінің бірі болып табылатын өндіріс қызметкерлердің Өндірістік қауіпсіздігі туралы хабардарлығын арттыру.

Жеделірек деректер есебінен үдеріс тиімділігін арттыруға және анықталған әлеуетті қауіпті факторларға қарсы әрекет ету уақытын қысқартуға мүмкіндік беретін ұлғайтылған функционалдық мүмкіндіктері бар Тосқауылдар моделінің жаңа бағдарламалық жасақтамасы 2019 жылы енгізіледі.

Өндіріс тұтастығы тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін бақылау


GRI 103-3

КПО-ның Өндіріс тұтастығының ТНҚ-нің мақсаты – неғұрлым ауыр салдарға әкелуі мүмкін оқиғалар мен жағдайларды анықтап, алдын алу. КПО, өндіріс тұтастығының ТНҚ-і туралы есеп беру бойынша берілген API RP 754 тәжірибелік ұсынымдарына, OGP ұсынымдарына, «Эни» және «Шелл» компанияларының әдістемелік нұсқаулығына негізделіп, тиісті өнеркәсіптік стандарттарға сәйкес, кешіктірілген және жетекші көрсеткіштерді бақылап келеді. Дұрыс анықталған және түсіндірілген өндіріс тұтастығының ТНҚ-і, ауқымды апаттық жағдайлардың алдын алу мақсатында анықталған қауіп-қатерлер тиісті түрде бақыланатынына КПО және оның мүдделі тұлғаларына сенімдік береді.

Өндіріс тұтастығының ТНҚ көрсеткіштері физикалық нысандардың өндірістік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін бағалау үшін пайдаланылады және олар келесі салалардың жағдайын көрсетеді:

1. Технологиялық жабдықтардың бітеулігі
2. Қауіпсіздік жүйелері
3. Статикалық құрал жабдықтың тұтастығы
4. Апаттық дабыл жүйесін басқару
5. Жану көздерін бақылау
6. Техникалық қызметтің тиімділігі
7. Ұңғыманың тұтастығы
8. Өзгерістерді басқару
9. Қауіп-қатерлерді басқару

13-сурет. ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК ТНҚ ПИРАМИДАСЫ



КПО Өндіріс тұтастығының ТНК-ін өнеркәсіптік тәжірибеге салыстырмалы талдауының нәтижесі бойынша КПО Өндіріс тұтастығының ТНК –ін бағалау жүйесі 2018 жылдың наурыз айында қайта қаралды. Өндіріс тұтастығының ТНК –ін бағалау жүйесіне сәйкес, үрдісті анықтау және іс-әрекеттерді қабылдау үшін уақыт өте келе негізгі ТНК жағдайы туралы графикалық деректерді ұсыну үшін өндірістік қауіпсіздік туралы ақпарат жинақтамасы әзірленді. **GRI 102-11**

Осы ТНК, ішкі / сыртқы аудиттер мен оқиғалардың негізінде, «Апаттық дабыл жүйесін оңтайландыру», қорғалмаған жабдықты тексеру және ауыстыру, өндірістік қауіпсіздігін алдын-ала жетілдірген тексеру үдерісін дайындау сияқты бірқатар жобалар бастау алды. **GRI 103-3**

ТНК-ді белсенді пайдаланудың арқасында 2018 жылы келесі маңызды жетістіктерге қол жеткізілді:

1. Қауіпсіздіктің негізгі жабдығына техникалық қызмет көрсету бойынша жұмысқа сұранымдарды кейінге қалдыру кезеңі 28 күннен 7 күнге дейін қысқартылғанына қарамастан, бүкіл кезең ішінде қауіпсіздіктің негізгі жабдығына техникалық қызмет көрсету бойынша бірде бір кешіктірілген жұмысқа сұранымдары болмады;
2. 2017 жылға арналған көрсеткіштермен салыстырғанда 1-ші дәрежедегі технологиялық жабдықтың алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуына қатысты оқиғалардың саны бірге (1) дейін төмендеді;

2018 жылы ГКДҚ-3 нысанында 1-ші дәрежелі 1 оқиға орын алды. Жоғары қысымды шикі газбен жабдықтау желісінің 3-дюймдік клапанының соташығы бұзылып, ұшып кетіп нәтижесінде оператордың аяғына зақым келтірді. Бұл оқиғаның басты себебі клапан соташығы материалының (17-4РН болат) сульфидті коррозиядан жарылуына қарсы төзімділігінің нашарлығы болды.

Ескерту: Өндірістік қауіпсіздікке қатысты оқиғаларды анықтау үшін (1/2/3дәрежелі) IOGP 456 Халықаралық стандартымен танысып шығыңыз.


3. Әрбір өндірістік нысанның апаттық дабыл жүйесін оңтайландыру бойынша бірнеше салыстырмалы талдау өткізілді. Апаттық дабыл жүйесін оңтайландырудың әдістемесі шығарылды (1 кезең).

Технологиялық жабдықтың алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуы **OG-13**

Ірі апаттардың қауіпін басқару және талдау технологиялық қауіпсіздікпен байланысты оқиғалардың алдын алудың және олардың күрделілік дәрежесін төмендетудің негізі болып табылады. Технологиялық қауіпсіздікпен байланысты оқиға орын алса, КПО «Synergi» атты деректер қорына тіркеліп, тергеу басталады. КПО тергеу тобы негізгі себептерді талдап, кеңестер мен лайықты шаралар жоспарын әзірлейді. Жоспардың орындалуы КПО «Synergi» деректер қоры арқылы қадағаланады.

2014–2018 жылдарғы статистикалық сараптамасы бойынша, 2017 жылға қарағанда 2018 жылы алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуымен байланысты оқиғалардың саны 30%-ға дейін өскенін көрсетті; сонымен қатар, оқиғалардың күрделілік дәрежесі төмендеген, 1-ші дәрежелі – 1 оқиға, 2-ші дәрежелі – 0 оқиға тіркелген.

8-сызба. Өндірістік нысандар бойынша технологиялық жабдықтың алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуы жағдайлары, 2016–2018 жж.



Апаттық дабыл жүйесін оңтайландыру жобасы **GRI 103-3**

2017 жылы КПО апаттық дабыл жүйесін оңтайландыру жобасын бастады. Бұл жобаның мақсаты: 1) дабылдарды және олардың басымдылықтарын белгілеу үшін қолданылатын тізбекті критерийді анықтау, 2) қолданыстағы КПО нысандарына ол критерийлерді қолдану және (3) барлық тиісті жүйелерде қажетті өзгерістер енгізу. Бұл жоба үш кезеңге бөлінді:

- ▶ **I кезең** – Алғашқы бағалау (аяқталды): әрбір нысанға қатысты (ҚӨК, ГҚДҚ-2, ГҚДҚ-3, ЕМӨС, Үлкен Шаған және Атырау терминалы) бірқатар сәйкестік талдау жүргізілді және апаттық дабыл жүйесін оңтайландыру әдістемесі шығарылды (I кезең);
- ▶ **II кезең** – Апаттық дабыл жүйесін оңтайландыру бойынша жұмыстар (2018 жылы басталды, орындалу барысында): I кезеңде өткізілген талдау негізінде бірнеше семинар өткізілді;
- ▶ **III кезең** – Қолданысқа енгізу (2020 жылға жоспарланды): апаттық дабыл жүйесін сынамалық оңтайландыру нәтижелері қолданыстағы автоматтандырылған жүйеге техникалық қызмет көрсету бөлімімен енгізіледі.

Жетілдіру жұмыстары аяқталғаннан соң, КПО апаттық дабыл жүйесінің халықаралық стандарттар (IEC 62682 & ANSI/ISA-18.2 – Өндеу өнеркәсібіндегі апаттық дабыл жүйелерін басқару) талаптарына сәйкестік деңгейі айтарлықтай артады. Бұл басқару тетігі бөлмесіне келетін дабылдар санын оңтайландыру арқылы, операторлардың назары маңызды сигналдарда ғана болуын қамтамасыз етеді.

Өзгерістерді басқару

КПО-ның құрушы компаниялары өткізген ішкі және сыртқы аудиттің нәтижелеріне сүйене отырып, өзгерістерді басқару үдерісіне келесі жетілдірулер енгізілді. Әр өзгерістердің орнықтылығын қамтамасыз ету үшін тиімділікті жақсарту, жобаны талдау (соның ішінде ресми түрде бекіту) және алдын-ала тексеру жүргізілді.

«Өндірістік қауіпсіздіктің негіздері» шарасы **GRI 103-3, 102-11**

«Өндіріс қауіпсіздігінің негіздері» (ӨҚН) – мұнай және газ өндірісі саласында орын алған өндірістік қауіпсіздікпен байланысты күрделі оқиғалардан тиісті сабақ алу. КПО «Шелл» компаниясының ӨҚН материалдарын өз мақсатына бейімдеп, бағдарламаны 2017 жылдың тамыз айында іске қосты.

ӨҚН негізгі міндеті – күнделікті жасалатын жұмыстарға қосымша назар аудару және қауіпті жағдайлар мен іс-әрекеттерді жою арқылы өндірістік қауіпсіздікпен байланысты оқиғалар санын азайту. Бұл бастама кен орны аймағындағы оперативті персоналға (КПО және мердігерлер) бағытталған. Осы ақпаратты жеткізу үшін кен орны аймағындағы барлық нысандарға көрнекі материалдар (жарнамалық тақтайшалар, плакаттар және пластикалық карталар) таратылды, ал өндіріс тұтастығы бөлімінің өкілдері осы тақырыптарда таныстыру презентациялар өткізді.

2018 жылы «Өндіріс қауіпсіздігінің негіздері» шарасын іске асыру шеңберінде келесі жұмыстар жүргізілді:

- ▶ Осы тақырыппен таныстыру мақсатында мердігерлер ұйымдарына презентациялар өткізілді;
- ▶ ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкасына алты «Өндіріс қауіпсіздігінің негіздері» санаты қосылды және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ ынталандыру бағдарламасына «Үздік өндірістік қауіпсіздік карточкасы» номинациясы енгізілді.
- ▶ «Өндіріс қауіпсіздігінің негіздері» тақырыбындағы қалқымалы хабарлама КПО-ның әр компьютерінің экранында аптасына екі рет шығады.

2019 жылы Өндіріс қауіпсіздігінің негіздері күнделікті жұмысымызға, сонымен қатар жаңа қызметкерлерді жұмыспен таныстыру рәсіміне және техникалық қызмет көрсетудің ұлғайтылған көлеміне енгізуі бойынша одан әрі шаралар қабылданатын болады.

КПО өндірістік қауіпсіздікке негізделген мәдениетті дамытуды және ауқымды апаттық жағдайлар қауіп-қатерін қадағалаудың қырағы әдістерін күшейтуді жалғастырады. Негізгі мақсаттар:

- ▶ өндіріс тұтастығы және қауіпсіздігі бойынша шараларды әзірлеу және жүргізу қадамдары арқылы және КПО барлық бөлімшелерінің әрекеттесуі арқасында ауқымды апаттардың алдын алу;
- ▶ барлық пайдаланушыларға түсінікті және басымдылықпен жүзеге асырылатын тосқауылдарды басқарудың тиімді және ұтымды қағидаларын дайындау және қолдану.

Қауіпсіздік қызметі

КПО өз қызметкерлері мен мердігер қызметкерлерін қауіпсіздікпен қамтамасыз етуде үлкен жауапкершілікпен қарайды. КПО активтердің тұтастығын алдыңғы қатарлы халық-аралық тәжірибиесіне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдары мен ережелеріне сәйкес қорғауға бар күшін салады.

14-кесте. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі міндеттеріміз GRI 103-2

2018 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2018 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2019 жылға қойылған міндеттер
КПО экспорт құбыр желілеріне заңсыз қосылу жағдайларын мүлдем болдырмау.	Орындалды	Экспорт құбыр желісінің аймақтарын бақылау «Optasense» дабыл беру және күзет жүйесі көмегімен, сонымен қатар, бұл аймақтарды қауіпсіздік қызметінің мобильді топтарымен патрульдеу арқылы жүргізіледі.	<ul style="list-style-type: none"> ▶ КПО экспорт құбыр желілеріне заңсыз қосылу жағдайларын мүлдем болдырмау; ▶ «Optasense» жүйесінің жабдығын және бағдарламалық жасақтамасын жаңарту
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметін көрсететін ұйымдарды, соның ішінде олардың жаңа жұмыскерлерін, қауіпсіздік және адам құқықтары қағидалары бойынша оқытуды жалғастыру.	Орындалды	2018 жылдың соңына қарай қауіпсіздік қызметін ұсынатын мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің, соның ішінде жаңа қабылданған жұмыскерлердің 100% оқытудан өтті.	Қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметін көрсететін ұйымдарды, соның ішінде олардың жаңа жұмыскерлерін, қауіпсіздікті және адам құқықтарының ерікті қағидалары бойынша оқытуды жалғастыру және бұл қағидалардың орындалуын бақылау.
<ul style="list-style-type: none"> ▶ ҚӨК және ГҚДҚ-3 нысандарында қоршауларды орнату жұмыстарын аяқтау; ▶ Жобалау, сатып алу және орнату бойынша келісімшарт жасау; ▶ Жаңа жобаларды орындауда жобаларды жүзеге асыру директорына қолдау көрсету. 	Орындалды	<ul style="list-style-type: none"> ▶ ҚӨК және ГҚДҚ-3 нысандарында қоршауларды орнату жұмыстары аяқталды; ▶ 2-кезең шеңберінде (кен орынның стратегиялық нысандары) қауіпсіздіктің электронды жүйелерін жобалау, сатып алу және орнату бойынша келісімшарт жасалды. ▶ Қоршауларды құрастыру және орнату кезіндегі жобаларды жүзеге асыру директорына көрсетілген қолдау қауіпсіздік талаптарына сай жобаны түзету мақсатындағы кеңес беруді және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлімімен әрекеттесуді қамтыды. 	<ul style="list-style-type: none"> ▶ Қауіпсіздікті басқару жүйесін жобалауды аяқтау және оның құрылысын бастау (2-кезең). ▶ Компанияның барлық нысандарында кіріп-шығуды бақылаудың электронды жүйесін орнату және оның жұмысын реттеу; ▶ Кен орны аумағындағы екі бақылау-өткізу бекетін қайта құру және жаңарту; ▶ Көлік құралдарының Компания нысандары аумағына кіру және одан шығу рұқсаттарын цифрландыру.

КПО қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлімі бұл саладағы алдыңғы тәжірибе мен қазіргі оқиғалар үрдісін талдау негізінде қауіп-қатерлерді үнемі бағалап отырады. Осы бағалау нәтижесінде ықтимал қатерлерді болдырмауға бағытталған шаралар енгізіледі және жетілдіріледі. Құрушы компаниялардың қауіпсіздік қызметі өкілдерінің қорытындысына сәйкес, 2018 жылы КПО-ның қауіпсіздік саласындағы ешбір қауіп-қатері жоғары дәрежелі категорияға жатқызылған жоқ.

Қауіпсіздік қызметінің 800-ден астам кәсіби дайындалған жұмыскері патрульдеу, бақылау-өткізу бекеттерінде және уақытша бекеттерде бақылау жүргізу арқылы нысандарға, кеңселерге кіріп-шығуды үздіксіз қадағалау және қорғау, сонымен қатар құбыр желісін

қорғау қызметімен КПО-ның түрлі бөлімшелерінің қажеттілігіне сәйкес қамтамасыз етеді. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлімінің уақытылы, әрі тиімді қызметі арқасында 2018 жылы компания мүлкін лайықсыз пайдалану фактілері бойынша 18 тергеу жүргізілді. Бұған қоса, қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлімі қызметкерлері алкоголь, есірткі және психотроптық заттарға тыйым салу бойынша компания саясатын бұзудың 46 жағдайын анықтады. Нәтижесінде, компанияның төрт жұмыскерімен еңбек шарты тоқтатылды, біреуі – тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Құбыр желісі қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі сүбелі үлес арқасында, соңғы тоғыз жыл ішінде КПО экспорттық құбырына заңсыз қосылудың бірде бір жағдайы тіркелген жоқ.



Құбыр желісінің бүтіндігі мен қауіпсіздігін сақтауда жергілікті тұрғындардың қатысуы мен қолдауы біздер үшін өте маңызды. 2018 жылы КПО қауіпсіздік бөлімінің қызметкерлері құбыр желісіне жағалай орналасқан төрт аудандық орталыққа және 50 ауылға барды. Бұл сапарлардың мақсаты – лауазымды тұлғалар және тұрғындар арасында қандай да бір оқиғалардың ықтимал қатерлері және салдары жөніндегі хабардарлығын арттыру. Аудандық әкімшіліктердің лауазымды тұлғалары, мектеп қызметкерлері, төтенше жағдайлар бөлімінің жоғары шенді өкілдері бұл мәселе бойынша КПО компаниясы үшін мүдделі тараптар болып табылады. Аталмыш кездесулерде оқиғалардың орын алуы жағдайындағы эвакуациялану тәртібі, төтенше әрекет ету бойынша оқулар және басқа да сұрақтар жайында ақпарат беріледі. Кездесулерге қатысушылардың барлығынан құбыр желісінің қасындағы кез-келген күмәнді әрекеттер туралы алдын-ала және шұғыл хабарласуларын сұраймыз. **GRI 102-44**

КПО қауіпсіздіктің және адам құқықтарының ерікті қағидаларына айнамастық бойынша құрушы компаниялардың бастамаларын 2015 жылдан бері қолдап келеді. 2018 жылы кен орны аймағындағы, Ақсай қаласындағы нысандарда және экспорттық құбыр желілерінде қауіпсіздік қызметін көрсететін мердігерлік ұйымдарға жаңадан алынған екі жұмыскер мекеме қызметіне қатысты адам құқықтары саласындағы саясаттар және ережелер бойынша арнайы оқытудан өтті. 2018 жылдың соңына қарай қауіпсіздік қызметін ұсынатын компаниялар ұжымының 100% оқытудан өтті. **GRI 410-1**

Қауіпсіздікті басқару жүйесін енгізу туралы ұсыныс 2018 жылы жолданды. ГҚДҚ-3 және ҚӨК нысандарында қоршауларды жобалау және құру бойынша жұмыстар толығымен аяқталды. Жаңа қоршаудың 6,5 шақырымы салынды. ГҚДҚ-2, ГҚДҚ-3, ҚӨК және ЕМӨС нысандарында 2017–2018 жылдары орнатылған қоршаулардың жалпы ұзындығы 12 шақырымды құрады. **GRI 103-2, 103-3**

Сонымен қатар, бақылау-өткізу бекеттерінде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің заманауи электронды құралдары орнатылды. Бұл құралдар компания нысандарында кіріп-шығуды бақылау үдерісін жетілдіруге және жеңілдетуге мүмкіндік береді.

2018 жылы КПО өзінің барлық жұмыскерлерін қауіпсіздік саласындағы өзекті сұрақтар және қызметтер жөнінде хабардар ету бойынша шарасын жалғастырды. Бұл шара лаңкестік шабуыл жағдайында жұмыскерлердің нысандардан, кеңселерден эвакуациялануы және лауазымды тұлғалардың әрекет етуі бойынша алты жаттығуды, сондай-ақ «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы талаптарына сәйкес өткізілген КПО ұжымын оқытудың бір интерактивті курсы қамтыды. Осы бағыттағы жұмыстар азаматтық қорғаныс дағдыларын дамытуға жауапты КПО бөлімшесімен бірге жүргізілді.

Экстремизм және басқа да заңсыз әрекеттердің пайда болу белгілерінің алдын алу шеңберінде КПО жергілікті және республикалық деңгейдегі құқық қорғау органдарымен үнемі әрекеттесіп отырады.

ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ

КПО өз қызметкерлеріне жұмыс орнындағы денсаулыққа әсер ететін қауіпті факторлардан қорғауды және салауатты өмір салтын насихаттауды көздейді.

15-кесте. Денсаулық сақтау саласындағы міндеттер GRI 103-2

2018 жылға қойылған міндеттеріміз	Міндеттердің орындалуы	2018 жылғы міндеттерді орындау мақсатында жүзеге асырылған шаралар	2019 жылға қойылған міндеттер
Хабардарлықты арттыру мақсатында жүрек-қан тамырлары саулығы бағдарламасын енгізу	Орындалды	Жүрек-қан тамырлары саулығы бағдарламасы аяқталды. 2019 жылы салауатты өмір салтын насихаттау жоспары жүрек-қан тамырлары саулығына қатысты бірнеше негізгі тақырыптарды қамтиды.	
Сабырлылық, шаршағанды бақылау және жүрек-қан тамырлары ауруларына назар аударып, салауатты өмір салтын насихаттауды жалғастыру	Орындалды	Салауатты өмір салтын насихаттау іс-шаралары жүргізілді, оның ішінде арнаулы презентациялар, хабардарлықты жақсарту постерлері, денсаулық бюллетеньдері және интранет бетіндегі басылымдар дайындалды.	Сабырлылық, шаршағанды бақылау және жүрек-қан тамырлары ауруларына назар аударып салауатты өмір салтын насихаттауды жалғастыру
Денсаулыққа төнетін қауіп-қатерді бағалауды жалғастыру	Орындалды	257 денсаулыққа төнетін қауіп-қатерді бағалау шарасы Үлкен Шаған және Атырау терминалында жүргізілді.	Денсаулыққа төнетін қауіп-қатерді бағалауды жалғастыру
Легионелла қауіп-қатерін төмендету жоспарын жүзеге асыру	Орындалды	Қауіп-қатерді бағалау шаралары жүргізілді. Легионелла қауіп-қатерін төмендету жоспары әзірленді және енгізілді.	Легионелла қауіп-қатерін бағалауды жалғастыру
Сабырлылық бағдарламасын әзірлеу және енгізу	Жаңа міндет	Сабырлылық бағдарламасы әзірленді және енгізілді.	Сабырлылық бағдарламасын енгізуді әрі қарай жалғастыру
Қызметкерлерге қамқорлық бағдарламасын әзірлеу және енгізу	Жаңа міндет	Қызметкерлерге қамқорлық бағдарламасы, нұсқаулық пен сауалнама әзірленді.	КПО-дағы қызметкерлерге қамқорлық бағдарлама шараларын қадағалау және үйлестіру, сондай-ақ бағдарламаның барлық директоратта қолданып, қамтылғанын қамтамасыз ету мақсатында қызметкерлерге қамқорлық комитеттерін құру.
Қажығандықпен байланысты қауіп-қатерді басқару бағдарламасын бастау	Жаңа міндет	Қажығандықпен байланысты қауіп-қатерді басқару (ҚҚБ) бағдарламасы әзірленді және енгізілді. ҚҚБ курсына e-learning (КПО интранет) арқылы оқыту жүргізіліп, Денсаулық сақтау бөлімі бетпе-бет сессиялар жүргізді.	Қажығандықпен байланысты қауіп-қатерді басқару бағдарламасын енгізуді әрі қарай жалғастыру
Автоматтандырылған сыртқы дефибрилляторды (АСД) орнату бағдарламасын бастау	Жаңа міндет	АСД орнату бағдарламасы іске қосылды	АСД орнату бағдарламасын енгізуді әрі қарай жалғастыру

Жұмыс орындарындағы алғашқы медициналық көмек

КПО компаниясының медициналық қызмет көрсету тобы компания қызметкерлеріне жұмыс орнында алғашқы медициналық көмек көрсетуден бастап, медициналық эвакуация мен репатриацияға дейінгі жедел медициналық жәрдем көрсетеді. Топтың қарамағында 24/7 тәртібімен жұмыс жасайтын бес толықтай жабдықталған клиника бар. Бұл клиникалар қарапайым және жол талғамайтын жедел жәрдем машиналары – реанимобильдермен жасақталған.

Сондай-ақ, медициналық қызмет көрсету тобы қызметкерлерге қауіпсіздікті сақтау тұрғысынан маңызды ауысым алды тексерулерді, оның ішінде кездейсоқ алкоголь тексерулерін жүргізеді.

2018 жылы 9 медициналық қызметкер міндетті шұғыл медициналық көмек көрсету курсына сәтті аяқтап шықты, ал 2019 жылы денсаулық сақтау бөлімі қызметкерлері белгіленген халықаралық стандарттарға сай міндетті ACLS, ITLS және BLS тренинг курстарын оқытуды жалғастырады.

Сонымен қатар, 2018 жылы КПО денсаулық сақтау бөлімі жедел жәрдем көлігін жүргізу қауіп-қатерін бағалауды аяқтап, «КПО жылдамдық шектеулері және бейқалыпты жүргізу әдістері» құжатын басып шығарды.

2018 жылы КПО АСД орнату бағдарламасын іске қосты. Жұмыс орнында автоматтандырылған сыртқы дефибрилляторды (АСД) орнатудың мақсаты – қызметкерлерге үш минут ішінде мүмкіндігінше тез жедел көмек көрсету. КПО кен орнында АСД қолдану жүректің кенеттен тоқтауына шалдығу мүмкін жұмыскерлерді қалпына келтіруге көмектеседі. Бағдарламаны жүзеге асырудың алғашқы қадамдарына АСД қолдану үшін жаттығу жабдығын сатып алу, оқыту бойынша нұсқаушыны сертифициаттау және АСД қолданып алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша жаттығуды бастау жатты.

16-кесте. 2018 жылғы медициналық қызмет көрсету көрсеткіштері

Медициналық қызмет көрсету көрсеткіштері	
Клиникаға жолыққан пациенттер саны	1 859
Медициналық мекемелерге жеткізілген пациенттер саны	73
Оқытулар мен тәжірибелік сабақтар саны	421
Жедел жәрдем көрсету үшін оқытылған қызметкерлер саны	365
Ауысым алдындағы медициналық тексерулер (жүргізушілер/операторлар/электриктер)	
Тексерулердің саны	91 283
Жұмысқа жарамсыздық жағдайларының саны	7
Алкогольге іріктеп тексеру	1 235
Алкогольге іріктеп тексерудің оң нәтижелері	0

Науқастарды емдеу GRI 403-3, 403-4

Медициналық сақтандыру қызметтерін жеткізуші емделушілерді ауруханаға жатқызу мен оларды бақылау бойынша күн сайынғы есептерді КПО-ның Денсаулық сақтау бөліміне тапсырып отырады. Бұған қоса, беталысты анықтау үшін қолданылатын еңбекке жарамсыздық парағын талдай отырып, еңбекке жарамдылықты уақытша жоғалтуға әкелген ауру-сырқауларды қадағалап отырады. Медициналық сақтандыру КПО және кәсіподақтар арасындағы ұжымдық шарттың бір бөлігі болып табылады.


Жұмыс орнында болмауды қадағалау GRI 403-2, 403-3

КПО-дағы жұмыс орнында болмау көрсеткіштері 9-сызбада көрсетілгендей тұрақты болып қалуда. Соңғы жеті жыл ішінде тіркелген кішкене өсімді медициналық қызметтер қамту аясының бірте-бірте кеңеюімен, сондай-ақ заңнамаға өзгерістердің енгізілуімен түсіндіруге болады.

Бұрыңғы жылдармен салыстырғанда жүйелік аурулардың өсуі келесі аурулар түрімен айқындалды:

- ▶ Жедел респираторлық вирустық инфекция J 06,
- ▶ Жіті фарингит және ангина (tonsillitis) J 02-05,
- ▶ Көз және оның қосалқылары аурулары H 00-59,
- ▶ Тері аурулары L 00-99.

9-сызба. 2010–2018 жж. КПО жұмыс орнында болмау көрсеткіші



КПО-да жұмыс орнында болмау көрсеткішін есептеу үшін келесі әдіс қолданылады:

- ▶ Жұмыс орнында болмау көрсеткіші = жұмыс орнында болмауына (ауруға байланысты) байланысты жоғалтылған нақты күндер саны x 100 / жұмысшылардың жалпы саны. Жұмысшылардың басқа себептермен жұмыста болмаған күндері туралы деректер жоқ.
- ▶ КПО-да бақылаушы органдардың талаптарына сәйкес, жұмыс орнында болмау көрсеткішін қызметкерлер саны бойынша (адам-сағатына емес) есептеу әдістемесі қабылданған.


17-кесте. КПО жұмыс орнында болмау көрсеткіші 2010–2018

Жыл	Қызметкерлер саны	Жоғалтқан күндер саны	Жұмыс орнында болмау
2010	2 689	14 224	529
2011	2 655	14 344	540
2012	2 764	16 149	584
2013	2 911	17 215	591
2014	3 067	17 855	582
2015	3 187	19 066	598
2016	3 173	19 181	605
2017	3 126	22 277	713
2018	3 128	22 462	718

Кәсіби аурулар GRI 403-2, 403-3

2013–2018 жылдар аралығында КПО-да кәсіби аурулар байқалған жоқ.

10-сызба. КПО-дағы кәсіби аурулар жиілігі, 2009–2018



КПО кәсіби аурулардың жиілігін келесі формула бойынша есептейді:

Кәсіби аурулардың жиілігі (бір миллион атқарылған адам-сағатына шаққанда) = кәсіби аурулардың саны x 1 000 000 / адам-сағаты.

Денсаулыққа төнетін қауіп-қатерді бағалау GRI 403-3, 403-4

Денсаулыққа төнетін қауіп-қатерді бағалау (ДТҚБ) КПО денсаулық сақтауды басқару жүйесінің негізгі элементі. КПО-ның барлық өндірістік қызметтерінде ДТҚБ мен қатар, талдау мен қайта бағалау жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп отырады. Біз бағаланатын бөлімшенің өкілінен, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы маманнан, еңбекті қорғау мен еңбек гигиенасы бойынша маманнан құралған топ көмегімен өндірістік факторлар бірдей әсер ететін ұқсас топтарды (немесе жұмыс топтарын) бағалаймыз. Тікелей басшылық ДТҚБ әсерін азайту шараларын қолданады және олардың көрсеткіштері Supergі шараларды қадағалау жүйесі арқылы қадағаланады.

2018 жылы КПО денсаулыққа төнетін қауіп-қатердің 257 бағалауын жүргізді. Оларға қауіпсіздік сақтау тұрғысынан маңызды қызметтер, эргономиканы бағалау және жұмыс орнындағы қауіп-қатерлерге өзгерістер енгізу бойынша денсаулыққа төнетін қауіп-қатерді бағалау жатады. 2018 жылы ДТҚБ жүргізу тәсілі нысандарды басты назарға қойып, жаңартылған болатын. 2018 жылғы жүргізілген бағалаулар Үлкен Шаған мен Атырау терминалын қамтыды. Басқа нысандарды бағалау 2019 және кейінгі жылдарда да жалғасады.

Жұмысқа жарамдылық

КПО-ның жұмысқа жарамдылық процедуралары IOGP нұсқаулықтары мен жергілікті заңнамалық талаптарға сәйкестендіру мақсатында қайта қаралды. Халықаралық деңгейде аккредиттелген дәрігерлермен орындалған OGUK жұмысқа жарамдылықты бағалау Ақсайда және Оралда 2019 жылы қолжетімді болады.

2018 жылы денсаулық сақтау бөлімі келесі жылдары жүзеге асыру үшін үш бастаманы бастады:

- ▶ Сабырлылық бағдарламасы;
- ▶ Қызметкерлерге қамқорлық бағдарламасы;
- ▶ Қажығандықпен байланысты қауіп-қатерді басқару бағдарламасы.

Салауатты өмір салтын насихаттау GRI 103-2

2018 жылы салауатты өмір салтын насихаттау тұрақты шараларды, оның ішінде жұмыс орнындағы презентациялар, постерлер мен бюллетеньдер, сондай-ақ Сабырлылық бағдарламасы сияқты жаңа бастаманы қамтыды.

18-кесте. 2018 ж. КПО-да салауатты өмір салтын насихаттау бойынша өткізілген іс-шаралар

ҚТ нұсқауы	Постерлер	Бюллетень	Оқыту курстары
Аяз және гипотермия кезіндегі алғашқы көмек; көз зақымданғандағы алғашқы көмек; күкір-сутегімен уланғандағы алғашқы көмек; биіктіктен құлау / бас және омыртқа зақымдары; қысылып қалу кезіндегі алғашқы көмек; ыстық ұру және өту; ішек инфекциялары; алдын алу және емдеу; күйіп қалу кезіндегі алғашқы көмек; бел ауруы себептері мен оның алдын алу; шұғыл кардиологиялық көмек; аяқ-қолдың зақымдануы кезіндегі алғашқы көмек.	Ыстық ұру және өту; Дүниежүзілік темекіден бас тарту күні; Пайдалы ас; Қол гигиенасы; Тұмауға қарсы вакцинация; Өрмекшілерден сақтану; Сона мен ара; Жыландар; Дүниежүзілік диабетке қарсы күрес күні; Жүрек ұстамасы; Дүниежүзілік жүрек күні; Жұмыс орнындағы стресс; Семіздікке шалдығу; Дүниежүзілік қатерлі ісікке қарсы күрес күні; Ауаны салқындату.	Ыстық ұру және өту; Қол гигиенасы; Өрмекшілерден сақтану; Сона мен ара; желшешек; Жыландар; Суық тию және тұмау.	Аллен Каррдың «Шылым шегуді тастау әдісі»; Доктор Борментальдің «Арықтау әдісі».

Сабырлылық бағдарламасы

Сабырлылық адамның айналадағы қысым мен стрессті көтеру қабілеті. Бұл КПО қызметіндегі көрсеткіштерге қол жеткізу үшін дамытуға өте қажет дағды. Өнеркәсіптік тәжірибе көрсеткендей, сабырлылықты оқыту тек жеке сабырлылықты арттырып қана қоймай, сонымен қатар топ көшбасшылығын жақсартады, сондай-ақ компания қызметкерлерінің жұмыс істеу деңгейін көтереді.

КПО Сабырлылық бағдарламасына кез келген қызметкер ерікті қатыса алады және ол модульдік бағдарлама ретінде шағын топтарға әзірленген. Бағдарлама мақсаты КПО-да стресске сабырлы жұмыс күшін дамыту және стресске байланысты аурулардың (депрессия, араққұмарлық, өз-өзіне қол жұмсау қатері) қауіп-қатерін барынша азайту. Курсқа қатысушы қызметкерлер КПО денсаулық сақтау бөлімімен ұйымдас-тырылатын қысқа әрі топта өткізілетін сабырлылық бағдарламасының үйлестірушісі болуды таңдай алады. Оқыту курсынан кейін үйлестірушілер денсаулық сақтау бөлімі қолдауымен қалыпты іскерлік кездесулер кезінде әріптестеріне арналған модульдерді жүргізеді. 2018 жылы КПО денсаулық сақтау бөлімі 105 үйлестірушіні оқытты, олар, өз кезегінде қызметкерлермен 137 сессия өткізген.

Сондай-ақ денсаулық сақтау бөлімі сессияларға қатысу және топ сабырлылық деңгейін қадағалайды. Топтың сабырлылық деңгейлері бағдарлама басында және аяғында үйлестірушілермен жүргізілетін расталған тест (Диспозициялық сабырлылық деңгейі, DRS-15) арқылы тексеріледі.

Топтардың ұпайларындағы өзгерістер мен бағдарламаның жалпы тиімділігін тексеру мақсатында 2019 жылдың ортасында аралық нәтижелерді тестілеу жоспарланған. Қорытынды бақылау 2019 жылдың соңына қарай бағдарлама соңына жоспарланған.

Қызметкерлерге қамқорлық бағдарламасы

Қызметкерлерге қамқорлық бағдарламасы (ҚҚБ) – жеке тұлғалардың мінез-құлықтары, сондай-ақ ЕҚ, ҚТ мен ҚОҚ және бизнес тиімділігіне қатысты көзқарасты қалыптастыратын ортақ ұйымдастырушылық құндылық. Бұл әрбір қызметкер өз жұмысын өте жақсы орындау үшін оған қажет жабдықтар (жұмыс орнымен және құрылғылармен) мен ортаның (құрмет, тану) болуын қамтамасыз ету үшін барлық жағдайлар жасалатын жұмыс жасау жолы. КПО-ның қызметкерлерге қамқорлық бағдарламасы мәдени дамуға жетейлеуге бағытталған алты іс-шараға негізделген.

Қажығандықпен байланысты қауіп-қатерді басқару бағдарламасы

Қажығандық – ұйқы қанбауы салдарынан ұйқышылдыққа шалдығу немесе зейіннің бұзылу сезімі. Қажығандықпен байланысты қауіп-қатерді басқару бағдарламасы келесілер арқылы қажығандықпен байланысты өндірістік жарақаттану немесе оқиғалар қауіп-қатерлерін барынша азайтатын басқару процестерін белгілейді:

- ▶ Қажығандықпен байланысты қауіп-қатер пайда болуы мүмкін ЕҚ, ҚТ мен ҚОҚ тұрғысынан маңызды қызметтерді анықтау және тіркеу;
- ▶ Жоғарыда анықталғандарға қажығандық қауіп-қатерлерін бағалау іс-шарасын жүргізу;
- ▶ Қажығандықпен байланысты қауіп-қатерді бақылау шараларын жүзеге асыру және қажығандықпен байланысты қауіп-қатерді лайықты төмен деңгейде сақтау; маңызды және ықтималдығы жоғары оқиғаларды тексеру кезінде қарастыру ретінде қажығандық қатерінің потенциалдық үлесімен қоса ҚҚБ-ды қолданатын қызметтерді орындайтын супервайзерлер ретінде анықталған тұлғалар үшін ҚҚБ оқыту курсын өткізу.

ҚҚБ бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде 2018 жылы КПО барлық қызметкерлерге (КПО интранет порталында) электрондық оқыту арқылы қолжетімді ҚҚБ процедура-сын және ҚҚБ оқыту курсын, сондай-ақ денсаулық сақтау басқармасымен жүргізілетін бетпе-бет сессияларын әзірледі. Оқыту курсы 3 модульге бөлінген: кіріспе, қажығандықты өз бетімен басқару және негіздер. 2018 жылы 1 модуль бойынша оқыту материалдары әзірленіп, барлық қызметкерлерге таратылды. Бағдарлама 2019 жылы да өз жалғасын табады.

14-сурет. КПО-ДА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРАЛАР

«КПО-да біз бір-біріміздің денсаулығымыз, қауіпсіздігіміз және аман-саулығымыздың қамын ойлаймыз. Біздің қызметкерлеріміз бен мердігерлеріміз оларға сыйластық, құрмет және қамқорлық танытқанда өз қызметтерін жоғары белсенділікпен атқарады. Қызметкерлерге қамқорлық көрсету біздің әдеттегі ісіміз болып табылады, және біз осыны КПО-да қызмет атқаратын әрбір қызметкерден күтеміз. Бұл біздің ЕҚ, ҚТ мен ҚОҚ және қызметтік көрсеткіштерімізді жақсартып, Қазақстан Республикасына пайда әкеледі».

Мониторинг және бағалау (қызметкерлерге қамқорлық бағдарламасының жоспарларының жүзеге асырылуын және көрсеткіштерін қадағалау)

06



Қызметкерлерге қамқорлық бағдарламасының жоспарларын жүзеге асыру (директораттардың басымдықтарына негізделген іс-әрекеттердің бір бетті тізімі және қызметкерлердің сауалнамасынан түскен кіріс)

05



Қызметкерлерге қамқорлық бағдарламасы бойынша сауалнамаларды әзірлеу және жүргізу (әділ шешім қабылдауды қамтамасыз етуге көмектесетін объективті үлестер)

04



Қызметкерлерге қамқорлық комитеттерін құру (үйлестіру және қадағалау)

03



Қызметкерлерге қамқорлық бағдарламасының кодексін әзірлеу және қабылдау

02



Қызметкерлерге қамқорлық бағдарламасының (ҚҚБ) жарғысын қабылдау (өнеркәсіптік тәжірибеге және IOGP нұсқаулығына негізделген)

01





Өнеркәсіптік нысандарды оперативті бақылау

Өнеркәсіптік нысандарды оперативті бақылау – өнеркәсіптік гигиена мониторингі бағдарламасын қамтитын нормативтерге сәйкестік әрекеті болып табылады.

19-кестеден көріп отырғанымыздай, соңғы екі жыл ішінде шамадан асып кету көрсеткіші тұрақты болды, көбінесе олар төмен жарықтандыру, жоғары деңгейлермен және электромагниттік өрістермен байланысты болды. КПО ескі жарық көздерін жарығырақ әрі энергия үнемдегіш баламалармен кезең-кезеңмен ауыстыруды жүргізіп келеді. Шудың қызметкерлерге тигізетін әсерін азайтуға бағытталған іс-шараларды қамтитын Есту қабілетін қорғау бағдарламасының бір тақырыбы ретінде жоғары шу деңгейі бар нысандар қарастырылған.

19-кесте. 2018 жылғы физикалық факторларды бақылау

Физикалық факторлар	2017		2018	
	Жүргізілген зерттеулер саны	ШРД ³ -ден асу жағдайларының саны	Жүргізілген зерттеулер саны	ШРД ³ -ден асу жағдайларының саны
Шу	426	106 (24,8%)	400	93 (23,3%)
Діріл	81	19 (23,4%)	69	14 (20,3%)
Электромагниттік өріс	3 936	11 (0,2%)	3 888	44 (1,1%)
Электростатикалық өріс	2 133	0	2 129	0
Жарықтылық	2 741	765 (27,9%)	2 879	815 (28,3%)
Микроклимат	6 630	387 (5,8%)	6 522	336 (5,2%)
Жалпы	15 947	1 288 (8,0%)	15 887	1 302 (8,2%)

20-кесте. 2018 жылғы жұмыс орнында ауаны бақылау

Бақылау жұмыстары	Саны
Жоспарлы сынама алу жұмыстары	15 564
Өткізілген сынама алу жұмыстары	14 595 ⁴
Шамадан артық болған жағдайлар саны	0
Шекті рауалы деңгейден (ШРД) асу жағдайлары байқалған сынамалардың үлесі	0

³ ШРД – Шекті рауалы деңгей

⁴ Аяқталған және жоспарланған өлшемдер арасындағы айырмашылық бұрғылау қондырғысын басқа жерге көшіру, кіргізуді шектеудің жаңа тәртібін енгізу, және қоршаған ортаға әсерді жоятын жоспарланбаған машиналар мен жабдықтарды жөндеу немесе оларға техникалық қызмет көрсету сияқты оқиғалармен байланысты

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗДІ КӘСІБИ ДАМУ

Компанияның бизнес мақсаттары қызметкерлердің біліктілігі, жігерлі еңбегі және жұмысқа берілгендігі арқасында ғана орындалуы мүмкін. Қызметкерлеріміз Қарашығанақ кен орнын игеру мен пайдалануда шешуші рөл атқарады. КПО қызметкерлерді дамытуда құрушы компаниялардың тәжірибесі мен білімімен бөлісу, жергілікті және шетелдік оқу орындарының көмегімен міндетті кәсіптік оқыту сияқты әдістерді пайдаланады. **GRI 103-1**

2018 жылы КПО біліктілік стандартының талаптарына техникалық қызметкерлердің сәйкестігінің

93%



көрсеткішіне қол жеткізді

878



қызметкер бастапқы бағалаудан өтіп, біліктілік сертификаттарын алды

2018 жылы жалпы еңбекақыны көтеру мөлшері 2017 жылғы инфляция деңгейімен тең

7,1%



құрады

2018 жылы шетел мамандары иемденген

12



лауазымдарға жергілікті қызметкерлер тағайындалды

2018 жылы бір жұмыскерді оқыту үшін орта есеппен

133



АҚШ доллары жұмсалды

2019-2021 жж. арналған жаңа ұжымдық шартқа қол қойылды



21-кесте. Қызметкерлерді дамыту мен еңбекақы төлеу бойынша біздің міндеттеріміз GRI 103-2

2018 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2018 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2019 жылға қойылған міндеттер
<ul style="list-style-type: none"> ▶ Жергілікті қызметкерлерді жеделдетілген дамыту бағдарламасы аясында 173 қатысушының оқыту бағдарламасын бекітілген жеке кәсіби дамыту жоспарларына сәйкес жүзеге асыру; ▶ 1+2 санаттағы (бірінші жетекшілер және олардың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер жетекшілері) ≥ 75% көрсеткішін сақтап, 2015–2020 жж. арналған кадрдағы жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастыру. 	Орындалды	<p>Әр қатысушының жеке кәсіби дамыту жоспарларына оқыту шаралары 3 жылға бөлініп енгізілді. 2018 жылға жоспарланған оқыту және біліктілікті арттыру шаралары сәтті орындалды.</p> <p>2018 жылы кадрдағы жергілікті қамтудың үлесі 1+2 санаты (бірінші жетекшілер және олардың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер жетекшілері) бойынша 77%-ға жетті.</p>	<ul style="list-style-type: none"> ▶ Жергілікті қызметкерлерді жеделдетілген дамыту бағдарламасына сәйкес қызметкерлерді оқытуды жалғастыру; ▶ 2020–2025 жж. арналған кадрдағы жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасын әзірлеу және «PSA» өкілетті органымен бекіту.
<ul style="list-style-type: none"> ▶ 31.12.2018 жылға дейін жаңа ұжымдық шартты дайындауды аяқтау ▶ Компания және кәсіподақтар арасындағы жақсы қарым-қатынасты жалғастыру. 	Орындалды	<p>КПО және үш кәсіподақ арасында 2019–2022 жж. арналған жаңа ұжымдық шартқа қол қойылды.</p>	<ul style="list-style-type: none"> ▶ КПО мердігер қызметкерлеріне өздерінің заңдық құқықтарының кеңеюін және өз алаңдаушылықтарын білдіру бостандығын қамтамасыз ете отырып, қамқорлық көрсету; ▶ Әлеуметтік толқулар мен КПО-ға ықтимал әсерін болдырмау мақсатында мердігер компанияларға салауатты өндірістік қатынастарды дамытуға қолдау көрсету
<p>Еңбекақыларды зерттеу қорытындысына сүйене отырып, КПО-дағы еңбекақы деңгейі мен ҚР мұнайгаз саласындағы еңбекақы деңгейінің жыл сайынғы салыстырмалы талдауын жасау және қажетті жағдайда түзетулер енгізу.</p>	Орындалды	<p>Еңбекақы деңгейінің салыстырмалы талдауы ҚР мұнайгаз нарығына шолу негізінде жасалды. Салыстыру қорытындылары КПО еңбекақы деңгейі нарықтық деңгейде екендігін және түзетулерді қажет етпейтінін көрсетті.</p>	<p>Еңбекақыларды зерттеу қорытындысына сүйене отырып, КПО-дағы еңбекақы деңгейі мен ҚР мұнайгаз саласындағы еңбекақы деңгейінің жыл сайынғы салыстырмалы талдауын жасау және қажет жағдайда түзетулер енгізу.</p>
<p>ЕК, ҚТ мен ҚОҚ қызметтеріне олардың қызметтерін оңтайландыруды жүзеге асыру барысында, оның ішінде ұйымдық құрылымды, лауазымдық нұсқаулықтарды, қызметкерлердің жұмыс шарттарын өзгертуде қажетті қолдау көрсету.</p>	Орындалды	<p>Ұйымдық құрылым оңтайландырылды, қажетті лауазымдық нұсқаулықтар әзірленіп, бекітілді. Өзгерістердің өндіріске қатысты емес бөлігі толығымен 2018 жылы жүзеге асырылса, өндірістегі ЕК, ҚТ мен ҚОҚ қызметтерін оңтайландыру 2019 жылға жоспарланды.</p>	<p>Өндірістік блоктарда ЕК, ҚТ мен ҚОҚ қызметтерін оңтайландыруды аяқтау.</p>


2018 жылы уақытша ⁵ жұмыс істейтін қызметкерлер саны 125 адам болды.

GRI 401-2, 102-8

2018 жылы жұмыстан босатылған және жұмысқа қайта алынған қызметкерлер саны 14-сызбада жас ерекшеліктеріне байланысты бөлініп көрсетілген (еңбек шарты түрі ескерілмеді). **GRI 401-1**

14-сызба. 2018 жылғы жас ерекшеліктері бойынша кадрлардың тұрақтамауы

GRI 401-1




15-сызбада 2018 жылғы жұмыстан босатылған және қайта қабылданған қызметкерлердің жалпы саны гендерлік белгілері бойынша бөліп көрсетілген. КПО-ға қабылданған жаңа қызметкерлер саны қызметкерлердің орташа тізімдік санының 5,4%-ін құрады. 2017 жылғы кадрлар тұрақтамауы 2017 жылғы 2,7% көрсеткішімен салыстырғанда 1,8% құрады (Қызметкерлердің тұрақтамау динамикасын 16-сызбадан қараңыз). **GRI 401-1**

ҚР еңбек заңнамасы талаптарына сәйкес қызметкерлер тұрақтамауы динамикасына өз еркімен жұмыстан босатылған қызметкерлер де жатады.

⁵ Уақытша қызметкер – ақы төленбейтін немесе жүктілікке байланысты демалыстағы негізгі қызметкерді ауыстыру мақсатында шектеулі мерзімге жұмысқа алынатын немесе құрушы компанияға уақытша іссапармен жіберілген сыртқы қызметкер.


15-сызба. 2018 жылғы гендерлік белгілері бойынша кадрлардың тұрақтамауы

GRI 401-1



16-сызба. 2016–2018 жж. Жергілікті қызметкерлердің тұрақтамау динамикасы

GRI 401-1, 103-3



Жергілікті қызметкерлерді дамыту GRI 405-1, 103-3

КПО қызметкерлерінің кәсіби біліктілік деңгейін сақтау және одан әрі арттыру оқытудың және дамытудың үздіксіз жүйелері арқылы жүзеге асырылады.

КПО жергілікті тұрғындардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін және жергілікті жұмыс күшін қаржыландыруды барынша арттыруға бағытталған кадрлардағы жергілікті қамтуды арттырудың 2015–2020 жж. бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастыруда. 2018 жылы шетел мамандары иемденген 12 лауазымдарға жергілікті қызметкерлер тағайындалды және бұрын шетел мамандары иемденген 3 лауазым қысқартылды. 2018 жылдың желтоқсан айына қарай компания ұжымының 92%-н жергілікті қызметкерлер құрады.

Жалпы, 1999 – 2018 жж. аралығында 190 астам шетелдік қызметкерлер жергілікті мамандармен алмастырылған, ал шетел қызметкерлері иемденген 180 лауазым қысқартылған. Санат бойынша көрсеткіштер 22-кестеде ұсынылған. GRI 103-2

22-кесте. 2018 жылғы кадрдағы жергілікті қамтуды арттыру бойынша жоспарды орындаудың ағымдағы есебі, қызметкерлер санаты бойынша GRI 202-2, 103-3

Санаты	Түсіндірмесі	ҚР заңнамалық талабы	2018
1+2	Бірінші жетекшілер және олардың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер жетекшілері	74% кем емес	77%
3+4	Мамандар/білікті жұмысшылар	92% кем емес	95%

Кадрдағы жергілікті қамтуды арттыру КПО-ның экономикалық мұрасын қалыптастырудағы ең маңызды элементі болып табылады. Өз қызметкерлерін барлық бөлімшелер бойынша жетекшілік деңгейге көтеру мақсатында дамыту үшін компания көптеген құрал-әдістерді қолданып келеді. Талантты және жетілу әлеуеті жоғары жергілікті қызметкердің дамуына ерекше назар аударылады. Кадрлардағы жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасы келесі міндеттерді орындауды көздейді:

- ▶ жергілікті қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту үдерісінің тиімділігін арттыру;
- ▶ Жергілікті қызметкерлердің, мердігерлердің және қосалқы қызметкерлердің санын арттыру.



Сейталиева Айгерім, ірі келісімшарттар бойынша маман, Қазақстан халқы тілдерінің күні мерекесінде ең жақсы ән орындағаны үшін жүлделі болды



Руслан Касымов, Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің нормативтік сәйкестік бойынша басшысы, KAZENERGY қауымдастығының құрмет грамотасымен марапатталды




Сонымен қатар кадрлардағы жергілікті үлесті ұлғайтудың осы бағдарламасының мақсаттарына сәйкес КПО Батыс Қазақстан облысында тіркелген мердігерлік ұйымдардағы жергілікті қамтудың статистикасын да жүргізеді. Осылайша, 2018 жылы 47 компания арасында тоқсандық, жарты жылдық және жылдық мониторинг өткізілді. Бұл ұйымдардағы жергілікті қамту көрсеткіштері 23-кестеде берілген.

23-кесте. БҚО аумағында тіркелген мердігер ұйымдардың ұжымындағы жергілікті қамту көрсеткіштерінің санат бойынша 2018 жылдағы орташа мәні **GRI 405-1**


Санаты	Түсіндірмесі	2018
1+2	Бірінші жетекшілер және олардың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер жетекшілері	76%
3+4	Мамандар/білікті жұмысшылар	92%

17-сызбада КПО-дағы шетел мамандарының, соның ішінде уақытша жобаларға тартылғандар қызметкерлердің, КПО-ның жергілікті қамтуды арттыру бойынша 2015–2020 жж. арналған бағдарламасына сәйкес жалпы саны берілген. КПО жергілікті және шетел қызметкерлерінің қатынасы 18-сызбада берілген.

17-сызба. Шетел қызметкерлер саны, 2016–2018 жж.




18-сызба. Жергілікті және шетел қызметкерлерінің үлесі, 2016–2018 жж.



19-сызбада КПО құрылымындағы (негізгі ұйымды және уақытша жобаларды қосқанда) жоғары және орта буын жетекшілерінің – шетел және жергілікті қызметкерлердің жас және жыныс белгісі бойынша жалпы саны берілген.

19-сызба. 2018 жылғы жасы және жынысы бойынша жергілікті және шетел менеджерлерінің саны **GRI 405-1**



Оқыту және кәсіби дамыту **GRI 103-1, 103-3**

Күнделікті өмірдің барлық саласында технологиялар маңызының артуымен байланысты еңбек ресурстарын оқыту және кәсіби дамыту мәселесінің өзектілігі мұнай-газ индустриясындағы халықаралық компаниялар үшін айтарлықтай өсті. Қазақстандық жұмыскерлердің үздіксіз кәсіби өсуі және оларды оқыту біздің компаниямыз үшін ең маңызды бағыт болып қала бермек. Қызметкерлерді кәсіби дамыту құрушы компаниялар мамандарының өз тәжірибелерімен бөлісуі, қажетті ресми оқытуды ұсыну және білім берудің танымал мекемелерін тарту арқылы жүзеге асырылады.

Өнімді бөлісудің түпкілікті келісімі шарттарына сәйкес оқыту өндіріс қажеттіліктері және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сай жүргізіледі. 2018 жылы жетілу әлеуеті жоғары қызметкерлерді кәсіби дамыту бағдарламасын жүзеге асыру үшін қосымша қаржы бекітілді. **GRI 103-2**

КПО оқыту және дамыту бағдарламалары құрушы компаниялардың стратегиялық жоспарларын және қызметкердің өзіне қажетті кәсіби дағдыларды ескеру арқылы қызметкерлердің білімін және біліктілігін арттыру мүмкіндіктерін ұсынады. Бұл бағдарламалар кәсіби даярлықты, қайта даярлауды және біліктілікті арттыруды қамтиды.

2018 жылы компанияда оқыту мен дамытудың, сондай-ақ кәсіби және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша міндетті біліктілікті арттыру бағдарламаларын жүзеге асырды (20-сызбаны қараңыз).

20-сызба. Халықаралық біліктілік бағдарламалар бойынша оқытылған қызметкерлер саны




Оқыту бойынша статистика GRI 404-1

2018 ж. 454 470,97 адам-сағат (2017 ж. – 380 923 адам-сағат) жұмсалды, оның ішінде 286 788,97 адам-сағат (2017 ж. – 220 706 адам-сағат) КПО жұмыскерлеріне жұмсалды. Қалған 167 682 адам-сағат (2017 ж. – 185 696 адам-сағат) мердігер жұмыскерлеріне ЕҚ, ҚТ мен ҚОҚ бойынша міндетті оқытудан өту үшін жұмсалды.

2018 жылы бір жұмыскерді оқыту үшін орта есеппен 133 АҚШ доллары жұмсалды (2017 ж. 106 АҚШ доллары). Бір жұмысшыға есептегенде оқыту сағатының орта саны 21-сызбада көрсетілген.

21-сызба. Оқыту түрлері бойынша бір жұмысшыға жұмсалған оқыту сағатының орта саны, 2018 ж. GRI 404-1



Компания қызметкерлері үшін 2018 жылы ұйымдастырылған оқыту 24-кестеде санат бойынша бөлініп келтірілген. Жалпы, 2018 жылы 46 155 адам-сағат курсы, оның ішінде 32 502 адам-сағат мердігер қызметкерлері үшін өткізілді.

2018 жылы тағылымдама бағдарламасы құрушы компаниялар кеңселерінде қазақстандық қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламасы деген атқа алмастырылды. Қажеттіліктерді талдау нәтижелеріне сәйкес, жыл бойына үміткерлер таңдалып, келесі жылдары оларды құрушы компаниялар жобаларына қатыстыру жоспарлары жасалды.

GRI 103-1

24-кесте. Санат бойынша қызметкерлерді оқыту, 2016–2018 жж. GRI 404-1

Санаты	2016	2017	2018
1. Жоғары және орта буын жетекшілері	293 адам (1 жұмыскерге 52,91 сағат)	125 адам (1 жұмыскерге 29,27 сағат)	172 адам (1 жұмыскерге 54,84 сағат)
2. Білікті мамандар/топ жетекшілері	1 019 адам (1 жұмыскерге 41,85 сағат)	1 749 адам (1 жұмыскерге 59,64 сағат)	1 364 адам (1 жұмыскерге 67,96 сағат)
3. Техникалық жұмыскерлер	1 233 адам (1 жұмыскерге 105,94 сағат)	1 356 адам (1 жұмыскерге 113,43 сағат)	1 494 адам (1 жұмыскерге 121,07 сағат)
4. Кеңселік-әкімшілік қызметкерлер	265 адам (1 жұмыскерге 38,99 сағат)	138 адам (1 жұмыскерге 18,96 сағат)	84 адам (1 жұмыскерге 44,99 сағат)

Жеделдетілген кәсіби дамытудың 2017–2020 жж. арналған бағдарламасы

КПО жетілу әлеуеті жоғары қазақстандық қызметкерлерді анықтау және максималды әлеуетіне жету үшін оларды одан әрі дамытуға бағытталған жеделдетілген кәсіби дамытудың (ЖДБ) 2017–2020 жж. арналған бағдарламасын іске қосты. Бұл бағдарлама қызметкерлерге тұрақты кәсіби өсуі мен жетілуіне қажетті білім-дағды алуға жағдай жасайды және, өз кезегінде, Компанияға алға қойылған мақсаттарға жетуге және міндеттерді орындауға мүмкіндік береді.

Жеделдетілген кәсіби дамыту бағдарламасы кадр резервін құрудың ажырамас бөлігі болып табылады және еңбек ресурстарын үздіксіз жоспарлауға, 2015–2020 жж. арналған кадрдағы жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасын орындауға кепілдік береді.

2018 жылдың басынан бері қызметкерлерді оқыту және дамыту бөлімі ЖДБ қатысушыларының жеке дамыту жоспарлары ескерілген оқыту және кәсіби дамыту бойынша бірқатар шараларды, соның ішінде КПО директорларымен және құрушы компаниялардың көшбасшыларымен кездесулер өткізуді жүзеге асырды. Аталмыш бағдарламаны жүзеге асыру үдерісі коучинг, қазақстандық қызметкерлердің құрушы компаниялар кеңселерінде тағылымдамадан өтуі, ресми оқыту, сертификатталған бағдарламалар, тәлімгерлік сияқты дамыту құралдарын қолдануға негізделген.

Оның сәтті жүзеге асырылуы бағдарламаға қатысушылардың жұмыстарын орындауындағы жағымды өзгерістер дәлел. Бұл өзгерістерді 2018 жылы кәсіби дамудың бірқатар шараларын өткен жұмыскерлердің қызметте өсуінен бағалауға болады.

Жеделдетілген кәсіби дамыту бағдарламасының қосымша құралы ретінде құрушы компаниялар мамандарының өз тәжірибесімен қазақстандық жұмыскерлерімен бөлісуі арқылы орындалатын тәлімгерлік те кеңінен қолданылуда. Тәлімгерлік – қызметкерлерге коучинг, сондай-ақ тәлімгермен және бағдарламаның басқа да қатысушыларымен тәжірибе алмасу арқылы жеке және басқарушылық дағдыларды дамытуға көмектеседі. Қызметтік өсу үдерісі барысында негізгі жауапкершілік қызметкердің өзіне жүктелсе де, қажетті дағдыларды дамытуда тәжірибелі тәлімгердің белсенді қолдауы айрықша пайдалы. Бағдарламадағы оқытудың негізгі тақырыптары – көш-басшылық, тұлғааралық әрекеттесу және байланыс, қызметте өсу.

GRI 103-1

КПО-дағы қосарлы білім беру

КПО қосарлы білім беру бағдарламасын 2005 жылдан бері қолданып келеді. 2018 жылы жоғары және кәсіби оқыту орындарынан БҚО облысының тұрғындары болып табылатын 50 түлек «ОΡΙТО мұнай және газ академиясының халықаралық стандарты бойынша өндіріс операторы және жабдықты пайдалану технигі» кәсіби дамыту бағдарламасы бойынша оқуды бастады. Бағдарламаға іріктеу дағдыларды анықтауға бағытталған арнайы сынақтар, техникалық сынақтар және КПО әртүрлі бөлімдерінен белгілі бір саланың мамандары мен сарапшыларының және қазақстандық ЖОО оқытушыларының қатысуымен сұхбат өткізу арқылы жүргізіледі.

Оқыту бағдарламасы теориялық және практикалық модульдерден тұрады да, компанияның өндірістік нысандарындағы тағылымдамамен аяқталады. КПО оқытуды сәтті аяқтаған барлық қатысушыларды тиісті мамандықтар бойынша жұмысқа алуды жоспарлап отыр.

Біліктілікті басқару жүйесі

GRI 103-2, 103-3

Біліктілікті басқарудың сауатты жүйесі барынша қауіпсіз әрі тиімді жұмыс үдерісімен және қызметкерлердің қажетті біліктілік деңгейімен қамтамасыз етеді. Ұжымның барлық мүшелерінің жұмыс өнімділігінің және кәсіби дамуының көрсеткіштерін қамтитын құрылымдалған басқару жүйесі кәсіпорынға біліктілікті басқарудың әр кезеңінде өз қауіп-қатерлерін және шығындарын мейлінше сапалы бақылауға мүмкіндік береді (іріктеу, бағалау, оқыту және дамыту, штаттық орналастыру және лауазымдық міндеттерді орындау).

Аталмыш жүйе қызметкерлерді оқыту мен дамытуға қойылатын талаптарды орнатуға және келесі тапсырмаларды орындауға көмектеседі:

- ▶ Қызметкерлерді оқыту мен дамытуға арналған қаражатты тиімді жоспарлауды қамтамасыз ету;
- ▶ КПО жұмысшыларын оқыту мен дамытуды жоспарлаудың тиімді құралын тікелей жетекшілерін жұмылдыру арқылы әзірлеу;
- ▶ Өндіріске жұмылдырылған барлық жұмысшылардың қауіпсіздік техникасы мәдениетін жұмыс орнында қажетті біліктілік деңгейіне қол жеткізу арқылы жақсарту.

КПО біліктілікті басқару жүйесі 2013 жылы ОΡΙТО –мен мақұлданып, аккредиттелді және жыл сайынғы қадағалау аудиттерін өткізу шартымен 2019 жылдың маусымында дейін мерзімін ұзартты.

КПО келесі салалық 4 бағыт бойынша аккредиттелді: өндіріс бөлімінің операторы, техник-электрик, бақылау-өлшеу құралдарының технигі, техник-механик және мастер. Тексеру үшін өндіріс және техникалық қызмет көрсету бөлімінің 5 нысаны таңдалды: ҚӨК, ГҚДҚ-3, ГҚДҚ-2, орталық техникалық қызмет көрсету бөлімі, жинақтау жүйесі.

2018 жылы «Біліктілікті басқару жүйесі – 2018–2022 жж. арналған кеңею жоспары» бекітілген құжатына сәйкес, біліктілікті басқару жүйесіне жауапты болып табылатын өндіріс бөлімі қызметкерлерді оқыту мен кәсіби дамыту бөлімімен және қауіпсіздік техникасы корпоративтік мәселелері бөлімімен бірге өнеркәсіптегі топ жетекшілеріне арналған біліктілікті бағалау стандартын әзірледі. Бұл стандарт қауіпті өндірістік нысандардағы қызметкерлер үшін жарақат алу, кездесейік оқиғалар мен жазатайым оқиғалардың пайда болу қауіпін азайту және компания жабдығының тұтастығын қамтамасыз ету мақсатында дайындалды.

Бұл бағалауды іске қосу үшін интеграция және оның ОΡΙТО ұйымымен үш қызмет саласы бойынша кейінгі аккредиттелуімен жоспар жасалды: қажетті техникалық дағдылар мен білім, жеке және басқару біліктілігі, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біліктілік деңгейін анықтау. Топ жетекшілерінің біліктілігін бағалау үдерісі 2018 жылғы қарашада сәтті іске енгізілді. Бұл бағалауды 2019 жылдың соңына қарай аяқтау және қайталама бағалауды 5 жылда бір реттен кем емес жиілікпен өткізу жоспарлануда.

2018 жылы КПО біліктілік стандартының талаптарына техникалық қызметкерлердің сәйкестігінің 93% көрсеткішіне қол жеткізді. Нәтижесінде, техникалық салалардың 878 қызметкері бастапқы бағалаудан өтіп, біліктілік сертификаттарын алды.

Жұмыскерлермен өзара қарым-қатынас

GRI 102-44

Ұжымдық келіссөздер жүргізудің Компаниядағы маңызы зор. КПО өз қызметкерлерінің кәсіподақ қозғалысын ұйымдастыру және ұжымдық шарт бойынша келіссөздерге қатысу құқығын құрметтейді.

Жұмыскерлердің компаниядағы мүдделерін үш кәсіподақ қорғайды: «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы жұмыскерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымы» қоғамдық бірлестігі, «КПО Б.В. және мердігер компаниялар жұмыскерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі, «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.», «TRUST» және мердігерлік ұйымдар жұмыскерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымы» қоғамдық бірлестігі. Қызметі аясында кәсіподақтар әртүрлі әлеуметтік-еңбек қатынастары бойынша ұжымдық шарт жобаларын дайындайды. Ұжымдық шарт ережелері кәсіподақ құрамындағы мүшелігіне қарамастан, КПО ұжымына қабылданған барлық жұмыскерлерге қатысты. **GRI 103-2,103-3**

2018 жылдың аяғында КПО және кәсіподақтар арасында 2019–2021 жж. арналған жаңа ұжымдық шартқа қол қойылды. **GRI 102-41** Жаңа шарттағы өзгерістер негізінен еңбекақысы, әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер, сонымен қатар жұмыскерлер еңбегінің әлеуметтік шарттарын жақсарту бойынша басқа да мәселелерді қамтыды. Аталмыш өзгертулер туралы толық ақпарат 2019 жылғы есепте беріледі.

КПО-да кері байланыстың бірнеше механизмі бар: Еңбек ресурстары басқармасына тікелей немесе кәсіподақ арқылы және «Жедел желі» арқылы хабарласу. 2018 жылы Еңбек ресурстары басқармасына 30 шағым және 16 өтініш келіп түсті. Келіп түскен шағымдарда еңбек тәртібінің бұзылуы, жұмысқа орналасу, даулы мәселелерді шешу, қызметтік өкілеттілікті асыра қолдану, мердігер жұмыскеріне қатысты заңсыз әрекет мәселелері қозғалды. Шағымдардың барлығы тиісті қаралып, олар бойынша лайықты шешім қабылданды. **GRI 102-17, 103-2**

Жұмыскерлерді және олардың ахуал-жағдайын нашарлауына әкелетін жүйе мен еңбекақыны кейінгі қысқартумен компанияны тарату жағдайында, ұжымдық шарт ережелеріне сәйкес КПО компаниясы кәсіподақтарды 2 ай (8 апта) бұрын хабардар етуге міндетті. **GRI 402-1**

Ұжымдық шарт аясында және 2017 жылы күшіне енген жаңа Еңбек кодексінің 52-бабының 1-тармағының 24-тармақшасына сәйкес еңбек шартын өз еркімен бұзу бағдар-

ламасы шеңберінде 2018 жылы компанияның 24 жұмыскері өз еркімен жұмыстан шығуға өтініш білдірді (2017 ж. – 45 жұмыскер).

КПО мердігерлерге заң талаптарына, ішкі ережелер мен саясаттарға қатысты түсінік беру үшін және мәжбүрлі еңбек етудің қауіпін және/немесе жұмысшылардың жиындарды өткізу не ұжымдық шегініс алу құқықтары бұзылуының алдын алу мақсатында үнемі жиындар өткізіп отырады. Мердігерлер мен қосалқы мердігерлер де құқықтық нормалардың сақталуына жеткіліксіз көңіл бөлінген кезде, осындай жағдай орын алуы мүмкін. **GRI 407-1**

Еңбек ақысы және жеңілдіктер

Компания өз қызметкерлерін жоғары бағалайды, және оларға еңбектің лайықты шарттарын, соның ішінде бәсекелік жалақы мен әртүрлі жеңілдіктер ұсынуға бар күшін салады.

Компаниямен еңбек шарт жасасқан барлық жұмысшыларға әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер пакеті ұсынылады. Бұл – жұмысқа алу кезінде ұсынылатын шарттардың маңызды бөлшегі. Ол ақшалай және ақшалай емес жеңілдіктерден тұрады. КПО жеңілдіктер топтамасы 2018 барысында өзгерістерге ұшыраған жоқ, және бұл туралы толық ақпарат [Қарашығанақтағы тұрақты дамудың 2017](#) жылғы есебінде берілген. **GRI 401-2**

КПО-да кадр агенттігі арқылы жұмыс істейтін қызметкерлерге сол агенттіктің ұжымдық шарттары қолданылады. Кадр агенттіктері арқылы жұмысқа алынған жұмысшыларға төленетін бөлек жоспарланған төлемдер КПО мен сол агенттіктер арасында бекітілген бюджет шеңберінде келісіледі.

Материалдық емес сыйақы да қызметкерлердің жұмыс қабілеттілігін және олардың компания қызметіне қатысуларын тиісті деңгейде ұстап тұрудағы маңызды роль атқарады. КПО компаниясында қызметкерлерді ынталандырудың әртүрлі әдістері бар, солардың қатарында жұмыс нәтижелері бойынша және кәсіби мерекелер кезіндегі корпоративтік шаралар мен салтанатты марапаттарға қатыстыру, құрмет қағаздары мен алғыс хаттарымен марапаттау және т.с.с. Мәселен, 2018 жылы КПО түрлі бөлімдерінің қызметкерлері «Kazenergy» мұнай-газ кешенін ұйымдастырудың қазақстандық қауымдастығы медальдары және «Мұнайгаз кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін», «Еңбек ардагері» мақтау қағаздарымен марапатталды.

2018 жылы КПО-ға жұмысқа алынатын мамандардың ұжымдық шартқа сәйкес ең төмен еңбекақысы өзгерген жоқ, яғни 2017 жылғы 155 000 теңге деңгейінде қалды. 2018 жылы өткізілген КПО жалақысының Қазақстандағы мұнай-газ саласындағы нарықтық еңбекақы деңгейіне сәйкестігін жыл сайынғы талдау негізінде КПО жұмысшыларының орташа еңбекақысы Батыс Қазақстан облысы бойынша орта көрсеткіштен 3,3 есе жоғары екені анықталды. **GRI 202-1** Осы талдау нәтижелері негізінде, жалақы мөлшеріне қосымша түзетулер 2018 жылы енгізілген жоқ.

КПО өз жұмыскерлерінің еңбекақысын жыл сайын қайта қарастырып отырады. Бұл инфляцияның жылдық деңгейі ескерілген жыл басындағы еңбекақыны көтеруді, жыл бойы орындаған жұмыс қорытындылары бойынша оң баға алған жұмыскерлерге сыйлықақыны жыл сайын төлеуді, сонымен қатар жалақыны жекелей көтеру және қосымша бір жолғы берілетін төлемдерді қамтиды.

2018 жылы жалпы еңбекақыны көтеру мөлшері алдыңғы 2017 жылғы инфляция деңгейімен тең 7,1%-ды құрады. 2017 жылғы қаңтарда компания ЕҚ, ҚТ мен ҚОҚ саласында жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін жұмыскерлерге аталған төлемдерге қосымша сыйлықақы төледі.

Жалақыны әр жыл сайын қайта қарау – қызметкерлерді ынталандырудың қосымша құралы. Бұл әрекет жұмыстың қызметкермен орындауын бағалауға байланысты. Нәтижесінде, грейд межелігіндегі орнына қарамастан, бұған тек ең тиімді қызметкерлер ғана қатыса алады. Грейд бойынша жалақының ең жоғары көрсеткішіне қол жеткізген қызметкерлер үшін біржолғы төлем қарастырылған.

Жұмыс орындалуын және қызметкерлерді дамытуды бағалау **GRI 404-3, 103-3**

Жұмыс өнімділігінің көрсеткіштерін үздіксіз арттыру мақсатында КПО компаниясында жұмыс орындалуын жылдық бағалау процедурасы қолданылады. Аталмыш үдеріс КПО компаниясында алты айдан кем емес уақыт бойы жұмыс істеген қазақстандық қызметкерлерге ғана қатысты. 2018 жылы асқан тиімділік көрсеткен қызметкерлерге айрықша назар аударылды.

Жетекші лауазымдағы қызметкерлер үшін тиімділіктің негізгі жылдық көрсеткіштеріне жетуді бағалаудың бөлек үдерісі бар.

Компанияның ұйымдық құрылымы мен жұмыс процестерін оңтайландыру **GRI 103-3**

Ұйымдық құрылым және жұмыс процесі тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында компанияда оңтайландырудың кезеңдік процесі жүргізіледі.

2018 жылы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімшелерінің жұмысын жақсарту мақсатында құрылымды қайта құру үдерісі басталды. Бірінші кезең ЕҚ, ҚТ және өндіріс тұтастығы басқармасы және үкіметтік ұйымдармен әрекеттесу директоры бөлімшелерін біріңғай орталықтандырылған құрылымға қосу арқылы олардың ұйымдық құрылымына өзгерістер енгізуді қамтиды. Бұл өзгеріс бағынудың тиімсіз жолақтарын, қызметтің қосарлануын жоюға мүмкіндік береді және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ стандарттарын бірізді ендіру мен қолдануға бағытталған. Өзгерістердің осы кезеңі барысында лауазымдық нұсқаулықтар, еңбек шарттары және т. б. өзгертілді.



Еңбек ресурстары ұжымының жұмыстан тыс бас қосуы




Қазақстандық қызметкерлерге және олардың балаларына арналған шәкіртақылық бағдарламалар GRI 404-2


Қазақстандық қызметкерлер мен олардың балаларына арналған шәкіртақылық бағдарлама – қызметкерлердің біліктілігін арттыруға және олардың қосымша кәсіби білім алуына ең маңызды ынталандыру құралы.

2018 жылы аталмыш бағдарламалар аясында КПО-ның 20 қызметкеріне және КПО қызметкерлерінің 37 баласына шәкіртақыны қаржыландыру үшін 31,35 млн теңге (97,969 мың АҚШ доллары) бөлінді.

22-сызба. КПО шәкіртақылық бағдарламасына қатысу қарқыны, 2009–2018 жж.



23-сызба. Шәкіртақылық бағдарламаға КПО жұмсаған қаражат көлемі, 2009–2018 жж. (млн теңге) **GRI 404-2**




Қазақстандық жоғарғы оқу орындарымен серіктестік **GRI 102-44**

Жас мамандарды тарту мақсатында КПО қазақстандық жоғарғы оқу орындарымен серіктестігін жалғастырмақ. Университеттермен әрекеттесу «Студенттерді жұмысқа орналастыру бағдарламасы» арқылы тиісті келісімдер жасалғаннан кейін жүзеге асырылады.

2018 жылы 31 оқу институттарының 29 мамандығындағы 299 студент КПО-ның әртүрлі бөлімдерінде дипломалды тағылымдамадан өтті. 2013 жылдан 2018 жылға дейінгі аралықта компания осындай студенттік тағылымдамадан өткен 140 студентті жұмысқа қабылдады.

24-сызба. КПО-да тағылымдамадан өткен студенттер саны, 2016–2018 жж.



Бұған қоса, КПО «Жастарды жұмысқа орналастырудың ұлттық бағдарламасына» қатысып, Бөрлі ауданының тұрғындары болып табылатын түлектерге қолдау көрсетеді. 2018 жылы 20 жас түлек жас мамандарға арналған тағылымдамадан өтіп, олардың кейбіреулері КПО компаниясында жұмыс істейтін болады. Бұл бағдарлама 2009 жылы басталғаннан бері КПО компаниясында осындай тағылымдамадан 175 жас маман өтті. 2018 жылы тағылымдамадан өткен 20 түлектің 10-ы КПО компаниясына жұмысқа алынды. Сонымен қатар, КПО жас түлектерді өз мердігерлеріне жұмысқа орналастырып да қолдау көрсетеді. 20 түлектің төртеуі КПО-ның мердігерлік ұйымдарына жұмысқа тұрды.

Білім беру орындарымен ынтымақтастық шеңберінде КПО Қазақстан-Британия техникалық университетіндегі және Алматы Менеджмент Университетіндегі «Мансап күні»; Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетіндегі және М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіндегі «Бос орындар жәрмеңкесі» атты шараларға атсалысады. Жергілікті қызметкерлерді кәсіби дамытуға қосқан үлесі және түлектерді жұмысқа орналастырудағы қолдауы үшін компания университеттерден құрмет және алғыс хаттарын алды.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

2018 жылғы қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспары.....	87
Атмосфераға тасталатын шығарындылар.....	90
Санитарлық қорғау аймағы.....	96
Қоршаған орта мониторингі.....	98
Энергия тиімділігі.....	102
Су қорларын пайдалану.....	104
Қалдықтарды басқару.....	108
Биотүрлілік.....	112

Көмірсутектерді өндіру және өңдеу қызметі КПО компаниясына қоршаған ортаны қорғау тұрғысынан үлкен жауапкершілікті жүктейді. Қарашығанақ секілді техникалық жағынан күрделі кен орнын қоршаған ортамен үйлесімде игеру – жеңіл іс емес. Сондықтан, бұл мақсатта компания озық жабдықты және әлемдік деңгейдегі технологияларды қолданады. **GRI 103-1**

Өз қызметін КПО тұрақты даму қағидаларын сақтай отырып, ҚОҚ қорғаудың жоғары стандарттарына сәйкес атқарады. Компанияның еңбек қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саясатының негізгі міндеттері:

- ▶ қоршаған орта ластануы алдын алу;
- ▶ қоршаған ортаны қорғау саласындағы көрсеткіштерді үздіксіз арттыру;
- ▶ биотүрлілікті және экожүйелерді сақтау, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану;
- ▶ қоршаған орта қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

GRI 103-2

2017 жылмен салыстырғанда
2018 жылғы атмосфераға
тасталатын шығарындылар-
дың жалпы көлемі

10 % -ға
төмендеді

Парникті газ меншікті
шығарындылар көрсеткіші
өндірілген көмірсутектердің
әрбір мың тоннасына
шаққандағы

63 тонна
CO₂ құрады


2018 жылы газды алауларда
жағудың жалпы көлемі
өндірген жалпы газ
көлемінің

0,06 % 
құрады

Парникті газ шығарындылары
CO₂ эквивалентінде

307 
мың тоннаға
азайтылды

2011 жылдан бері макулатураны
бөліп жинау нәтижесінде
шамамен

440 
тонна
өнім жиналып, тұтыну
тауарларын дайындау үшін
жергілікті кәсіпорындарға
берілді

Қолданыстағы үздік технологияларды қолдану арқылы компания парниктік газдар шығарындыларын азайту және табиғат қорларын сақтау мәселесі бағытында жұмыс атқарып келеді. Қоршаған ортаны қорғау қағидаларын орындау бойынша өндірістік мақсаттарымыз 25-кестеде берілген.

25-кесте. Қоршаған ортаны қорғаудағы міндеттеріміз **GRI 103-2**

2018 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2018 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2019 жылға қойылған міндеттер
БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ			
ISO 14001:2015 стандартына сәйкестікті тексеру бойынша сыртқы қадағалау аудитін ұйымдастыру және өткізу	Орындалды	ISO 14001:2015 халықаралық стандарт талаптарына сәйкестік бойынша алғашқы бақылау аудиті өткізілді. Өткізілген бақылау аудиті нәтижесінде Bureau Veritas компаниясы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саясатында қойылған мақсаттарға жету үшін КПО-ның басқару жүйелерінің ISO 14001:2015 барлық талаптарына сәйкестігін растады.	ISO 14001:2015 стандартына сәйкестікті тексеру бойынша екінші бақылау аудитін ұйымдастыру және өткізу
АУАҒА ТАСТАЛАТЫН ШЫҒАРЫНДЫЛАР ЖӘНЕ ПАРНИКТІК ГАЗДАР			
ПГ шығарындылар көрсеткішін CO ₂ эквивалентінде 250 мың тоннаға азайту	Орындалды	ПГ шығарындылары CO ₂ эквивалентінде 307 мың тоннаға азайтылды	ПГ шығарындылар көрсеткішін CO ₂ эквивалентінде 280 мың тоннаға азайту
ПГ меншікті шығарындылар көрсеткішін өндірілген көмірсутектердің әрбір мың тоннасына шаққандағы 68 тонна CO ₂ көрсеткішінен асырмау.	Орындалды	ПГ меншікті шығарындылар көрсеткіші өндірілген көмірсутектердің әрбір мың тоннасына шаққандағы 63 тонна CO ₂ құрады.	ПГ салыстырмалы шығарындылар көрсеткішін өндірілген көмірсутектердің әрбір мың тоннасына шаққандағы 67 тонна CO ₂ көрсеткішінен асырмау.
Өндіріс шығынын 3,7%-дан асырмау.	Орындалды	2018 жылғы өндіріс шығыны 3,41%-ды құрады	Өндіріс шығынын 3,82%-дан асырмау.
Стационарлық бақылау көздерінде ластаушы заттар шығарындыларын үздіксіз бақылау жүйесін енгізу бойынша техникалық-экономикалық негіздеме құжатын әзірлеу	Орындалды	«ҚМГКК-дағы стационарлық бақылау көздерінде ластаушы заттар шығарындыларын үздіксіз бақылау жүйесін енгізу бойынша техникалық-экономикалық негіздеме құжатын әзірлеу» бойынша қоршаған ортаға әсерді алдын ала бағалау қоғамдық тыңдаулары жүргізіліп, кейін «Орал Экспертиза» ЖШС қорытынды берді.	Енгізу жұмыстары 2019 жылға жоспарланған
ЭНЕРГОТИІМДІЛІК			
<ul style="list-style-type: none"> ▶ КПО энергия менеджменті жүйесінің сертификатталуын растау үшін ISO 50001:2011 стандарты бойынша бақылау аудитін ұйымдастыру және өткізу. ▶ Энергия тиімділігін жақсарту және ПГ шығарындыларын азайту стратегиясын әзірлеу. ▶ ҚӨК нысанындағы энергия ресурстарын есепке алу үдерісін қайта қарастыру және жетілдіру. 	Орындалды	2018 жылғы 11-12 маусым аралығында энергия менеджмент жүйесінің ISO 50001 стандарт талаптарына сәйкестігіне бақылау аудиті жүргізілді. Аудит нәтижесі бойынша КПО энергия менеджмент жүйесі стандарт талаптарына сәйкес екендігі туралы қорытынды берілді.	<ul style="list-style-type: none"> ▶ Энергия менеджмент жүйесінің ISO 50001:2011 стандарт талаптарына сәйкестігіне бақылау аудитін жүргізу. ▶ КПО энергоменеджмент жүйесін ISO 50001 стандарты талаптарына сәйкес жұмыс істеуін жалғастыру. ▶ «Uralsk Green Forum» II халықаралық экологиялық форумда қол қойылған БҚО Әкімдігі, КПО және Халықаралық жасыл технологиялар мен инвестициялық жобалар орталығы арасындағы ынтымақтастық туралы келісімді жүзеге асыру.

25-кесте. Қоршаған ортаны қорғаудағы міндеттеріміз (жалғасы) **GRI 103-2**

2018 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2018 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2019 жылға қойылған міндеттер
САРҚЫНДЫ СУЛАР ЖӘНЕ ҚАЛДЫҚТАР			
БИО-50 тұмшалануын ескере отырып, мезгілдік реттеу ыдысын бұдан әрі пайдаланудың жоспарын және ГҚДҚ-3 нысанындағы қауіп-қатерді төмендету бойынша тұжырымдаманы дайындау	Орындалды		
Қайта тазартылған сарқынды суларды жалпы су пайдалану көлемінің 10%-дан төмен түспейтін көлемде екпе ағаштарын суаруға, шаң басу үшін, бұрғылау ерітінділерін дайындауға және гидросынауға пайдалану.	Жоқ	Тазартылған сарқынды суларды қайта пайдалану көлемі су алудың және беткі көзден таза суды пайдаланудың көлемінің 4,4%-ын құрады. Тазартылған сарқынды суларды қайта пайдалану көлемінің қысқаруы бұрғылау мақсатында су пайдаланудың азаюымен байланысты.	Қайта тазартылған сарқынды суларды жалпы су пайдалану көлемінің 10%-дан төмен түспейтін көлемде екпе ағаштарын суаруға, шаң басу үшін, бұрғылау ерітінділерін дайындауға және гидросынауға пайдалану.
<ul style="list-style-type: none"> Айдалатын сарқынды судың құрамындағы H₂S шоғырлануын төмендету және қоршаған орта қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ГҚДҚ-3 нысанындағы бумен тазарту қондырғысын орнатуға техникалық экономикалық негіздеме құжатын дайындау. Өнеркәсіптік сарқындарды жер астында көмудің №1 полигонының жерасты деңгейжиектерге айдалатын сарқындардағы H₂S шоғырлануын азайту мақсатында ГҚДҚ-3 қондырғысында қолдану үшін H₂S сіңіргішін іздеу және тиістісін таңдау бойынша жұмыстарды жүргізу. 	Орындалды	<ul style="list-style-type: none"> Мемлекеттік сараптамаға ұсынылған «ГҚДҚ-3-да бу бағанасын орнату бойынша ТЭН» жобасына қоғамдық тыңдаулар жүргізілді. 2018 жылдың тамыз айында «ГҚДҚ-3 су-метанол қоспасын өңдеу жүйесіндегі күкіртті сутек сіңіргішін сынау» есебі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Батыс Қазақстан бойынша Экология Департаментіне қарауға ұсынылды. 	<ul style="list-style-type: none"> Бу бағанасының баламасы ретінде жер қабатына айдалатын өндірістік сарқынды суларды тазарту нұсқасының бірыңғай тұжырымдамасын дайындау. ГҚДҚ-3 нысанындағы өндірістік сарқынды суларды күкіртті сутектен тазарту бойынша бу бағанасы жобасын дайындау (жобаны маққұлдау және аяқтау 2020 жылға жоспарланған).
Өнеркәсіптік сарқынды суларды айдау көлемін ұлғайту мүмкіндігін негіздеу және сіңіргіш деңгейжиектегі оқшаулағыштың беріктігін растау үшін өнеркәсіптік сарқындарды жер астында көмудің №1 полигонында барлау алды жұмыстарды және зерттеулерді (ҚМГКК өндірістік сарқынды суларды тереңде жатқан су тұтқыш жиіктерге айдау жобасын түзету бойынша жол картасы кесте-жоспарына және ҚОӘБ-ға сәйкес) жүргізу.	Орындалды	Өткізілген геологиялық барлау мен зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша геологиялық есеп дайындалып, 2018 жылдың қараша айында Геология және жер қойнауын пайдалану Комитетінің жер қойнауын мемлекеттік сараптауына ұсынылды.	<ul style="list-style-type: none"> ҚМГКК өндірістік сарқынды суларды тереңде жатқан су тұтқыш жиіктерге айдау жобасын түзету бойынша жол картасын жүзеге асырудың кесте-жоспарын және ҚОӘБ-ды орындау өнеркәсіптік сарқындарды жер астында көмудің №1 полигонының аймағында қосымша геологиялық барлау (барлау алды) жұмыстарының нәтижесі бойынша геологиялық есепті дайындау ҚМГКК-дағы өндірістік сарқынды суларды айдау жобасының жобалық көрсеткіштерді түзету бөліміне және оның ҚОӘБ тарауына №2 қосымшаны дайындау
2018–2020 жылдарға арналған қалдықтар мәселесін басқару бағдарламасына сәйкес 2018 жылға жоспарланған шараларды жүзеге асыру.	Орындалды	Жыл ішінде 9 жоспарланған шара, соның ішінде қалдықтарды бөлек жинау, сұрыптау, қайта пайдалану, өңдеу, олардың көлемін және қауіпті қасиетін азайту, сонымен қатар қалдықтардың кейбір түрлерін қайта пайдалану әдістемесін дайындау бойынша ҒЗЖ жүргізу орындалды.	2018–2020 жылдарға арналған қалдықтар мәселесін басқару бағдарламасына сәйкес 2019 жылға жоспарланған шараларды жүзеге асыру.

25-кесте. Қоршаған ортаны қорғаудағы міндеттеріміз (жалғасы) GRI 103-2

2018 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2018 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2019 жылға қойылған міндеттер
ТОПЫРАҚ			
Ақсай-Приуральный тас жолы бойындағы 28 га аймағында механикаландырылған көшет егу жұмыстарын, соның ішінде егуден кейінгі көшеттерді күту жұмыстарын жүзеге асыру.	Орындалды	Жоспарланған барлық жұмыстар, оның ішінде көшеттерді отырғызу, суару үшін қарықтар салу, көшеттерді бағып күту, өртке қарсы алқаптарды жырту және қопсыту орындалды.	Бұрын отырғызылған теректерді бағып күту.
СҚА кейінгі дамуы бойынша жұмыстар теңдер аяқталған соң және мердігер ұйымы анықталғаннан кейін қайта жалғасады	Орындалды	Қарашығанақ кен орнындағы санитарлық қорғау аймағына техникалық экологиялық қолдау қызметін орындау үшін әлеуетті мердігер ұйымдарды техникалық бағалау жұмыстары жүргізілді.	<ul style="list-style-type: none"> ▶ ҚМГКК және СҚА аймағында тарихи-мәдени мұраларды іздеу және зерттеу. ▶ «ҚМГКК санитарлық қорғаудың есептік аймағын ұйымдастыру және абаттандыру» жобасын дайындауға кірісу.
Орманның санитарлық жағдайын жақсарту және оны өрттен қорғауды қамтамасыз ету үшін көшеттерді санитарлық мақсатта кесуді жүргізу.	Орындалды	2017 жылғы орманды патологиялық тексеру ұсынымдарына сәйкес 2018 жылы Қаршығанақ кен орны аймағында екпе ағаштарын санитарлық мақсатта кесу жұмыстары орындалды. Соның ішінде кепкен ағаштар кесілді.	
Термомеханикалық су негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің сазды бұрғылау шламын топырағын қайта пайдалануға қатысты әдістерді дамыту саласындағы зерттеулерді жалғастыру	Орындалуы жалғасуда	2018 жылы қалдықтардың сынамаларына радиологиялық, химиялық және физикалық-химиялық зерттеулер жүргізілді. Қалдықтарды пайдалану түрлерін анықтау бойынша зертханалық зерттеулер мен сынауларды өткізу әдістемелері дайындалды. Қалдықтарды пайдалануға бағытталған ұтымды амалдар мен әдістер анықталды.	Термомеханикалық су негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің сазды бұрғылау шламын топырағын қайта пайдалануға қатысты әдістерді дамыту саласындағы зерттеулерді жалғастыру
БИОТҮРЛІК			
Фаунаға бақылау жүргізу, сонымен қатар Қарашығанақ аумағындағы су қоймаларының ихтиофаунасын қосымша зерттеу.	Орындалды	ҚМГКК аумағындағы Березовка өзені мен Қоншыбай жырасында фауна мен ихтиофауналарға бақылау жүргізілді, сирек кездестін және жойылып бара жатқан өзен құндыздары есептелді.	Қарашығанақ кен орнындағы флораға, соның ішінде сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдік түрлеріне бақылау жүргізу, топырақты және өсімдіктердің құрамын ластағыш заттарға зертханалық талдау.

2018 жылы Қарашығанақ кен орнына арналған КПО-ның ҚОҚ шараларын жүзеге асыруға жұмсалған жалпы нақты шығыны



7,57

млрд теңгені құрады

2018 ЖЫЛҒЫ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

GRI 103-2, 102-44

Қоршаған ортаны қорғауға (ҚОҚ) қатысты алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін КПО жыл сайын Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспарын (әрі қарай ҚОҚШЖ) әзірлейді.

ҚР Экологиялық Кодекс (8-тарау) ережелеріне сәйкес қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларға рұқсат алу үшін КПО рұқсат алу кезеңіне ҚОҚШЖ рұқсатты беруші органға ұсынады. Жоспарда айқындалған шаралар экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, ҚОҚ саласындағы әдістер мен технологияларды жетілдіруге, табиғат қорларын тиімді пайдалануға және ISO 14001 мен ISO 50001 халықаралық стандарттарына сәйкестік деңгейін сақтап тұруға бағытталған.

2018 жылы КПО өз өндірістік қызметтерін 26-кестедегі берілген эмиссияларға рұқсатқа және әзірленген ҚОҚШЖ негізінде жүзеге асырды. КПО-ның 2018 жылға ҚМГКК үшін қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспары қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларға рұқсаттың (ҚОЭР) қолданыс мерзіміне әзірленді. Үлкен Шаған МАС (БҚО) және Атырау МАС экспорттық құбыр нысандарына арналған қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларға рұқсаттар 26-кестеде көрсетілгендей 2015 жылдан 2020 жылға дейінгі мерзіммен алынды. 2016–2020 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспары берілген рұқсат қағаздар мерзімдері бойынша жоспарланды.

2018 жылы ҚМГКК арналған КПО-ның ҚОҚ шараларын жүзеге асыруға жұмсалған жалпы нақты шығыны 7,57 млрд теңгені құрады. 2018 жылғы ҚМГКК бойынша жоспарланған шығын көлемі – 11,9 млрд теңгені құрады. 2018 жылғы жоспарланған және іс жүзіндегі көрсеткіштер айырмашылығы «Әуе бассейнін қорғау» бөлімшесі шараларының жоспарланған жұмыс көлемі толықтай орындалмауымен түсіндіріледі, атап айтқанда:

- ▶ Бірқатар ұңғымалардың өнімділік деңгейі күтілгеннен төмен болды, осымен сұйық көмірсутектердің (СКС) өндірісін шектеді. Жоғары қысым сорғысын пайдалану нәтижесінде СКС өртеу көлемі жоспарланған 10 мың тоннадан 3,560 мың тоннаға азайтылды. Шара 35%-ға орындалды.

26-кесте. КПО-ның 2017 жылғы қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспарлары және берілген рұқсаттары **GRI 307-1**

№	2018 жылға келісілген ҚОҚ іс-шаралар жоспарлары	2018 жылға алынған рұқсаттар	Рұқсатты беретін орган
1	2018 жылғы ҚМГКК арналған КПО-ның ҚОҚШЖ	22.12.2017 жылғы № KZ02VCZ00146243 Қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларға рұқсат (қолдану мерзімі: 2018 жылғы 1 қаңтар мен 2018 жылғы 31 желтоқсан аралығы)	ҚР Энергетика министрлігінің экологиялық реттеу және бақылау комитеті
2	ҚӨК-Үлкен Шаған-Атырау (Батыс Қазақстан облысы(БҚО)) экспорттық конденсат құбыр желісіне арналған КПО-ның 2016–2020 жж. ҚОҚШЖ	12.08.2015 жылғы № KZ68VDD00021755 Қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларға рұқсат (қолдану мерзімі: 2016 жылғы 1 қаңтар мен 2020 жылғы 31 желтоқсан аралығы)	БҚО әкімдігі, Батыс Қазақстан облысы бойынша табиғи ресурстар мен табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы
3	КПО-ның 2016–2020 жж. ҚОҚШЖ (Атырау облысы)	07.08.2015 жылғы № KZ87VDD00021510 Қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларға рұқсат (қолдану мерзімі: 2016 ж. 1 қаңтар мен 2020 жылғы 31 желтоқсан аралығы)	Атырау облысының әкімдігі, Атырау облысы бойынша табиғи ресурстар мен табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы

- ▶ Ұңғымаларды игеру кезінде газ компрессорлық қондырғылар үшін жабдық пен құрамдас бөлшектер жеткізушісіні таңдаудағы кідірістер себебінен жыл бойы мобильді газ компрессорлық қондырғылары қолданылған жоқ.
- ▶ Ұңғымалардың су алуы себебінен қабатқа көмірсутек (КС) негізіндегі сұйықтықты кері айдау жоспарланған 8 ұңғыманың орынына тек 6 ұңғымада жүргізілді. Шара 68%-ға орындалды.
- ▶ Ұңғымаларға күрделі жөндеу жүргізгеннен кейін сұратулар санының азаюына байланысты сорап-компрессор құбырларын радиологиялық зерттеу сұратулары азайды. Шара 15%-ға орындалды.

КПО-ның 2018 жылғы ҚОҚШЖ бөлімшелері бойынша шаралардың орындалуы 27-кестеде көрсетілген.

27-кесте. 2018 жылғы ҚОҚ іс-шаралар жоспарын орындау, % GRI 103-2, 102-44

№	ҚОҚ шаралар жоспарының бөлімдері	2018 жылғы КПО іс-шараларының орындалу пайызы:		
		Қарашығанақ кен орнында	ҚӨК-Үлкен Шаған-Атырау экспорттық конденсат құбыр желісінде (Батыс Қазақстан Облысы)	ҚӨК-Үлкен Шаған-Атырау экспорттық құбыр желісінде (Атырау Облысы)
1	Әуе бассейнін қорғау	79%	100%	100%
2	Су қорларын қорғау және тиімді пайдалану	98%	* ШҚ	* ШҚ
3	Жер қорларын қорғау	95%	* ШҚ	* ШҚ
4	Жер қойнауын қорғау және тиімді пайдалану	100%	* ШҚ	* ШҚ
5	Флора мен фаунаны қорғау	100%	0%	100%
6	Өндіріс және тұтыну қалдықтарын өңдеу	169%	19%	46%
7	Радияциялық, биологиялық және химиялық қауіпсіздік	15%	* ШҚ	* ШҚ
8	Басқару жүйелерін және үздік қауіпсіздік технологияларын енгізу	100%	* ШҚ	* ШҚ
9	ҚОҚ саласындағы ғылыми-зерттеу және жобалау-ізвестіру жұмыстары	93%	100%	100%
10	Экологиялық ағарту жұмыстары және насихаттау	112%	100%	100%
БАРЛЫҒЫ:		96% (7 568 501 мың теңге);	80% (9 304,237 мың теңге);	89% (26 259,414 мың теңге);

* ШҚ – шаралар қарастырылмаған.

28-кесте. 2018 жылғы КПО Қоршаған ортаны қорғау шараларын жүзеге асыру нәтижелері **GRI 102-44**

<p>Атмосфераға тасталатын шығарындар</p>	<ul style="list-style-type: none"> ▶ 11 ұңғыманы игеру кезінде жоғары қысым сепараторларын қолдану атмосфераға тасталатын ластанушы заттар (ЛЗ) көлемін 8 474 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді; ▶ Жоғары қысымды мұнай айдау сорғысын пайдалану атмосфераға тасталатын ЛЗ көлемін 245 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді. ▶ Қабатқа әсер ету үшін көмірсутек негізіндегі сұйықтықтарды (Lamix немесе Deisel) пайдалану атмосфераға тасталатын ЛЗ көлемін 586 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді.
<p>Қалдықтарды және ағынды суларды басқару</p>	<ul style="list-style-type: none"> ▶ Коммуналды және өндірістік қалдықтардың 736,5 тоннасы сұрыпталып, жалпы мақсаттағы пеште (ЖМП) өртеуге жіберілді. ▶ Қайта өңдеуге және қайталама шикізат ретінде пайдалануға сұрыпталған және жіберілген көлем: <ul style="list-style-type: none"> ■ 95,6 тонна макулатура, 2017 жылмен салыстарғанда 6,3%-ға кем (101,98 тонна); ■ 8,5 тонна метал сынықтары (2017 жылмен салыстарғанда 30%-ға кем (12,08 тонна)); ■ 25,2 тонна пластик (2017 жылмен салыстарғанда 40%-ға көп (18,04 тонна)). ▶ 2018 жылы сұйық қалдықтарды қайта өңдеу көлемі 7 004,62 тоннаны, ал сарқынды сулар 7 960 м³ құрады. ▶ 2018 жылы жиналған қалдықтарды қатты қалдықтар мен пайдаланылған бұрғылау ерітінділерін сақтау алаңынан қатты қалдықтарды көму полигонына көшіру жұмыстары жалғасты. Жыл бойы полигонда 6 156,16 тонна қалдық (2017 ж. 5 266,26 тонна) қайта өңделіп, орналастырылды. ▶ 2018 жылы ҚМГКК-дағы бұрғылау ерітінділерін дайындау, екпе ағаштарын суару мен шаң басу үшін тазартылған ағынды суларды қайта пайдалану көлемі 18 241 м³ құрады (2017 жылы 50 476 м³ болды). Қайта пайдаланылған ағындардың көлемі жалпы таза техникалық суды (көлемі 417 232 м³ болған) пайдаланудың 4,4%-ын құрады.
<p>Топырақты қалпына келтіру GRI 304-3</p>	<p>2018 жылы ұңғыма операциялары мен құрылыс жұмыстарынан зақымдалған жердің 71 га қалпына келтірілді.</p>

Экологиялық айыппұлдар **GRI 307-1**

КПО өз қызметін Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес жүзеге асырады. Өндірістік қызмет шеңберінде Компания жыл сайын Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне шығарындыларға, ластанушы заттар тастандыларына, өндірістік және тұтыну қалдықтарына шектеу белгілейтін қоршаған орта эмиссияларына рұқсат сұранымын жіберіп, сол құзіретті органнан алады.

2018 жылы оған дейінгі жылдары да, КПО қандай да бір шығарындылар бойынша Рұқсаттарда белгіленген эмиссиялар шектеулерінен асырмағанын айта кету маңызды. Сонымен бірге 2018 жылғы табиғатты қорғау заңнамасы талаптарын сақтау бойынша іріктеме экологиялық тексеру нәтижесінде Компанияға 59,8 млн теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салынды. Компания тағылған айыппен толықтай келіспей, белгіленген тәртіппен жоғары тұрған органға және сотқа осы айыппұлдар бойынша шағым түсірді, алайда аталмыш орган мен сот Компания шағымын қанағаттандырмады.

2018 жылы Қоршаған ортаны қорғау саласында материалдық сипаттағы азаматтық талаптар бойынша төлемдер болған жоқ.

АТМОСФЕРАҒА ТАСТАЛАТЫН ШЫҒАРЫНДЫЛАР GRI 305-7

КПО компаниясы атмосфераға тасталатын шығарындыларды қоршаған ортаға ластаушы заттар (ЛЗ) эмиссиясы рұқсатында белгіленген шектеулер негізінде басқарады. Шығарындылардың негізгі көлемі отын газының газтурбиналық қондырғыларда, қазандарда, технологиялық пештер мен компрессорларда, сондай-ақ газ бен сұйықтықтарды алауларда жағу барысында пайда болады.

2017 жылмен салыстырғанда 2018 жылғы атмосфераға тасталатын шығарындылардың жалпы көлемі 10%-ға төмендеп, 7,7 мың тоннаны құрады. Бұл ұңғымалар алауларындағы газ бен сұйықтықтарды жағу көлемінің айтарлықтай төмендеуімен байланысты. 29-кестеде 2016–2018 жж. рұқсат етілген және нақты шығарындылар бойынша ақпарат берілген.

29-кесте. Ластаушы заттар шығарындыларының рұқсат етілген және нақты көлемдері, 2016–2018 жж.


Ластаушы заттар шығарындыларының жылдық көлемдері, тоннамен:	2016	2017	2018
ЛЗ эмиссияларына рұқсат бойынша	21 876	26 538	19 986
Нақты, оның ішінде:	11 421	8 569	7 759
Азот оксиді	1 934	1 967	1 931
Күкірт диоксиді	5 819	3 641	3 138
Көмірқышқыл оксиді	1 850	1 266	1 249
Ұшпа органикалық қоспалар	1 449	1 533	1 315
Күкіртсутегі	28	27	3
Қатты бөлшектер	89	48	65
Басқалары	252	87	58

Ескерту: Шығарындылар көлемі туралы деректер «2-ТП ауа» статистикалық есептер деректеріне сәйкес берілген.

КПО-дағы ластаушы заттардың шығарындылар көлемі отын шығыны мен құрамы, сондай-ақ жабдық жұмысының уақыты туралы бастапқы деректер негізіндегі есептеу әдісімен анықталады. Жағылған отын шығын көлемі оны тұрақты өлшеу мен теңгеру әдісін қолдану арқылы есептеледі; дизель отыны шығыны – бухгалтерлік есеп деректері негізінде, ал жабдықтың жұмыс уақыты операторлардың күнделікті есебі бойынша анықталады. Газ бен мұнайдың құрамы КПО-ның аттестацияланған зертханасында анықталады. Шығарындылар көздері түрлері мен әрбір ингредиент бойынша шығарындыларды есептеу ҚР-да қолдануға ұсынылған әдістемелерді пайдалану арқылы жүргізілді.

25-сызбада атмосфераны негізгі ластаушы көздері бойынша ластаушы заттар шығарындылары көрсетілген.


25-сызба. Атмосфераны негізгі ластау көздері бойынша 2018 жылғы КПО ластаушы заттар шығарындыларының көлемі



2018 жылы өндірілген өнім бірлігіне шаққандағы меншікті шығарындылар көлемі өндірілген мың тонна көмірсутек шикізатының (КСШ) 0,28 тоннасын құрады. 2017 жылмен салыстырғандағы 2018 жылғы меншікті шығарындылардың азаюы ұңғымалар мен өндірістік нысандар алауларындағы қоспаларды жағу көлемінің азаюымен байланысты.

⁶ Ұйымдаспаған шығарындылар – өнеркәсіптік шығарындылар, атмосфераға бағытталмаған газ түрінде енетін ағындылар (ГОСТ 17.2.1.04-77 бойынша)

26-сызба. 2016–2018 жылдардағы КС өндіру және ластаушы заттар шығарындыларының көлемдері




Газды алау қондырғыларында жағу OG-6

2018 жылы газды алауларда жағудың жалпы көлемі КПО өндірген жалпы газ көлемінің 0,06%-ын немесе өндірілген шикізат мың тоннасына шаққанда 0,38 тоннаны құрады. 2018 жылғы жағу нәтижесіндегі шығарындылардың мұндай қарқыны 2017 жылғы IOGP есебінде көрсетілгендей әрбір мың тоннаға 12,1 тоннадан келген әлемдік орташа өнеркәсіптік көрсеткішпен, және әрбір мың тоннаға 2,9 тоннадан келген орташа еуропалық көрсеткішпен салыстырғандағы өте жоғары өндірістік көрсеткіштердің белгісі⁷.

2018 жылы КПО жоғары қысым сорғылары мен сепараторларын, сондай-ақ ұңғымаларды тазалау (игеру) кезіндегі атмосфераға тасталатын шығарындыларды азайтуға көмектесетін көмірсутек негізіндегі сұйықтықтарды қолдануды жалғастырды. Аталмыш жабдықтар мен материалдарды пайдалану нәтижесінде сұйықтықты жағу көлемі ұңғымаларды игеру барысында өндірілген көлемнің 94%-на тең болатын 60 мың тоннаға азайды. Ұңғымаларды тазарту кезіндегі газды жағу көлемі 40 млн м³ (немесе ұңғымаларды игеру барысында өндірілген көлемнің 77%-на тең) азайды.

27-сызба. Жағылған ілеспе газ көлемі, млн м³




⁷ Деректер көзі – Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) жылдық есептері – «Қоршаған орта қызметінің көрсеткіштері – 2016».



Газды кәдеге жарату OG-6

2018 жылғы КПО-ның газды кәдеге жарату көрсеткіші 99,94%-ды (ал 2017 жылы – 99,92%) құрады. Бұл ретте, 2018 жылға Ілеспе газды өңдеуді дамыту бағдарламасы шеңберінде ҚР уәкілетті органымен бекітілген мақсатты көрсеткіш 99,4% құрайды. 2016 жылы Қазақстан Республикасы бойынша газды кәдеге жарату көрсеткіші 97,5% құрады⁸.

28-сызба. 2018 жылы газды кәдеге жарату және жағу



⁸ Деректер көзі – «Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2017–2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 571 бұйрығы.

Тікелей парниктік газдар шығарындылары

GRI 305-1

Компаниядағы парниктік газдардың (ПГ) тікелей шығарындылары 2013 жылдан бері қолданыстағы ұлттық квоталар сауда жүйесі аясында реттеледі. 2017 жылы КПО 2018–2020 жылдарға арналған көлемі 6 927 159 тонна болатын парниктік газдар (CO₂) шығарындыларына квота алды.

Квота КПО-ға шығарындылардың меншікті коэффициенттері (бенчмарк) негізінде берілген болатын. Осылайша, квота алудың негізгі жылы ресми түрде бекітілген жоқ. ПГ шығарындылары динамикасын салыстыру және есеп беру қағидаларын сақтау мақсатында осы құжатта негізгі жыл болып есеп беру жылына дейінгі, яғни 2017 жыл алынды.

2018–2020 жылдарға бекітілген бақылау жоспарына сәйкес, КПО көміртек диоксиді (CO₂), метан (CH₄) және азоттың шала тотығы (N₂O) бойынша ПГ шығарындыларын тоқсан сайынғы бағалауын жүргізеді. Шығарындыларды бағалау кәсіпорын қызметі (отын шығыны мен отын құрамының лабораториялық деректері бойынша) жөніндегі деректер негізінде есептеу әдісін қолданып жүргізілді.

2018 жылғы ПГ шығарындыларын түгендеу туралы расталған есепке сәйкес ПГ шығарындыларының жалпы көлемі CO₂ эквивалентінде 1 893 447 тоннаны құрады, оның ішінде CO₂ үлесіне қатысты 1 730 915 тонна CO₂ экв. (91,4%), CH₄ үлесіне – 154 042 тонна CO₂-экв. (8,1%), ал N₂O үлесіне – 8 490 тонна CO₂-экв. (0,5%).

ПГ шығарындыларының түзілу динамикасы туралы ақпарат 30-кестеде берілген. 2017 жылмен салыстырғандағы 2018 жылғы ПГ шығарындылар көлемінің азаюы Орынбор ГӨЗ-на шикі газды жеткізу көлемінің артуы себебінен газды кері айдау компрессорлары газ турбиналарының аз жұмыс жасауымен байланысты. ПГ жалпы шығарындыларының негізгі үлесін (82%) газды кері айдау газтурбиналық қондырғыларында, электр станциясының газтурбиналық қондырғыларында және жоғарғы қысым бу генераторларында жанармай газын жағу кезінде пайда болатын шығарындылар құрайды.

30-кесте. КПО өндірістік қызметінің салдарынан ПГ шығарындыларының түзілу динамикасы

Парниктік газ шығарындыларының жалпы көлемі (CO ₂ эквивалентінде, тоннамен)					
Отынды алаулар мен инсинераторларда жағудан	Отынды тұрақты көздерде жағудан	Ұйымдаспаған шығарындылар	2018 жылғы жалпы ПГ шығарындылары	2017 жылғы жалпы ПГ шығарындылары	2016 жылғы жалпы ПГ шығарындылары
140 105	1 601 941	151 401	1 893 447	1 928 700	1 870 041

Парниктік газдардың жанама шығарындылары

GRI 305-2

КПО-да кен орны өңдеу кешенін және оған жақын орналасқан елді мекендерді электр энергиясымен қамтамасыз етуге арналған КПО жеке газ турбиналық электр станциясы бар.

2018 ж. КПО электр энергиясын мемлекеттік электр желісінен пайдаланбады. Тиісінше, КПО-да ПГ жанама шығарындыларының көлемі CO₂-эквивалентінің нөлдік тоннасын құрады.


Жоспарлы жөндеу жұмыстары кезінде электр станциясының жұмысы тоқтатылып, КПО кен орнының нысандары алдыңғы кезеңдерде орын алғандай, Батыс Қазақстан облысының электр желісіне қосылуы мүмкін. Мысалы, 2017 жылы. ПГ жанама шығарындылар көлемі ПГ шығарындыларының жалпы көлемінің 0,01% құрады. ПГ жанама шығарындыларын есептеу - сатып алынған электр энергиясының нақты көлемін (МВт / сағ) халықаралық шығарындылар коэффициентіне (0,844 тонна/МВт/сағ) көбейту арқылы жасалады.

Қазақстан Республикасы ПГ шығарындылары квотасы жүйесі бойынша ПГ жанама шығарындыларына есеп берілмейді және КПО экологиялық есебіне енбейді.

Парниктік газдардың меншікті шығарындылары GRI 305-4

2018 жылы өндірілген көмірсутек шикізатының мың тоннасына шаққанда ПГ меншікті шығарындылары 69 тоннаны құрады, бұл 2017 жылғы көрсеткішпен бірдей. ПГ меншікті шығарындыларының динамикасы 29-сызбада берілген.

29-сызба. Көмірсутек шикізаты өндірісінің бірлігіне шаққандағы ПГ меншікті шығарындыларының динамикасы



31-кестеде КПО ПГ меншікті шығарындылары мен IOGP Халықаралық мұнай мен газ өндірушілер қауымдастығымен берілген меншікті шығарындылар көрсеткіштері салыстырылған. 2018 жылғы ҚМГКК-ғы ПГ нақты меншікті шығарындылар деңгейі еуропалық көрсеткіштер деңгейінен 25%-ға, ал орташаландырылған халықаралық көрсеткіштер деңгейінен 54%-ға төмен болды.

31-кесте. Көмірсутектерді өндіру (өндірілген 1 000 тонна КС шаққандағы тонна) бірлігіне шаққандағы ПГ меншікті шығарындылары бойынша салыстырмалы талдау

Парниктік газдар атауы	IOGP деректері (Еуропа) ⁹	IOGP деректері (жалпы алғанда) ⁹	КПО деректері		
	2017	2017	2016	2017	2018
CO ₂ + CH ₄ + N ₂ O (CO ₂ e)	92	151	72	69	69
CO ₂	83	133	66	63	63

Парниктік газдар шығарындылар көлемін азайту GRI 305-5

ПГ (CO₂) шығарындылары көлемін жоспарлы азайту мақсатында КПО 2018 жылға келесі мақсаттарға қол жеткізуге бел буды:

- ▶ өндірісті оңтайландыру және қуат тиімділігін қамтамасыз ету бойынша бірқатар жобаларды жүзеге асыру арқылы ПГ тікелей шығарындыларын 250 тоннаға дейін азайту;
- ▶ өндірілген КС өнімінің мың тоннасына шаққанда CO₂ 67 тонна шамасында меншікті шығарындылар көлемін асырмау.

2018 жылы КПО бойынша CO₂ шығарындыларының салыстырмалы көрсеткіші өндірілген КСШ мың тоннасына шаққанда 63 тонна CO₂ құрады (31-кесте). ПГ шығарындылар көлемінің нақты азаюы 32-кестеде белгіленген алты жобаны іске асыру нәтижесінде жоспарланған көрсеткіштен 23%-ға асты. CO₂ шығарындылары көлемінің нақты азаюын есептеу үшін 2016–2020 жж. бекітілген ПГ шығарындыларын азайту бағдарламасындағы әдістемелер мен коэффициенттер қолданылды.

⁹ Деректер көзі ретінде Халықаралық мұнай мен газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) жыл сайынғы «Экологиялық нәтижелілік көрсеткіштері бойынша 2017 жылғы деректер» есептері алынды. 2018 ж. салыстыру үшін 2017 жылғы ақпарат қолданылды, себебі осы басылымды шығару кезінде IOGP 2018 жылғы есебі әлі дайын болмаған.

32-кесте. 2018 жылы ПГ шығарындыларын азайту шаралары GRI 305-5

№	Шаралар	Шығарындыларды азайту, тонна/жыл		Орындалу %
		Жоспар	Іс жүзінде	
1	Ұңғымаларды тазалау кезінде жоғары қысымды сепараторды қолдану	181 972	236 047	130%
2	Ұңғымаларды тазалау кезінде жоғары қысымды сорғыны қолдану	11 761	10 452	89%
3	Қабатқа әсер ету мақсатында көмірсутек негізіндегі сұйықтықтарды қолдану	15 337	15 458	101%
4	ҚӨК алау коллекторлары клапандарын жөндеу	12 299	26 414	215%
5	4-технологиялық желідегі бу шығынын есептегіш жұмысын реттеу	6 502	11 209	172%
6	ГҚДҚ-2 компрессорларының құбырлық байламасын жетілдіру	22 129	7 778	35%
Барлығы:		250 000	307 358	123%

Ұңғымаларды тазалау кезінде жоғары қысымды сепараторды қолдану арқасында шығарындылар саны жылына

236 047 тоннаға
дейін азайтылды



САНИТАРЛЫҚ ҚОРҒАУ АЙМАҒЫ

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап, Қарашығанақ кен орнының шекарасында жаңа санитарлық қорғау (СҚА) аймағы іске қосылды.

Әсер етудің шеткі көздерінің сызығы мен СҚА сыртқы шекарасы арасындағы аумақ және санитарлық қорғаудың жаңа есептік аймағының ауданы (2018 ж.) 513,7 км² құрайды, яғни 01.01.2019 дейін қолданылып келген СҚА ауданынан 95,1 км²-ге үлкен. Бұл ретте, әсерлердің шеткі көздері сызығының ішіндегі аудан (2018 ж. деректерге сәйкес) 2011 жылғымен салыстырғанда 56,1 км²-ге ұлғайып, 208,3 км² жерді алып жатыр. Периметр бойынша СҚА шекарасының ұзындығы 98,96 км, яғни, 01.01.2019 дейін қолданыста болған шекарадан 11,16 км ұзын. СҚА аумағының өзгеруі ең алдымен, шеткі әсер ету көздері сызығының ішіндегі ауданның СҚА аумағында жаңа нысандар салу жоспарлары мен жаңа ұңғымаларды бұрғылау себебінен кеңеюімен, сонымен қатар атмосфераға тасталатын ластаушы заттардың өсуімен және қабылданған газды алауда максималды бір уақытта жағуды есептеу үшін қабылданған сценариймен байланысты болды.

Қарашығанақ кен орны СҚА аумағы бағыт бойынша әртүрлі болып келеді: оңтүстік-батыс бағытында 5 000 м-ден, ал оңтүстік-шығыс бағытында 9 440 м-ге дейін өзгереді. Өзге сөзбен айтқанда, санитарлық қорғаудың есептік аумағы әсер ету көздерінің шеткі нүктелерінің сызығынан 5 007 м-ден 7 579 м-ге дейінгі көрсеткішті құрайды. СҚА-дан жақын маңайда орналасқан ауылдарға дейінгі арақашықтық 33-кестесінде берілген.

33-кесте. СҚА шекарасынан жақын маңайда орналасқан елді мекендерге дейінгі арақашықтық

Елді мекен атауы	СҚА шекарасынан жақын маңайда орналасқан елді мекендерге дейінгі арақашықтық, м
Жарсуат	4 317
Жаңаталап	2 887
Қарашығанақ	3 287
Қаракемер	4 778
Ақсай	7 569
Приурал	6 660
Димитрово	4 812
Успен	6 278

Березов пен Бестау ауылдары санитарлық қорғаудың есептік аумағына кіретіндіктен (2018 ж.), осы ауылдың тұрғындары 2017 жылдың соңында санитарлық-гигиеналық нормативтер бойынша қолайлылығы жоғарырақ өмір сүру ортасына көшірілді.

КПО 2018 жылдан бастап ГҚДҚ-2 жаңғырту және ескі СҚА (2011 ж.) аумағында жаңа ұңғымаларды бұрғылау жұмыстарын бастады. Кен орнының болашақ даму нысандары КЕР-1А және КЕР-1 2020 жылдан кейінгі уақытқа жоспарланған.

Санитарлық-гигиеналық талаптар негізінде санитарлық қорғаудың есептік аймағының шекарасы келесідей анықталады:

- ▶ ластаушы заттардың жердегі шоғырлануының есептік аймағының сызығы – оның шегінен тыс аймақта ешбір ластаушы зат бойынша рұқсат етілген шекті шоғырланду (РШШ) асуы орын алмайды,
- ▶ физикалық әсер етудің шекті рұқсат етілген деңгейлерінің (ШРД) сызығы – оның шегінен тыс аймақта физикалық әсерлердің ШРД асуы орын алмайды,
- ▶ халық денсаулығына төнетін қауіптің жарамды деңгейінің сызығы – оның шегінен тыс аймақта халыққа төнетін қауіп жарамды деп бағаланады.

2015 жылғы тұрақты даму туралы есепте белгіленген санитарлық қорғаудың есептік аймағын анықтау факторына толықтыру ретінде жиынтық сызық анықталған болатын. Бұл сызықтың шегінен тыс аймақта РШШ артуы және халық денсаулығына қауіп жоқ. Есептеулер КПО барлық өндірістік нысандарының штаттық жұмысын және кеніштің істегі мен болашақтағы нысандарының алауларында газдың максималды бір уақытта жағылуын, сондай-ақ газдың 4 ұңғымада максималды бір уақытта жағылуын ескере отырып жүргізілді.


СҚА шекараларын кеңейту шеңберінде КПО 2018 жылы істегі экологиялық мониторинг станцияларын жаңа СҚА аумағына көшіруді бастады. Жалпы, 11 экологиялық мониторинг станциясы көшірілуі тиіс.

2018 жылғы желтоқсан айында істегі үш ЭМС (№ 10, 13, 14) көшірілуі және қосылуы орын алды. Көшірілген станциялар штаттық тәртіп бойынша жұмыс істеуде.

КПО 2019 жылы басқа үш станцияны: № 11, 16, 18 көшіруді жоспарлады. Қалған бес станцияның көшірілуі жобалық құжаттаманың дайындығына және техникалық мүмкіндіктерге байланысты орын алады.

16-сурет. 2019 Жылғы СҚА БЕЛГІЛЕНГЕН ҚАРАШЫҒАНАҚ КЕН ОРНЫ КАРТАСЫ

- Елді мекендерден жиынтық сызық шегіне дейінгі қашықтық
- Елді мекендерден жобаны санитарлық қорғау аймағына дейінгі қашықтық
- Мемлекеттік шекара
- Автоматты экологиялық мониторинг станциялары (ЭМС)
- Жиынтық сызық шегі
- Есептелген санитарлық қорғау аймағы (қолданысқа 2018 ж. 1 қаңтарында енді)
- Санитарлық қорғау аймағы
- КПО өндіріс нысандары
- Елді мекендер
- Тас жолдар
- Гидрография



ҚОРШАҒАН ОРТА МОНИТОРИНГІ

GRI 413-1

Компания қызметінің қоршаған ортаға ықтимал әсерін бағалау мақсатында КПО өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасында (ӨЭБ) белгіленген тәртіпте мониторинг өткізеді. Қоршаған ортаға шығарындыларды – ауаға шығарылатын зиянды заттарды, ағын сулардың шығарындыларын және қалдықтарды өңдеу мен кәдеге жаратуды; сонымен қатар қоршаған орта компоненттерінің – атмосфералық ауаның, жер үсті және жер асты суларының, топырақтың сапасын бақылау жүргізіледі. ӨЭБ бағдарламасы сынамалар алу/өлшем жүргізу орындарын, анықталатын компоненттердің тізімі мен мониторинг жүргізу жиілігін бекітеді.

Өндірістік экологиялық бақылау Қарашығанақ кен орны аумағында, санитарлық қорғау аймағының шекарасында, кенішке жақын маңайда орналасқан ауылдарда, ҚӨК-Үлкен Шаған-Атырау конденсат экспорты құбыр желісі мен оның нысандары бойымен жүргізіледі.

КПО ауа сапасын аккредиттелген зертхана арқылы сынамалар алу талдау жасау және осыған қоса, ҚМГКК-де және СҚА периметрі бойынша орналасқан 18 автоматты экологиялық мониторинг станциялары (ЭМС) арқылы бақылайды. Әрбір ЭМС-да ауа құрамындағы (H₂S) күкірт сутегісін, (SO₂) күкірт диоксидін, (NO_x) азот диоксидін, (CO) көміртек оксидін үздіксіз өлшеп тұратын төрт (4) талдағыш орнатылған. Ауада бақыланатын ластаушы заттардың құрамы жоғары деңгейде болған жағдайда, хабарлау жүйесі ескерту дабыл белгілерін шығарады.

Қажет болған жағдайда, кейбір жұмыс алаңдарында ауа бақылануын өткізу үшін екі толықтай жабдықталған жылжымалы ЭМС-дың бірі қолданылады.

Ауа сапасын бағалау үшін денсаулыққа әсер ету шегі немесе рұқсат етілген шекті шоғырлану (РШШ) қолданылады. Бақыланатын компоненттердің тіркелген концентрациясы бөліктердегі ластану деңгейін көрсететін рұқсат етілген шекті шоғырланулармен салыстырылады. Атмосфералық ауаны ластайтын заттардың шоғырлануы – қазіргі немесе келешек ұрпаққа тікелей немесе жанама түрде теріс әсер етпейтін, адамның жұмыс қабілеттілігін төмендетпейтін және оның денсаулығына зиян келтірмейтін, санитарлық және тұрмыстық жағдайларын нашарлатпайтын концентрация.

Қарашығанақ кен орнының СҚА шекарасындағы атмосфералық ауа сапасын бақылау

СҚА шекарасында 18 ЭМС арқылы үздіксіз ауа мониторингімен қатар аккредиттелген мердігерлік зертхана ҚМГКК СҚА шекарасында атмосфералық ауа сынамаларын компанияның 8 бағыты (румб) бойынша іріктейді. СҚА шекарасында сынамалар бағыттық бекеттерде¹⁰ әр күн сайын келесі жиілікпен алынады:

- ▶ N, E, S, W сынама алу нүктелерінде – күніне 4 рет;
- ▶ NE, SE, SW, NW сынама алу нүктелерінде – күніне 1 рет.

Мұндағы сынамаларында ауа құрамы ЭМС-пен бірдей компоненттерге талданады: (H₂S) күкірт сутегісін, (SO₂) күкірт диоксидін, (NO_x) азот диоксидін, (CO) көміртек оксидін. Сонымен қатар, ауа сынамаларындағы метан (CH₄) және метилмеркаптан (CH₃SH) мөлшері де анықталады.

ҚМГКК СҚА-дағы 8 бағыттық бекеттердің ауаны бақылау нәтижелеріне сәйкес 2018 жылы қадағаланатын компоненттердің РШШ-нан асып кету жағдайлары тіркелген жоқ.

СҚА шекарасында бақыланатын ауа компоненттерінің жылдық орташа шоғырлану мәндері 34-кестеде келтірілген. «Нақты жылдық орташа шоғырлану» бағанасы 8 нүкте бойынша бақыланатын ауа компоненттерінің орташа шоғырлануының максималды және минималды мәндерін көрсетеді.



КПО ауа сапасын

18

автоматты экологиялық мониторинг станциялары арқылы бақылап, желідегі деректерді Қоршаған ортаны қорғау департаментіне жібереді

¹⁰ Бағыттық бекет – тасымалданатын жабдықтың көмегі арқылы өткізілетін, тіркелген аймақтарда бақылау кезінде ауа сынамаларын үнемі іріктеу үшін арналған бекет.

34-кесте. 2018 жылы СҚА шекарасында орналасқан бағыттық бекеттерімен бақыланатын атмосфералық ауа компоненттері шоғырлануының жылдық орташа мәні

Бақыланатын компоненттер	Нақты жылдық орташа шоғырлану, мг/м ³	Бір мезгілдік РШШ м.б. ¹¹ , мг/м ³	РШШ артуы
H ₂ S	0,002	0,008	Тіркелмеді
SO ₂	0,003	0,5	Тіркелмеді
NO ₂	0,025–0,027	0,2	Тіркелмеді
CO	МАШ* мәнінен төмен	5,0	Тіркелмеді
CH ₄	1,107 – 1,136	50**	Тіркелмеді
CH ₃ SH	Анықталған жоқ	0,006	Тіркелмеді

* Тіркелген өлшеулер минималды анықтау шегінен (МАШ) төмен болды. CO үшін МАШ – 0,6 мг/м³

** Әсер етудің белгіленген болжамдағы қауіпсіз деңгейі. Метан үшін РШШ орнатылмаған.

Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан ауылдардағы атмосфералық ауа сапасын бақылау GRI 413-1

Қарашығанақ маңайында орналасқан 6 елді мекенде: Жарсуат, Жаңаталап, Димитров, Қарашығанақ, Приуральное, Успен және Ақсай қаласында ауаны бақылаудың тұрақты бекеттері бар. Бұл бекеттерде куәландырылған мердігерлік ұйым зертханасы күніне 4 сынама алады (мемлекеттік стандартқа сәйкес 01:00, 07:00, 13:00 және 19:00 уақытында). Ауа сынамаларын алу мердігерлік зертхананың аталмыш ауылдарда тұратын тұрақты қызметкерлерімен жүргізіледі.

¹¹ Бір мезгілдік РШШ – елді мекендердің атмосфералық ауасындағы заттектің максималды бір жолғы рұқсат етілген шекті шоғырлануы [мг/м³]. Бұл шоғырлану 20-30 минут бойы тыныс алу кезінде адам ағзасында рефлекторлық реакцияны қоздырмауы тиіс (тыныс алудағы іркіліс, көздердің тітіркенуі, жоғарғы тыныс жолдары, т. б.).

Алынған сынамалар Ақсай қаласындағы зертханаға жеткізіліп, мемлекеттік стандарт және басшылыққа алынатын құжаттарға сәйкес негізгі бес компоненттің құрамына химиялық тұрғыдан тестіленеді: (H₂S) күкірт сутегісі, (SO₂) күкірт диоксиді, (NO₂) азот диоксиді, (CO) көміртек оксиді және метилмеркаптан (CH₃SH). Одан басқа, ауа құрамындағы ұшқыш органикалық байланыстардың: бензол (C₆H₆), ксилол (C₈H₁₀), толуол (C₇H₈) құрамына 10 күнде 1 рет бақылау жүргізіледі.

Ауа сапасын бақылаудың ай сайынғы нәтижелері жергілікті баспа бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және ақпараттық тақтаға орнатылу үшін ауылдарға таратылады.

Газ иісіне байланысты халықтың шағымдары түскен жағдайда тұрақты бекеттерде кезектен тыс сынамалар алынады.

2018 жылы NO₂ айлық орташа шоғырлануы РШШ аспаса да, оның тәуліктік орташа шоғырлануының РШШ деңгейінен асуының 2 жағдайы Жаңаталап ауылында тіркелді:

- ▶ 1-жағдай 2018 жылдың екінші тоқсанында (23.06.2018) тіркелді: NO₂ шоғырлануының РШШ мәнінен 1,075 есе артуы. Тәуліктік орташа шоғырлану деңгейі 0,043 мг/м³ жетті, ал тәуліктік орташа РШШ – 0,04 мг/м³
- ▶ 1-жағдай 2018 жылдың төртінші тоқсанында (21.12.2018) тіркелді: NO₂ шоғырлануының РШШ мәнінен 1,1 есе артуы. Тәуліктік орташа шоғырлану деңгейі 0,044 мг/м³ жетті, ал тәуліктік орташа РШШ – 0,04 мг/м³

Бұдан басқа компоненттердің РШШ деңгейінен арту жағдайлары тіркелмеді.



Жеті елді мекендердегі атмосфералық ауада бақыланатын компоненттердің 2017 жылғы орташа шоғырлануы 35-кестеде келтірілген. «Нақты жылдық орташа шоғырлану» бағанасы бақыланатын ауа компоненттерінің орташа шоғырлануының максималды және минималды мәндерін көрсетеді.

35-кесте. 2018 жылғы Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан елді мекендердің атмосфералық ауасындағы бақыланатын компоненттер шоғырлануының жылдық орташа мәндері GRI 413-1

Бақыланатын компоненттер	Нақты жылдық орташа шоғырлану, мг/м ³	Тәуліктік орташа РШШ ¹² , мг/м ³	Тәуліктік орташа РШШ артуы
H ₂ S	0,002	0,008 ¹⁴	Тіркелмеді
SO ₂	0,003 – 0,004	0,05	Тіркелмеді
NO ₂	0,025 – 0,029	0,04	Тіркелмеді
CO	МАШ ¹³ мәнінен төмен	3,0	Тіркелмеді
C ₆ H ₆	МАШ ¹³ мәнінен төмен – 0,149	0,3 ¹⁴	Тіркелмеді
C ₇ H ₈	МАШ ¹³ мәнінен төмен	0,6 ¹⁴	Тіркелмеді
C ₈ H ₁₀	МАШ ¹³ мәнінен төмен	0,2 ¹⁴	Тіркелмеді
CH ₃ SH	Анықталған жоқ	0,006 ¹⁴	Тіркелмеді

¹² Тәуліктік орташа РШШ – Елді мекендердің атмосфералық ауасындағы заттектің максималды орташа тәуліктік рұқсат етілген шектеулі шоғырлануы [мг/м³]. Бұл шоғырлану белгісіз ұзақ мерзім (жылдар) бойы тыныс алу кезінде адам ағзасына тікелей немесе жанама зиянды әсерін тигізбеуі тиіс.

¹³ Тіркелген өлшеулер минималды анықтау шегінен (МАШ) төмен болды. Бақыланатын параметрлердің минималды анықтау шегі келесідей:
CO – 0,6 мг/м³; C₆H₆ – 0,14 мг/м³;
C₇H₈ – 0,14 мг/м³; C₈H₁₀ – 0,14 мг/м³.

¹⁴ РШШ бір мезгілдік (б.м.) – Күкірт сутегі және метилмеркаптан үшін РШШ т.о. мөлшері бекітілмеген, сол себепті салыстыру үшін РШШ б.м. қолданылады; сондай-ақ РШШ б.м. атмосфералық ауа құрамындағы бензол, толуол және ксилол шоғырлану деңгейін бағалау үшін қолданылады, себебі осы компоненттер үшін сынамаларды іріктеу және талдау жиілігі– 10 күнде 1 рет.

Атмосфералық ауа сапасына автоматты ЭМС арқылы бақылау жүргізу GRI 413-1

КПО-ның ауа бақылауын үздіксіз тәртіпте жүргізетін автоматты экологиялық мониторинг станциялары СҚА шекарасындағы атмосфералық ауа күйі туралы қосымша ақпарат береді.

ЭМС тіркеген бақыланатын компоненттердің 2018 жылғы орташа жылдық шоғырлануы 36-кестеде келтірілген. Екі кестедегі «Нақты жылдық орташа шоғырлану» бағанасы әрбір ЭМС-ке бақыланатын ауа компоненттерінің орташа шоғырлануының максималды және минималды мәндерін көрсетеді.

36-кесте. Бақыланатын компоненттер шоғырлануының 2018 жылы ЭМС тіркеген орташа жылдық мәндері

Бақыланатын компоненттер	Нақты жылдық орташа шоғырлану, мг/м ³	Бір мезгілдік РШШ м.б., мг/м ³	РШШ артуы*
H ₂ S	0 – 0,001	0,008	Тіркелмеді
SO ₂	0,003 – 0,009	0,5	Тіркелмеді
NO ₂	0,003 – 0,009	0,2	Тіркелмеді
CO	0,2 – 0,4	5,0	Тіркелмеді

Ескерту: СҚА шекарасындағы ауа сапасының критерийі – бір мезгілдік РШШ.

Жұмыстағы 18 ЭМС барлығы төрт негізгі ластаушылар (H₂S, SO₂, NO₂, CO) бойынша үздіксіз, яғни тәулігіне 24 сағат бойы, өлшеу жүргізеді. Экологиялық мониторинг станцияларынан 2018 жылы алынған мәлімет бойынша H₂S үшін нақты жылдық, тоқсанғы және орташа тәулік мөлшері РШШ деңгейінен аспады. Сонымен қатар, азғантай уақыт ішінде (20 минут) РШШ б.м. мөлшерінің артуы тіркелген. 37-кестеде көрсетілген артулардың көпшілігі жергілікті тұрғындармен кездесулерде КПО өндірістік қызметіне қатысы жоқ екені расталғанын атап өту керек.

2018 жылы басқа компоненттер бойынша РШШ деңгейінен асу жағдайлары тіркелмеді.

37-кесте. 2018 жылы күкіртті сутегі (H₂S) мөлшерінің бір мезгілдік артуының ЭМС арқылы тіркелуі

ЭМС №	2018 жылы тіркелген нақты бір мезгілдік шоғырлану, мг/м ³		Нормативтерге сәйкес келмеу жағдайларының саны	РШШ артуының жиілігі, бір мезгілдік*
	мин	макс		
ЭМС-007	0	0,022	21	1,125-2,75
ЭМС-008	0	0,016	23	1,125 – 2,0
ЭМС-013	0	0,010	1	1,25
ЭМС-017	0	0,012	3	1,125 – 1,5

* Бір мезгілдік РШШ – 0.008 мг/м³

2018 жылғы маусым айында КПО барлық 18 ЭМС-ның ауа сапасын бақылау туралы деректерді онлайн тәртібінде Батыс Қазақстан облысының Қоршаған ортаны қорғау департаментіне жіберуге арналған автоматты жүйені іске қосты. Бұл әрекет КПО жүргізетін ауа сапасына мониторинг қызметінің ашықтығын арттырады. Аталмыш жоба қоршаған ортаны қорғау бойынша 2018 жылға арналған шаралар жоспарын орындау шеңберінде жүзеге асырылды.

ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ

Энергетикалық менеджмент жүйесі **GRI 103-2, 103-3**

2018 жылы КПО-да ISO 50001: 2011 «Энергетикалық менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкестікке арналған қадағалау аудиті өткізілді. Аудит нәтижелері бойынша КПО-ның осы стандарттың талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды жасалды. ISO 50001 сертификаты 2020 жылдың қыркүйегі, келесі сертификаттау аудитіне дейін жарамды. Сертификаттау аудиті КПО-ның іскерлік беделін Қазақстан Республикасының сенімді серіктесі ретінде одан әрі нығайтуға, заңды талаптарды және халықаралық стандарттарға сәйкес келу үшін қажетті шараларды қабылдауда ықпал етеді.

Энергияны тұтыну **GRI 302-1**


2018 жылы энергия ресурстарын жалпы тұтыну мөлшері 2017 жылғы 1 051 285 шартты отын тоннасымен салыстырғанда 1 040 603 шартты отын тоннаны құрады. 38-кестеде энергия түрлері бойынша энергияны тұтыну көлемдері берілген.

2018 жылғы энергия ресурстарын тұтыну мөлшері біршама тұрақты болды және 2017 жылғы деректерден айырмашылығы аз. 2018 жылғы энергияны жұмсау көрсеткіші бір тонна көмірсутекке шаққанда 1,11 Гдж құрады, бұл IOGP (1,50) өз есептерін берген компаниялардың энергияны жұмсау орта көрсеткіштерінен төмен.

38-кесте. 2016–2018 жж. КПО-ның энергия ресурстарын тұтыну мөлшері **GRI 302-1**

Энергия түрі	Өлшем бірлігі	Энергияны тұтыну, физикалық өлшем бірліктері			Энергияны тұтыну, шартты отын тоннасы			Энергияны тұтыну, ГДж		
		2016	2017	2018	2016	2017	2018	2016	2017	2018
Отын газы	мың м³	785 007	850 765	841 943	967 129	1 048 142	1 037 274	28 346 542	30 721 053	30 402 505
Электр энергиясы (сатып алынған)	МВт/сағ	10 841	6 892	6 707	1 333	848	825	39 085	24 846	24 181
Дизель жанармайы	м³	1 436	772	839	1 811	911	1 058	53 074	26 696	30 997
Бензин	м³	264	287	245	291	316	271	8 535	9 274	7 934
Жылу (жалға алынған кеңселерде)	Гкал	7 943	7 468	8 219	1 136	1 068	1 175	33 292	31 301	34 449
БАРЛЫҒЫ					971 700	1 051 285	1 040 603	28 480 528	30 813 170	30 500 065

30-сызба. Энергияны жұмсау динамикасы, 2016–2018 жж. GRI 302-3, 102-48



* 2017 жылғы деректерді IOGP ұсынған компаниялардың энергияны жұмсау орташа көрсеткіші 2018 жылы шығарылған IOGP «2017 жылғы экологиялық көрсеткіштер» есебіне сәйкес түзетілді.

Энергияны сақтау бойынша шаралар жоспары

КПО-ның энергияны сақтау мен тиімділігін арттыру бойынша бекітілген жоспарына сәйкес 2018 жылы КПО келесі шараларды жүзеге асырды:

- ▶ Ішкі кәсіптік жинақтау жүйесі таратқыш желісіндегі электр энергиясы сапасы көрсеткіштеріне зерттеу жасалып, тұтынатын электр энергиясы сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірленді. Ұсыныстар шаралар жоспарына қосылды.
- ▶ Өндірістік және қосалқы нысандарда шамдарды жарықдиодты шамдарға алмастыру жұмыстары жалғасты.
- ▶ ГҚДҚ-2 кері айдау компрессоры турбинасында жаңа типті кіру әуе фильтрлері алмастырылды. Фильтрді жақсарту нәтижесінде турбиналар өнімділігі көтеріліп, отынды тұтыну деңгейі төмендеді.
- ▶ Суды үнемдеу мақсатында сенсорлық араластырғыш орнатылды.
- ▶ ГТЭС қызметкерлеріне «Газтурбиналық қондырғыларды пайдалану кезіндегі энергия тиімділігі мен энергияны үнемдеу» оқыту курсы өткізілді.




КПО-мен өткізілген «Uralsk Green Forum» II халықаралық экологиялық форумында БҚО әкімдігі, КПО және Халықаралық жасыл технологиялар мен инвестициялық жобалар орталығы арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Жасыл экономика бойынша ғылыми-білім беру, экологиялық және инновациялық жобаларды жүзеге асыру осы ынтымақтастықтың бір тармағы; 2019 жылдың басында аталмыш келісім шеңберінде БҚО әкімдігі мен КПО БҚО университеттері мен колледждері арасында инновациялық экологиялық идеялар байқауын өткізу туралы хабарлады. Байқау Қазақстанның Жастар жылына орай жүргізілді. Байқау қорытындысы «Uralsk Green Forum» III халықаралық экологиялық форумында жарияланатын болады.

СУ ҚОРЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Компания міндеті – су қорларын сақтау мақсатында оларды тиімді пайдалану. КПО кәсіпорындағы ауыз суды пайдалануды су қорларын сақтау бойынша шаралар кешені арқылы реттейді және мүмкіндігінше тазартылған суды қайта пайдаланады.

2018 жылы Компанияның жалпы су тұтынуы 515 141 м³ құрады, оның 420 777 м³ – техникалық су, ал 94 364 м³ – ауыз су болып табылады. **GRI 303-1**

31-сызба. 2016–2018 жж. КПО-ның су тұтынуы



2018 жылғы КПО-ның техникалық қажеттіліктер үшін су тұтыну көлемі 2017 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда

6 % -ға
кем



Техникалық мақсатта қолданылатын су

2018 жылғы КПО-ның техникалық қажеттіліктер үшін су тұтыну көлемі 420 340 м³ құрады, бұл, 2017 жылғы 447 445 м³ көрсеткішімен салыстырғанда 6%-ға кем.

Қарашығанақ кен орнындағы техникалық мақсаттарға қажетті сумен қамтамасыз етуші негізгі көз Қоншыбай жырасындағы № 1 су қоймасы болып табылады. Пайдалану мерзімі 22.09.2020 ж. дейінгі және суды өндірістік мақсаттарға алу үшін суды пайдаланудың арнайы рұқсаттамасына сәйкес, жыл сайынғы су алу шегі 595 047 м³ құрайды. 2018 жылы Қоншыбай жырасынан алынған судың жалпы көлемі 417 232 м³ құрады. Бұл тұрғыдан КПО алғашқы су тұтынушы.

Қоншыбай жырасы жергілікті балық шаруашылығы су қоймасы тізбесіне жатпайды, жер асты суымен қамтылмайды, және ол тек көктем кезіндегі еріген қар мен жаңбыр суынан толады.

Атырау мұнай айдау станциясының шаруашылық-тұрмыстық және техникалық қажеттіліктері үшін Астрахань-Маңғышлақ магистральды құбыр желісі арқылы Қиғаш су тоғанындағы техникалық сападағы су жеткізіледі.

Тұрмыстық қажеттіліктерге арналған су

КПО-ның тұрмыстық қажеттіліктері үшін сумен қамтамасыз ету көздері: Қарашығанақ кен орнында – Жарсуат су тоғаны, Үлкен Шаған мұнай айдау станциясында – Серебряков су тоғаны, Атырау мұнай айдау станциясында – Қиғаш су тоғаны пайдаланылады. Ауыз сумен қамтамасыз ету оны жеткізушілермен жасасқан келісім негізінде жүргізіледі. Бұл жағдайларда Компания қосымша тұтынушы болып табылады.

Ауыз су сапасындағы су Компания нысандарының шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктері үшін ғана пайдаланылады. Үлкен Шаған мұнай айдау станциясына (МАС) ауыз су сапасындағы су «Қазводхоз» РМК БҚО филиалымен жеткізіледі, сумен қамтамасыз етудің басқа балама көздері болмаған соң оны өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өрт резервуарларын толтыру үшін ғана қолданады.

2018 жылы КПО-ның тұрмыстық қажеттіліктері үшін жұмсалған су тұтыну көлемі 94 801 м³ құрады, бұл 2017 жылғы 91 019 м³ көрсеткішімен салыстырғанда 4%-ға артық.

Нысандардағы су тұтыну көлемі су өлшеу аспаптарымен және құрылғылармен есептеліп, ҚР судың бастапқы есебінің қағидаларына сай тіркеу кітаптарында тіркеледі.

39-кестеде КПО-ның су көздері бойынша суды тұтыну мөлшері көрсетілген.

39-кесте. 2016–2018 жж. КПО-ның су көздері бойынша суды тұтыну мөлшері, м³ GRI 303-1

№	Су көздері	Нысан	Су сапасы	Тұтыну		
				2016	2017	2018
1	Жарсуат су тоғаны	ҚМГКК	жер асты, ауыз су	88 415	89 034	92 888
	<i>тұрмыстық қажеттіліктерге</i>			88 415	89 034	92 888
2	Серебряков су тоғаны	Үлкен Шаған МАС	жер асты, ауыз су	1 670	1 656	1 476
	<i>тұрмыстық қажеттіліктерге</i>			1 165	931	980
	<i>өндірістік қажеттіліктерге</i>			505	725	496
3	Қоншыбай су қоймасы	ҚМГКК	жер үсті, техникалық су	374 956	445 591	417 232
	<i>өндірістік қажеттіліктерге</i>			374 956	445 591	417 232
4	Қиғаш су тоғаны	Атырау МАС-ы	жер үсті, техникалық су	3 898	2 183	3 545
	<i>тұрмыстық қажеттіліктерге</i>			1 053	1 054	933
	<i>өндірістік қажеттіліктерге</i>			2 845	1 129	2 612

Тазартылған сарқынды суларды төгу GRI 306-1

Өндірісте немесе шаруашылық-тұрмыстық қажеттілікте пайдаланған суға оның алғашқы құрамын немесе физикалық қасиеттерін өзгертетін қосымша қоспалар (ластаушылар) еніп, нәтижесінде сарқынды сулар пайда болады. Өнеркәсіптік нысандар аймақтарынан атмосфералық жауын-шашын салдарынан ағатын және көмірсутек шикізатын өндіру барысында пайда болатын сулар да сарқынды суларға жатады.

Тазартылған тұрмыстық-шаруашылық, өндірістік-нөсерлік және нөсерлік сарқынды суларды жинау үшін компания 40-кестеде берілген арнайы салынған жасанды құрылыстарды пайдаланады. Бұл құрылыстар ластаушы заттардың топырақ және жер асты суларына жайылуын болдырмайды, сонымен қатар техникалық қажеттіліктерге қайта пайдалану үшін тазартылған сарқынды суларды жинауға, осы арқылы тұщы судың шығынын төмендетуге мүмкіндік береді.

40-кесте. КПО-ның түрі бойынша сарқынды суларды жинау құрылыстары

Сарқынды сулар түрлері	Тазартылған тұрмыстық-шаруашылық сарқынды сулар	Өндірістік-нөсерлік сарқынды сулар	Еріген және жаңбырдың сарқынды сулары
Құрылыстар мен орналасқан жері	<ul style="list-style-type: none"> ▶ ӘКК-дегі № 1, 2-су жинақтауыш тоғандар; ▶ Үлкен Шаған МАС мен Атырау МАС-дағы буландырғыш тоғандар. 	<ul style="list-style-type: none"> ▶ ҚӨК тұнба тоғаны; ▶ ГҚДҚ-2 тұнба тоғаны; ▶ ГҚДҚ-3 жиналмалы бассейндері (2 нысан). 	<ul style="list-style-type: none"> ▶ ҚӨК суландыру лагунасы (2 нысан); ▶ ӘҚК суландыру лагунасы; ▶ ГҚДҚ-2 суландыру лагунасы; ▶ Эко орталықтың су жинақтағыш тоғандары (2 нысан).

Көмірсутекті шикізатпен бірге өндірілетін ілеспе-қабат сулар мен өнеркәсіптік сарқынды сулар тазартылып, өнеркәсіптік сарқындарды жер астында көмудің № 1 және № 2 полигондарының тереңде орналасқан жерасты деңгейжиектеріне айдалады. Өнеркәсіптік сарқындарды көму оларды тазарту кезінде тұзды қалдықтардың жер бетінде пайда болуын болдырмайтын сарқындарды өңдеудің әлемдік тәжірибесі. Деңгейжиектердің берік оқшаулануы және сарқындарды кері айдауға өте қолайлы болып табы-

латын жер қыртысының қасиеттері сарқындардың жоғарғы деңгейжиектерге кетуін болдырмайды. КПО-ның шаруашылық және өндірістік қызметі нәтижесінде пайда болатын сарқынды сулар табиғи су қоймаларына төгілмейді.

41-кестеде сарқынды су санаттары мен қабылдаушы нысандар бойынша КПО-ның 2016–2018 жж. төгу көлемдері.

41-кесте. Сарқынды су санаттары мен қабылдаушы нысандар бойынша КПО-ның 2016–2018 жж. жалпы төгу көлемі, м³ GRI 306-1

Қабылдаушы нысан	Сарқынды сулар санаты	2016	2017	2018
Су жинақтауыш тоғандар	Тазартылған тұрмыстық-шаруашылық сарқынды сулар	62 767	63 935	68 752
Өнеркәсіптік сарқындарды жер астында көму полигондары	Өндірістік-нөсерлік сарқынды сулар, технологиялық және ілеспе-қабат сарқынды сулар	413 399	582 400	663 706
Үлкен Шаған және Атырау МАС-дағы жер рельефі	Еріген және жаңбырдың сарқынды сулары	5 543	2 862	2 694
ТӨГІНДІЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ		481 709	649 197	735 152

2018 жылғы сарқынды су төгінділер көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 11,6%-ға өсті. Ал 2018 жылғы кері айдалатын өнеркәсіптік сарқындар көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 12,3%-ға өсті. Өнеркәсіптік сарқындар көлемінің артуы су алу деңгейі жоғары өндіру ұңғымаларының бұрғылануымен, сәйкесінше ілеспе-қабат сулар көлемінің артуымен байланысты. Көмірсутек шикізатымен бірге өндірілетін ілеспе-қабат сулар көлемінің артуына және ілеспе-қабат сулардағы еритін тұз мөлшерінің жоғары болуына байланысты жер асты деңгейжиектерге кері айдалатын сарқынды

сулардағы ластаушы заттар көлемі де арта түсті. Тазартылған сарқынды сулар түрлері мен құрамындағы ластаушы заттар [2017 жылғы Тұрақты даму](#) туралы есепте берілген (93-бет).

42-кестеде 2016–2018 жылдар аралығындағы сарқынды сулармен бірге ластаушы заттарды төгу көлемі жөнінде деректер берілген.

42-кесте. 2016–2018 жылдар аралығындағы сарқынды сулармен бірге ластаушы заттарды төгу көлемі

Нысан	Норматив, тонна			Іс жүзіндегі, тонна		
	2016	2017	2018	2016	2017	2018
ҚМГКК	57 272,71	57 274,87	76 796,183	17 094,78	32 930,47	42 277,12
Үлкен Шаған МАС	3,66	3,66	3,66	0,99	1,23	1,72
Атырау МАС-ы	2,37	2,37	2,37	0,85	1,36	1,19
БАРЛЫҒЫ:	57 278,74	57 280,9	76 802,213	17 096,62	32 933,06	42 280,03

2018 жылы ластаушы заттардың 42 280,03 тоннасы төгілді (2017 жылғы 32 933,06 тонналық көрсеткішпен салыстырғанда 1,3 есе артық). Оның ішінде 39 695,33 тонна шекті рауалы төгінді (ШРТ) нормативтері шегінде, ал 2 584,70 тонна – одан тыс төгілді. Ластаушы заттардың нормативтерден тыс төгінділері жинақтаушы тоғандарға төгілетін тұрмыстық сарқындардағы аммонийлі азот, сульфаттар мен хлоридтер бойынша бірінші тоқсандағы ШРТ концентрациясының асып кетуімен байланысты. Жер асты көкжиектерге кері айдалатын сарқындарда 3-тоқсанда тек № 1-Полигондағы өлшенген заттар бойынша ШРТ концентрациясының асып кету жағдайлары байқалды.

№ 1-өнеркәсіптік сарқындарды жерасты көму полигонында өнеркәсіптік сарқындар көлемінің артуы өлшенген заттар, мұнай өнімдері, сульфидтер, күкіртсутегі, темір, мыс, алюминий, мырыш, сульфаттар мен хлоридтер бойынша ШРТ жылдық нормативінің асып кетуіне және нормативтен артық төгінділердің түзілуіне себеп болды. ҚР салық заңнамасы талаптарына сәйкес пайда болған нормативтерден артық ластаушы заттар төгінділері үшін Компания қажет төлемдерді жүргізді.

Жалпы алғанда, сарқындар тереңдегі нық оқшауланған жер асты деңгейжиектерге кері айдалатындықтан, бұл әрекет топырақ, өсімдіктер мен жануарлар әлемі сияқты қоршаған орта компоненттеріне әсер етпейді. Бұл деңгейжиектердегі сулар жоғары минералданған және шарушылық-ауыз су, бальнеологиялық және техникалық қажеттіліктер үшін, суару және мал шаруашылығы үшін қолданылмайды. Өнеркәсіптік сарқынды сулар пермо-триас тұзусті шөгінділеріне кері айдалады. № 1-өнеркәсіптік сарқындарды жер асты көму полигонының тереңдігі 2 001 м, ал № 2-өнеркәсіптік сарқындарды жер асты көму полигонының тереңдігі 2 900 м.

Тазартылған сарқынды суларды қайта пайдалану

Бұрғылау, бұрғылау ерітіндісін дайындау, екпе ағаштарын суару, құрылыс алаңдарындағы және жолдардың шаңын басу сияқты жұмыстар мен әрекеттерге КПО тазартылған тұрмыстық, өндірістік-жаңбырлық және нәсерлік сарқынды суларды пайдаланады. Сарқынды суларды Компания нысандарында қайта пайдалану 2018–2022 жылдарға белгіленген технологиялық регламентке сәйкес жүзеге асырылады.

2018 жылы КПО-ның техникалық қажеттіліктеріне қайта пайдаланылған сарқынды су көлемі Қоншыбай жырасынан алынған техникалық судың 4,4%-ын құрады. 43-кестеде тазартылған сарқындар қолданылатын жұмыс түрлері келтірілген.

43-кесте. 2016–2018 ж.ж. тазартылған сарқындарды қайта пайдалану, м³

GRI 303-3

	2016	2017	2018
Жалпы қайта пайдалану, соның ішінде:	48 023	50 476	18 241
<i>Бұрғылау қажеттіліктері мен бұрғылау ерітіндісін дайындауға</i>	30 655	32 130	8 825
<i>Суару, гидросынау және өрт резервуарларын толтыруға</i>	1 553	6 506	1 040
<i>Шаң басуға</i>	15 815	11 840	8 376

2018 жылы Компания техникалық қажеттіліктерге 18 241 м³ тазартылған сарқынды суды пайдаланды, олардың негізгі көлемі бұрғылау ерітіндісін дайындау үшін жұмсалды. 2017 жылмен салыстырғандағы 2018 жылғы тазартылған сарқындарды қайта пайдалану көлемінің азаюы бір бұрғылау станогы жұмысының аяқталуымен, сәйкесінше бұрғылау қажеттіліктеріне сарқынды суларды пайдалану көлемінің азаюымен байланысты.



ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ

КПО-дағы қалдықтарды басқару іс-әрекеті түзілетін қалдықтардың адамдар мен қоршаған ортаға нақты және ықтимал қауіпін азайтуға бағытталған.


КПО-ның 2018–2020 жылдарға арналған қалдықтарды басқару бағдарламасында жинақталған және түзілетін қалдықтардың көлемін біртіндеп азайту және қауіпті қасиеттер деңгейін біртіндеп төмендету бойынша көрсеткіштер мен шаралар қарастырылған. Компанияда қалдықтарды өңдеудің келесі әдістері қолданылады:

- ▶ қалдықтарды өндіріс үдерісіне қайта жіберу;
- ▶ қалдықтарды Эко орталық қондырғыларында қайта өңдеу;
- ▶ қалдықтарды Эко орталық нысандарына орналастыру;
- ▶ қалдықтарды кейін орналастыру, қайта өңдеу және жою үшін мамандандырылған мердігерлік ұйымдарға жіберу. **OG-7**

32-сызбада соңғы үш жылда түзілген қалдықтар мөлшерінің динамикасы көрсетілген. 2018 жылы КПО нысандарында түзілген қалдықтардың жалпы мөлшері 51 096 тоннаны құрады. 2017 жылмен салыстырғанда КПО-ның 2018 жылғы қалдықтар көлемі азайды, бұл бұрғылау жұмыстары көлемінің азаюымен байланысты болды.

Біріңғай республикалық қалдықтар бойынша есеп берудің ақпараттық жүйелер формасына сәйкес 2018 жылғы түзілген қалдықтардың жалпы көлеміне түзілген қалдықтар, сондай-ақ қайта өңделген қалдықтар да жатады. Есеп берудің өзгеруіне байланысты келесі сызбадағы қалдықтар көлемі [КПО-ның 2017 жылғы](#) (96-бет) және [2016 жылғы](#) (87-бет) Тұрақты даму есептерінде берілген деректермен салыстырғанда көбейді.

32-сызба. 2016–2018 жылдары КПО нысандарында түзілген қалдықтар мөлшері, тоннамен **GRI 102-48**



Қалдықтарды қайта өңдеу және орналастыру

Компанияның өндірістік және тұтыну қалдықтарын қайта өңдеу Эко орталық немесе қалдықтарды кәдеге жарату кешені нысандарында жүргізіледі. Бұл нысан бұрғылау қалдықтары мен сұйықтықтарының тиімді және экологиялық қауіпсіз кәдеге жарату мен қайта өңдеуді қамтамасыз етеді, және Батыс Қазақстан аймағындағы бұрғылау қалдықтарын басқаруда озық практиканың анық мысалы болып есептеледі. Қалдықтарды қайта өңдеу қалдықтардың көлемін және қауіпін азайтуға мүмкіндік беретін, сонымен қатар қалдықтардан құнды бөлшектерді бөле алатын, және оларды қайта пайдалану үшін өңдей алатын технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Қалдықтарды өндіріс үдерісіне қайтару – Компания қолданатын, бұрғылау кезінде пайда болған қалдықтарды қайта пайдаланудың оңтайлы әдісі.

КПО Эко орталығында 44-сызбада берілген қалдықтарды қайта өңдеудің алты қондырғысы орналасқан.

44-сызба. КПО Эко орталығының қалдықтарды қайта өңдеу қондырғылары

	Қызметі	2018 жылғы көрсеткіші
1. Бұрғылау қалдықтарын термомеханикалық тазалау қондырғысы (БҚТТҚ)	Базалық май мен суды бөлу арқылы мұнай негізіндегі бұрғылау қалдықтарын қайта өңдеу	Мұнай негізіндегі қайта өңделген бұрғылау шламдарынан базалық май мен суды бөлу технологиясы нәтижесінде 2018 жылғы КПО-ның қалдықтарды орналастыру мөлшері бастапқы түзілген көлемнен 17%-ға азайды. 2018 жылы 12 683,433 тонна қалдық өңделіп, 1 670,588 тонна базалық май мен су бөлініп алынды, және термомеханикалық өңдеуден өткен 9 638,38 тонна қалдық қатты қалдықтарды көму полигонында жинақталды. Бөлінген базалық май жаңа мұнай негізді бұрғылау ерітіндісін дайындауға, ал бөлінген су өңдеуден кейін пайда болған қатты бөліктер шаңын басуға пайдаланылды.
2. Айналмалы пеш (АП)	Бұрғылау және өндіріс қалдықтарын өңдеу және залалсыздандыру	Бұрғылау және өндіріс қалдықтарын айналмалы пеште өңдеу және залалсыздандыру технологиясын қолдану нәтижесінде қалдықтардың мөлшері бастапқы түзілген көлемнен орташа есеппен 24% төмендеді. 2018 жылы 7 530 тонна бұрғылау мен өндіріс қалдықтары өңделіп, термомеханикалық өңдеуден өткен 6 133,78 тонна қалдық қатты қалдықтарды көму полигонында жинақталды. 2017 жылмен салыстырғанда, ол кезде АП ұзақ мерзімді жөндеуге тоқтатылған болатын, 2018 жылы өңделген қалдықтар көлемі айтарлықтай өсті.
3. Жалпы мақсаттағы пеш (ЖМП)	Қалдықтарды жағу (залалсыздандыру және жою)	Қалдықтарды жалпы мақсаттағы пеште жағу нәтижесінде пештен шығу кезіндегі қалдықтар көлемі 88%-ға қысқарды. 2018 жылы 736,5 тонна қалдық жағуға жіберіліп, кейін 75,28 тонна күл қатты қалдықтарды көму полигонында орналастырылды.
4. Сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысы (СҚТҚ)	Бұрғылау ерітінділері мен тұздықтарын дайындау үшін өңдеу өнімдерін қайта пайдалану мақсатында сұйық қалдықтар мен ағынды суларды өңдеу	2018 жылы 7 004,62 тонна сұйық қалдықтар өңделді. Өңдеуден кейін қайта пайдалануға жарамды 4 641,82 тонна тұздықтар мен ерітінділер тазартылды.
5. Қалдықтарды сұрыптау қондырғысы (ҚСҚ)	Компанияның тұрмыстық қалдықтарды сұрыптауы көмілетін қалдықтар мөлшерін, оның ішінде қағаз, тоқыма, пластмасса бөтелкелер, шыны, полиэтилен, қара және түсті металдар сияқты қайта пайдалануға келетін бөліктерін бөлу арқылы азайтуға бағытталған	2018 жылы 1 256 тонна қатты тұрмыстық қалдықтың 736,5 тоннасы жалпы мақсаттағы пешке жағуға жіберілсе, қалдықтардың 150 тоннасы, оның ішінде макулатура, метал сынықтары мен пластик мамандандырылған ұйымдарға қайта өңдеу және қайта пайдалану мақсатында жіберілу үшін сұрыпталды. 2018 жылы макулатураны бөліп жинау мен сұрыптау нәтижесінде қаланың қоқыс үйіндісіне жіберілетін КПО-ның коммуналдық қалдықтарының жалпы мөлшері 95,6 тоннаға азайды.

44-сызба. КПО Эко орталығының қалдықтарды қайта өңдеу қондырғылары (жалғасы)

6. Қатты өнеркәсіптік қалдықтарды көму полигоны

Қызметі	2018 жылғы көрсеткіші
<p>Полигонда Эко орталықтың қалдықтарды өңдеу қондырғыларында (БҚТТҚ, АП, ЖМП) түзілген қатты қалдықтар мен су негізіндегі бұрғылау шламдарын қауіпсіз көму жүргізіледі. Полигонда 24 ұяшық бар, әр ұяшықтың ауданы 7,5 мың м³. Полигон қауіпсіздігі ұяшықтардың құрылымымен байланысты, себебі сазды қабат үстіне геомембрана төселген. Геомембрана қалдықтардың немесе инфильтраттың қоршаған ортаға шығып кетуін болдырмайды. Ұяшықтар қалдықтармен толтырылғаннан кейін қоқыс газын жинау үшін кәріздік жүйесі бар оқшаулағыш қабатпен жабылады. Полигонда нөсер мен еріген қар суын жинайтын кәріз жүйесі де бар.</p>	<p>2011 жылы ашылғаннан бері полигонда 230 697,26 тонна қалдық орналастырылды. Ұяшықтар толған кезде олар жабылады. 2018 жылдың аяғында 12 ұяшық жабылды.</p>

Мамандандырылған мердігерлік ұйымдар КПО-дан қабылданған қалдықтарды әрі қарай өңдеу әдістерін өздері анықтап, тоқсан сайын қалдықтарды орналастыру бойынша үшінші тараптарға есеп береді. Қалдық түріне байланысты мамандандырылған ұйымдар оларды кейін тұтыну тауарларын дайындау, сынаптан арылту, регенерация, термиялық өңдеу, өртеу, физикалық және химиялық өңдеу, сондай-ақ құрамдас бөліктерге бөлшектеу мақсатында қайта өңдеуге жіберіп, мүдделі кәсіпорындарға қайталама шикізат ретінде пайдалануға береді.

2011 жылдан бері макулатураны бөліп жинау нәтижесінде шамамен 440 тонна өнім жиналып, тұтыну тауарларын дайындау үшін жергілікті кәсіпорындарға берілді. Компанияның барлық кеңселік орынжайларында пайдаланылған батареяларды бөліп жинау ұйымдастырылған. 2018 жылы 200 кг батареялар жиналған.

Полигонда пластмасса, пластик, полиэтилен қалдықтарын және полиэтилентерефталатты қаптаманы, макулатураны, картонды, қағаз қалдықтарын, әйнек сынықтарын орналастыруға тыйым салатын ҚР Экологиялық кодексінің 301-бабының күшіне енуіне байланысты КПО-да қайталама шикізат ретінде пайдаланылатын мамандандырылған кәсіпорындарға кейінгі тапсыру мақсатында Компания офистеры ретінде пайдаланатын ғимараттарда аталмыш қалдықтарды бөліп жинауды ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді.

Компания ескі қатты қалдықтарды сақтау алаңында жиналған қалдықтар мен пайдаланылған бұрғылау ерітінділерін Экоорталықтың қатты қалдықтарды көму полигонына көшіру жұмыстарын жалғастыруда. 2018 жылы аталмыш алаңнан қалдықтарды алу, оларды БҚТТҚ және АП қондырғыларында өңдеп, кейін қатты өнеркәсіптік қалдықтарды көму полигонында орналастыру жұмыстары жалғасты. Қалдықтарды полигонда орналастыру ҚР экологиялық заңнамасы талаптарына сәйкес жүргізіледі.

2018 жылы қатты қалдықтар мен пайдаланылған бұрғылау сұйықтықтарын сақтау алаңынан қайта өңдеуге 6 156,16 тонна жіберілген (2017 жылы 5 266,26 тонна). 2019 жылы қалдықтарды алаңнан алып, кейінге қайта өңдеу жоспарланған.

45-кесте. 2018 ж. КПО қалдықтарымен жұмыс істеу әдістері, тоннамен GRI 306-2

№	Қалдықтармен жұмыс істеу әдістері	Қауіпті түзілген қалдықтар	Қауіпсіз түзілген қалдықтар	Коммуналдық қалдықтар	БАРЛЫҒЫ:
1	Кәсіпорында 2018 жыл басындағы саны	309 665	11	0	309 676
2	Есептік жыл ішінде түзілген саны	44 916	5 064	1 116	51 096
3	Кәсіпорында қайта пайдаланылған саны	5 979	0	0	5 979
4	Кәсіпорын қондырғыларында қайта өңделген саны	23 977	148	40	24 165
5	ЖМП өртелген саны	35	0	701	736
6	Кәсіпорынның қалдықтарды орналастыру нысандарында орналастырылған және көмілген саны	22 547	0	0	22 547
7	Мамандандырылған мердігерлік ұйымдарға берілген саны	3 335	2 855	401	6 591
8	Кәсіпорында 2018 жыл аяғындағы саны	321 255	2 073	0	323 328

Компания қалдықтарының басым бөлігі ұңғымаларды бұрғылаудан және жөндеуден түзіледі. Бұл ретте, қолданылатын бұрғылау ерітіндісі түріне байланысты су немесе мұнай негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің бұрғылау шламы түзіледі. 2018 жылы түзілген қатты және сұйық бұрғылау қалдықтарының көлемі 18 682 тонна құрады (бастапқы түзілген қалдықтар көлемінің, яғни қайта өңдеуге дейінгі қалдықтардың бастапқы көлемінің 63%-ы).

46-кестеде бұрғылау қалдықтарының негізгі түрлері, оларды қолдану әдістері бойынша бөлініп көрсетілген. Кестеде көрсетілгендей тек су негізіндегі ерітінділер мен шлам орналастырылады. Мұнай негізіндегі бұрғылау шламы алдын ала өңделіп, құрамынан мұнай негізі алынып тасталғаннан кейін көмуге жіберіледі.

46-кесте. 2016–2018 жылдардағы қолдану әдістеріне қарай ұңғымалық операциялар қалдықтары OG-7

№	Атауы	Көлемі, тоннамен			Қолдану тәсілі
		2016	2017	2018	
1	Пайдаланылған су негізіндегі бұрғылау ерітінділері	950	2 943	324	Сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысында (СҚТҚ) қайта өңдеу
		4 188	4 471	1 251	Орналастыру
2	Су негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің бұрғылау қалдықтары	1 994	2 554	546	Көму
3	Пайдаланылған мұнай негізді бұрғылау ерітіндісі	2 156	2 043	1 618	Қалдықтарды термомеханикалық тазалау қондырғысында (ҚТТҚ) және Сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысында (СҚТҚ) қайта өңдеу
4	Мұнай негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің бұрғылау қалдығы	12 026	12 808	8 049	Мұнай негізі мен суды алумен және қатты бөлігін кейінгі көмумен БҚТТҚ-да қайта өңдеу
5	Пайдаланылған тұздықтар	3 802	3 546	6 309	СҚТҚ-да қайта өңдеу
		984	353	578	Орналастыру
6	Мұнайлы қалдықтар	60	0	7	Айналмалы пештегі термиялық өңдеу
7	Жарамсыз мұнай	0	2	0	Мамандандырылған мердігерлік ұйымға беру

БИОТҮРЛІЛІК

Қарашығанақ мұнай, газ конденсаты кен орны Қазақстанның солтүстік батысындағы құрғақ далалық аймақта орналасып, 280 км²-ден астам аумақты алып жатыр. КПО нысандары айналасындағы аумақ әртүрлі жер иелеріне тиесілі болғандықтан компанияның практикалық іс-әрекеттерді орындауына немесе сол аумақтың қоршаған ортасына тигізетін әсері үшін толықтай жауапкершілікті өз мойнына жүктеу мүмкіндіктеріне шектеу қояды. Дегенмен КПО сыртқы ортадағы өзгерістерді анықтау және өз қызметтерінің қоршаған ортаға ықтимал әсерін бағалау мақсатында биотүрлілікке мониторинг жүргізеді. **GRI 304-1**

Биотүрлілікті сақтау шаралар жоспары (БСШЖ) экожүйелердің бұзылуын және биотүрліліктің қысқаруын алдын алу шараларының бірі. Аталмыш жоспар қоршаған ортаға тиетін іс-әрекеттердің және ықтимал әсердің қауіптерін бағалауға негізделген және 1.3.1.47 ESHIA стандартында және IPECA/IOGP қауымдастықтарының «Мұнайгаз

өнеркәсібі үшін биотүрлілікті сақтау шаралары бойынша нұсқаулықта» қарастырылған әдістемеге сәйкес әзірленеді.

БСШЖ талаптарының бірі – кәсіпорынның өндірістік қызметтері салдарынан болған биологиялық түрлілікке және экожүйе қызметтеріне тиетін ықтимал әсерді бағалау. БСШЖ ҚМГКК-да 2010 жылдан бастап қолданыста. Содан бері бұл құжат белгіленген кезеңділікте зерттеулер жүргізудің қайталымын қамтамасыз ете отырып, әр үш жыл сайын жаңартылып тұрады. БСШЖ шеңберінде өзендер жағалауы маңындағы сезімтал экожүйелер үшін ұсынылған іс-әрекеттер нұсқаулығы әзірленді және жыл сайынғы зерттеулерден кейін жаңартылып тұратын флора мен фауна түрлері бойынша деректер қоры құрылды.

ҚМГКК-ның негізгі экожүйелерін келесі үлкен үш топқа бөлуге болады: ауыл шаруашылық, су және далалық және жағалаулы. Ал кен орнының қалған бөлігін техногендік аймақтар алып жатыр: жолдар, өндірістік нысандар, инфрақұрылым.

47-кесте. Қарашығанақ кен орнының негізгі экожүйелері **GRI 103-2**

Ауыл шаруашылық экожүйе	Далалық экожүйе	Су және жағалық экожүйе
Ауыл шаруашылық және тыңайған жерлер ҚМГКК және іргелес аймақтардағы экожүйелердің үстем түрі. Оған дәнді дақылдар егілетін қарқынды өңделетін егіс пен тыңайған алқаптар жатады. Тыңайған жерлер табиғи өсімдік жамылғысының арамшөпіден жусанды және дала қауымдастығына дейін қайта қалпына келуінің әртүрлі кезеңдерімен сипатталады. Табиғи дала жамылғысының қайта қалпына келу болжамды кезеңі шамамен 25-30 жыл.	Далалық жерлер – ҚМГККО аймағының табиғи қалпын сипаттайтын негізгі екі экожүйенің бірі (екіншісі – жағалық экожүйе). Қазіргі таңда дала экожүйелерінің таралымы әртекті, негізінде сайлар мен өзен аңғарларына, яғни жері жыртылмаған аймақтарға ыңғайластырылған. Өсімдік қауымдастықтары флоралық жинаққа өте бай және көптеген жабайы жануарлар мекендейтін жер. Дала экожүйелерінде үнемі және уақытша мекендейтін орнитофаунаның едәуір әртүрлілігі байқалады. Дала экожүйелерінің халықаралық деңгейде қысқаруына байланысты ҚМГККО аймағындағы тіпті кішігірім далалық жерлер табиғатты қорғауда маңызы зор.	ҚМГКК аймағы Елек және Утва өзендері арасында ағып жатқан Березовка өзенінің алабында орналасқан. Қоншыбай жырасы негізгі екі сала, оның ең ірісі – Калминовка суымен қамтамасыз етіледі. Жағалық экожүйелер өсімдіктер мен жануарлардың, оның ішінде сирек кездесетін кең ауқымды түрлерінің мекенжайы болып табылады.

2018 жылы 2018–2020 жылдарға арналған БСШЖ аясында КПО келесі жұмыстарды атқарды:

- ▶ Фауна және (Березовка өзені, Қоншыбай жырасы) ихтиофауна мониторингісі;
- ▶ ҚМГККО аймағындағы түр әртүрлілігі дерекқоры жаңартылды.

Фауна мониторингісі келесіні қамтиды:

- ▶ Герпетологиялық зерттеулер – қосмекенділер мен бауырымен жорғалаушылардың санын және түр құрамын бақылау;

- ▶ Орнитологиялық зерттеулер – құстардың санын және түр құрамын бақылау;
- ▶ Териологиялық зерттеулер – сүтқоректілердің санын және түр құрамын бақылау;
- ▶ Сүтқоректілердің маңызды түрі – су құндызының саны мен таралу динамикасын зерттеу.

Фаунаға жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде келесі тұжырымдамалар жасалынды:

- ▶ Кен орнындағы қосмекенділер мен бауырымен жорғалаушылардың түр құрамы іргелес аумақтағымен ұқсас.
- ▶ Құстар түрлерінің саны тұрақты немесе табиғи көпжылдық динамика шегінде.
- ▶ 2010 және 2018 жылдар аралығында кен орны аймағын мекендейтін сүтқоректілер түр құрамы айтарлықтай өзгеріске ұшырамады. Олардың саны мен биоценоздық байланыстағы түр қатынасында едәуір өзгерістер анықталған жоқ.
- ▶ ҚМГКК аймағы мен оған жақын маңайда су құндыздары саны азайды, бірақ жоғары деңгейде. Бұл, алдымен 2018 жылғы табиғи жағдайлармен байланысты болу мүмкін (су қоймасындағы жоғары су деңгейі).

2018 жылғы ҚМГКК аймағындағы жануарлар әлеміне мониторинг жүргізу және түр санын талдау барысында зерттеліп отырған аумақта өткен жылдармен салыстырғанда ҚМГКК-ның өндірістік қызметтерінен қандай да бір айтарлықтай кері әсер анықталмады. ҚМГКК-да қорғау режимінің болуы кәсіпорын қызметтері орындалмайтын жерлерде фаунаның дамуына қолайлы жағдай туғызып отыр. **GRI 304-2**

2018 жылы КПО ҚМГКК аймағында ағып жатқан кішігірім өзендерге алғаш рет биологиялық ғылыми зерттелеулер жүргізгенін айта кеткен жөн, оған келесілер кірді:

- ▶ Березовка өзені және Қоншыбай жырасы ихтиофаунасына мониторинг жүргізуі;
- ▶ Фитопланктон, зоопланктон және түптік шөгінділерге зерттеулер жүргізумен қоса гидробиологиялық зерттеулер жүргізу;
- ▶ Балықтар мен ұлулар тәнінде ластағыш заттардың бар болуына токсикологиялық зерттеулер жүргізу.

Балық популяциясы биологиялық көрсеткіштері мен құрылымына жасалған талдау оның қанағаттанарлық деңгейде екенін көрсетті. Осыған қарамастан ҚМГКК аймағындағы су нысандарының биологиялық статусына неғұрлым әділ баға алу үшін КПО аталмыш зерттеу жұмыстарын жалғастыруды жоспарлауда. Су сапасы мен түптік шөгінділерді, гидробионттардың биотүрлілігін және т. б. зерттеу жиынтығы биоценоздардың¹⁵ даму жүйелік заңдылығын және олардың кері әсерге сезімталдығын анықтауға мүмкіндік береді. Сөйтіп кәсіпорынның кері әсері болған жағдайда оны барынша азайтуға, сондай-ақ қажет болған жағдайда әсерді азайту мен биоценозды қайта қалпына келтіру бойынша іс-шараларды әзірлеуге көмектеседі.


¹⁵ Биоценоз – бұл бір-бірімен және оларды қоршаған ортамен байланысқан біршама біртекті тіршілік кеңістікті мекендейтін жануарлар, өсімдіктер, саңырауқұлақтар мен микроағзалардың тарихи қалыптасқан жиынтығы.




ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮЛЕС

Әлеуметтік инвестициялар	116
Әлеуметтік инфрақұрылымға қолдау көрсету	116
Батыс Қазақстан облысын электр қуатымен қамтамасыз ету	119
Жергілікті халықпен қарым-қатынас	120
Жергілікті халықпен жұмыс істеу бойынша стратегиямыз	120
Көшірілген тұрғындар мен шағымдардың орындалу мониторингісі	121
Жеткізілімдерді ұйымдастыру	123
Жергілікті қамтуды дамыту	125


2018 жылы КПО Консультативтік кеңестер шеңберінде Қарашығанақ кен орны айналасында орналасқан алты елді мекендерде

13  жиналыс өткізді

1997 жылы ӨБТК қол қойылғалы бері КПО сатып алған тауар, жұмыс және қызмет үлесі 2018 жылдың соңында

7  млрд АҚШ долларынан асты

Жергілікті тұрғындарды дамыту бағдарламасы аясында жасы үлкен тұрғындарға «Ақжайық» шипажайына

200  ваучер беріліп, «Талап» балалар лагеріне 80 оқушы демалысқа жолдама алды

2018 жылы БҚО аймағына жеткізілген электр қуаты

305,06  млн ГВт

2018 жылы КПО құны

₸ 15,9 млрд болатын 31 әлеуметтік инфрақұрылым жобаларын аяқтады

ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Әлеуметтік инфрақұрылымға қолдау көрсету

GRI 203-1

КПО компаниясы өнімді бөлісудің түпкілікті келісімінің (ӨБТК) 5-қосымшасына сәйкес әр жыл сайын Батыс Қазақстан облысы аймағында әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырып келеді. **GRI 103-2**

Басқару жөніндегі бірлескен комитетінің шешіміне сәйкес 2010 жылдан бері КПО компаниясы Батыс Қазақстан облысындағы әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға жылына 20 млн АҚШ долларын бөліп келеді. Басқару жөніндегі бірлескен комитет (ББК) Бөрлі ауданындағы 2014–2016 жылдары жүзеге асырылатын әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобалар үшін қосымша 30 млн доллар қаражат бөлу туралы шешім қабылдады (жылына 10 миллион АҚШ доллары). Бұл қаражаттың игерілуі 2018 жылы аяқталды.

Жоспарланған әлеуметтік жобалардың тізімі жыл сайын КПО және БҚО әкімдігімен облыстың әлеуметтік дамуының қажеттіліктеріне орай келісіледі. БҚО әкімдігі бұл тізімді мемлекеттік басымдықтарға сәйкес және Орал қаласының инфрақұрылымын, білім беру мен денсаулық сақтау жүйелерін, сонымен қатар өңірдегі дене шынықтыру мен спорт салаларын дамыту қажеттіліктері негізінде дайындайды.

Компания бұл жобалардың техникалық шешімі, сатып алу кезеңі, құрылыстың толық аяқталуы және кейінгі ҚР меншігіне өткізілуіне дейінгі барлық үдеріс үшін толықтай жауапты. Әлеуметтік жобалардың барлығы жергілікті мердігерлермен орындалуы тиіс. Жобаларды жыл аяғына дейін толық орындамаған жағдайда, игерілмеген қаржы келесі жылға өткізіледі.

Бір күнтізбелік жыл ішінде КПО әлеуметтік-инфрақұрылымдық 31 жобаны белгіленген мерзімде аяқтады. Айтылған жобаларға 15,9 млрд теңге (47,3 млн. АҚШ долларына балама) жұмсалды. 31 жобаның 17-сі алдыңғы жылдары іске қосылды. 2018 жылы аяқталған әлеуметтік жобалардың тізімі төмендегі 48 және 49-кестелерде көрсетілген.

48-кесте. 2018 жылы КПО компаниясы Орал қаласында жүзеге асырған әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобалары **GRI 203-1**

Сала	Жобаның аты	Іс жүзінде игерілген қаражат (млн теңге)*
Азаматтық және өнер-кәсіптік құрылысы	1. Орал қаласындағы «Жастар» стадионында допты хоккейге арналған жабдықталған алаң ұйымдастыру	1 015,9
	2. Ақжайық ауданы Шабдаржап ауылында 198 орындық мектеп салу	802,7
	3. Достық даңғылы бойындағы көше жарықтарын Маметова көшесінен Некрасов көшесіне дейін ауыстыру	169,6
	4. Ихсанов көшесі бойындағы көше жарықтарын Рубежинская көшесінен Чагано-Набережная көшесіне дейін ауыстыру	180,3
	5. Депо көпірін күрделі жөндеуден өткізу	2 216,8
	6. Орал қаласындағы 350 орынды балабақшаны инженерлік жобалау	101,2
	7. Орал қаласындағы 450 орынды мектепті инженерлік жобалау	124
Жолдарды жөндеу және салу	8. Жәңгір хан көшесінің автомобиль жолы жабынын Азербайджанская көшесінен БҚО шекарасына дейін (8-ші км) орташа жөндеу	926,9
	9. Сайхын ауылындағы жабыны асфальт-бетон жолдың жүргін бөлігін орташа жөндеу	339,6
	10. Жәнібек ауылындағы жабыны асфальт-бетон жолдың жүргін бөлігін орташа жөндеу	484,7
	11. Орал қ. Достық даңғылын күрделі жөндеу (Пугачев көшесінен Маметова көшесіне дейін)	1 201
	12. Орал қ. Ихсанов көшесінің реконструкциясы (Чагано-Набережная көшесінен Рубежинская көшесіне дейін)***	737,9
	13. Орал қ. 7-9 ықшам аудандарына кірме жолдардың құрылысы (№ 2 көше)	257,7

48-кесте. 2018 жылы КПО компаниясы Орал қаласында жүзеге асырған әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобалар (жалғасы) **GRI 203-1**

Сала	Жобаның аты	Іс жүзінде игерілген қаражат (млн теңге)*
Жолдарды жөндеу және салу	14. Орал қ. Маметова көшесін Неусыпов көшесінен Петровский көшесіне дейін күрделі жөндеу	624,1
	15. БҚО, Орал қ. аласындағы Әбілқайыр хан даңғылын С. Датов көшесінен Қызылжар көшесіне дейін орташа жөндеу	657,6
	16. Орал қ. Гагарин көшесін С. Датов көшесінен 2-ші база өтпезжолына дейін күрделі жөндеу	393,7**
	17. Орал қ. Құрманғазы көшесін Ә. Молдағұлова көшесінен Пугачев көшесіне дейін күрделі жөндеу	1 186,9**
	18. Орал-Атырау жолынан Круглоозерное ауылына кірме жолды күрделі жөндеу	225,4
	19. Лиственная, Вольная, Рамаев көшелерін Московская көшесінен С. Датов көшесіне дейін қайта салу	190,6
	20. Новенький ауылына апаратын жолды Желаев жолынан Орал шекарасына дейін күрделі жөндеу	166,2
	21. Орал қ. Масин көшесін күрделі жөндеуден өткізу	257,9
	22. Орал қ. Неусыпов көшесін күрделі жөндеуден өткізу	294
	23. Орал қ. Көкшетау көшесін күрделі жөндеуден өткізу	246,6
	24. Орал қ. Штыбы көшесін күрделі жөндеуден өткізу	360,6
	25. Орал қ. Чуйков және Гастелло көшелерін күрделі жөндеу және № 16 мектепке кірме жолды ұйымдастыру	221,3
	26. Орал қ. Досмұхамедов, Кердері, Ахмиров көшелерін күрделі жөндеуден өткізу	176,2
БАРЛЫҒЫ		13 561,2



Ескерту:

* Көрсетілген сомаларда қосылған құн салығы қоса есептелген

** 2018 жылы бұл жоба бойынша төлем толық жасалған жоқ

*** Жоба алдыңғы жылдары басталып 2018 жылы аяқталды



49-кесте. 2018 жылы БҚО, Бөрлі ауданында КПО компаниясы жүзеге асырған әлеуметтік инфрақұрылымдық жобалар **GRI 203-1**

Сала	Жобаның аты	Іс жүзінде игерілген қаражат (млн теңге)*
Азаматтық және өнеркәсіптік құрылыс	1. Ішкі істер департаментіне арналған жедел басқару орталығының құрылысы	146,1
	2. Бөрлі ауылында спорттық-сауықтыру кешенін салу	400,1
	3. Ақсай қаласының солтүстік бөлігінде 240 орынды балабақша салу	715,6
	4. БҚО, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласының 10 шағын ауданында 120 пәтерлік тұрғын үй құрылысы	607,2
Жолдарды жөндеу және салу	5. Бөрлі ауданы, Бөрлі ауылындағы Достық көшесі құрылысы	469,3
БАРЛЫҒЫ		2 338,4

Ескерту: * Көрсетілген сомаларда қосылған құн салығы қоса есептелген



Батыс Қазақстан облысын электр қуатымен

қамтамасыз ету GRI 203-1

КПО электр қуатын өндіреді және Қарашығанақ кен орнындағы қызметін жүргізуге өзінің негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз етумен қатар Батыс Қазақстан аймағына жеткізеді. Бұл Қарашығанақ өнімдерді бөлісу туралы түпкілікті келісіміне сәйкес (I бөлім, 1.1 - тарау) Ақсай қаласы мен оның маңындағы ауылдарға ҚӨК газ турбиналық электр станциясында өндірілетін 20 МВт-тан кем емес электр қуатын сатуды көздейтін шарттарға сәйкес жүзеге асырылады. Бұл міндеттемені орындау қағидасы Басқару жөніндегі Бірлескен Комитеттің 2005 жылғы наурыз айындағы қаулысында бекітілген.

КПО-ның газ турбиналық электр станциясында төрт генератор іске қосылған: олардың үшеуі қос отынмен (газ-дизель), ал біреуі тек газбен жұмыс істейді.

КПО ГТЭС-да өндірілген электр қуатын кен орнында орналасқан ішкі нысандарға, соның ішінде ҚӨК, ГҚДҚ-2, ГҚДҚ-3, жинақтау жүйесіне, Эко орталыққа және Пилот қалашығына, Үлкен Шаған сорғы станциясына және 1-26 ілмекті арматура тораптарына жібереді. Сонымен қатар, электр энергиясы екі жеткізуші ұйымдарға жіберіледі: «Ақсайэнерго» ЖШС және «Батыс Энергоресурстары» ЖШС. Бұл ұйымдар, өз кезегінде, электр қуатымен БҚО тұтынушыларын қамтамасыз етеді.

2018 жылы КПО аймақтық желіге 40-45 Мвт-қа дейін электр қуатын жеткізді. 2016–2018 жылдар аралығындағы КПО-ның отын газын және электр қуатын жеткізу көлемі 50-кестеде берілген.

2018 жылы БҚО жеткізілетін электр қуатының көлемі 2017 жылмен салыстырғанда сәл қысқарды (1%-дан төмен). Мұндай өзгеріс ГТЭС турбиналары мен генераторларына техникалық қызмет көрсету жұмыстарының артуымен байланысты орын алды.

Сондай-ақ, өңірге қажетті электр қуатының жоғары деңгейде өндірілуін сақтау үшін КПО тарихында алғаш рет турбина мен генераторда екі түрлі күрделі және бір уақытта орындалған жөндеу жұмыстары өткізілді. Аталмыш жұмысты екі ауысыммен атқару арқасында жөндеу әрекеті 60-тан 44 күнге дейін қысқарды. Бұл жетістігіміз 2-турбинаны ерте іске қосуға және БҚО жеткізілетін электр қуаты көлемін былтырғымен барынша бірдей деңгейде өндіруге мүмкіндік берді.

50-кесте. КПО-ның отын газын және электр қуатын жеткізу көлемі, 2016–2018 жж.

Сипаттамасы	2016	2017	2018
БҚО аймағына жеткізілген электр қуаты, ГВт/сағ, соның ішінде:	294,1	307,64	305,06
▶ «Ақсайэнерго» ЖШС	35,49	35,04	29,90
▶ «Батысэнергоресурстары» ЖШС	258,61	272,60	275,16
Батыс Қазақстан облысы үшін электр энергиясын өндіруге отын газын пайдалану, млн м³, оның ішінде:	98,064	102,63	101,82
▶ Батыс Қазақстан облысына электр энергиясын ГТЭС-да өндіруге өз отын газын сату	50,808	97,72	94,91
▶ Батыс Қазақстан облысына электр энергиясын ГТЭС-да өндіру үшін үшінші тарап жеткізушісінен сатып алу	47,256	4,91	6,91

2018 жылы «Батысэнергоресурстары» ЖШС-не жіберілген электр энергиясының көлемі 2017 жылғымен салыстырғанда сәл жоғарырақ болғанын айтып өткен жөн.

2018 жылы жоғарыда аталған 2-турбина мен 2-генераторда жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстарымен қатар 4-турбинаның ыссы газ секциясында инспекция (жөндеу) және № 2 мен № 4 генераторларда шағын инспекциялар өткізілді.

2018 жылы электр энергиясы, негізінен, ҚӨК зауытынан алынатын өз газымызды пайдалану арқылы өндірілді. Өңір қажеттілігі үшін электр қуатын өндіруге үшінші тарап жеткізушісінен газды сатып алу үлесі ГТЭС тұтынатын барлық газдың 7%-нан аз болды.

Өткен жылы КПО компаниясында сыртқы қуат желілерінің әсерінен өндірістік шығындар болған жоқ.

ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚПЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Жергілікті халықпен жұмыс істеу бойынша стратегиямыз **GRI 102-44, 103-2**

КПО жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасты нығайту, яғни қоғамның дамуына мүмкіндіктер жасау арқылы өз қызметтерінің кері әсерін алдын алу немесе барынша азайту және пайдасын арттыру бағытында жұмыстанып келеді. Біздің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясаттарымыз, стандарттарымыз бен процедураларымыз Халықаралық қаржы корпорациясының (ХҚК) қызметтер стандарттарына негізделген. КПО-ның мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік процедурасы, мәжбүрлі көшіру процедурасы, тұрғындардың шағымдар мен ұсыныстарын басқару процедурасы ХҚК стандарттарына негізделген. **GRI 102-12, 103-2**

Компанияға деген сенімділік пен сенімді дамыту мақсатында КПО өз мүдделі тараптарымен диалог орнатуда зор күш салып келеді. 2018 жылы Консультативтік кеңестер шеңберінде Қарашығанақ кен орны айналасында орналасқан алты елді мекенде (Приурал, Успен, Жаңаталап, Жарсуат, Қарашығанақ және Дмитрово) 13 жиналыс өткізілді. Бұл жиналыстардың басты тақырыптары әлеуметтік, қоршаған ортаны қорғау және апаттық жағдайлардағы эвакуация мәселелері болды. Тұрғындардың әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған топтары басты назарда болды. Жергілікті тұрғындарды дамыту бағдарламасы аясында жасы үлкен тұрғындарға «Ақжайық» шипажайына (Орал қ.) 200 ваучер беріліп, «Талап» балалар лагеріне 80 оқушы демалысқа жолдама алды.

Оған қоса, Бөрлі ауданы атқарушы органдарымен бірлесіп КПО өзінің ұңғымаларға қосылу және құрылыс жобаларының қоршаған ортаға әсерін бағалау бойынша төрт қоғамдық тыңдау өткізді. Жиналыстарға жергілікті және аймақтық реттеуші мемлекеттік органдар мен БАҚ өкілдері, тұрғындар мен КПО мердігерлері қатысты. Жиналысқа қатысқан тұрғындар қоқыстарды басқару, құрылыс жұмыстарынан кейінгі топырақты қайта қалпына келтіру және т. б. сияқты мәселелермен қоса жобаларға қатысты сұрақтарын қоюға мүмкіндік алды. Осы сұрақтарға толық жауап беру үшін КПО баяндама жасады.

51-кесте. Жергілікті халықпен қарым-қатынас бойынша қойылған міндеттер **GRI 103-2**

2018 жылға қойған міндеттеріміз	Міндеттердің орындалуы	2018 жылғы міндеттерді орындау мақсатында жүзеге асырылған шаралар	2019 жылға қойған міндеттеріміз
Жергілікті тұрғындарды дамыту жобаларын 2018 жылғы келісілген бюджетке сәйкес жүзеге асыру	Орындалды GRI 413-1	200 жасы үлкен тұрғын «Ақжайық» шипажайында емделуге ваучер алды. Кен орнына жақын орналасқан елді мекендердің (Приурал, Жарсуат, Успен) оқушыларына «Талап» жазғы лагеріне 80 жолдама берілді GRI 413-1	Тұрғындарды дамыту бағдарламаларын келісілген бюджетке сәйкес 100% -ға жүзеге асыру
Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан елді мекендер тұрғындарымен(Приурал, Жарсуат және Успен) әлеуметтік, қоршаған ортаны қорғау және экономика мәселелері бойынша 12 консультативтік кеңес өткізілді	Орындалды	КПО 13 консультативтік кеңес жиналыстарын өткізді GRI 413-1	Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан елді мекендер тұрғындарымен(Приурал, Жарсуат және Успен) әлеуметтік, қоршаған ортаны қорғау және экономика мәселелері бойынша 12 консультативтік кеңес өткізілді
Тұрғындардың шағымдар мен ұсыныстарын басқару процедурасына сәйкес тұрғындар шағымдарын қарастыру және жауап беру	Орындалды	2018 жылы 309 шағым тіркеліп, оның 286-ы сәтті жабылды. 23 шағым тұрғындарды көшірудегі құрылыс жұмыстарының кемшіліктеріне қатысты болған соң ауарайы жағдайларына байланысты 2019 жылдың басына кейінге қалдырылды	Тұрғындардан келіп түскен барлық шағымдарды қарастыру және уақытылы жабу
Ақсай мен Аралталдағы көшірілген үй шаруашылықтарының көшіруден кейінгі мониторингін жүргізу, олардың шағымдарын КПО-ның шағымдар процедурасына сәйкес қарастыру және тіршілік ету жағдайларын қалпына келтіруде жәрдемдесу	Орындалды	Компания құрылыс дефектілеріне қатысты тұрғындардың барлық шағымдарын қарастырып, оларды орындау үшін сәйкес құрылыс компанияларына жіберді. Көшіруден кейінгі тіршілік ету жағдайларын қалпына келтіруді қолдау аясында Компания Аралтал ауыл тұрғындарын бақшалары үшін қара топырақпен қамтамасыз етті	Ақсай қаласы мен Аралтал ауылындағы үй шаруашылықтарының көшіруден кейінгі мониторингін жалғастыру және қосымша тіршілік ету жағдайларын қалпына келтірудегі қолдау қажеттілігін қарастыру

Көшірілген тұрғындар мен шағымдардың орындалу мониторингісі

GRI 103-2, 103-3, 413-1, OG-12

КПО-да кәсіпорынның өндірістік қызметтерімен байланысты шағымдарды қарастыру бойынша ресми саясат бар. Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан үш елді мекен (Приурал, Жарсуат, Успен) құрамындағы алты ауылдың кез келген тұрғыны КПО тұрғындармен байланыс маманына ауызша айту немесе арнайы формаларға жазып, сол ауылдарда орнатылған жәшіктерге тастау арқылы шағым түсіруге құқылы. Компания барлық шағымдарды/ұсыныстарды қарастырып, мәселелерді шешуде қажет іс-әрекеттерді жүзеге асырады.

Аталмыш шағымдарды басқару процедурасы Березовка және Бестау ауылдарынан 2017 жылдың аяғында Ақсай қалашығына және Аралтал қаламаңы шағын ауданына көшірілген тұрғындарға да қатысты. Тұрғындар Аралталдағы 100 жер үйге, ал Ақсай қаласында олар Қарашығанақ-1 шағын ауданындағы көп пәтерлі үйлерге көшірілді. 2015–2018 жж. аралығында жалпы саны 465 отбасы көшірілді.

Қазіргі таңда КПО қос мекен бойынша көшіруден кейінгі мониторингі жүргізіп келеді. 2018 жылы 267 шағым тіркелді (33-сызба), олар негізінен Ақсайдағы пәтерлер мен Аралталдағы үйлердегі кішігірім дефектілерге қатысты болды. КПО барлық шағымдарды кепілдікті қызмет көрсету бойынша жауапты құрылыс компанияларына жолдады. Жөндеу жұмыстарына төбе мен септик ыдыстарын жөндеу және Қарашығанақ-1 шағын ауданындағы екі 9-қабатты үй алдында балалар ойын алаңы мен жылу санауыш құрылғыларын орнату кірді.

Байланысу және шағымдарды басқару механизмі арқылы Аралтал тұрғындары КПО-дан бақшаларына қосымша қара топырақпен қамтамасыз етуді сұрады. КПО бұл етінішті орындап, тұрғындар алғыстарын алды.




Қоғаммен байланыс және жергілікті басқару бөлімінің бастығы Зульфия Музафарова Аралтал мектеп оқушыларымен бірге



Қарашығанақ-1 ықшам ауданындағы жаңа балабақшада, Ақсай қ.

КПО-ның мониторинг процесіне сәйкес Ақсайға және Аралталға көшірілген әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған топтар мүшелері басты назарда. КПО тұрғындармен байланыс маманы кәрі жастағы жалғыз басты тұрғындарға көмек көрсету және коммуналдық-әлеуметтік көмек пен құрылыс дефектілерімен қоса олардың басқа да мәселелерін шешу мақсатында соғып тұрады. Мысалы, КПО кәрі жастағы бір әйелге Ақсай ауруханасында медициналық тексеруден өтуге және тіркелуге көмектесті. Ол 2017 жылы Березов ауылынан көшіріліп, Ақсайдағы пәтерлердің бірінде жалғыз тұрады. Сондай-ақ КПО көмегімен оған тұрақты түрде келіп тұратын арнайы медбике тағайындалды. **OG-12**

33-сызба. 2018 жылы жергілікті тұрғындардан келіп түскен шағымдар мен ұсыныстар **GRI 103-3**



Қарашығанақ кен орны айналасындағы тұрғындарға арналған газ иісін басқару процедурасына сәйкес Компания тұрғындардан келіп түскен барлық шағымдарды уақытылы қарастыруды қамтамасыз ету үшін жұмыстанып келеді. Шағым келіп түскеннен кейін әр шағым мұқият қарастырылып, КПО тұрғындармен байланыс тобы арқылы оларға жауап беріледі.

2018 жылы газ иісіне байланысты жалпы 42 шағым тіркелді. Шағым түсірген әр тұлғамен кезекті жиналыс өткізіледі, онда шағымдарды тексеру және қоршаған орта мониторингісі егжей-тегжейлі мәліметтері аясында орындалған нақты іс-шаралар туралы ақпарат беріледі. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы шеңберінде газ иісі бойынша алаңдаушылық танытқан жергілікті тұрғындарға КПО-ның ағымдағы бақылау жұмыстары туралы қысқаша ақпарат беріледі.

КПО Қарашығанақ кен орны бойынша және санитарлық қорғау аймағы айналасында 18 стационарлық экологиялық мониторинг станциясын (ЭМС) орнатты, сондай-ақ екі көліктегі мобильді ЭМС бар. Сондай-ақ КПО-ның ауа сапасын қадағалау бойынша толығырақ ақпаратты осы есептің Қоршаған орта мониторингі тарауынан қараңыз.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы түсірген шағым **GRI 102-44**

2014 және 2015 жылдардағы Орнықты даму есептерінде (2014 – 113-бет және 2015 – 93-бет) біз Crude Accountability атаулы үкіметтік емес ұйым 2013 жылы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен бірге КПО-ға қарсы шағым түсіргенін жаздық.

КПО және оның серіктес компаниялары 2014–2017 жылдары тексеру процесі кезінде БК Ұлттық байланыс орталығымен (ҰБО) өзара байланыста болды, және 2017 жылғы желтоқсан айында БК Ұлттық байланыс орталығы өзінің түпкілікті есебін шығарды.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы өздерінің консорциум серіктестеріне қарсы көтерген барлық шағымдарын қайтарып алғанымен, олар Березов ауылының екі бұрыңғы үй шаруашылығы өтемақы алу қажет деген ойды білдірді. БК Ұлттық байланыс орталығы өзінің қорытынды есебінде КПО-ға «мәжбүрлі көшіру IFC қолданыстағы стандартына сәйкес қос үй шаруашылығын қоныс аудару туралы келісімдерге құқылы деп танылсын, және оларға іс жүзінде ұсынылған келісімдердегі кез келген кемшіліктерді жою үшін стандартта көрсетілген шарттарды орындауды, осылайша талап етілген кез келген іс-шараларды 2018 жылғы мамыр айына дейін орындауды» ұсынды.

БК ҰБО-ның аталмыш ұсыныстарын орындау мақсатында КПО 2018 жылы Бөрлі ауданы мемлекеттік органдарымен ҰБО есебінде көрсетілген осы екі үй шаруашылығына өтемақы төлеу мәселесі жөнінде байланысты.

2018 жылғы мамырда КПО БК ҰБО-ға хат жіберіп, консорциумның екі үй шаруашылығына қатысты қабылданған ресми қадамдары бойынша хабардар етті. Бұл процестің нәтижелерімен оқырмандарымызды 2019 жылғы Орнықты даму есебінде таныстырамыз.

ЖЕТКІЗІЛІМДЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ


GRI 102-9, 102-44

КПО өз қызметтерін әдептілік нормаларға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдары мен нормаларына сәйкес жүргізуге міндетті. Сондықтан КПО компания құндылықтары бойынша жұмыс істейтін, жоғары стандарттарды қолдайтын, сондай-ақ жеке және өндірістік қауіпсіздікті, әдеп пен нормаларды сақтауға және орнықты өсуге қатысты міндеттемелерді көрсететін жеткізушілермен шарттық қарым-қатынас жасасады. Осы негізін қалайтын ұстанымдар келісімшартқа енгізіліп, оның және сатып алу процесінің әр кезеңінде, өзі аяқталғанға дейін бағаланып тұрады.

КПО-да жеткізілімдерді ұйымдастыру құрылымы ауқымды, оған компания қызметтерінің айтарлықтай бөлігін орындайтын қосалқы мердігерлермен қоса, 700-ден астам қазіргі кездегі жеткізушілер кіреді.


2018 жылы КПО 564 мердігерлер мен жеткізушілерге келісімшарт жасасып, келісімшарттар бойынша өзгерістер енгізді, олардың 389 (69%) – жергілікті кәсіпорындар; 175 (31%) – шетелдік заңды тұлғалар.

34-сызба. 2016–2018 жж. КПО қызметіне қатыстырылған жеткізушілер



2018 жылы КПО құны 120,1 млн АҚШ долларын құрайтын тауар сатып алу бойынша 982 келісімшартқа, 1095,6 млн АҚШ долларын құрайтын қызметтерді сатып алу бойынша 604 келісімшартқа қол қойды.

35-сызба. 2016–2018 жж. келісімшарттардың ұсынылған құны және келісімшарттарға қосымшалар бойынша айналым қарқыны



КПО-ның әдептік және сәйкестік талаптары лауазымды тұлғалар, қызметкерлер мен агенттер немесе КПО атынан іс атқаратын басқа да делдармен қоса КПО-дағы барлық қызметкерлерге қатысты екенін білу маңызды. Бұл мәселе басты назарда болу үшін 2015 жылдан бері КПО компанияның әдептік және сәйкестік талаптарына сай болу мақсатында КПО-ның негізгі жеткізушілеріне сәйкестік бойынша жыл сайынғы семинарлар өткізеді.

КПО келісімшарттар мен сатып алу жұмыстарын ҚР заңнамасына және Қарашығанақ жобасы үшін тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу ережелер жиынтығы қамтылған келісілген КПО ББК-тің тендер процедураларына сәйкес жүргізеді. Аталмыш ережелер туралы хабардарлықты арттыру мақсатында КПО тендерге қатысуға шақыру пакеттерінде белгіленген тендерге өтінім жасау талаптарын көрсету және әкімшілік мәселелерге байланысты тендердің қабылданбауына немесе жарамсыз болуына апарған жағдайлармен бөлісу үшін алдын ала тендерлер санын көбейтуге жұмыстанып келеді. **GRI 103-2**

2018 жылдан бастап КПО әсіресе алыс аймақтардан қатынасатын тендерге қатысушылармен байланысты жеңілдететін жиналыстарға вебинарлар жүргізуді бастады.

Басты назарда жергілікті нарықты дамыту. КПО-ның арнайы семинарларында, сондай-ақ Атамекен, Қазсервис және мұнайгаз секторының басқа да ұйымдарымен және қауымдастықтарымен байланысқанда біз жергілікті нарыққа қойылатын талаптарды жариялап, мұнайгаз саласындағы халықаралық деңгейде танымал әрі тәжірибелі тауарлар, жұмыстар мен қызметтер жеткізушілерімен серіктестік құру арқылы олардың дамуын қолдаймыз. Бұл әсіресе Қарашығанақты кеңейту жобалары аясында өте маңызды.

Жергілікті қамтуды дамыту мақсаттарына қол жеткізу ҚР қолдау ғана емес, сонымен қатар оны шығындарымызды тұрақты түрде азайту мүмкіндігі ретінде қарастырамыз.

Ашық оператор ретінде КПО жыл сайын www.kpo.kz КПО веб-сайтында сатып алу жоспарларын жариялап отырады.

КПО тендерлеріне қатысуға және Қарашығанақ жобасына тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді ұсынуға мүдделі ықтимал жеткізушілерге [КПО жеткізушілер дерекқорында](#) (толығырақ www.kpo.kz КПО веб-сайтында) немесе тікелей ҚР-ның өсіп және ең ірі жеткізушілер дерекқорының бірі болып келе жатқан Қазақстанның біріңғай жеткізушілер АЛАШ дерекқорында тіркелуге немесе жеткізушінің бейінін жаңартуға болады. Сонымен қатар ықтимал жеткізушілердің біліктілік мәлімдемесін растау үшін өз техникалық біліктіліктері мен тәжірибесі бойынша сәйкес мәліметтердің ұсынғаны маңызды.

GRI 102-9, 102-44

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУДЫ ДАМУ

GRI 203-2, 102-44

КПО Жергілікті қамту саясаты Компания өз қызметін жүзеге асыратын аймақтың, Батыс Қазақстан облысының (БҚО) және жалпы Қазақстан Республикасы экономикасының тұрақты дамуына қосатын үлесін арттыру мақсатында келесі іс-шараларды орындау арқылы жергілікті тауар, жұмыс және қызметтерді (бұдан әрі ТЖҚ) сатып алуды арттыру үшін дайындалған:

- ▶ КПО қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ықтимал жергілікті өндірушілерді және қызмет жеткізушілерді айқындау;
- ▶ Қазақстанда материал мен жабдық өндірушілер үшін жергілікті мүмкіндіктерді жасауға, соның ішінде жоғары технологиялық өндірісті игеруге жәрдемдесу;
- ▶ Технологиялармен бөлісу және жұмыс орындарын ашу мақсатында бірлескен кәсіпорын құруда қолдау көрсету;
- ▶ Жергілікті қамтуды дамыту мәселері бойынша билік органдарымен және қауымдастықтармен тығыз қарым-қатынас орнату.

Жоғарыда көрсетілген мақсаттарға жету арқылы, КПО Қарашығанақ жобасының қажеттілігіне сатып алынатын сырттан әкелінетін тауарлар, жұмыстар және қызметтерді азайтып жергілікті мүмкіндіктерді арттыруға үлес қосады. КПО жергілікті қамту саясаты және бағдарламасы индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы, машина жасау индустриясы, индустрияландыру және цифрландыруды дамыту бағдарламалары сияқты ҚР мемлекеттік және индустриялық бағдарламаларына сәйкес дайындалған.

GRI 103-2

2018–2019 жылдарға арналған КПО құрушы компаниялар мен өкілетті органдар мақұлданған жергілікті қамтуды дамыту бағдарламасы аясында КПО БҚО өндірушілерін қолдауға бағытталған келесі іс-шараларды жүзеге асырды:


- ▶ Технологияны тасымалдау және жергіліктендіру мақсатында «Батыс Қазақстан машина жасау» компаниясына General Electric (GE) компаниясының келісімшартына сәйкес GE компаниясы жасап шығарған HP Frame 5 роторына жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын Орал қаласындағы өздерінің қызмет көрсету орталығында жүзеге асыру мүмкіндігі берілді.
- ▶ КПО БҚО алты машина жасайтын кәсіпорындары арасында алты буферлік бактарды жасап шығаруға «Қазақстандық тендерді» жүргізуге бастамашылық етті. Дәл осындай тендерлік стратегия БҚО машина жасайтын үш зауыттың қатысуымен өткен мамандандырылған механикалық өңдеу және технологиялық жабдыққа арналған толымдаушы бұйымдар мен металл бұйымдарын жасау бойынша басқа тендерлерге де қолданылды.

Алдыңғы жылдары 2016–2017 жж. басталған КПО жергілікті қамту бойынша бастамалары төменде сызбада көрсетілгендей 2018 жылы Компанияның жалпы жергілікті қамту көрсеткіштері бойынша 5,5%-ға көтеріліп, Қарашығанақ жобасы 59,6%-ға (474 млн АҚШ доллары) жетті. 1997 жылы ӨБТК қол қойылғалы бері КПО сатып алған тауар, жұмыс және қызмет үлесі 2018 жылдың соңында 7 миллиард АҚШ долларынан асты. GRI 204-1



Жергілікті қамтуды дамыту бойынша командасы Нұр-Сұлтан қаласындағы форумда

36-сызба. 2015–2018 жж. КПО сатып алудың жалпы көлеміндегі жергілікті қамтудың %-дық үлесі **GRI 204-1**



2018 жылы КПО екі жылдық жергілікті қамтуды дамыту бағдарламасы аясында бірнеше ұзақ мерзімді бастамалар бойынша жүзеге асыру жұмыстарын тауар, жұмыс және қызметтерді жергіліктендіруге негіз болатын қолданыстағы келесі келісімшарттарға сай жалғастырып келеді: Ақтау декларациясы¹⁶, ұлттық өнеркәсіпті дамыту бойынша «Түсіністік туралы» меморандум¹⁷. Бұл бастамалар бойынша толық ақпарат сәтті жоба үлгілері № 1 және № 2 берілген.

2018 жылы КПО Қазақстандық компаниялар арасында ғана жалпы құны 108 млн АҚШ доллары болатын 29 «Қазақстандық тендер» өткізді. Нәтижесінде КПО жалпы құны 29 млн АҚШ доллары болатын 14 келісімшарт жасасты (2018 жылдың соңына қарай, қалған тендерлер жалғасуда) «Қазақстандық тендер» жергілікті мүмкіндіктерді дамытып, жергілікті нарықта бәсекеге қабілеттілікті арттырады. КПО құны ақшамен 330 млн АҚШ долларын құрайтын өндіріс қажеттілігі шеңберінде, алты ірі жұмыс және қызмет жеткізу тендерлерінде қолданылған басты талап ретінде серіктестік стратегиясын және/немесе жергілікті қамту үлесінің ең төмен деңгейін орнату сияқты басты талаптарды қолдануды жалғастырды.

GRI 102-44, 203-2

¹⁶ Ақтау декларациясы 2012 жылы КПО, НКОК, ТШО және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ірі мұнай және газ операторлары қол қойған жергілікті қамтуды дамыту бойынша бірлесіп жасалатын іс-шаралар туралы құжат

¹⁷ Ұлттық өнеркәсіпті дамыту бойынша «Түсіністік туралы» меморандум КПО, «PSA» ЖШС және KAZENERGY қауымдастығы арасында қол қойылған құжат

КПО Қарашығанақ жобасы шеңберіндегі мүмкіндіктер жайында жеткізушілер, мемлекеттік органдар және мемлекеттік емес қауымдастықтардың кең аудиториясына құнды ақпаратты жеткізу бойынша жұмысты әрі қарай жалғастырды. Бұл өз алдына көптеген форумдар мен семинарлардың тақырыбы болған жалпы Қарашығанақ жобасына және атап айтқанда, жоба шеңберіндегі жергіліктендіру мүмкіндіктері жергілікті іскерлік қауымдастықтың қызығушылығын арттырды. Осындай форумдар мен семинардың арасынан келесі іс-шараларды атап өтуге болады:

- ▶ Нұр-Сұлтан қаласында 2018 жылы 7 қыркүйекте өткен Қарашығанақты кеңейту жобасы-1 (ҚКЖ-1) шеңберінде жергілікті қамту форумында халықаралық және жергілікті қауымдастықтарға ҚКЖ-1 жобасының жұмыс көлемі, тауар, жұмыс және қызметтегі болжамды сұраныстар, сонымен қатар жеткізу бойынша мүмкіндіктер және оған қойылатын талап жайында ақпарат берілді. Бұл форумға бірлескен кәсіпорынды құруға қызығушылық танытқан 160-тан астам жергілікті және халықаралық жобалау, сатып алулар және құрылыс қызметтерін жеткізетін компаниялар мен жергілікті өндірушілер қатысты.
- ▶ Энергетика Министірлігі мен Өкілетті органның қолдауымен 2018 ж. 19 қараша күні Алматы қаласында Ақтау декларациясының шеңберінде серіктестердің бастамашылығымен КПО химиялық заттарды өндіруді жергіліктендіру бойынша бірлескен форум өткізді. Форум қызметі химиялық заттарды өндіру және осы қызметпен байланысты қызметтерді жеткізуге бағытталған 50-ге жуық жергілікті және халықаралық компаниялар өкілдерінің басын қосты. Форумның мақсаты – мұнай және газ жобаларында жоғары және тұрақты сұранысқа қатысты ақпарат алмасу және химиялық салада тиімді шешім тауып, ҚР химиялық өнеркәсібін дамытудың жаңа мүмкіндіктерін қарастыру арқылы жергілікті химиялық өнім нарығын жетілдіру.

Өңіраралық өзара әрекеттесу бастамасы аясында алдыңғы жылдардағы аймақтарға шеккен сапарлардың оң нәтижесін негізге ала отырып, жергілікті өндірушілердің және қызмет жеткізушілердің мүмкіндіктерімен танысу және КПО қазіргі және болашақтағы қажеттіліктері, соның ішінде техникалық спецификациялары, сатып алу және жергілікті қамту талаптары жайында ақпаратты беру мақсатында КПО ҚР басқа өңірлеріне сапарын әрі қарай жалғастырды.

Өңіраралық әрекеттесу шеңберінде 2018 жылы орындалған іс-шаралар төмендегі сызбада көрсетілген:

52-кесте. Өңіраралық әрекеттесу шеңберінде 2018 жылы орындалған іс-шаралар **GRI 102-44, 203-2**

Аймақтар	Нәтижелер
Нұр-Сұлтан қаласы	<p>КПО тауарлар, жұмыстар және қызметтер жеткізілімінің келешек мүмкіндіктері жайында ақпаратпен Нұр-Сұлтан қаласының шамамен 15 компаниясы қатысқан кеңейтілген жиналыста бөлісті. КПО-мен қызмет істеуге ниеттеніп тұрған ықтимал мердігер ұйымдарға берілген ақпарат жобалардың болашақ қажеттіліктері, кеңейту жобаларының жұмыс көлемі және талаптарын қамтыды.</p> <p>КПО жергілікті кәсіпорындармен жасалған H₂S әсерінен фильтрлі қорғаныш жайында ақпарат алып, өндірістік қажеттіліктерді қамтамасыз ету мақсатында ықтимал жеткізілімінің мүмкіндіктерін қарастырды.</p>
Шығыс Қазақстан облысы	<p>Кеңейту жобасының қажеттіліктерін қанағаттардыру үшін тауарлардың басым категориясын жергіліктендіру мақсатында КПО басшылығы аймақтың келесі өндіріс зауыттарына іс-сапармен барды:</p> <ul style="list-style-type: none"> ▶ «Өскемен арматуралық зауыты» АҚ – API Q1 талаптарына сай клапан жасап шығаратын сертификатталған зауыт; ▶ «Өскемен өнеркәсіп арматуралық зауыты» АҚ – клапан, мұнай және газ өнеркәсібінің жабдықтарын өндіруші; ▶ «Силумин-Восток» ЖШС – клапан, электр жабдықтарын және насос, автоматтандыру қызметін жеткізуші; ▶ «Кемонт» АҚ – электр жабдықтарын өндіруші. <p>Сапар уақытында КПО ШҚО әкімдігімен жергілікті қамтуды дамыту саласында ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік жөнінде меморандумға қол қойып, осы меморандумның міндеттемелерін орындау мақсатында, 2019 ж. зауыттың техникалық сарапшыларымен жұмыс орындарына сапармен баруды жоспарлап отыр.</p>



Қарашығанақ өңдеу кешеніне жеткізілген Қазақстан өндірісінің сепараторы

№ 1 СӘТТИ ЖОБА ҮЛГІСІ (2015 жылдан жалғасып келе жатыр): Отандық өндірісті дамыту бойынша «Түсіністік туралы» меморандумға сәйкес ерте тендерлерді және сынама тапсырыстарды өткізу

Өндірістік және сервистік кластерлерді дамыту бастамаларын іске асыру туралы ақпарат [КПО 2015–2017 жылдарға арналған Тұрақты даму есептерінде](#) берілген. «Түсіністік туралы» меморандумның негізгі міндеті – отандық жеткізушілерге жергілікті тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өндіруге қосымша уақыт беру мақсатында олардың кластерлерін құру және ерте тендерлерді жүзеге асыру және/немесе сынама тапсырыстарды беру үшін КПО жобаларының бастапқы кезеңдерінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді анықтау.

«Түсіністік туралы» меморандумның іс-шараларын жүзеге асыру шеңберінде 2018 жылы келесі тапсырмалар орындалды:

- ▶ Шығын материалдарын (тығыздағыш төсемдер, ернемектер, бекіту материалдары, технологиялық фильтрлер) сатып алуға арналған ерте тендер тауарлардың (жиі қолданылатын тауарлар) өндіру үдерісін Қазақстан Республикасында аяқтау міндетті шартымен 2018 жылы басталды. КПО тендер қатысушыларына тендер үдерісі, тендерге қатысуға шақырту және ерте тендердің талаптары мен қағидаттары жайында бір қатар түсіндірме жиналыстарын жүргізді. Тығыздағыш төсемдер, ернемектер, бекіту материалдарына ерте тендердің келісімшарттарын жасасу 2019 жылдың басына жоспарланып отыр.
- ▶ Кеңейту жобаларының жұмыс көлемін негізге ала отырып, Қарашығанақ жобасының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сатып алынатын жабдық сапасының сәйкестігін тексеру мақсатында жергілікті өндірушілерге шар клапанына сынама тапсырыс берілді. 2018 жылғы желтоқсанында КПО техникалық мамандары отандық шар клапанының қысым тексерісінен өту үдерісін бақылады.
- ▶ Отандық мотор майының сапасын тексеру мақсатында тауарға сынама тапсырыс берілді. Кен орны қызметтерінде мотор майын сынаудың нәтижелері оң болған соң, қолданушы бөлім отандық мотор майын сатып алуға ұзақ мерзімді тендер өткізуді бастады.
- ▶ Сынама тапсырыс беру механизмі арқылы 16 дюймді бұрғылау қашауларын жергілікті өндірудің нәтижесінде «ЖігерМұнайСервис» ЖШС компаниясымен КПО ұзақ мерзімді келісімшарт жасасты. 2018 жылы алынған үлгілер Қарашығанақ бұрғылау жылдамдығы рекордын екі рет жаңартып, орташа бұрғылау уақытын азайтуға мүмкіндік берді. Бұл жетістік 12 дюймді бұрғылау қашауларын жергілікті өндіру мүмкіндігін қарастыруға КПО үшін үлгілі оқиға болды.

Отандық өндірісті дамыту бойынша «Түсіністік туралы» меморандумға қол қойғалы, КПО тауарлардың жеті түрін, қызметтің бір түрін ерте тендердің және сынама тапсырыстардың механизмі арқылы сәтті жергілікті өндірі.

№ 2 СӘТТИ ЖОБА ҮЛГІСІ: Қызметтегі жаңа мүмкіндіктер

Кен орнында істеп тұрған оригиналды жабдық техникалық қызмет көрсету тұрғысынан ұзақ мерзімді сұраныс, соның ішінде қосалқы бөлшектер және лицензиялық қызмет көрсету, категориясы болып саналады. Осы себеппен бұл категорияның жергіліктендіру мүмкіндігін зерттеу қарастырылуда. Үнемі сұраныста болатын сырттан әкелінетін тауарлар, соның ішінде түпнұсқалы жабдық өндірушілері және түпнұсқалы жабдық өндірушілері болып табылмайтын компаниялар жеткізетін тауарлар тізімінің алғашқы нұсқасы синергияны қамтамасыз ету мақсатында ҚР басқа да мұнай және газ операторларының мәліметтерімен салыстырылып, нәтижесінде 8 түпнұсқалы жабдық өндірушілерінен тұратын қысқа тізім жасалды.

Келесі ақпарат 2018 жылдың соңына қарай КПО түпнұсқалы жабдық өндірушілерімен және басқа да маңызды тауарларға байланысты орындалған жұмыста қол жеткізген жетістіктері жайында мәліметтерді қамтиды:

- ▶ «Honeywell» компаниясы Қазақстан-Ұлыбритания техникалық университетінің ғимаратында автоматизация факультетінің студенттеріне арналған толық жабдықталған оқыту орталығын ашу туралы жоспарын хабарлады.
- ▶ КПО компаниясының тұрақты сұранысына негізделіп, «RT Alliance» ЖШС компаниясы Ақсай қаласында қуаттылығы жылына 4500 тонна болатын сұйытылған азот дайындайтын зауыт құрылысы жобасын жүзеге асыруда. Компания 10 жаңа орын ашып, компанияның Қарашығанақ жобасы қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін, сұйытылған азот өндірісін толық жергілікті өндірісі күтілуде.
- ▶ 2018 жылғы қараша айында Ақсай индустриалды саябағының резиденті болып табылатын «FAD Group» ЖШС компаниясы Ақсай қаласында Ақсай индустриалды саябағында жаңа өндірістік шеберхананы ашты. Бұл шеберхана арнайы қорытпа материалынан жасалған өнімге арналған, және осы өнім Ақсай қаласында өңделіп, жасалып шығарылады. Жасалып шығарылатын тауар категорияларына ернемектер, фиттингтер, құрамдас бөлшектер және F22M қорытпасынан жасалған толық соғылған құбыр, F65 жоғарыкөмірсутекті болат, және «Қазақстанда жасалған» маркасы бар арнайы материалдар кіреді. Шеберханада дәнекерлеушілерге арналған ASME стандарты талаптарына сай оқу орталығы ашылды. ЖШС «FAD Group» ЖШС шеберхананың жұмысын қамтамасыз ету мақсатында 28 жаңа жұмыс орындарын ашты.

GRI 102-44, 203-2

№ 3 СӘТТІ ЖОБА ҮЛГІСІ: Жергілікті өндірушілердің мүмкіндіктерін дамыту

Жаңа жұмыс орындарын ашу, технологияны тасымалдау және жаңа өндірістің жаңа мүмкіндіктерін ашу мақсатында халықаралық және Қазақстандық компаниялар арасында ынтымақтастықты құруға жәрдемдесу арқылы КПО жергілікті өндірушілерді тауар өндіру және қызмет көрсету аясында одан да күрделі жұмыстарға тарту бойынша барлық шараларды қолдануда.

Соңғы жылдар ішінде КПО сатып алу құрылымында, атап айтқанда Қазақстанда жасалған қарапайым тауарлардан одан да күрделірек жоғары технологиялық тауарлар мен жабдықтарға өтуде үлкен өзгерістер енгізді.

